

**Тұрсынова Г.Т.
Рыскелдиева Г.Д.**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Алматы 2012

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ және ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**Қ.И. СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

**Тұрсынова Г.Т.
Рыскелдиева Г.Д.**

Қазақ тілі

*(Қашықтықтан білім беру институтының сырттай оқитын студенттері
үшін)*

Университеттің Ғылыми-әдістемелік кеңесі оқу құралы ретінде ұсынған

Алматы 2012

ЖОК 811.512.122
(075.8)

**Т 86 Тұрсынова Г.Т., Рыскелдиева Г.Д. Қазақ тілі: Оқу құралы
(Қашықтықтан білім беру институтының сырттай оқитын студенттері
үшін) – Алматы: ҚазҰТУ, 2012. – 242 б.**

ISBN 978-601-228-350-1

Оқу құралында техникалық жоғары оқу орны студенттеріне мемлекеттік тілдің грамматикалық қырларын қашықтықтан меңгерту мәселесі көтерілген. Қашықтықтан оқу студенттен шығармашылық ізденістерді қажет етеді. Оқытудың өзі нәтижеге бағытталған білім беру болғандықтан, оқу құралында қашықтықтан үйретуге байланысты тапсырмалар, практикалық жаттығулар, тест сұрақтары берілген. Өзге ұлт студенттерінің ерекшелігін, қабылдау мүмкіндіктерін ескере отырып, танымдық көзқарастарын кеңейтетін мәтіндер алынды. Мұнда тіл үйренушілерді қазақ тілінің нәрімен сусындатып, адамгершілігі жоғары, талғамы биік азамат ретінде қалыптастыру мақсаты көзделді.

ОӘЖ Каз
Т 811.512.122 (075.8)

Пікір жазғандар: *Г. А. Қажығалиева* – пед. ғыл. д-ры, проф
Г. Б. Мадиева – фил. ғыл. д-ры, проф.
З.К. Сабитова – фил. ғыл. д-ры, проф.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы жоспары бойынша басылды

ISBN 978-601-228-350-1

© Тұрсынова Г. Т.
Рыскелдиева Г.Д.
© ҚазҰТУ, 2012

Оқулық басылым

**Тұрсынова Гүлбаршын Тұрсынқызы
Рыскелдиева Гүлдария Дәулетқазықызы**

Қазақ тілі

(Қашықтықтан білім беру институтының сырттай оқитын студенттері үшін)

Оқу құралы

АБО РБ бастығы
Редакторы
Компьютерде теріп, қалыптаған

З. А. Ғұбайдуллина
К. Мүптекеқызы

Басуға 2012ж. қол қойылды
Таралымы 300 дана. Пішімі 60x84 1/16. №1 баспаханалық қағаз.
Көлемі 8,5 есепті б.т. Тапсырыс №
Шартты б.т. 7,9
Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің басылымы,
ҚазҰТУ-дың Ақпараттық баспа орталығы,
Алматы, Сәтбаев к., 22

КІРІСПЕ

Бүгінгі білім беру саласының көкейтесті мәселелерінің бірі – мемлекеттік тілдің өрісін кеңейту, оны іс жүзінде пайдалану мүмкіндіктерін жасау болып табылады. Осыған орай жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейін жоғары дәрежеге жеткізу міндеті көзделіп отыр. Мемлекеттік тілде оқулықтар мен оқу құралдары, сөздіктер, тілашарлар көбейіп, әр түрлі бағыттағы әдістемелер ұсынылып жатыр.

Сондай-ақ жаңа ағымға сай білікті мамандар даярлау, оқытудың сапасын халықаралық дәрежеге көтеру, кәсіби мамандықтарға негізделген білім беру үшін жаңа инновациялық технологияны пайдаланып, кредиттік жүйемен оқытуға басты назар аударылуда.

Ұсынылып отырған оқулықтың мақсаты – техникалық жоғары оқу орындарының студенттеріне өз мамандығы бойынша мемлекеттік тілді қатысымдық жүйеде меңгерту. Бұл мақсатқа төмендегі міндеттерді жүзеге асыру арқылы жетуге болады:

- нақты мамандық бойынша мәтіндерді оқып-түсінуге үйрету;
- кәсіби бағдарлы іс-қағаздарды, хабарламаларды сауатты, дұрыс жазу, аудару қабілетін қалыптастыру;
- мамандығы бойынша ауызша-жазбаша түрде берілген ақпараттарды түсіну дағдысын қалыптастыру;
- мамандыққа қатысты терминдермен жұмыс жасаудың бірізділігін қалыптастыру;
- студенттің рухани-танымдық өресінің кеңеюіне мүмкіндік жасау;
- кәсіби сөйлеу арқылы өз мамандығы туралы ойын еркін айту, пікір алмасу т.б. дағдыларын қалыптастыру.

Оқулықтағы мәтіндер мен жаттығулар экономика, электр энергетикасы, техникалық физика мамандықтары бойынша оқитын студенттерге сұрыпталынды.

Мәтінді грамматикамен ұштастыра жүргізу – тіл үйретудің тиімді тәсілі. Сондықтан оқулықта тіл білімінің салалары туралы мәліметтер, тапсырмалар жүйеленіп берілді. Студенттің білім, білік, дағдыларын іс жүзіне асыру мақсатында өз бетімен аударуға арналған мамандыққа байланысты мәтіндер берілді. Мәтіндерді аударуда қосымшада берілген мамандыққа қатысты қазақша-орысша сөздікті пайдалануға болады.

Қорыта айтқанда, ұсынылып отырған оқулық ұлттық болмысты ұлықтау мақсатында техникалық жоғары оқу орындарында оқитын студенттерге мамандығына сәйкес материалды меңгерумен қатар, олардың жалпы дүниетанымын, рухани әлемін, логикалық ойлауларын дамытады. Аталған мамандықтар бойынша сөздік қорларын байытады, терминдермен жұмыс істеуге, оларды түсініп меңгерулеріне, болашақта мамандықтары бойынша пікір алмасып, тілдік қарым-қатынас жасауларына бағыт береді.

I ТАРАУ Грамматикалық тапсырмалар

ФОНЕТИКА

1. Сөйлеу тілінде дыбыстау мүшелері арқылы айтылып, естілетін тілдік құбылысты *дыбыс* дейді. Дыбыс – сөздің ең кішкене бөлігі. Дыбысты айтады және естиді.

2. Дыбысты таңбалау үшін алынған белгіні *әріп* дейді. Яғни әріп – дыбыстың жазбаша таңбасы. Әріпті жазады және көреді.

3. Әріптердің рет-ретімен тізілген жиынын *алфавит* (әліпби) дейді. Қазақ тілінің алфавиті 42 әріптен тұрады. Олардың тізбектелген қатары мынадай: а, ә, б, в, г, ғ, д, е, ё, ж, з, и, й, к, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ү, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, ь, ы, і, ь, э, ю, я.

4. Қазақ тіліне тән әріптер (9): *ә, ө, ұ, ұ, і, қ, ғ, ң, һ.*

5. Қазақ тілінде дыбыстар өкпеден шыққан ауаның шығуына қарай дауысты дыбыс және дауыссыз дыбыс болып 2-ге бөлінеді.

1-тапсырма. Берілген сөздерге дыбыстық талдау жасаңыздар.

Астана, тәртіп, жазушы, алтыбақан, кітап, оныншы, инженер, кесек, студент.

2-тапсырма. Қазақ тіліне тән дыбыстарды жазыңыздар.

3-тапсырма. Дыбыстан әріптің айырмашылығын айтып, қанша дыбыс, қанша әріп барын жазыңыздар.

4-тапсырма. Төмендегі дыбыстардан антоним сөздер құраңыздар.

А, л, ж, т, с, қ, н, б, ы, і, е, к, и, ө, о, р, ү, з, м, д, г.

Үлгі: бар-жоқ.

5-тапсырма. Жеті санына байланысты сөздерді жазып, «Жеті – қасиетті сан» деген тақырыпқа мәтін құрастырыңыздар.

6-тапсырма. Төмендегі сөздерге тиісті дыбысты қойып, сол сөздерге синоним сөздер жазыңыздар.

Үл...ілі, е...еу, қай...р, пә...ер, қор...ақ, жо...ары, мейірі...сіз, м...йдан.

7-тапсырма. Аян, Саян, саяжай сөздеріне дыбыстық талдау жасаңыздар.

8-тапсырма. Төмендегі сөздердің дыбыстарын өзгертіп жазып, сөз мағынасына тигізетін әсерін түсіндіріңіздер.

Қас, жақ, көк, мал, тек.

Үлгі: кез, тез, сез, без, жез.

9-тапсырма. Дыбыс туралы жұмбақтың шешуін табыңыздар.

Түнде бармын,

Қыста жоқпын.

Күнде бармын,

Күзде жоқпын.

(--)

10-тапсырма. Тіл туралы мақал-мәтелдер жазып, қанша дыбыс, қанша әріп барын айтыңыздар.

11-тапсырма. Қазақтың төл сөзінде кездеспейтін дыбыстарды және қазақ тіліне тән дыбыстарды жазыңыздар. Оларды мысалмен дәлелдеңіздер.

12-тапсырма. «Желтоқсан желі» деген тақырыпқа шағын шығарма жазыңыздар.

13-тапсырма. «Нарық» сөзіне фонетикалық талдау жасаңыздар.

14-тапсырма. Үзіндіні оқып, төмендегі сұраққа жауап беріңіздер.

Мақал-мәтел – халық даналығының, көрегендігінің айнасы, тіл байлығының алтын қазынасы. Олардың көбі – халықтың кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиеті, қымбат мұрасы. Халық санасында талай ғасырлар бойында қалыптасқан мақал-мәтелдерді айтылатын оймен орайластырып, орынды қолданса, сөз мірдің оғындай өткір, көңілге қонымды, көркем әрі бейнелі болады. Сондықтан "Сөздің көркі – мақал" деп тегін айтылмаған.

Мағынасы үзіндідегі негізгі оймен байланысты емес сөйлемді көрсетіңіз.

А) Мақал-мәтелдер халықтың даналығын, тіл байлығын көрсетеді.

В) Айтылған сөз мірдің оғындай өткір, көңілге қонымды, көркем әрі бейнелі болу үшін шешен болу керек.

С) Мақал-мәтелдер – көптеген ғасырлардың жемісі.

Д) Сөз сөйлеудің майталмандары айтар ойларын мақал-мәтелмен көріктендіріп отырған.

Е) Ата-бабаларымыз өмірден түйген тұжырымды ойларын өзінен кейінгілерге өсиет ретінде қалдырып кеткен.

15-тапсырма. «Бабалар дәстүрі» деген тақырыпқа ойтолғау жазыңыздар.

16-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып, мақалдың мағынасын түсіндіріңіздер.

Жүк ауырын ... көтереді,

Ел ауырын ... көтереді.

17-тапсырма. Мәтіннен үш сөз алып, дауысты дыбыстарға фонетикалық (дыбыстық) талдау жасаңыздар.

Адам өзі тапқан нәрселерін күнде тексерсе, күнде өседі. Көп заман тексермесең, тауып алған өнеріңнің жоғалғандығын және өзіңнің ол мезгілдегіден бір басқа адам болып кеткенінді білмей қаласың. Жоғалған өнер «мен жоғалдым» деп хабар беріп жоғалмайды. Енді қусаң, бағанағы әуелгі табуыңнан қиынырақ тиеді.

Абай

18-тапсырма. Абайдың нақыл сөздеріндегі сөз таптарына фонетикалық (дыбыстық) талдау жасаңыздар.

Абай афоризмдері

1. Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,
2. Еңбек қылмас еріншек адам болмас.
3. Ісім өнсің десең – ретін тап.
4. Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.
5. Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.

Дауысты дыбыс

1. Дауысты дыбыс өкпеден шыққан ауаның ауыз қуысына еш кедергіге ұшырамай, еркін шығуынан жасалады.
2. Дауысты дыбыс буын жасауға қатысады.
3. Дауысты дыбысқа екпін түседі.
4. Тіліміздегі дауысты дыбыстар: *а, ә, е, и, о, ө, ұ, ү, у, ы, і, э*.
5. Дауысты дыбыс тіл, жақ және еріннің қатысына қарай *жуан – жіңішке, ашық – қысаң, еріндік – езулік* болып жіктеледі.

Жуан: *а, о, ұ, ы, у*

Жіңішке: *ә, ө, ү, і, е, и, (ү), э*

Ашық: *а, ә, о, ө, е, э*

Қысаң: *ы, і, и, у, ү, ұ*

Еріндік: *о, ө, ұ, ү, у*

Езулік: *а, ә, е, ы, і, и, э*

19-тапсырма. Дауысты дыбыстар қалай жасалады. Дауысты дыбыстарды жазып шығыңыздар.

20-тапсырма. Мәтіннен дауысты дыбыстардың астын сызыңыздар.

Ұзақ жолды қысқарту үшін, айдалада жортқан Ақан Мөңкеге неше түрлі қызықты ертегі, дастандар айтып, ара-тұра ән салып, кішіпейіл ақын баламен тең құрбысындай сыр шерткен. Ақтоқты, Ұрқия, Жамалдардың қайғысын айтып, ара-тұра күрсініп, жапанның сары даласында ұзақ мұңды күйге түскен.

(С.Жүнісов)

21-тапсырма. Мәтіндегі жуан дауыстылардың астын бір, жіңішке дауыстылардың астын екі сызықпен сызып шығыңыздар.

Ағайдың биыл отыз жеті мүшеліне толып, кемеліне келген кезі. Алтын зерлі айыр қалпақ пен екі өңіріне, жаға-жеңіне зер тұтқан жібек шапан тал бойына құп жарасып, тақ үстінде айбындап отыр.

(Қ. Жұмаділов)

22-тапсырма. Мақал-мәтелдер жазып, мағынасын түсіндіріп, ашық пен қысаң дауыстыларды жазып шығыңыздар.

23-тапсырма. Мәтінде не туралы айтылған? Мәтінге өз ойларыңызды жалғастырып жазыңыздар. Туған жердің қадірін туғалы түзге шықпаған кісі қайдан білсін?

Туған жердің қадірін алыс жерге ұзатқан, ұзатқанына әлде талай жыл өткен қыз білмесе, кім білсін?

(Ж. Аймауытов)

24-тапсырма. Дауысты дыбыстарға жұмбақ жазыңыздар.

Көкте бар,
Жерде жоқ.
Көзде бар,
Қолда жоқ.

(--)

25-тапсырма. Мәтіндегі сөздерді жақтың қатысына қарай және еріннің, езудің қатысына қарай топтап жазыңыздар.

Ісіңізге, еңбегіңізге, оқуыңызға нағыз адамгершілікпен кіріссеңіз, сөз жоқ, жеңіске жетесіздер. Сіздің мінез қасиетіңізде адамгершілік бірінші болып орын алса, шыншыл, батыл, тиянақты, жігерлі және кішіпейіл адам болған болар едіңіз.

(Қ. Сәтбаев)

26-тапсырма. Ашық, қысаң, езулік, еріндік, дауыстыларды жазып шығыңыздар.

27-тапсырма. Дауысты дыбыстардың басты ерекшелігін түсіндіріп, мысалмен дәлелденіздер.

28-тапсырма. Тіл туралы айтылған ұлағатты ойларды жазып, осы сөздердегі дыбыстарды дауысты дыбыстың түрлеріне қарай топтап жазыңыздар.

Үлгі: *Тіл жоқ жерде ұлт жоқ*

(Ш. Айтматов)

*Жуан – о, ұ
Жіңішке – і, е*

Ашық – о, е
Қысаң – і, ұ
Езулік – і, е
Еріндік – ұ, о.

29-тапсырма. Өлеңнің авторы кім? «Отырардың күйреуі» деген тақырыпта әңгіме жазыңыздар.

Алты ай бойы ерлік салтқа орын берген Отырар,
Алты ай бойы алапатта жеңілмеген Отырар
Алты-ақ күнде жермен-жексен қирады.
Ақыл-ойын жалындатқан,
Өнер, ғылым шамын жаққан
Ұлы қала Азияның маңдайына сыймады.

Дауыссыз дыбыс

1. Дауыссыз дыбыс өкпеден шыққан ауаның ауыз қуысында кедергіге ұшырап шығуынан жасалады.

2. Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, (у).

3. Дауыссыз дыбыстар үн мен салдырдың қатысына қарай ұяң, үнді және қатаң болып 3-ке бөлінеді.

Ұяң: б, в, г, ғ, д, ж, з, һ

Үнді: й, л, м, н, ң, р, (у)

Қатаң: к, қ, п, с, т, ф, х, ч, ц, ш, щ

30-тапсырма. Қатаң дауыссыздарды жазыңыздар.

31-тапсырма. Мәтіннен дауыссыз дыбыстардың астын сызыңыздар.

Абай – өз заманының жаршысы. Оның шығармалары – сол заманның шежіресі. Оларда сол кездегі қазақ қауымының тұрмыс-тіршілігі барлық ерекшеліктерімен, тек өзіне ғана тән белгі-бедерімен, өзіндік бояу өрнектерімен мейлінше айқын да толық бейнеленген. Абайға баратын жол-ұзақ жол.

(Ж. Смағұлов)

32-тапсырма. Үнді және ұяң дауыссыздарды жазып шығыңыздар.

33-тапсырма. Төмендегі сөздерге керекті дыбыстарды жазып, қандай дыбыс екенін айтыңыздар.

Бота ...өз, ше...ара, бейсе...бі, қысты...үні, Жомарт...ек, қа...арман, гау...ар, Сар...арқа, ба...ыт.

34-тапсырма. Дауыссыз дыбыстарға байланысты жұмбақты шешіңіздер.
Алтында бар,

Күмісте жоқ.
Алмада бар,
Жемісте жоқ.

(--)

35-тапсырма. Бірде дауысты, бірде дауыссыз болатын дыбыстарды жазып, мысалдармен дәлелдеңіздер.

36-тапсырма. «Алматы – алманың атасы» деген тақырыпқа шағын шығарма жазыңыздар.

37-тапсырма. Төмендегі сөздерді пайдалана отырып, [и] дыбысының ерекшелігін түсіндіріңіздер.

Бидай, кеш түсті, ери бастады, айна, жайдары, сөйлейді.

38-тапсырма. Дауыссыз дыбыстарды ретімен жазып шығыңыздар. Дауыстыдан дауыссыздың айырмашылығы неде? Мысал келтіріңіздер.

39-тапсырма. Дауыссыз дыбыстардың салдыр мен үннің қатысына қарай бөлінуін жазып, мәтіндегі дауыссыз дыбыстарға фонетикалық талдау жасаңыздар.

Адамның бір атаның баласы екені рас болса, белгілі бір заманның баласы екені де даусыз. Адамның шын мағынасымен «Адам» болуы үшін өзін сүю, жақындарын сүюмен қанағаттанбай жалпы адамзатты сүюі шарт.

(М. Жұмабаев)

40-тапсырма. Қазақ тілінде қанша дыбыс, қанша әріп бар? Төмендегі сөздерге фонетикалық талдау жасап, дыбыс болмайтын әріптерді табыңыздар.

Қою, қоян, ноян, фельетон, стиль, аю, кею.

41-тапсырма. Қазақ тіліне тән дыбыстардан басталатын қалалардың атын тауып, сол қалалардың ерекшеліктері туралы мәтін құрастырыңыздар

Буын

Буын – сөзді айтқан кездегі дауыс толқыны.

Буын сөздегі дауысты дыбысқа негізделеді. Яғни сөзде қанша дауысты болса, сонша *буын* болады.

	Мысал	Ереже
Ашық буын	Дауыссыз дыбыстан басталып, дауысты дыбысқа бітеді. Тек дауысты дыбыстан тұрады	А-ға, ба-ла, қа - ла, ша - на - ны, бо - са - ға
Тұйық буын	Дауысты дыбыстан басталып, дауыссыз дыбысқа бітеді (Көбінесе бірінші буында кездеседі)	ат, ант, ки –ік, тұңғи –ық, ақи –ық, әдеби – ет
Бітеу буын	Ортасындағы дауыстыны, екі жағынан дауыссыз дыбыс қоршаған буын	бал тарс класс мек-теп

42-тапсырма. Төмендегі дыбыстардан буын құрайтын дыбыстардың астын сызыңыздар.

д, к, ө, ж, с, е, ш, і, т, з, ү, л.

43-тапсырма. Төмендегі сөздерді буынға бөліп жазыңыздар.

Қағаз, бүкіл, алтын, жаңа, мақта, көреген, тамыз, таныс, жайна.

44-тапсырма. Тек тұйық буыннан тұратын сөздерді жазыңыздар.

Үлгі: ер, ұлт.

45-тапсырма. Тек бітеу және ашық буыннан тұратын сөздерді жазыңыздар.

Үлгі: бар, тоқ, дала, ана.

46-тапсырма. Буын құрайтын дыбыстарды жазыңыздар.

47-тапсырма. Төмендегі мәтіндегі сөздерді буынға бөліп жазыңыздар.

Мен жастарға: «Алдарыңда таудай талап тұр. Өмір үшін талмай ізденіндер?» – дер едім. Жастарға тоғышарлық, бойкүйездік дертінен аулақ, сергек, сезімтал болған жарасады.

(Ғ.Мүсірепов)

48-тапсырма. Төмендегі сөздерден ашық буынды табыңыздар.

Жазушылар, Алматы, кәсіпкер, ел, бала, жақын, тасымал, қырман, жемістер, алтын, қазық.

49-тапсырма. Мәтіндегі сөздерді буын түрлеріне қарай талдаңыздар.

Өзінің жазба сөзін саналы түрде және еркін пайдалану үшін, алдымен басқалардың жазба сөзіне түсіне білу өте қажет. Баланың сөз қоры жеткілікті болғанда ғана, өз пікірін айтып, басқалардың сөздерін дұрыс ұға алады.

(Т.Тәжібаев)

Тасымал

Тасымал – сөзді жазған кезде оның жолға сыймай қалған бөлігін келесі жолға көшіру.

Тасымал буынға негізделеді. Яғни, сөздер тек буын жігімен тасымалданады. *Мысалы*, «Кереге» сөзін екі жолмен тасымалдауға болады: ке –реге, кере – ге.

Тасымалдауға болмайтын жағдайлар:

1. Тек бір дауысты дыбыстан тұрған ашық буынды тасымалдауға немесе жолда қалдырып кетуге болмайды. (а – та, ә –ке, арми – я.)

2. Бір буыннан тұратын сөзді тасымалдауға болмайды (қант, төрт, бұлт.)

3. Қысқарған сөздерді тасымалдауға болмайды (ТМД, ҚазҰУ, Қаз МУ, ҚР).

4. Адам атының қысқартылып алынған әрпін фамилиясынан айырып бірінші жолда қалдыруға болмайды (А.Қ.Жабаев, М.О.Әуезов, Қ.С. Мусин).

5. Қысқарған өлшем бірлігін саннан айырып тасымалдауға болмайды (15 см, 20 кг, 100 га).

50-тапсырма. Мәтіннен тасымалдауға болмайтын сөздердің астын сызыңыздар.

Қорқыт ата – кемеңгер, ойшыл, сазгер, қоғам қайраткері. Ол – Сыр бойындағы оғыз тайпаларынан шыққан тарихи тұлға. Оның Сыр өңірінен шыққаны айғақтармен дәлелденген. Профессор Ә.Қоңыратбаев 1986 жылы өлеңдерін қазақ тіліне аударып шығарды. Ғалым М.Байділдаев ардақты бабамыздың 20-дан астам күйін нотаға түсірген.

(«Қазақ әдебиеті» газетінен)

51-тапсырма. Төмендегі сөздерді тасымалдауға бола ма? Тасымалданса қалай тасымалдайсыздар?

Электр, станция, ансамбль, вольт.

52-тапсырма. Тасымалдауға болмайтын сөзді және буынды табыңыздар.

Ата-ана, жасырынбақ, ат, шебер, бет, талап, көктем, көк, жаз, ай, жұлдыз, мол, айқын.

53-тапсырма. «Күз – береке» деген тақырыпқа мәтін құрастырыңыздар.

54-тапсырма. Берілген сөздерден тасымалдауға болмайтын сөздерді теріп жазыңыздар.

5 кг, ақ, 10 см, М.Әуезов, Қазақстан, жақ, кітапхана, жазық, жуық, қиын, тау.

55-тапсырма. «Менің қалам» деген тақырыпқа мәтін құрастырыңыздар. Мәтіндегі сөздерден тұйық буынды және тасымалдауға болмайтын сөздерді табыңыздар.

56-тапсырма. Өлең мәтінінен тасымалданбайтын сөздерді анықтаңыздар.
Өңкей жақсы қосылса,
Бітіреді кеңесті.
Өңкей жаман қосылса,
Шығарады егесті.
Мәмілемен іс бітер,
Бас қосып қалса көп есті.
Жақсының жолы – жарық күн
Жаманның жолы – көмескі.

Майлықожа

Екпін

Екпін – сөйлеген кездегі белгілі бір сөздің, буынның және дыбыстың ерекше көтеріңкі дауыспен айтылуы.

Екпіннің түрлері: *сөз екпіні, ой екпіні, дыбыс екпіні, тіркес екпіні.*

Сөз екпіні – сөздегі бір буынның көтеріңкі дауыспен айтылуы. Қазақ тілінде бұл екпіннің орны тұрақты, көбінесе сөздің соңғы буынына түседі. Сөзге қосымша жалғанғанда, екпін қосымшаға, яғни соңғы буынға ауысып отырады. Мысалы: еңбек, еңбекші, еңбекшілер, еңбекшілерді.

Ой екпіні – сөйлемдегі бір сөздің көтеріңкі дауыспен айтылуы.

Дыбыс екпіні – сөздегі бір дыбыстың көтеріңкі дауыспен айтылуы.

Тіркес екпіні – сөйлемдегі бір тіркестің көтеріңкі дауыспен айтылуы.

57-тапсырма. Мына мәтіннен сөз екпінін табыңыздар.

Жастардың бүгінгі міндеті – оқу, білім, тәрбие жұмыстары. Сондықтан, жастардың жалпы назары оқуға аударылуы керек.

(Ғ.Мұратбаев)

58-тапсырма. Дыбыс екпіні туралы айтып, мысал келтіріңіздер.

59-тапсырма. Қазақ тіліндегі екпіннің ерекшелігін және екпін түрлерін айтыңыздар.

60-тапсырма. Төмендегі шешендік сөзден ой екпінін табыңыздар.

Бостандықтың қадірін
Жабылғанда білерсің.
Қалтаңдағы ақшанды
Қағылғанда білерсің.
Денсаулықтың қадірін

Ауырғанда білерсің.
Ақ бетіңнің қадірін
Қан кеткенде білерсің.

(«Шешендік сөздер» кітабынан)

61-тапсырма. Мақал-мәтелден мысал жазып, мағынасына байланысты түсінік беріп, ішіндегі тірек екіпінінің атын жазыңыздар.

62-тапсырма. Мәтіндегі сөздерді барлық екіпін түрлеріне қарай талдап, мәтіндегі пікірге өз көзқарастарыңыз туралы жазыңыздар.

Біреудің жақсы ісін көрсең, оны ардақтай біл, күнәліні кешіре біл...Өзің де, өзгеге де жақсылық тіле... Адамгершілік кімде болса, соны ер деп есепте.

(Ахмед Йүгінеки)

63-тапсырма. Сөйлемдерден дыбыс екіпінін тауып, астын сызыңыздар.

Босағадан аттай беріп: «Би-исми-л-лаһи-р-рахмани-рахим-қайырымды, шапағатты Алла атымен» деп, Ақ інгенге қарай адымдап ала жөнелді.

Жүрегі түскір су-у-у ете қалды. Түйе үстінен бұрыла беріп, көріп қалды: – Атпа! – деп, Ақ інгеннің басын бұра бергенше болмады, садақтың өткір жебесі оғы зың-ң-ң етті де, сол жақ тар қолтықтың астынан келіп кірш ете қалды.

(Ж.Айтматов)

64-тапсырма. Мақал-мәтелдер жазып, мағынасын түсіндіріп, ой екіпіні түсіп тұрған сөздің астын сызыңыздар.

Хан мен қадірлес, халықпен сырлас қария едіңіз. Хан артында қара тұман қалды, қара тұман ортасында мен қалдым. Көзсіз көбелектей болып қалғанымда, осы уақытқа дейінгі ат ізін салмағаныңызға, несін жасырайын, өкпелеп жүр едім.

(«Шешендік сөздер»)

65-тапсырма. Төмендегі мәтінді екіпін түрлеріне талдаңыздар.

1. Ел ішіндегі ауыр хал мен өкілдерінің озбырлығын айтып, Жетек шешен Әбілхайыр ханға бірнеше рет барды. Бірақ хан сөзге құлақ аспай елдің тұрмысын жеңілдету қамын ойламады. Осыған ренжіген Жетес рулы елімен бергі көп момынға қарай көшіп кетеді.

Әйтсе де көш кеш шығып қалып, мөлшерлі жерге, көп момынға жете алмай, қыс түсіп кетіп, жолда қыстап қалады.

(«Шешендік сөздер»)

2. Мөңке би Сырымға үш сұрақ қойыпты:

Таудан биік не бар?

Судан терең не бар?

Оттан өткір не бар?

(«Шешендік сөздер»)

66-тапсырма. Жемқорлыққа байланысты не айтар едің? «Есебін тапқан екі асайды» деген тақырыпқа ойтолғау жазыңыздар.

Үндестік заңы

Үндестік заңы дегеніміз – сөз ішіндегі дыбыстардың бір-бірімен үндесіп, біркелкі болып қолданылуы.

Үндестік заңының 2 түрі бар: буын үндестігі және дыбыс үндестігі.

67-тапсырма. Үндестік заңы деген не? Мысал келтіріңіздер.

68-тапсырма. Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар араласып келген сөздерді жазыңыздар.

Үлгі: Астан-кестен (қос сөз)

Екібастұз (біріккен сөз)

Алгебра (басқа тілден енген сөз)

69-тапсырма. Үндестік заңының түрлерін айтыңыздар. Мысал келтіріңіздер.

70-тапсырма. Төмендегі мәтіннен сөздерге қосымшалардың жалғану ерекшелігін айтыңыздар.

Жиналған жұрт, театр келгеннен бері талай қойылымды көріп, ләззаттанған жұрт пьеса авторын, оны қойған режиссерді, бас рөлдерде ойнайтын Күләш, Құрманбек, Қанабектерді сахнаға шақырды.

– Міне, бұлар – республиканың халық әртістері, пьесадағы көркемөнердің жаршысы.

71-тапсырма. Соңғы буында ә, я және ю дыбысы бар, х дыбысы және ог, рк, рг, ск, нк, лк, нг, нкт, кт, зд сияқты дыбыстар тіркесінен аяқталған сөздерге қандай қосымшалар жалғанады? Мысалдармен дәлелдеңіздер.

Үлгі: педагог, киоск, банк, ринг, пункт, факт, подъезд т.б.

72-тапсырма. Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар араласып келетін сөздерге мысал жазыңыздар.

73-тапсырма. Тек жіңішке қосымша жалғанатын дыбыстар тіркесін жазып, мысал келтіріңіздер.

74-тапсырма. Отан туралы мақал-мәтелдер жазып, олардың мағынасын түсіндіріңіздер

75-тапсырма. Буындарға, дыбыстарға байланысты үндестік заңын қайталай отырып, көркем әдебиеттен мысал келтіріңіздер.

Буын үндестігі

Буын үндестігі – сөз ішіндегі дауысты дыбыстардың бірыңғай *жуан* не *жіңішке* болып үндесуі.

Түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі буын үндестігіне негізделеді, яғни қазақтың төл сөздері бірыңғай жуан не бірыңғай жіңішке болып келеді.

Буын үндестігі сөз бен қосымша арасында да сақталады. Яғни, сөзге жалғанатын қосымша сөздің соңғы буынының жуан – жіңішкелігіне қарай жуан не жіңішке жалғанады.

76-тапсырма. Буын үндестігі туралы айт және төмендегі сөздерді буынға бөліңіздер.

Жарнама, алма, тау, құлын, жұлдыз, әке-шеше.

77-тапсырма. Жуан буынды сөзді бір бөлек, жіңішке буынды сөзді бір бөлек, аралас буынды сөзді бір бөлек жаз және мысал келтіріңіздер.

Аймақ, жұмыс, Кішітау, бүйір, Жезқазған, геометриялық, қазіргі, сал-сері, географияда, солтүстік, оңтүстік, кездесулер, қыз-келіншек.

78-тапсырма. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшаларды жазып, мысал келтіріңіздер.

79-тапсырма. Төмендегі сөздерден буын құрайтын дыбыстардың астын сызыңыздар.

Кезекшілер, тауға, аспан, көкпен, жазық, арыстан, аққу, айна, еңбекші, жылқы, күздеу, күлкі.

80-тапсырма. Төмендегі сөздерден буын үндестігіне бағынбайтын қосымшаларды табыңыздар.

Университеттің, жүрекпен, түнімен, асхана, бейнет, сіңілімдікі, бикеш, арызқой, жалақор.

81-тапсырма. Мәтіннен буын түрлеріне мысал келтіріңіздер.

Ақын

Қоңыр іңірде домбырасын тартып, ақын ойға кетіп отырған. Осы ойды домбыраның қай пернесі айтып жібергені есінде жоқ, домбыраны сүйей салып, ақын жазуға отырды. Ойда жүрген кітап екен, бұрқыратып жазып кетті. Кітап атын ойланбастан-ақ «Тайталас» қойды.

Бастан өткен, ойдан өткен, таразы көрген өмір тізбек-тізбегімен қаламға оралды. Ақын бір терең теңізден жүзіп өтуге бел байлағандай, өзіне-өзі сүйсініп, бақытты бір серпін тапқандай. Жарауы келген бәйге атындай сырғып, бөгелмей жазатын болды.

Ғ. Мүсірепов

82-тапсырма. Төмендегі сөздерге қосымша жалғап жазыңыздар.
Фильм, руль, альбом, киоск, повесть, грамм, конспект, табель, банк.

83-тапсырма. «Жазғы кеш» деген тақырыпқа шағын мәтін құрастырыңыздар. Мәтіннен буын үндестігіне бағынбайтын қосымшаларды табыңыздар.

Дыбыс үндестігі

Дыбыс үндестігі дегеніміз – қатар келген екі дыбыстың бір-біріне ықпал етіп үндесуі. Оның 2 түрі бар:

ілгерінді ықпал

кейінді ықпал

Ілгерінді ықпал – қатар тұрған екі дыбыстың біріншісінің өзінен кейінгі дыбысқа ықпал етіп, өзіне ұқсатуы.

Ілгерінді ықпалдың кездесетін орындары:

1) сөз бен қосымша арасында: қаш – са (қашша)

2) екі сөз арасында: ақ балық (ақ палық)

3) күрделі сөздерде:

а) біріккен сөз: көзқарас (көзғарас)

ә) тіркескен сөз: ала кел (ала гел)

б) қос сөз: құрбы-құрдас (құрбы-ғұрдас)

84-тапсырма. Дыбыс үндестігінің буын үндестігінен айырмашылығын айтыңыздар.

85-тапсырма. Дыбыс үндестігі нешеге бөлінеді? Мысалмен дәлелденіздер.

86-тапсырма. Мына сөздерге [у] дыбысын жалғап жазып, қандай дыбыс үндестігіне ұшырағанын табыңыздар.

Тап, жап, қақ, тақ, соқ, жақ, төк, сөк, бүк, ақ.

87-тапсырма. Сөз тіркестерінің аралығындағы ілгерінді және кейінді ықпалды табыңыздар.

Атың кім? ақ , әкеп бер, сақ бол, көк аспан, көз сал, он бес ғ төрт қанат.

88-тапсырма. Мәтінді буын және дыбыс үндестігіне қарай талдап шығыңыздар.

Дене шынықтыру жаттығуларымен шұғылдансаң, дәріге пысқырып та қарамайсың. Дене шынықтыру жаттығулары әр адамның жасына, әл-қуатына сәйкес әрқилы болу қажет. Орта жастағыларға салт атпен қыдыру тиімді болса, күш-қуаты кеміген кекселерге жаяу жүргені пайдалы. Сондай-ақ бозбалаға қолайлы тағам қарттарға зиянды болуы ықтимал.

(Ибн Сина)

89-тапсырма. Жұмбақтың шешуін тауып, шешуінің атына байланысты шағын мәтін жазыңыздар.

Тігуге де ыңғайлы,
Жығуға да ыңғайлы.
Көп қанатты мекен-жай.

Кейінді ықпал

Кейінді ықпал – қатар тұрған екі дыбыстың соңғысының өзінің алдыңғы дыбысқа ықпал етіп, өзіне ұқсатуы.

Кейінгі ықпалдың кездесетін орындары:

1. Түбір мен қосымша арасында: бас + шы – башшы;
2. Екі сөз арасында: ақ лақ (ағ лақ)
3. Күрделі сөздерде:
 - а) біріккен сөз: Есеңгелді (Есеңгелді)
 - ә) тіркескен сөз: оң бес (ом бес)
 - б) қос сөз: астаң - кестен (астаң- кестен).

90-тапсырма. Ілгерінді ықпалдан, кейінді ықпалдың айырмашылығын түсіндіріңіздер.

91-тапсырма. Төмендегі сөйлемнен ілгерінді және кейінді ықпалды табыңыздар.

Төле би Орта жүздің аға биі Қазыбек Келдібекұлымен, Кіші жүздің аға биі Әйтеке Бәйбекұлымен бірге қазақ ханы Әз-Тәуке ханның басты кеңесшісі болды.

(«Қазақтың би- шешендері» жинағы)

92-тапсырма. Айтылуда кейінді, ілгерінді ықпал құбылысы байқалатын бірнеше сөздер ойлап жазыңыздар!

93-тапсырма. Сөз тіркестерінің мағыналарын анықтап, кейінді ықпалды табыңыздар.

Көз сала жүр. Жүз жыл. Бас штаб. Жүз шамалы. Торы ала ат. Бара алмадым. Қара ала. Күз сайын. Көп адам.

94-тапсырма. Сөздердегі дыбыс үндестігінің қай ықпал екенін түсіндіріңіздер.

Көктөбе. Жақыпбек. Одаққа. Орағыта келіп. Үйге кел. Өнеркәсіп. Әлдекімдерден.

Орфография және орфоэпия

Орфография – сөздердің дұрыс *жазылу* заңдылығы.

Орфоэпия – сөздердің дұрыс *оқылу* заңдылығы.

Сөздердің айтылуы мен жазылуындағы айырмашылықты төмендегі кестеден көруге болады:

Жазылуы	Айтылуы
Көзілдірік	Көзүлдүрүк
Өлең	Өлөң
Жұлын	Жүлүн
Қара ала	Қарала
Ақ ешкі	Ағ ешкі

95-тапсырма. Мына жұрнақтарды қандай сөздерге жалғай аласыздар?

-нікі	-қор
-дікі	-паз
-тар	-хана
-дар	-кес
-гер	-қой

96-тапсырма. Төмендегі сөздердің тұсына олардың орфографиялық нормасын сақтап жазыңыздар.

жам бағу -	қағ алды -
саптаяқ -	сарауыз -
сегіз ғанат -	түйгіссе -
тайақ -	жапан дүз -

97-тапсырма. Төмендегі сөздерді орфография бойынша жазып шығыңыздар.

Башшы -	сүссе -
өнүм -	тұу -
ыйық -	тоқыу -

98-тапсырма. Мына сөздердің айтылуын жазыңыздар.

Көзқарас, шекара, бейсенбі, білекте, қашса, шашса.

99-тапсырма. Төмендегі сөздерден айтылуы бойынша жазылған сөзді тауып, оны дұрыс жазыңыздар.

Қонысбай, дүйсембі, сенбі, жұмышшы, бірқатар, сүссе, Жүсіпбек, жасса, балмұздақты, Талдығорған, әлдегім, Меңдікүл.

Сөз мағынасы

Сөзді лексикалық мағынасына қарай мынадай түрлері бар:

Сөздің тура мағынасы – сөздің бастапқы мағынасы.

Сөздің ауыспалы мағынасы – сөз мағынасының ауысып, бастапқы мағынасынан өзге мағынада қолданылуы. Сөздің ауыспалы мағынасы екінші сөзбен тіркескенде ғана пайда болады.

Мысалы:

Тура мағына	Ауыспалы мағына
терең көл	терең ой
ашық терезе	ашық мінез
өткір қайшы	өткір көз
домбыра шерту	сыр шерту
майлы төстік	майлы дастархан

Сөздің көп мағыналығы (полисемия) – бір сөздің басқа сөздермен тіркескен кездегі әр түрлі мағынаға ие болуы. Мысалы:

Адамның *басы*

Судың *басы* (бұлақ)

Сөздің *басы* (сәлем)

Таудың *басы* (шың)

100-тапсырма. Төмендегі сөздердің ішінен жалпылама қолданылатын сөздерді теріп жазып, сөйлем құрастырыңыздар.

Ел, сыншы, аялдама, бақыт, ақша, футбол, анықтауыш, қоғам, мемлекет, доға.

101-тапсырма. Асты сызылған сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналарын түсіндіріңіздер.

Атаң мен анаң саған өмір сыйлады. Өз үйіңнің бағын жандыра біл.

102-тапсырма. Сөйлемнен ауыспалы мағыналы сөздерді тауып, сөйлем құрастырыңыздар.

Ол еш нәрсеге мойын бұрмай, екі көзін кітап бетіне қадаумен болды.

103-тапсырма. Берілген сөйлемнен тура мағынасында қолданылып тұрған сөздің астын сызып, қай сөздің ауыспалы мағынасы болатынын айтыңыздар.

Оның басы ауырып, қызуы көтеріліп дәрігерге кетті.

104-тапсырма. Ауыспалы мағынада тұрған сөзді тауып, тура мағынасымен салыстырыңыздар.

Үлкендердің айтқанына құлақ сал.

105-тапсырма. Төмендегі сөздердің ауыспалы мағыналарына мысал ойлап жазыңыздар.

Көз, аяқ, бет, құлақ, дүние.

106-тапсырма. Мына сөздердің қайсылары нақты, қайсысы дерексіз мағынаны білдіріп тұрғанын айтыңыздар?

Қымыз, құрт, ойшылдық, тәтті, адамгершілік, үнсіздік, тыныштық.

107-тапсырма. Мәтіннен ауыспалы мағынада қолданылып тұрған сөздерді тауып, астын сызыңыздар.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

...Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,

Ол – ақынның білімсіз бейшарасы.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,

Сонда да солардың бар таңдамасы

Іші – алтын, сырты – күміс сөз жақсысын

Қазақтың келістірер қай баласы?!

108-тарсырма. Төмендегі сөз тіркестерінің тура мағынада жұмсалып тұрғандарын тауып, сөйлем құрастырыңыздар.

Терең сай, терең білім, терең құдық, терең су, терең сезім.

109-тапсырма. Берілген тіркестерді тура және ауыспалы мағынаны білдіруіне қарай бөліп жазыңыздар.

Жақсы сөз, жақсы адам, жақсы ой, жақсы күн, жақсы бала, жақсы өмір.

Антоним

Антоним – мағыналары бір-біріне қарама -қарсы сөздер. Мысалы: Аласа – биік, ұзын – қысқа, ақ – қара, жақын – алыс, су жүрек – жүрек жұтқан.

110-тапсырма. Төмендегі сөздердің антонимдерін тауып жазыңыздар.

Суық, қатты, төмен, биік, жоқ.

111-тапсырма. Бір-біріне антоним болатын сөздерді орнына қойыңыздар.

Жаман, дос, жақсы, адал, қас, үлкен, арам, кіші, кең, жас, аз, ақымақ, ашық, ақылды, жабық, тар, кәрі, көп.

112-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті антонимдерді қойыңыздар.

Адал еңбек елге жеткізер,

..... қулық елден кеткізер.

Мұратыңа жеткенше,
Дос-..... сыр берме.

(Б.Момышұлы)

Ақылсыз достан
..... дұшпан артық-ты.

(Шалкиіз жырау)

113-тапсырма. Мына сөздерге антоним және синоним болатын сөздер жазыңыздар.

Өжет, бар, жарық, алыс, мол, бейнет, оңай.

114-тапсырма. Өлеңдегі антоним сөздерді тауып, осы сөздерді тақырып етіп, ойтолғау жазыңыздар.

Аласаны атқа санама,
Жақсыны жатқа санама.
Бір сынаған жаманды
Екіншілей сынама.

(Ақтайлақ шешен)

115-тапсырма. Мәтіндегі сөздерден синоним, омоним, антонимге мысал жазыңыздар.

Қазақ тілі еш уақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге жібермегендігі мыңдаған жыл тарихында айқындалған. Кейбір ұл-қыздарымыздың ана тілін білмеуі, не шала білуі мені қатты қынжылтады. Бұған ең алдымен ата-ана кінәлі.

(Б.Момышұлы)

116-тапсырма. Мақалдан антонимді табыңыздар.

Ер жігіт бірде малды, бірде малсыз,
Арғымақ бірде жалды, бірде жалсыз.

117-тапсырма. Төмендегі антонимдердің синонимін жазыңыздар.

Озу-қалу, рақат-бейнет, шарапат-кесепат, алғыс-қарғыс.

118-тапсырма. Сөйлемдегі сөздерден антоним бола алатын сыңарларын тауып жазыңыздар.

Батырларға тән ортақ қасиет: өжеттік, ерлік, адалдық, досы үшін отқа түсу, Отанға шексіз сүйіспеншілік және жеңімпаздық.

119-тапсырма. Құрамында антоним сөздер кездесетін мақал-мәтелдер мен жұмбақтар тауып жазыңыздар.

120-тапсырма. Биік, ашық, жана, сұлу, жас сөздеріне әр түрлі қолданыста бірнеше антоним сыңар тауып жазыңыздар.

121-тапсырма. Әсем, тез, шебер, зор сөздерінің антонимдерін тауып жазып, сөйлем құрастырыңыздар.

122-тапсырма. Төмендегі сөздердің антонимдерін тауып жазыңыздар.
Алыс, ескі, жас, ұзын, қуану, терең, оңай.

123-тапсырма. Төмендегі етістіктердің антонимдерін тауып, оларға сөйлем құрастырыңыздар.

Қалу, жиналу, жабу, қайту, ескіру, кедейлену.

124-тапсырма. Берілген етістіктердің антонимдерін тауып, оларды қатыстырып бірнеше сөйлем құрастырыңыздар.

Озу, шашу, бару, жаңару, баю, ашу.

125-тапсырма. Мына сын есімдердің антонимдерін тауып, сөйлем құрап жазыңыздар.

Пысық, ірі, адал, оң, оңай.

126-тапсырма. Төмендегі сөздердің қарсы мағыналас сыңарларын тауып, сөйлем құрастырыңыздар.

Қысқа, тұщы, алыс, солтүстік.

127-тапсырма. Сөйлемнен антоним болатын сөзді көрсетіңіздер.
Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат, екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.

Омоним

Омоним – дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары әр түрлі сөздер.

Мысалы: «Жақ» омоним сөзінің мағыналары:

Адамның *жағуы* / От *жақ* / Оң *жақ* / Маған *жақ* бол / Қара бояу *жақ*

Омонимдердің жасалу жолдары:

1. Жұрнақ арқылы: шығыс (шық + ыс), жастық (жас + тық);
2. Кірме сөз арқылы: бақ (парсы. «бақт»), сап (араб «саф»);
3. Сөздің дыбыстық өзгеріске ұшырауы: біз (бігіз);

128-тапсырма. Мақалдан омоним болатын сөзді табыңыздар.

Батырға оқ дарымайды,
Батылға жау жоламайды

129-тапсырма. Үш, бес, жеті, сандарына арналған асыл сөздерді жазып, омоним сөздер болса, астын сызыңыздар.

130-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерді оқып, омонимдерді тауып, мағыналарын анықтаңыздар.

Шаш – адам көркі. Тауыққа жем шаш.
Бас ауырады. Кібіртіктемей, аяғыңды бас.

131-тапсырма. Сөйлем құрамынан омонимдерді тауып, мағыналарын анықтаңыздар.

Сылдыр үн көңілді көктемді қошеметтейді. Бір кезде осы дыбысқа адам үні араласқандай болды.

132-тапсырма. Қол, үй, қой омонимдерін қатыстырып, сөйлем құрастырыңыздар.

133-тапсырма. Айт, жан, ен, бөле сөздері омоним болатындай бірнеше сөйлем құрастырыңыздар.

134-тапсырма. Күрес, жең, шағын сөздері омоним болатындай сөз тіркесін құрастырыңыздар.

135-тапсырма. Сөйлемнен терминдерді теріп жазып, ол термин қай салаға қатысты екенін айтыңыздар.

Тамшылар формасы жағынан призма деп аталатын геометриялық фигураға жуықтау болады.

Синоним

Синоним – айтылуы әр түрлі, бірақ мағыналары бір-біріне жақын сөздер.
Мысалы: *сабырлы, байсалды, төзімді, ұстамды, салмақты.*

136-тапсырма. Төмендегі сөздерге синоним болатын сөздерді жазыңыздар.

Ұстаз, ақын, үй, құрметтеу.

137-тапсырма. Синонимнің омонимнен айырмашылығы неде?

138-тапсырма. Мәтіннен синоним сөздерді табыңыздар.

Адамның асқан сұлулығы – оның сезгіштігі, қарапайымдылығы, тілектестігі, ниеттестігі.

(*В.А.Сухомлинский*)

139-тапсырма. Синоним сөздерді топтап жазыңыздар.

Қашық, әдемі, әдепті, тәртіпті, үлкен, келбетті, өңді, тәрбиелі, дәу, тартымды, алыс, инабатты, алшақ, шалғай, көргенді.

140-тапсырма. Мәтіндегі синоним сөздерді тауып, оның мағынасын анықтаңыздар.

Сенің топырағыңда қаншама дүр-дүр батыр, дүлдүл ақын, майталман талант иелері туылмады дейсің.

(Б.Соқпақбаев)

141-тапсырма. Төмендегі тіркестерге синоним болатын тіркестер жазыңыздар.

Қырғи қабақ. Қас пен көздің арасында. Бетінен оты шықты. Тас жүрек.

142-тапсырма. Синонимдерді қатыстыра отырып, «Тәуелсіз Қазақстан» атты ойтолғау жазыңыздар.

143-тапсырма. Синоним сөздерге мақал-мәтелдерден мысал келтіріңіздер.

144-тапсырма. Сөз тіркестерінен тұратын синонимдер тауып жазыңыздар.

Үлгі: Жермен жексен етті,

Күлін көкке ұшырды.

145-тапсырма. Төменде берілген синонимдердің қай сөз табы, қандай тұлғалы сөздер екенін ажыратып, бұл сөздерді мағынасына қарай топ-топқа бөліп көшіріңіздер.

Биік, жүздесу, бүкіл, асқар, реті, түгел, зәулім, орай, шапшаң, жолығу, бүкіл, шұғыл, жалқы, жедел, жалғыз, ұзын, демде, қисын, дереу.

146-тапсырма. Мына төмендегі сөздердің синонимдік қатарын жазыңыздар.

1) Кездесу...

2) Әдемі...

3) Батыр...

147-тапсырма. Берілген сөйлемдердің ішінен синонимдерді теріп жазып, олардың қандай мағыналарды білдіретінін түсіндіріңіздер.

Бала кезінен бастап, әке орнатқан тәртіпке, қаталдық пен зорлыққа жаны түршіге жиіркене қараған гуманист Абай осы тартыста өз табынан іргесін мүлдем аулақ салып, ара жігін ашып алады.

148-тапсырма. Төмендегі синонимдік қатардағы сөздерді басқа сөздермен тіркестіріп, олардың қанша сөзбен тіркесе алу мүмкіндігін анықтаңыздар.

Күшті, мықты, әлді, қарулы, қайратты, қажырлы;

Бағалы, құнды, қымбат;

Халық, жұрт, көпшілік.

149-тапсырма. Сөздерді оқып, мағыналарын анықтап, бұларды синоним сөздерімен топтап жазыңыздар.

Алыс. Сүйкімді. Тартымды. Қашық. Өңді. Тәуір. Алшақ. Келбетті. Жаман. Ұстамды. Нашар. Көр. Әдепті. Қара. Байқа. Аңғар. Тәрбиелі. Көргенді. Білімді. Үлкен. Кең. Көлемді.

150-тапсырма. Төмендегі синонимдерді қатыстырып, сөйлем құрастырыңыздар.

Сүйкімді. Қашық. Жұғымды. Жалынды. Тартымды. Алыс.

151-тапсырма. Мақалдардың жалғасын тауып, синонимдердің астын сызыңыздар.

а) Ащы менен тұщыны татқан білер,

.....

ә) Құтты қонақ келсе, қой егіз табар,

.....

Сөзжасам

Сөз құрамына қарай 2-ге бөлінеді: *дара сөз және күрделі сөз.*

Дара сөз – бір түбірден тұратын сөз. Оның екі түрі бар: *түбір сөз және туынды сөз.*

Түбір сөз – сөздің мағынасы бар ең бастапқы бөлшегі. (ән, дос, бөл, біл, тау, жақсы, қала)

Туынды сөз

Туынды сөздің жасалу жолдары төмендегідей:

1) Түбір сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалады. (әнші, достық, бөлім, білгір, таулы, жақсылық, қалашық)

2) Лексикалық жолмен жасалуы («ақ» сөзінің негізгі мағынасы түсті білдіреді. Бұл сөздің лексикалық мағынасының ауысуынан «сүт тағамдары» деген ұғым пайда болған).

3) Бірігу арқылы (көзқарас, тасбақа т.б.).

4) Тіркесу арқылы (он бес, қар торы т.б.)

152-тапсырма. Мына сөздердің қайсысы түбір, қайсысы жаңа мағынаға ие болған туынды сөз екенін айтыңыздар.

Жер, Жер серігі, бұлт, кемпірқосақ, жай (найзағай), жайтартқыш, күн, күн сәулесі, аспан, көкжиек, жұмыс, жұмысшы, ғарыш, ғарышкер, жұрт, ағайын-жұрт, жүзі, көк жүзі, жер-көк, тау-тас.

153-тапсырма. Мәтінді көшіріп жазып, әр түрлі тәсілмен жасалған туынды сөздердің астын сызындар да, олар нені білдіретінін анықтаңыздар.

Неге күн күркірейді? Оның себебі – найзағай жарқылы. Күркіреген дауысты сол найзағай шығарады. Найзағай дегеніміз – мейлінше үлкен электр ұшқыны. Мұндай электр ұшқындары секундтың аз ғана бөлігінде көк жүзінің

бірнеше шақырым жерін шарпып өтеді. Оның жолындағы ауа да сол сәтте қызып үлгереді. Сол кезде нағыз қопарылыс пайда болады. Одан шығатын дыбысты біз күн күркіреді дейміз.

Найзағаймен ойнауға болмайды. Егер найзағай түссе, ғасырлар бойы өсіп тұрған еменнің өзі күл-талқан болады. Ал қораға немесе шөп маясына түссе, эп-сәтте жанып кетеді. Сондықтан да тұрғын үйлерді, зауыт мұржаларын, ток келетін болат бағандарды найзағайдан аман сақтау үшін жайратқыш салынады.

154-тапсырма. Түбір және туынды сөздерді пайдалана отырып, «Туған жердің табиғаты» тақырыбына шағын мәтін құрастырыңыздар.

155-тапсырма. Мәтіндегі туынды сөздерді табыңыздар. Олардың қалай жасалғанын аңғарыңыздар.

Жер бетін өзгертуде адам әрекеті де айтарлықтай орын алады. Адам өзендерді бөгеп, су қоймаларын жасайды, жер қойнауын кеулеп, түрлі пайдалы қазбалар өндіреді. Жер суару үшін каналдар қазады. Осының бәрі жер бетінің табиғи қалпын бұзады.

Жер бетін қазіргі заманғы жағдайда қозғамау мүмкін емес. Бірақ жер бетіне әсер етудің салдарын да ойланған жөн. Өйткені зиян екі жақты болып отыр. Ауыл шаруашылығына үздіксіз пайдаланылған жерлер құнарлылығын жоғалтады. Сондықтан оны түрлі тыңайтқыштар беру арқылы қалпына келтіріп отыру керек.

Жер беті әсіресе пайдалы қазбалар өндіруге байланысты үлкен өзгерістерге ұшырайды. Өндіріс алаңында басы сүйір төбелер көптеп кездеседі. Олар – шахтадан көмір, темір, т.б. кен қабатына жеткенге дейінгі шыққан бос жыныстардың үйінділері, яғни террикондар (латынша terra –жер, кон – конус). Қарағанды шахталарының төңірегінде мұндай террикондар көп.

156-тапсырма. Мәтіннен негізгі түбір сөздерді тауып, көшіріп жазыңыздар. Аққу қандай құс? Әңгімелеп беріңіздер.

Көл ортасында қалың жасыл ала қамыстың айналасы – айнадай жалтыраған кең жайқын. Сол жайқында аппақ болып екі аққу сыланып, ақырын әсем жүзіп көлеңдейді. Екі аққу ұзын, сұлу мойындарын иіп, көл ортасында сыңқылдап, аппақ денесін күміс суға төсеп, әсем жүзіп, күміс судың айнадай мөлдірін шымырлатып сызады. Екі аққудың нәзік сұлу үнмен сыңқылдап жүзген күміс сызығынан сылдырлап, меруерт, гауһар моншақ тізіледі...


157-тапсырма. Мәтіннен туынды сөздерді табыңыздар. Олардың түбірін анықтаңыздар және одан тағы қандай сөздер өрбітуге болатынын көрсетіңіздер.

Қазақ жерінің шөлді және шөлейтті аймақтарында құдық қазу ерекше шеберлікті қажет етеді. Мұндай құдықтар өте көп. Әсіресе, бұлар Сарықұм, Қарақұм, Қызылқұм белестерінің өн бойларында көп кездеседі.

Әдетте қазылған құдықтар көміліп қалмас үшін, олардың ішін сексеуіл сияқты тез шірімейтін қатқыл ағашпен өреді. Оның атын «шегендеу» дейді.

Кейбір деректерге карағанда, мұндай шегенделген құдық жүздеген жылдарға шыдайтын көрінеді.

158-тапсырма. Бір түбірге әр түрлі жұрнақ жалғау арқылы бірнеше туынды түбір жасаңыздар.



Көр, сез, біл, жаз, әдеп, айт, бол, жас, сана, оқы, көз.

159-тапсырма. Мәтінді оқып, ондағы қосымшалы сөздерді табыңыздар.

Жәндіктердің ең улысы және қауіптісі – қарақұрт. Ол шөл және шөлейт жерлерде, сай-жыраларда, адырлы жоталарда, жусанды жерлерде көп болады. Қарақұрт үйге кіріп, төсек-орынға тығылады да, жанасқанды шағып алады. Шаққаны бірден сезілмейді, еш жерің ауырмайды. Біраз уақыт өткеннен кейін денеге уы жайылады да, адам есінен танады.

Қарақұрт шаққанын білген заматта, шаққан жерді сіріңкемен күйдіру керек. Уы тістеген жерден 0,5 миллиметрден әрі сіңбейді.

Егер 20–30 минуттай кешіксе, у адамның денесіне тарап кетеді де, бұл әдістің әсері болмайды. Қарақұрттың уы – май тәрізді еритін сұйықтық. Оны 60 градусқа дейін қыздырса, уытын жояды.

160-тапсырма. Мәтіннен туынды сөздерді тауып жазыңыздар. Олардың қалай жасалып тұрғанын түсіндіріңіздер.

Ауа қабығы бірнеше қабаттан тұрады. Жерге жақын бөлігінде су буы болады. Одан түрлі бұлттар түзіледі. Ауа мен Жер арасындағы зат алмасуы, жауын-шашынның болуы осы төменгі қабатқа байланысты жүреді. Келесі екінші бөлігінде газдар сирейді. Бұлттар түзілмейді, өйткені су буы өте аз. Үшінші сыртқы бөлігінде ауа құрамындағы газдар одан әрі кеміп, ауасыз кеңістік басталады. Әр қабат ауа шарлары, ұшақтар, жасанды Жер серіктері, ғарыш кемелері арқылы мұқият зерттелген. Жер бетіндегі тіршілік үшін маңызы да анықталған.

Күндіз ауа қабығы күн сәулесін шашыратады, сондықтан Жер шамалы ғана қызады. Ал түнде күн көкжиектен батқан кезде оны көзге көрінбейтін көрпемен қымтағандай болады. Ауа қабаты – Жердің қорғанышы. Ол жерді қатты ысып және суынып кетуден сақтайды. Ауа қабаты болмайтын Айда күндізгі температура +120⁰С, түнгі температура -160⁰С жетеді. Жердегі

ағзалардың ешқайсысы мұндай температураларда тіршілік ете алмайды. Бұл – ауа қабатының тіршілік үшін бір пайдасы. Екінші пайдасы – ғарыштан келетін аса өткір күйдіргіш сәулелерді Жерге жібермей ұстап қалатындығы.

Сусыз тіршілік жоқ дейміз, ал ауаның қажеттігі одан да басым. Адам тамақ ішпей айдан аса уақыт, сусыз бірер апта тіршілік етсе, ауасыз бірнеше минут қана өмір сүре алады.

Күрделі сөз

Күрделі сөз – кемінде екі түбірден жасалдып, бір мағынаны білдіретін сөз.

Оның 4 түрі бар:

Біріккен сөз

Қос сөз

Қысқарған сөз

Тіркескен сөз

161-тапсырма. Төмендегі күрделі сөздерді үлгі бойынша мағынасын түсіндіріп жазыңыздар.

Үлгі: кәрі жілік – адамның немесе жануардың дене мүшесі, ...

Кәрі жілік, сары шымшық, қара құс, асық жілік, тоқ ішек, ащы ішек, ауыз омыртқа, бас бұзар, сүмбіл шаш, бесікке салу.

162-тапсырма. Берілген сөздерден күрделі сөз құрап жазыңыздар.

Көк, боз, соқыр, ала, тоқпан, тоң, су, торғай, өкпе, ішек, жылан, жөтел, жілік.

Біріккен сөз

Біріккен сөз - екі немесе одан көп сөз бірігіп, бір ұғымды білдіретін және бір сұраққа жауап беретін сөз. Мысалы: тасбақа (тас+бақа), Талдықорған (Талды+қорған), қарқұрт (қара+ құрт), Екібастұз (Екі+бас+тұз).

Кіріккен сөз – құрамындағы сөздердің ең кемінде бір дыбысын өзгертіп біріккен сөз.

Мысалы:

биыл	Бұл жыл
бүгін	Бұл күн
әкел	алып кел
апар	алып бар
ендігәрі	ендігіден әрі
жаздыгүні	жаздың күні
білезік	білек жүзік
қарлығаш	қара ала құс

163-тапсырма. Төмендегі сөздердің қандай сөздерден бірігіп жасалғанын айтыңыздар.

Демалыс, көкжиек, еңбекақы, Ұлтуған, Қайыпқожа, Әзімхан, жалақы, Жезқазған, Алшағыр, Бұланбай, әркім, ашудас.

164-тапсырма. Мына біріккен сөздерді қатыстырып, бірнеше сөйлем құрастырыңыздар.

Шекара, аққұтан, жолбарыс, қалжыңбас, меймандос, алабота, алабұға, әнеугүні, жазғытұрым, тайталасу.

165-тапсырма. Бірігу тәсілімен жасалған қандай құс, аң, өсімдік, жер атауларын білесіздер? Өз білімдеріңізді тексеріп көріңіздер.

166-тапсырма. Мәтіннен біріккен сөздерді табыңыздар.

Арасанқала –Талдықорған облысы жеріндегі емдеу орны бар елді мекен. Мұны «Қапаларасан» деп те атайды.

Арқа – батысы Торғай ойпатынан басталып, шығысы Тарбағатайдың батыс сілеміне дейін жалғасқан, солтүстігі Батыс Сібір жазығына, оңтүстігі Балқаш көліне ұласқан кең дала. Мұны – «Сарыарқа» деп те атайды.

Бетпақдала – Балқаш көлінің батыс жағалауынан басталатын кең даланың атауы.

Жоңғар Алатауы – бір жақ шеті Қытай жеріне кіріп тұрған Қазақстанның шығысындағы тау жүйесі.

Қабырға – Торғай облысы Жангелді және Амангелді аудандарының аумағындағы өзендер. Қабырға атауын татар, башқұрт, тілдеріндегі «тау баурайы» деген мағынамен байланыста қараған қолайлы.

Катонқарағай – Шығыс Қазақстан облысындағы жер, аудан және оның орталығының атауы. Ол «топ қарағай» немесе «дөңгелене өскен қарағай» дегенді білдіреді.

167-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Мәтіннен біріккен сөздерді тауып, негізігі ойды өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.

Ислам «мойынұсыну», «бойұсыну» дегенді білдіреді. «Мойынұсыну» - «қабылдау», «бағыну» және «айтқанын орындау» деген сөз. Сондықтан ислам Аллаға бағынуды және оның бұйрықтарын орындауды білдіреді. Ислам сондай-ақ «қанағат» деген ұғымды да білдіреді. Қанағат сезімі Алланың әмірін орындағанда ғана пайда болады. Демек, ислам «бейбітшілік» және « Аллаға мойынұсыну» дегенді білдіреді. Мойынұсыну ғана тыныштық әкеледі.

Ислам – біздің Жаратушымыз және Әміріміз. Аллаға мойынұсыну арқылы жер бетінде бейбітшілік орнатып, оны тыныштыққа бөлеуге болады.

168-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Біріккен сөздерді табыңыздар.

Жайлаудың бәрі шұрайлы бола бермейді. Еліміздің әр жерінде жұртқа кең танымал атақты жайлаулар бар. Олар: Қарқара, Шалкөде, Сырт, Шұбартал, Асы деп аталады.

Қарқара жайлауы үстімен Ұлы Жібек жолы өткендіктен, осы жерде ертеде атышулы жәрмеңке болады екен. Бүгін де бұл өлкеде той толастамайды. Бәйге шауып, қыз қуады. Балалар гүл теріп, көбелек қуып, суға шомылады. Тауда өсетін жемістер: қарақат, таңқурай, долана; жазық далаларда өсетін қой бүлдірген, сиыр бүлдірген де өте көп болады.

Қос сөз

Қос сөз – сөздердің қосарланып немесе қайталанып айтылуынан жасалған сөз. Қос сөздің екі түрі бар: қайталама қос сөз және қосарлама қос сөз.

Қайталама қос сөз – сыңарлары бір түбірден жасалатын қос сөз. Мысалы: көре-көре, көзбе-көз, өз-өзінен, тау-тау.

Қайталама қос сөздің 4 түрлі жасалу жолы бар:

1. Қосымшасыз бір түбірдің қайталануынан жасалады. Мысалы, үлкен-үлкен, су-су, тікен-тікен, қора-қора, қарқ-қарқ, ұсақ-ұсақ т.б.

2. Қосымшалы бір түбірдің қайталануынан жасалады. Мысалы, бара-бара, айтып-айтып, үйдей-үйдей, сөйлей-сөйлей, бір-біріне, көзбе-көз, келер-келмесін, орынды-орынсыз, қолды-қолына, он-ондап, т.б.

3. Түбірдің бір сыңары дыбыстық өзгеріске ұшырап жасалады. Мысалы, кісі-місі, қағаз-мағаз, кітап-мітап, шай-пай, қалт-құлт, жалт-жұлт, тас-мас, тіс-міс, мәре-сәре, кемпір-семпір, нан-пан, сатыр - сұтыр, салдыр-гүлдір, қараң-құраң т.б.

4. Бір сыңары ықшамдалып жасалады. Мысалы, теп-тегіс, жап-жасыл, ап-ащы, сұп-сұр т.б.

Қосарлама қос сөз – сыңарлары әр түрлі түбірден жасалатын қос сөз: үлкен-кіші, алыс-жақын, қысы-жазы, бала-шаға, көйлек-көншек.

169-тапсырма. Төмендегі қос сөздердің қайсысында жаңа лексикалық мағына бар екенін, қайсысында ондай мағына жоқ екенін анықтаңыздар.

Азды-көпті, қызыл-жасыл, құрт-құмырсқа, көре-көре, оқтын-оқтын, сөйлей-сөйлей, дүркін-дүркін, кәрі-жас, зәбір-жапа, азық-түлік, қазы-қарта, жетім-жесір, ауыл-аймақ, абысын-ажын, қайта-қайта, қора-қора.

170-тапсырма. Оқып шығыңыздар. Қосарлану арқылы жасалып тұрған сөздердің мағынасын ашып түсіндіріңіздер.

Камбала

Шелпек тәрізді жап-жалпақ. Камбала балығы үнемі теңіздің түбінде тіршілік етеді. Ол ауық-ауық жоғары қарап қойып, жемінің жүзіп келуін күтіп жатады. Көзге түсіп байқалып қалмау үшін камбала өзінің өң-түсін де өзгертіп

тұрады: сары құмның үстінде оның реңі сарғыш тартады, қара лайға тасаланса, өзі де қараяды, ал шұбар тастың үстінде ол да шұбар бола кетеді.

Бірде аквариумның түбіне шахмат тақтасын төсеп, суға қалқып кетпеуі үшін, оны таспен бастырып қойыпты. Сөйтсе оған жақындаған камбаланың үсті тақтаның бетіндей торлана бастаған көрінеді. Бұл да табиғат шебердің адамзатқа белгісіз құпия жұмбақтарының бірі емеспе?!.

171-тапсырма. Мақал-мәтелдерді мәнерлеп оқып, қос сөздің құрамын анықтаңыздар.

Ұрыс-керіс – ойсыздың қаруы.

Бала – ата-ананың алтын бағанасы.

Қауіпті сәл-пәл елеген,

Темір өз-өзінен шыңдалмас.

Құтылар таудай пәледен.

Сұрай-сұрай сұңғыла болар.

Қысқарған сөз

Қысқарған сөз – күрделі атаулардың қысқартылып жазылған түрі.

Мысалы:

ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достығы
ҚазҰМУ	Қазақ Ұлттық медицина университеті
Ұжымшар	Ұжымдық шаруашылық
кг	Килограмм
ГАЗ-33	Машина, трактор, ұшақ маркалары

Тіркескен сөз

Тіркескен сөз – екі немесе одан көп сөздер тіркесіп келіп, бір ұғымды білдіретін күрделі сөздің түрі. Мысалы:

Күрделі зат есім	Алматы қаласы, мәдениет сарайы
Күрделі сын есім	қара кер, бидай өңді, ұзын бойлы
Күрделі сан есім	он бес, екі жүз сексен
Күрделі етістік	оқып отыр, жығылып қала жаздады
Күрделі үстеу	күні бойы, ала жаздай

172-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұнын айтыңыздар. Қарамен жазылған сөздер тіркесу жолымен жасалған туынды сөздерге жататын, жатпайтынын табыңыздар. Мәтіннен қандай көне елдік дәстүр танылады? Ойларыңызды айтыңыздар.

Аса киелі саналатын дәстүрлі ырымдардың бірі – тұмар тағу. Тұмар тағу ырымы – ислам дінінен ада, байырғы түркілік дәстүр. Тәңірлік наным-сенімдегі әрісі түркілер, берісі көшпелі қазақ үшін – күн, көк, от, су сияқты жер де киелі. «Қара жер» киелі жер деген мағынада. Байырғы көшпелілер тағатын тұмардың ішінде туған жердің бір шөкім топырағы болатын. Тұмар сөзінің өзі байырғы

түркі тілінде «тума иер», «туған жер» деген сөздердің кірігуінен шыққан. Кейін ислам дінінің орнығуына байланысты тұмардың ішіне дұға жазып салу дәстүрі қалыптасқан.

173-тапсырма. Мәтінді оқып, бірігу, қосарлану, тіркесу жолымен жасалған сөздерді тауып, туынды сөздерді құрамына талдаңыздар.

Мұхитбақ

Кит – дүние жүзіндегі ең үлкен хайуан. Кит – суда тіршілік еткенімен, ешқандай балық емес, ол – аң, яғни сүтқоректі хайуан.

Қашалот – тісті кит. Ол өте сүңгігіш: теңіз түбіне қарай бір километр тереңге кетеді де, бір сағаттан кейін ауамен дем алу үшін судың бетіне шығады.

Қайыс балық әрі ұзын, әрі жалпақ. Кейбіреуінің ұзындығы 9 метрге жетеді. Ауырлығы соншалық – бес адам көтере алмайды.

Басында ал қызыл тәжі бар қызғылт балық майшабақ патшасы деп те аталады, өйткені ол майшабақ үйірін бастағанды ұнатады.

МОРФОЛОГИЯ

Морфология сөз құрамы, қосымша және сөз таптарын зерттейді.

Қосымшаның 2 түрі бар: жалғау және жұрнақ.

Жалғау	Жұрнақ
Көптік	Сөз тудырушы
Септік	Сөз түрлендіруші
Жіктік	
Тәуелдік	

Сөз табының 9 түрі бар:

Зат есім

Есімдік

Шылау

Сын есім

Етістік

Еліктеу сөз

Сан есім

Үстеу

Одағай

Қосымша

Қазақ тілінде қосымшаның екі түрі бар. Олар: *жұрнақ* және *жалғау*.

Жұрнақ

Жұрнақ өзі жалғанған сөзге жаңа мағына беріп, туынды сөз жасайды. Жұрнақтың екі түрі бар: сөз тудырушы жұрнақ және сөз түрлендіруші жұрнақ. *Сөз тудырушы жұрнақ* түбірдің негізгі мағынасын өзгертіп оған жаңа мағына береді. (Қой+шы –қойшы, өнер+паз – өнерпаз, ой+ла – ойла, тау+лы – таулы)

Сөз түрлендіруші жұрнақ екі жалғанған сөздің бастапқы мағынасын өзгертпей, сәл түрлендіреді. (Үй+шік – үйшік, сандық+ша – сандықша, алаң+қай – алаңқай, қала+шық – қалашық).

174-тапсырма. Мәтінді оқып, жұрнақтардың астын сызыңыздар.

Машиналардың түрлері

Машиналар өздерінің атқаратын қызметіне байланысты энергетикалық, технологиялық, басқарушы, логикалық болып бөлінеді. Энергетикалық машиналар энергия өндіру (генератор) немесе оларды түрлендіру үшін қолданылады. Технологиялық машиналар әртүрлі пайдалы жұмыс атқарып, технологиялық үдерістерді орындайды. Оларға ауыл шаруашылық, жеңіл өнеркәсіп, тау-кен, құрылыс және басқа өндірістерде пайдаланылатын машиналар жатады. Логикалық машинаға электронды есептеуіш машиналар жатады.

175-тапсырма. Мәтінді орыс тіліне аударып, жұрнақтарды табыңыздар.

Инженер мамандығының ерекшелігі

Инженерлердің математик пен физиктерден немесе теориялық механика мамандарынан өзгешелігі – олар сан алуан конструкциялардың (машина, механизм, аспап және т.б.) ішкі құрылысын біліп қана қоймай, солардың беріктігін, жұмыс істеу қабілеттілігін есептей білуінде. Осыған орай, қолданбалы механика пәнінде машина мен механизмдердің ішкі құрылысы, құрылымы, кинематикасы мен динамикасы және жеке бөлшектерінің конструкциясы, есептеу жолдары қарастырылады. Олардың жұмыс істеу қабілеттілігін анықтау, машиналардың жобасын жасау мәселелеріне де көңіл бөлінеді.

176-тапсырма. Сөздерді құрамына қарай талдаңыздар, түбірін, жұрнақ, жалғауларын ажыратыңыздар.

Болашақ, орынсыз, әлсіреу, бармақтай, халықты, табиғат, ауасымен, өзгермейтін, бауырмалдық, көбейткізбеу, оқығанбыз, бағдарламашы, маманданған, көзімізбен, өркендеудеміз.

Жалғау

Жалғау сөздерді байланыстырады. Оның 4 түрі бар:

1. *Көптік жалғауы*
2. *Тәуелдік жалғауы*
3. *Септік жалғауы*
4. *Жіктік жалғауы*

Көптік жалғауы

Сөздер жекеше түрде және көпше түрде қолданылады. Көптік мағынаны білдіру үшін сөздерге көптік жалғауы жалғанады. Мысалы: көше-лер, қыз-дар, ағаш-тар.

Көптік жалғауы мыналар: -лар, -лер, -дар,-дер, -тар, -тер.

Тәуелдік жалғауы

Тәуелдік жалғауы заттың біреуге немесе бір нәрсеге тәуелді (меншікті) екенін білдіреді.

Тәуелденетін зат 3 жақтың біріне меншікті болып тұрады. Сол себепті тәуелдік жалғауының 3 жағы және әр жақтың өзіне тән жалғаулары болады:

Жекеше түрі	
I жақ	-м, -ым, -ім
II жақ	-ң, -ың, -ің
	-ыңыз, -іңіз, -ңыз, -ңіз
III жақ	-сы,-сі,-ы,-і

Көпше түрі	
I жақ	-мыз,-ымыз,-міз,-іміз
II жақ	-тарың,-терің,-дарың,-дерің
	-ларың, -лерің,-тарыңыз,-теріңіз,
	-дарыңыз,-деріңіз,
	-ларыңыз,-леріңіз
III жақ	-сы,-сі,-ы,-і

Септік жалғауы

Сөздің септік жалғауын қабылдауын септелу дейді. Септік атаулары төмендегіше.

№	Септік	Сұрағы	Жалғауы
1	Атау	Кім? Не?	
2	Ілік	Кімнің? Ненің?	-ның,-нің, -дың,-дің, -тың,-тің
3	Барыс	Кімге? Неге?	-а,-е,-қа,-ке,-ға,-ге,-на,-не
4	Табыс	Кімді? Нені?	-ны,-ні,-ды,-ді,-ты,-ті,-н
5	Жатыс	Кімде? Неде?	-да,-де,-та,-те,-нда,-нде
6	Шығыс	Кімнен? Неден?	-дан,-ден,-тан,-тен,-нан,-нен
7	Көмектес	Кіммен? немен?	-мен (менен) -бен (бенен) -пен (пенен)

Жіктік жалғауы

Жіктік жалғауы бастауыш пен баяндауышты байланыстырады. Сондықтан жіктік жалғаулы сөз әрқашан баяндауыш болады да, сөйлемді тиянақтап тұрады.

Сөздің жіктік жалғауын қабылдауын жіктелу дейді. Сөздер 3 жақта және жекеше, көпше түрде жіктеледі. Ескерту: Зат есім, сын есім, сан есім және есімдіктің 3-жағының қосымшасы жоқ.

Жіктік жалғауы негізінен етістікке және есім сөздерге жалғанады.

Түрі	Жақ	Есім сөздің жіктелуі
Жекеше	I	Мен дәрігермін
	II	Сен дәрігерсің Сіз дәрігерсіз
	III	Ол – дәрігер
Көпше	I	Біз дәрігерміз
	II	Сендер дәрігерсіңдер Сіздер дәрігерсіздер
	III	Олар – дәрігер
	Жақ	Етістіктің жіктелуі
Жекеше	I	Мен келемін
	II	Сен келесің Сіз келесіз
	III	Ол келеді
Көпше	I	Біз келеміз
	II	Сендер келесіңдер Сіздер келесіздер
	III	Олар келеді

177-тапсырма. Мәтінді оқып, жалғаулардың түрлерін ажыратыңыздар.

Мұнай – байлық. Мұнай – мақтаныш. Екінің бірінің пешенесіне жазылмаған «қара алтын» байлығының арқасында күллі әлем қазақ елін таныды. Бүгінде ол өмірлік маңызды мәселеге айналды.

Мұнайың болса сырттан келетін инвестиция да, несие де мол. Онсыз қирап жатқан экономиканы, тоқтап тұрған кәсіпорындарды қозғалту мүмкін емес. Соның бәріне де мұнай үлкен кепілдік болып табылады. Елдің еңсесін көтеріп, жұмыс істеуіне де жол ашылады.

Мұнай – ақша. Тек соның көзін тауып, қажетті мұқтаждықтарға жұмсап, жергілікті халық оның игілігін көруі керек.

178-тапсырма. Төмендегі сөздерге керекті жіктік жалғауын қосып оқыңыздар.

Мен баяғы Жамбыл... , өлең сөзге даңғыл... . Сен маған кім... ? Сен менің ақылшым... , тірегім... . Сіз оған қарсы... ба? Сіз сахарада менің де

әңгімелесетін, жалғыз мәжілістесім есебінде қажет... , қадірлі Екі жұмадан бері тыныш... . Сіз оған міндетті емес... . Біздер еңбекті сүйетін ел... . Сіз аса талантты офицер... . Біз сүйеміз бейбіт күнді, бейбіт күнде туған Біздің өмір күндей нұрлы, бақыт құшқан ұлан... ! Бұл істі істеген мен, Базаралы... !

179-тапсырма. Төмендегі сөйлемдердегі көп нүктенің орнына жедел өткен шақтың жіктік жалғауларын жалғаңыздар.

Былыр сендер қандай сабақтардан емтихан тапсырды... ? Сіз бұл сөзді бекер айтты... . Сіздер мені байқамай төмен түсіп кетті... . Оқыған кітаптарыңыздың аттарын қайда жазып қалдырдыңыз, біз таппа... . Жарты сағаттан кейін сендер ұйықтап қалды... . Менің әкемді сен көрді... бе? Мен Исамен әңгімелесіп отырып, көп нәрсені ұқты... .

180-тапсырма. Мәтін бойынша жіктік жалғауын теріп жазыңыздар.

Ат – адамның қанаты. Ат үстіндегі кісінің көкжиегі қашан да кең, көңілі көтеріңкі, еңсесі биік. Тек атың жүрдек болсын. Пай-пай, тоқымында ойнаған жүйрігің, жалын желге желпіп, елбең қағып, есіле майсаңдап келе жатса, сен бесіктегі балғындай тербелесің ғой. Сонда сені ат емес, бүкіл дала тербетеді, әлдилейді... Сенің ән салғың келеді. Ол үшін сәл тебініп қал. Атың сар желе жөнелсін. Сен оң қолыңды баяу бұлғап, атыңды сипай қамшыла, ұрма, ат сауырын қамшымен сипа. Міне, енді даланы сен тербете бастадың. Қане, енді кең дүниені әлдиле, ән сал.

181-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, көптік жалғауын табыңыздар.

Интернет – бұл әлемдегі миллиондаған компьютерлерді біріктіретін жүйе. Интернет – бұл бүкіл әлемдік біртұтас ақпараттық жүйе, кеңістік. Егер біз интернеттің тарихына үңілер болсақ, оның 1969 жылдан басталатынын көреміз. 1980 жылдан бастап ЭВМ компаниясы дербес компьютерлер шығаруды конвейерге қойды. Интернетті тұтынушылар саны бірнеше мыңнан қазіргі кезде 60 млн-ға жетті. Интернет адамға шексіз көлемде әралуан тақырыпта ақпараттар бере алады. Интернет арқылы бейне, дыбыстық мәтінді ақпарлар алуға болады.

Студенттер өздеріне қажетті тақырыпта жазылған кітаптарды, ғылыми жұмыстарды, рефераттарды, т.б. кітапханаларға бармай-ақ еркін, тез тауып алады.

182-тапсырма. Мәтіндегі ойды түсініп оқып, адам өміріндегі тілдің орнын әңгімеленіңдер. Мәтін бойынша жалғауларды ажыратыңыздар.

Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы – ой. Ақылды ой, алғыр сөз – адамның ең жоғарғы қасиеті. Мұралардың ең қымбаты – сөз. Сөз күн шалмас қараңғы көңілді шалады, күн жылытпас суық көңілді жылытады. Асылы, адам да, нәрсе де тозады, жоғалады. Асыл сөз мәңгі жасайды.

(Ғ. Мұстафин)

183-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқып, жалғаулардың астын сызыңыздар. Өз ана тілің, оның сөз байлығы туралы ойланып, өз пікірлеріңді айтып беріңіздер.

Ана тілім

Сенің әрбір тынысыңмен күн кешем,
Сен арқылы тіршілікпен тілдесем.
Ел бетіне қалай түзу қараймын,
Ана тілім,
Егер сені білмесем.
Ана тілім –
Дана тілім, бақ тілім,
Сенсіз бақыт дүниеден тапты кім?
Сенсің менің қасіретім, шаттығым,
Сенсің менің тазалығым, пәктігім.
Ана тілім –
Алтын ұям, құндағым,
Ақ бесікте әлдиіңді тыңдадым.
Сенің жазың, сенің әнің айтарым,
Санам сөніп,
Байланғанша тіл-жағым!

(Н.Айтмов)

184-тапсырма. Мәтінді оқып, жалғаулардың астын сызыңыздар.

Жер серіктерінің қызметі

Ғаламшарымызды айнала ұшып жүрген Жер серіктерінің ел үшін пайдасы орасан зор. Оның түрлері де сан алуан. Мысалы, метеорологиялық Жер серігі ауа райын бақылап, өз байқауларын радио арқылы дәлме-дәл хабарлайды. Тәулігіне ғарышты бірнеше рет айналып үлгеретін ол дауыл, боран, нөсер туралы хабарды жерге жеткізіп отырады.

Ал байқау Жер серігінің міндеті – Жердегі «тәртіпті» бақылау. Мысалы, ол жай отыннан өртенген орманды байқасымен-ақ өрт сөндірушілерге хабарлайды.

Барлаушы жер серігі геологтерге пайдалы қазбаларды іздеп табуға көмектеседі. Әсіресе адам аяғы жетпейтін биік тауларды, тайганы, ну орманды, теңіз тереңін зерттеуге оның көп көмегі тиеді. Оның түсірген суреттері бойынша жер астының қай жерінде мұнай, қай жерінде темір я тұщы кеңтастар бар екені анықталады.

185-тапсырма. Мәтінді оқып және онда не туралы айтылғанын баяндаңыздар.

Күннің беті үнемі шуақты болып тұрмайды. Кейде бізге белгісіз себептермен оның беті күңгірт дақтарға толып кетеді, оның терең қойнауларынан от жалынды алып бұрқақтар атқылай бастайды. Ғалымдар мұны «протуберанцтер» деп атайды. Жерді қоршаған ауаның берік қорғанышы бар. Жерді қоршаған ауа қабаты – атмосфера кеселді сәулелерді өткізбейді, оны тіршілік шекарасы көктің ең жоғарғы қабаттарында тұтып қалады.

Күн бетіндегі шалқулар кезінде жердегі ауа райы өзгереді. Ондай кезде ғарышқа ұшу да, теңізде алыс сапарларға шығу да, әуе жолдарында самғау да қатерлі. Сондықтан Күннің бетінде не болып жатқанын білу – адамдар үшін өте маңызды іс.

186-тапсырма. Тіл өнері туралы берілген 10 мақалды табыңыздар, мазмұнын айқындап беріңіздер.

өнер	еді	қы	ді	қан	ле
ал	қан	тіл	меген	қа	ген
ды	бы	тап	Көзге	ман	үнде
зыл	ның	қол	ның	ғы	жең
сөз	қара	жа	жоқ	ті	айт
ға	қан	жан	сақа	сыз	айы
жоқ	қара	ген	ма,	ға	атаң
сөз	саң	орын	мақа	ды	лына
кір	айт	ор	әзіл	көңіл	айт
кен	сөз	ға	да	кіл	лына
сөз	зім	тіл	әділ	ті	айт
жы	жоқ	дің	дің	сөй	әділ

187-тапсырма. Мәтінді көшіріп жазып, жалғаулардың астын сызыңыздар.

Өзен жағасында жарқабақтан құм, саз, малта тастардың үйіліп жатқанын көруге болады. Олардан басқа жер бетінде және оның қойнауында гранит, әктас, тұз, тас, көмір, мұнай, газ, т.б. бар.

Жер қыртысын толтырып жатқан денелер тау жыныстары деп аталады. Жазықтар да тау жыныстарынан тұрады. Олар тек құрлықта ғана емес, өзен-көлдердің, теңіздер мен мұхиттардың түбіне де таралады.

188-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, көптік жалғауын ажыратыңыздар.

Майда тау жыныстары

Майда тау жыныстары құм мен саз суда ерімейтін берік түйіршіктерден тұрады. Түйіршіктердің құрамына қарай құмның түсі де түрліше ақ, қара, сұрғылт, сарғыш болып келеді.

Құрғақ құм түйіршіктері сусып, бір-бірімен байланыспай тұрады.

Құм елді мекендерді жабдықтайтын су қоймаларында ауыз суды сүзіп, тазартуға қолданылады. Таза құмнан әйнек дайындалады.

Саз – өте майда тау жынысы. Ол үгілген тау жыныстарының ең ұсақтарының суда тұтынуынан пайда болады.

189-тапсырма. Мәтінді оқи отырып, пайдалы қазбалардың түрлеріне мән беріңіздер. Мәтін бойынша жалғауларды ажыратыңыздар.

Пайдалы қазбалардың түрлері

Пайдалы қазбалардың түрлері өте көп. Олар қолданылуына қарай негізгі үш топқа бөлінеді:

- 1) Жанғыш пайдалы қазбалар;
- 2) Кен пайдалы қазбалары;
- 3) Кенге жатпайтын пайдалы қазбалар.

Жанғыш пайдалы қазбаларға тас көмір, мұнай және газ жатады. Біздің елімізде тас көмірдің қоры өте мол. Тас көмірдің аса ірі кен орны Қарағанды, Екібастұзда ашық әдіспен арзан көмір өндіріледі.

Мұнай – өте қызулы отын. Ол күл қалдырмай түгел жанып кетеді. Мұнайды айыру арқылы бензин, керосин, машина майы және басқа көптеген бағалы заттар бөліп алынады.

Кен пайдалы қазбаларына құрамында металл кездесетін тау жыныстары жатады. Оларды өңдеу арқылы темір, мыс, қорғасын, алюминий және басқа металдар алынады. Жезқазған және Қоңырат мыс кен орындары әлемге әйгілі.

Кенге жатпайтын пайдалы қазбалар қышқыл алуға, тыңайтқыштар өндіруге, құрылыс қажетіне пайдаланылады. Бұл топты тұз, фосфорит, әктас, мәрмәр, гранит, құм, саз т.б. құрайды. Олардың қайсысы болса да біздің жерімізде баршылық.

190-тапсырма. Төмендегі сөз тіркестерінен септік жалғауы бар сөздерді тауып, қай септікте тұрғанын атаңыздар.

Мұнайға серіктес газдар, кедергілі сумен тотығу, судың газбен қанығуы, газдан арылу, ұңғымаларды аяқтау, қатпардың тұйықталуы.

191-тапсырма. Мәтінді орыс тіліне аударыңыздар.

Қорғасын мен мырыш бірге кездесіп полиметалл рудалары деп аталады. Тотықтанудан сақтау үшін темірді мырышпен қаптайды. Мырышпен қапталған

темірден көптеген шаруашылық бұйымдары жасалады. Мырыш ақ бояу өндіру үшін және полиграфия өнеркәсібіне, басқа салаларға қолданылады.

Қорғасынды кабельдерді мойынтіректер, баспахана бояулары мен қоспаларын жасауға пайдаланады. Қорғасын электр аккумуляторларын жасау үшін негізгі материал болып табылады.

192-тапсырма. Сөз тіркестерін естеріңізге сақтаңыздар. Оларды пайдаланып, сөйлем құрастырыңыздар.

Пайдалы кен қазбаларын барлау – разведка полезных ископаемых

Барлаушы топ – разведывательная партия

Мұнай шығаратын жерді іздеп барлау – разведка на нефть

Таскөмірлі бассейн – угольный бассейн

Таскөмір өнеркәсібі – угольная промышленность

Кен шығаратын орын – жердің үстіңгі қабатындағы кендерді қазып алатын орын – карьер

Руданы құрғатушылар – сушители руды

Геолог-бұрғышылар – геологи – бурильщики

Көмір разрезі – угольный разрез

193-тапсырма. Мәтінді оқып жалғауларды ажыратыңыздар.

Сирек кездесетін металдар

Қазақстан сирек кездесетін металдарға да өте бай. Ал бұл металдар болмайынша машина жасау өнеркәсібін құру мүмкін емес. Сирек болғандықтан, олар осылай аталады. Сирек кездесетін металдар жөнінде Қазақстан маңызды орын алады.

Ол металдар: ванадий, вольфрам, молибден, селен, калий, германий, теллур, тантал, ниобий, скандий, титан.

194-тапсырма. Мәтіннен көптік жалғауларын табыңыздар.

Металды пайдалануына байланысты машина жасау салаларының бірінен айырмашылықтары бар. Машина жасау өнеркәсібінің әртүрлі салалары металды бірдей мөлшерде пайдаланбайды. Металдарды көп қажет ететін машиналарға кен қазатын комбайндар, экскаваторлар, қуатты автосамосвалдар, трансформаторлар жатады.

Алматы ауыр машина жасау зауыты түсті және қара металлургия, химия комбинаттары үшін күрделі құрал-жабдықтар шығарса, Қарағанды ауыр машина жасау зауыты шахталарға арналған құрал-жабдықтар, бұрғылау машиналарын, крандар мен кен қазатын комбайндар шығаруда.

Кентаудағы экскаватор зауыты, Өскеменде түсті металлургия үшін қажетті жабдықтар жасайды. Ал мұнай және газ өндіру өнеркәсіптерінің құрал-жабдықтары Атырау, Ақтөбе, Павлодар қалаларындағы зауыттарда жасалынады.

Зат есім

Зат есім – заттың, ұғымның, құбылыстың атын білдіретін сөз табы.
Сұрақтары: Кім? Не? Кімдер? Нелер?

Түрі	Ереже
<i>Тұлғасына қарай</i>	
Негізгі зат есім	Бөлшектеуге келмейтін түбір зат есім, У, ат, ант, бата, құдық
Туынды зат есім	Зат есімге және басқа сөз таптарынан <u>жұрнақ</u> арқылы жасалған зат есім: білі <u>м</u> , досты <u>қ</u> , бора <u>ң</u> , тар <u>сыл</u>

<i>Құрамына қарай</i>	
Дара зат есім	Бір ғана түбірден тұрады. От, ара, қант, оқушы, баспалдақ
Күрделі зат есім	Кемінде екі сөзден тұрады. Кемпірқосақ, ата-ана, ҚазМҰУ

<i>Жалпылай немесе жекелей атауына қарай</i>	
Жалпы есім	Біртекес заттардың жалпы атауы: кісі, өзен, тау
Жалқы есім	Біртекес заттардың өз ішіндегі жекелеген атауы: Асан, Ертіс, Алатау

<i>Мағынасына қарай</i>	
Деректі зат есім	Көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын зат пен құбылыстардың атауы. Ағаш, қалам, су, домбыра, есік, сия
Дерексіз зат есім	Оймен, ақылмен сезіп білетін ұғымдардың атауы. Қайғы, арман, сана, қуаныш, жақсылық

195-тапсырма. Мәтінді оқып, жалқы есімдердің астын сызыңыздар.

Ұлы Отан соғысы кезінде батыс аудандардан көшірілген зауыттар Қазақстанның қалаларына орналастырылып, машина жасау өнеркәсібі дами

бастады. Мысалы 1941 жылы Мәскеу, Воронеж, Харьков қалаларынан көшірілген зауыттар Шымкент қаласындағы пресс-автомат зауыты, Петропавл изоляциялық материалдар зауыты және Ақтөбе рентген аппараттары, Астана машина жасау зауыттары. Тың игеруге байланысты ауыл шаруашылық машиналарын жасайтын Павлодар трактор зауыты салынды. Ең алғашқы трактор 1968 жылы конвейерден шықты.

196-тапсырма. Мәтіннен жалпы, жалқы есімдерді тауып, жасалуына мән беріңіздер.

Қазақстандағы ірі республикалық деңгейдегі автомобиль жолдарының бірі – Алматы – Бішкек, Тараз – Шымкент жолы. Алматыдан Семей және Өскеменге бағытталған жол Жаркент, Талдықорған және Текеліге қарай тармақталады. Жалғызтөбе теміржол стансасы маңында бұл жол Шығыс шеңбері автомобиль жолымен жалғасады.

Сонымен бірге жергілікті деңгейдегі автомобиль жолдары Қарағанды – Теміртау – Астана, Семей – Павлодар – Омбы, Орал – Атырау, Қостанай – Арқалық, Қарағанды – Жезқазған, Алматы – Шелек – Нарынқол, Тараз – Ұланбел, т.б. ірілі-ұсақты жолдардың шаруашылық үшін маңызы зор.

Маңғыстау түбегіндегі мұнай-газ кен орындарын игеруге байланысты Ақтау қаласын онда жұмыс істеуші барлық мұнай кәсіпшіліктерімен байланыстыратын жолдар салынған. Солтүстік Қазақстанда Астана – Қостанай, Астана – Көкшетау, Петропавл – Қостанай автомобиль жолдары облыс орталықтарын өзара байланыстырады.

197-тапсырма. Мәтіннен зат есімдерді тауып, оларға жалғанған жалғаулардың түрлерін ажыратыңыздар.

Электр энергиясын өндіруге, таратуға және тұтынуға қажетті машиналар мен құрал-жабдықтарды электротехникалық машиналар дейміз. Оларға Алматы төменгі вольтті аппаратура мен электр жабдықтары зауыты, Шымкент жоғары вольтті аппаратура зауыты, Семей кабель зауыты, Өскемен электр стансыларына қажетті конденсатор зауыты, Талдықорған аккумулятор зауыты, Қарағанды электрлі моторлар, Ақтөбенің рентген аппаратуралары және Көкшетаудың оттектен тыныс алу аппаратурасы зауыттарын атауға болады.

Ауылшаруашылық машиналарына жер жыртатын, дән себетін, топырақ тегістейтін тракторлар, егіншілік пен мал шаруашылығына қажетті жай және күрделі машиналар жатады. Қазақстанда Павлодар трактор зауыты, Макин қосалқы бөлшектер зауыты, Петропавл шағын литражды қозғалтқыштар зауыты, сондай-ақ Астанада «Қазақ Ауылтехника» зауыты жұмыс істейді.

198-тапсырма. Төмендегі мәтіннен көптеліп тұрған және көптелмейтін зат есімдерді тауып, себебін түсіндіріңіздер.

Мұнай, көмір, алтын, мыс, уран, жүн, мақта, астық... Қазақ халқының жер қойнауы қазба байлықтарға өте бай, саяси ахуалы үнемі бір қалыпты. Ғарыш орталығы Байқоңыр аспан әлемін тереңірек зерттеуге даяр.

Қазақстанда тұратын халықтардың саны басқа тәуелсіз мемлекеттердің түпкілікті халықтарымен салыстырғанда аз. Қазақтар Кавказда, Ресейде, Украинада, Кореяда тұратын ұлттармен қоян-қолтық бірге өмір сүруде.

Қайта құру кезеңі әрбір халыққа, ұлт өкілдеріне өздерінің мәдениетін, өнерін, тілін, әдет-ғұрпын сақтауға мүмкіндік береді. Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде: «Бізде ұлтаралық араздық деген жоқ. Қазақстанның айрықша ерекшелігі – мұнда тұратын халықтар арасындағы туысқандық, достық қатынастардың тереңдігі», – деп атап көрсеткен.

199-тапсырма. Сөйлемдерді оқып, құрамындағы зат есімдердің қай септікте тұрғанын және сөйлемнің қай мүшесі екенін айтыңыздар.

Республикамыз темір кен орындарына өте бай. Оның ішінде, ірі темір кен орындарының қатарына Қостанай облысы Торғай иініндегі Соколов-Сарыбай, Лисаков, Қашар, Аят, Орталық Қазақстан аумағындағы Атасу, Қаражал кеніштері жатады. Соколов-Сарыбай кен орнын 1949 жылы ұшқыш М.Сургутанов ашқан болатын. Жылына 30–40 млн т темір кенін өндіретін Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты жер бетіне жақын орналасқан темір кенін өндіруге маманданған. Онда темір кені концентраттарын шығарады. Ал Лисаков, Аят, Қашар кен байыту комбинаттары шығаратын флюс қосылған жентектер шойын өндіру үшін сапалы шикізат болып табылады. Сонымен қатар бұл кен орындары Оралдың металлургия комбинаттарын шикізатпен қамтамасыз етуде.

200-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, ондағы зат есімдерді табыңыздар да, сұрақ қойып, мағынасын ажыратыңыздар.

Су – ғажайып зат. Олай деуіміздің бірнеше себебі бар. Су үш түрлі күйінде кездеседі: мұз, су және бу.

Су – тіршілік көзі. Сусыз тіршілік ететін ағза кездеспейді. Тіршілік құбылыстарының бәрі судың қатысуымен жүреді. Сондықтан ағзалар денесі 50-ден 90 пайызға дейін судан тұрады. Салмағы 70 кг адамның денесінде 50 кг су бар. Оның мөлшері 17 кг кемісе, адам өледі. Адам су ішпей бір апта ғана шыдай алады.

Су – табиғатта ең көп таралған зат. Жер бетінің үштен екі бөлігін су қабаты алып жатыр, қалған үштен бір бөлігі ғана құрлық.

Судың тағы бір кереметі ол жер бетінде үнемі тынымсыз айналыста жүретіндігі.

Күн сәулесі қызуынан мұхит, теңіз, көл, өзен суы буланып, ауа қабатына барады. Топырақтан, өсімдіктерден, жануарлардан да су бу күйінде бөлініп, ауа қабатына көтеріледі.

Көзге көрінбейтін су буы ауаның салқын қабатына көтерілгенде қоюланып, бұлт түзеді. Бұлт ауаның ағысымен, қозғалысқа түседі. Ол жауын-шашынға айналып, құрлыққа қайтып оралады. Бірақ ұзақ тұрақтамайды. Күн қыздырғанда қайтадан ауаға ұшып шығады.

Зат есім жасайтын жұрнақтар

Зат есімнің рең мәнін тудыратын жұрнақтары

№	Жұрнақ	Мысал
1	-еке, -ке, -қа, -а, -е	Атеке (атке) Исеке (Иса) Ағеке (ағке) Жәке (Жамбыл) Әпеке (әпке) Нүке (Нүрпейіс) Мұқа (Мұхтар)
2	-й	Атай, әкей, шешей, жездей
3	-тай	Ағатай, апатай, әкетай, шешетай
4	-жан	Ағажан, атажан, апажан, Абайжан
5	-қан,-кен, -қай,-кей -ан, -ң	Балақан, бұзауқан, шеше-кей, Дәкен (Дәрікүл)
6	-шақ,-шек	Құлыншақ, інішек
7	-шық,-шік	Қапшық, төбешік
8	-ша,-ше	Сандықша, күрекше
9	-ш,-ыш,-іш	Қалқаш, Нұрыш (Нұртай)
10	-сымақ	Қорасымақ, таусымақ

Есімдерден зат есім жасайтын жұрнақтар

№	Жұрнақ	Мысал
1	-шы,-ші	Қойшы, күйші
2	-шылық, -шілік	Шаруашылық, кеңшілік
3	-лық,-лік, -дық,-дік, -тық,-тік	Балалық, адалдық, жол-дастық
4	-кер,-гер	Айлакер, саудагер
5	-кеш,-стан -паз,-қой, -қор,-хана	Шайхана, кітапхана, арбакеш, жемқор

Етістіктен зат есім жасайтын жұрнақтар

№	Жұрнақ	Мысал
1	-м,-ым,-ім	Байлам, күзем, қысым
2	-ма,-ме,-ба,-бе-па,- пе	Ұрма, көрме, сүзбе, кеспе
3	-қы,-кі,-ғы,-гі	Шалғы, тепкі, бұрғы
4	-с,-ыс,-іс	Талас, айтыс жүріс
5	-қ,-к,-ық,-ік,-ақ,-ек	Тарақ, күрек, қызық
6	-ыш, іш	Қуаныш, таяныш, өкініш
7	-н,-ын,-ін	Боран, жуын, түйін
8	-у	Сабау, жамау, көсеу
9	-ынды,-інді	Шайынды, үйінді, үгінді
10	-ғыш,-гіш, -қыш,-кіш	Сүзгіш, сыпырғыш
11	-уыш, -уіш	Өлшеуіш, бастауыш
12	-ыр,-ір,-р -ар,-ер	Үңгір, шұқыр


Зат есімнің сөйлемдегі қызметі

Ереже	
Бастауыш	Зат есім сөйлемде атау септігінде тұрып бастауыш болады. Кейде кім? Не? Сұрақтары тәуелденіп қойыла береді (кімім?, неңіз?). Мысалы, <u>Жел</u> күшейе түсті. <u>Әкем</u> үйге келді.
Анықтауыш	Зат есім ілік септігінде тұрып және өзінен кейінгі сөзді айқындап, анықтауыш болады. Мысалы: Алтын сағат сыйлаған екен. Қырда ауылдың малдары жайылып жүр.
Толықтауыш	Зат есім атау мен ілік септіктерінен басқа септіктер тұлғасында тұрып, толықтауыш болады. Мысалы: Ертегімен ұрпағыңды естелікке үйрет.
Пысықтауыш	Зат есім барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде келіп немесе көмекші есіммен, септеулік шылаумен тіркесіп пысықтауыш болады. Мысалы: Көлеңкеде атам отыр.
Баяндауыш	Зат есімдер жіктеліп келіп немесе атау септігінде тұрып сөйлемде баяндауыш болады. Мысалы: Бала – артта қалған із, байлық – еритін мұз.


201-тапсырма. Мәтінді көшіріп жазып, заттың атын, сынын білдіретін сөздерді құрамына қарай талдаңыздар.

Жер қойнауындағы химиялық элементтердің сан алуан қосындыларынан пайда болған сұйық каустобиолиттер. Негізінен алғанда көмірсутектерінен тұратын бұл заттар дербес үйірімдер шоғыры түрінде жекеленеді: метанды, нафтенді және ароматты (хош иісті) тізбектер. Оның құрамында оттегі, азот, күкірт, асфальтты шайыр қосындылары да кездеседі. Мұнайдың түсі қызғылт, қоңыр, қошқыл, кейде ол ашық сарғыш түсті, ақшыл болып келеді. Мысалы, Әзірбайжанның Сурахана алаңында ақшыл түсті мұнай өндіріледі. Мұнай судан жеңіл, оның меншікті салмағы $0,65-0,95 \text{ г/см}^3$. Мұнай өз бойынан электр тогын өткізбейді. Сондықтан ол электроникада изолятор (айырушы) ретінде қолданылады. Осы кезеңде мұнай құрамынан екі мыңнан астам халық шаруашылығына керекті заттар алынып отыр: бензин, керосин, лигроин, парафин, көптеген иіс-су түрлері, кремдер, парфюмериялық жұмсақ майлар, дәрі-дәрмектер, пластмасса, машина дөңгелектері, т.б.

202-тапсырма. Әріптердің орнын ауыстыра отырып, жаңа сөз жасаңыздар.



203-тапсырма. «Зат есім» сөзжұмбағын шешіңіздер.



1. Ұлттың аты.
2. Балалар журналы.
3. Қазақстандағы қаланың аты.
4. Адамның аты.
5. Педагог-жазушы.
6. Киім ілетін орын.
7. Үй хайуаны.

Көмекші есім

Көмекші есім – лексикалық мағынасынан айырылып, сөйлемде екінші бір сөздің шылауында қолданылатын зат есім. Мысалы, *сырт, іш, маң, алд(ы), үст(і), қас, жан т.б. (Ауылдың жаны терең сай)*

Әдетте көмекші есім тәуелдік жалғауында тұрып, негізгі зат есіммен тіркесіп сөйлемнің бір ғана мүшесі болады.

204-тапсырма. Көп нүктенің орнына жақша ішіндегі көмекші сөздердің тиістісін қойып, олардың мағынасын, тұлғасын, қандай сөзбен байланысып тұрғанын анықтаңыздар.

(ұшында, ортасы, алды-артын, шеті, аяғы, айналасы, ішінде, арасы)

Оның кішкене қара төбел құлыны енесінің ... орап шапқылап жүр. Көз ... Мойынқұмның Көкшеқұм аталатын бергі бөлігі мұнартып тұр. Сол құм мен өзіміз келе жатқан осы жиектің ... жиырма-жиырма бес шақырымдай. Үй ... көк шарбақ. Шарбақ ... отырғызған ағаш. Түн ... болып қалды, бірақ Әлияда ұйқы жоқ. Істің немен тынары әлі белгісіз. Әскер тұтқындар лагері Днепр маңындағы Хоцко селосы ... болатын.

205-тапсырма. Берілген көмекші сөздерді негізгі сөздермен тіркестіріп, сол тіркесті қатыстырып, сөйлем құрастырыңыздар.

Маң, қас, орта, үст, аст, іш, шет, қыр.

Ауылдың маңы көкорай шалғын. (Маңы – көмекші есім, ол ауылдың деген сөзбен байланысып тұр.

206-тапсырма. Сөйлемдерді оқып, негізгі сөздер мен көмекші есімдерді анықтаңыздар. Негізгі сөздер қай сөз табы екенін талдаңыздар.

Ауылдың шеткері жағында шағын өзен ағып жатыр. Өзеннің үстіне көпір орналасқан. Көпірдің жиегі цементпен бекітілген. Көпір үстінде ағылып жатқан машиналар. Жамал дөңестің төбесінде тұр. Кешкі ауада есік алдында еркін сөйлескен үй ішінің әңгімесі Жамалдың құлағына анық естіледі. Ауылдың сыртындағы жолмен жолаушылар кетіп барады. Университеттің алдында демалатын саябақ бар. Ауылдың жаны терең сай. Сәтбаев көшесінің маңы студенттерге толы. Қарағайдың түбіне күн сәулесі түспейді. Отан алдында борыштымыз. Тау басына шықтық. Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты.

Сын есім

Сын есім – заттың түрін, түсін, сапасын, салмағын, көлемін білдіретін сөз табы. Сұрақтары: қандай? қай?

Түрі	Ереже
<i>Тұлғасына қарай</i>	
Негізгі сын есім	Түбір сын есім (сары, таза, тәтті, терең)
Туынды сын есім	<u>Жұрнақ</u> арқылы жасалған сын есім (көшпелі, сөзшең, оқымысты, әлсіз)

<i>Құрамына қарай</i>	
Дара сын есім	Бір ғана сын есімнің сындық белгіні білдіруі (ақ, бойшаң, жасыл, баласыз)
Күрделі сын есім	Тіркескен және қосарланған сын есімнің сындық белгіні білдіруі (ақ киімді, қара торы, көп балалы, тап-таза)
<i>Мағынасына қарай</i>	
Сапалық сын есім	Сындық белгіні анықтайтын төл сын есім (сұр, қызылдау, биік, үлкен, көкпеңбек)
Қатыстық сын есім	<u>Басқа сөз таптарынан</u> жасалған туынды сын есім (<u>бойшаң</u> адам, <u>өнерлі</u> бала)

Туынды сын есім жасайтын жұрнақтар

Жұрнақ		Мысал
Есім сөздерден сын есім жасайтын	-лы,-лі, -ды,-ді,-ты, -ті -сыз,-сіз -ғы,-гі,-қы,-гі -лық,-лік,-дық,-дік,-тық,-тік -шыл,-шіл -шаң,-шең -дай,-дей,-тай-тей -қой,-қор, -паз,-кер,-гер -и,-ы,-і	Далалы, орманды; Баласыз; Жазғы, ішкі; Балалық; Кекшіл; Бойшаң; Тастай, судай; Сәнқой, әуесқой; Тарихи, қазақы;
Етістіктен сын есім жасайтын жұрнақ	-ғақ,-гек,-қақ,-кек,-ақ,-ек -ық,-ік,-қ,-к -ғыш,-гіш,-қыш,-кіш -ғыр,-гір,-қыр,-кір -шақ,-шек -ыңды,-інді,-нды,-нді -малы,-мелі, -палы,-пелі,-балы,-белі -ымды,-імді,-мды,-мді -аған,-еген -улы,-улі -ма,-ме,-па,-пе,-ба,-бе -ыңқы, -іңкі,-ңқы,-ңкі	Жабысқақ, үркек; Ашық, ақсақ; Білгіш, айтқыш; Тапқыр, алғыр; Ұялшақ; Асыранды, үйінді; Созбалы, аспалы; Шыдамды; Қабаған; Ілулі, асулы; Қызба, бөспе; Басыңқы, көтеріңкі;

Сын есімнің шырайлары

Екі заттың сын-сипатының бір-бірінен артық немесе кем екенін көрсету үшін шырай қолданылады. Шырайдың екі түрі бар: *салыстырмалы шырай және күшейтпелі шырай*.

Ереже		Жасалу жолдары
Салыстырмалы шырай	Бір заттың сындық белгісін екінші затпен салыстырғанда кем не артық екенін білдіретін шырайдың түрі	-ырақ,-ірек,-рақ,-рек (кішірек) -лау,-леу,-дау,-деу,-тау,-теу (ақтау) -қыл,-ғыл,-қылт,-ғылт,-ғылтым,-аң-шыл,-шіл,-қай,-ғыш,-қай,-шілтім,-ілдір,-ша,-ше, (ақшыл, бозаң).
Күшейтпелі (асырмалы) шырай	Білгілі бір сындық белгінің бір нәрседен өте артық не өте кем екенін білдіретін шырайдың түрі	Сын есімнің алдынан күшейткіш буынның қо-сарлануы арқылы жасала-ды (сап-сары). Сын есімнің күшейткіш үстеумен (тыс, аса, өте, ең нақ т.б.) тіркесуі арқылы жасалады (тым ауыр, ең әдемі).

Сын есімнің сөйлемдегі қызметі

Ереже	
Анықтауыш	Сын есім сөйлемде негізінен анықтауыш болады (Қырдағы қызыл-сары гүлдер көздің жауын алады).
Бастауыш	Заттанған сын есім атау септігінде тұрып бастауыш болады (Сыпайы сырын сақтар, әдепті арын сақтар).
Толықтауыш	Сын есім заттанып келіп, толықтауыш болады (Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен).
Пысықтауыш	Сын есім етістіктің алдынан келіп, іс-әрекеттің сынын білдіріп, пысықтауыш болады. (Ол әнді жақсы айтады Ол бүгін көңілді жүр).
Баяндауыш	Сын есім сөйлем соңында жіктеліп немесе заттанып келіп, баяндауыш болады Сен үйдің үлкенісің.

207-тапсырма. Мына жұрнақтарды жалғап, зат есім және сын есім жасаңыздар, жұрнақтарды сипаттаңыздар.

- лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік, -кер, -гер
- ық, -ік, -к, -қ, -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе
- ыш, -іш

-ыр, -ір, -р, -қы, -кі-ғы, -гі, -қыр, -кір, -ғыр, -гір

208-тапсырма. Сын есімдерді тауып, олардың байланысып тұрған сөздерімен бірге теріп жазыңыздар. Сапалық, қатыстық, сын есімдерді ажыратыңыздар.

Қорғасын – сұрғылт түсті, өте ауыр және тапталғыш металл. Адамдар қорғасынды өте ертеден пайдаланып келеді. Ежелгі шығыс елдерінде одан түрлі мүсіндер, үй жиһаздары, бергін келе бытыра, оқ жасаған. Қазіргі кезде ол көбінесе аккумулятор өндіруге, электр кабельдерінің сыртын қаптауға жұмсалады. Қорғасынның ерекше қасиеті – ол адамға өте зиянды радиация және рентген сәулелерін өткізбейді. Сондықтан одан радиоактивті заттарды сақтайтын қораптар, рентген кабинетінің құрал-жабдықтары дайындалады.

Мырыш – көкшіл сұр түсті металл. Ауаның, ылғалдың әсеріне төзімді. Мырыш жалатылған темірді тот баспайды. Ондай қаңылтырдан жасалған шелек, леген, астаулар күнделікті тұрмыста жиі қолданылады.

209-тапсырма. Берілген сын есімдердің бір тектес сапалық белгілерін көрсететін жұрнақтарды жалғап жазыңыздар.

Қызыл. Көк. Қымбат. Ақ. Ұзын. Кіші. Ащы. Биік. Жуас.

Қызыл-қызғылт, қызғылтым, қызылдау, қызылырақ, тым қызыл, өте қызыл.

210-тапсырма. Берілген сын есімдерден салыстырмалы шырай жасаңыздар. Салыстырмалы шырай тұлғасындағы сын есімдерді қатыстырып сөйлем құрастырыңыздар.

Толық. Биік. Көк. Сұр. Жаман. Жеңіл. Тар. Мықты. Кіші. Қатты. Жақсы.

Үлгі: толық, толықтау, толығырақ, толықша.

211-тапсырма. Мәтінді оқып, сын есімдерді тауып, ерекшелігін еске түсіріңіздер.

Тас көмір – қатты, көбінесе қара түсті зат. Жер қойнауында тас көмірдің үш түрі кездеседі. Тас көмірдің ең сапалы түрі антрацит. Ол шымқай қара түсті, ұстағанда басқалардай қолға жұқпайды, әрі металл сияқты жалтырап тұрады. Ол жылуды өте көп береді. Қызуы күшті болғандықтан негізінен металл қорытуға жұмсалады.

Кәдімгі тас көмір де қара түсті, бірақ ол антрациттей жалт-жұлт етіп тұрмайды, қызуы да одан кемірек.

Қоңыр көмір мүлде жалтырамайды, солғын қоңыр түсті, жылуды аз береді. Оңай үгіледі. Бықсып жанады, жаққанда күл көп қалады. Сондықтан жергілікті отын ретінде пайдаланылады.

212-тапсырма. Төмендегі сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыздар.

Түп-түзу қайындар. Кеп-кең көшелер. Біп-биік үйлер. Өте ұзын көше. Тым ыстық күн. Түп-тұщы су. Мөп-мөлдір бұлақ. Өте таза жер.

Үлгі: Түп-түзу қайындар мен кеп-кең көшелер Алматының көркін аша түскендей.

213-тапсырма. Сөйлемдерді оқып, құрамындағы сын есімдер сөйлемнің қай мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын сұрақ қою арқылы ажыратыңыздар.

Судағы еріген заттарының мөлшері оның кездесетін жеріне байланысты. Соған орай минералды судың ішуге жарайтыны да, жарамайтыны да бар. Ішуге жарамды судың бір литрінде 2–20 грамм еріген тұздары болады. Ол адам ағзасына пайдалы, әр түрлі сырқаттардан айығуға жәрдемдеседі. Сондықтан ондай сулар шипалы сулар деп те аталады. Олар ел арасында «Арасан» деп аталады. Алмаарасан, Қапаларасан, Барлықарасан, Арасанталды, Жаркентарасан атаулары осыдан шыққан.

214-тапсырма. Әріптерді жүйелі қолдансаңыздар, бір мақал шығады.

Ұ	Н	Ы	Д	А
Й	А	Ұ	Т	Қ
Д	С	А	Ы	М

215-тапсырма. Сын есімдерді тауып мағыналық түрлеріне қарай ажыратыңыздар.

Гранит – қатты, тығыз тау жынысы. Ол көбіне жер қыртысының терең қойнауында орналасады. Таулы аймақтарда жер бетіне шығып, кең көлемде таралады. Орталық Қазақстандағы Сарыарқаның көптеген таулары түгелдей граниттен тұрады. Гранит өте мықты судың, желдің, күннің әсеріне өте төзімді. Сондықтан оны үйлердің іргетасын қалауға, көпірлер, ескерткіштер тұрғызуға пайдаланады.

Гранит қазақша «түйіршікті» деген ұғымды білдіреді. Ол көптеген түйіршіктерден тұрады. Әшекейлік мақсатқа пайдаланғанда оның бетін тегістеп, жылтыратады. Құмтас құм түйіршіктерінің бірігіп, қатуынан пайда болған.

216-тапсырма. Мәтінді оқып, қатыстық сын есімдерді табыңыздар.

Мұнай – сұйық каустоболиттерге жататын табиғи шикізат. Ашық сары, жасыл және қышқыл қоңыр реңді, кейде қара түсті болып келетін, ультракүлгін сәулелерден жарық шығаратын сұйықтық. Генетикалық тұрғыдан алғанда мұнай шөгінді жыныстар қабатымен бірге көмілген. Көбіне көмірсутектің түрленіп терең өзгерістерге ұшырауынан жаралған органикалық заттың өз алдына оқшауланып шоғырлануынан жиылған табиғи концентрат болып саналады.

Мұнай – ең маңызды энергетикалық, химиялық, минералдық шикізат. Қазіргі заманғы іштен жанатын және реактивтік двигательдердің отындары

түрлі жағар майлар мұнайдан алынады. Химия өндірісінің көптеген салалары мұнай өнімдері мен мұнай газдарын өңдеуге негізделген.

Сан есім

Түрлері		Мысалдар
Тұлғасына қарай	Негізгі	Екі, төрт, елу, қырық
	Туынды	Бірінші, екеу, бірер, елудей
Құрамына қарай	Дара	Бір, екі, бес, жүз, мың
	Күрделі	Он бес, бес жүз, бір мың елу
Мағынасына қарай	Есептік	Бір, екі, жүз, мың
	Реттік	Бірінші, жүзінші, мыңыншы
	Жинақтық	Біреу, екеу, үшеу, бесеу
	Топтау	Оннан, мыңнан, екі-екіден
	Болжалдық	Елудей, бірер, мыңдап, жүздеген
	Бөлшектік	Үштен бір, екі бүтін оннан екі

Сан есімнің мағыналық түрлері

Түрлері	Сұрақтары	Жасалу жолдары	Мысалдар
Есептік сан есімдер	Қанша? Неше?		бір, екі, үш, төрт, бес, тоғыз, он, жиырма, отыз, елу, сексен тоқсан, жүз, алты жүз, бес мың
Реттік сан есімдер	Нешінші? Қаншасыншы?	-ыншы, -інші, -ншы, -нші	бірінші, оныншы, екінші алтыншы, жүзінші
Жинақтық сан есімдер	Нешеу?	-ау, -еу	біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу
Болжалдық сан есімдер	Қанша? Неше? Қаншадай? Нешеге жуық?	-дай, -дей, -тай, -тей -даған, -деген, -таған, -теген, -ер, -лап, -леп, -дап, -деп, -тап, -теп	елудей, отыздай ондаған, жүздеген, бірер, жүздеп, ондап, елулеп, мыңдап
Топтау сан есім	Нешеден? Қаншадан?	-дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен	бестен, оннан, жүзден, он алтыдан, екі-екіден, жүз-жүзден, бір литрден
Бөлшектік сан есім	Қанша? Неше?	Есептік+шығыс септігі Жарты, жарым, ширек	оннан бір бір бүтін бестен үш мың жарым жүздің жартысы

Сан есімнің сөйлемдегі қызметі

	Ереже
Анықтауыш	Сан есім сөйлемде негізінен анықтауыш болады. (Үйдегі бес-алты малымыз жоғалып кетті.)
Бастауыш	Заттанған сын есім атау септігінде тұрып, бастауыш болады. (Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі түседі.)
Толықтауыш	Сын есім заттанып келіп, толықтауыш болады. (Екеуінен үйренгенің саған жетеді.)
Пысықтауыш	Сын есім етістікпен тіркесіп, іс-әрекеттің мөлшерін білдіріп, пысықтауыш болады. (Ат баспаймын деген жерін үш рет басады.)
Баяндауыш	Сын есім сөйлем соңында жіктеліп немесе заттанып келіп, баяндауыш болады. Сен үйдің бесіншісің.

217-тапсырма. Мәтінді оқып, сан есімнің түрлерін ажыратыңыздар.

Кенді Алтайдағы полиметалл кенін пайдаланып, Өскеменде қорғасын-мырыш, титан-магний комбинаты жұмыс істейді. Комбинат – шығаратын өнімі мен технологиялық деңгейі жөнінен түсті металлургия саласындағы ең жақсы дамыған кәсіпорындардың бірі.

Республикамыздың оңтүстік бөлігіндегі Қаратау тауларындағы Мырғалымсай, Ащысай, Байжансай қорғасын-мырыш кеніне негізделіп Шымкент қорғасын зауыты салынған. Шымкент қорғасын зауытында 1991 жылға дейін өнімнің 25 түрі өндіріліп, шикізаттан 14 элемент алынса, қазіргі кезде өнімнің 15 түрі өндіріліп, шикізаттан 9 элемент алынады. Жоңғар Алатауында Текелі, Орталық Қазақстанда Жәйрәм, полиметалл кен байыту комбинаттары жұмыс істейді.

218-тапсырма. Төмендегі мәтіннен сан есімдерді тіркескен сөздерімен теріп жазыңыздар.

Қазақстанға әлемдік 4 млн т уран қорының 26%-ы тура келіп, Аустралиядан кейін екінші орынды иеленеді. Елімізге ТМД елдері уран қорының 56%-ы тиесілі. Уран Оңтүстік Қазақстан облысының Інкәр , т.б кен орындарында өндіріледі, Ақмола, Маңғыстау облыстары және Алматы облысының төменгі Іле маңында да кездеседі. Қазақстанда қазір жылына 9 мың т уран өндіріліп, «Қазатомпром» Ұлттық атом компаниясы әлемдегі үш уран өндіруші ірі компанияның біріне айналды. Бұл компания тек уранды және оның қосылыстарын ғана емес, сонымен бірге бериллий және тантал өнімдерін

өндіреді. Сондай-ақ атом электр стансылары үшін отынды экспорттауда жетекші орын алады.

219-тапсырма. Төменде берілген қазақтың байырғы өлшем бірліктері туралы мәліметтерді оқып, олардың қолданылу аясына түсінік беріңіздер.

Байырғы өлшем бірліктері	Қазіргі мазмұны	Қолданылу аясы
Адым, қадым	Екі аяқ арасының жай жүргендегі алшақтығы	Қарға адым жер мұң болды (сөйлемде)
Тулақтай		Мал терісінің көлемі
Бір танап жер	Гектардың 6-дан 1 бөлігі	
Бір жұтым	Ауыз толтырып бірішерлік (су, сүт, т.б.)	
Бір шелек (су, сүт, т.б.)	10 литр (көлеміне қарай)	
Бір торсық (айран)	6-7 литр	
Бір саба (қымыз)	40-45 литр	
Бір қап (ұн, қант)	50-60 кг	
Бір арқа (жүк)	45-50 кг	
Найза қап, қанар	70-80 кг	
Бір құлақ су	3-4 текше метр	
Қадақ	200 грамм	
Шақырым	1000 метр	
Дауыс жетер жер	2-3 шақырым	
Ат шаптырым жер	20-35 шақырым	

220-тапсырма. Қазақ халқының киелі 7, 9, 12, 40 сандарына байланысты ұлттық салт-дәстүрлерді еске түсіріп, сан, зат, қимыл ұғымдарының мәнін ашыңыздар.

Үлгі: Киелі 7:

I. Жеті ата:

Әке
Бала
Немере
Шөбере
Шөпшек
Немене
Туажат

II. Жеті күн:

Бүгін
Ертең
Бүрсігүні
Арғы күн
Ауыр күн
Соңғы күн
Азына

III. Жеті жұт:

Құрғақшылық
Өрт
Оба (ауру)
Соғыс
Топан су
Зілзала (жер сілкіну)
Жұт (мал қырылу)

IV. жеті ғалам:

Күншығыс
Күнбатыс
Түстік
Терістік
Аспан (жоғарғы ғалам)
Жер (орта ғалам)
Жер асты (төменгі ғалам)

V. Жеті жоқ:

Аспанда тіреуіш
Жерде өлшеуіш
Таста тамыр
Аққуда сүт
Жылқыда өт
Аллада бауыр
Тасбақада талақ.


VI. Жеті қат көк:

Ай
Меркурий
Шолпан
Күн
Марс
Юпитер
Сатурн.

VII. Жеті қазына:

Ер жігіт
Сұлу әйел
Ақыл, білім
Жүйрік ат
Қыран бүркіт
Берен мылтық
Жүйрік тазы (ит).

221-тапсырма. Әріптік сөзжұмбақтарда қазақтың байырғы өлшем бірліктері берілген. Бірнеше өлшем атауларын тауып, мәндерін түсіндіріңіздер.



222-тапсырма. Сөйлемдерді көшіріп жазып, сан есімдердің қай сөйлем мүшесінің қызметін атқарып тұрғанының астын сызып көрсетіңіздер.

Телекоммуникацияның техникалық базасы – 637 қалалық және 2,8 мың ауылдық, 19 автоматтандырылған халықаралық стансылардан тұрады. Ғылыми-техникалық прогрестің өркендеуіне байланысты ұялы байланыс және Интернет арқылы байланысу жүйесі қалыптасқан.

Республика көлігі құрылымындағы өзгерістер негізінде меншіктің түрлі формаларын жасау және кеңейту, (теңіз, теміржол, ауданаралық автомобиль, халықаралық әуе және құбыр жолдарын), сондай-ақ халықаралық технологиямен байланысты дамыту – бірінші кезектегі мәселе. Қазіргі кезде республика алдында тұрған міндет – барлық мүмкіндікті пайдаланып алыс шетелдерге шығатын құбыр жолдарын жасау.

Есімдік

Есімдік – зат есім, сын есім және сан есімнің орнына қолданылатын сөз табы.

Есімдіктің мағынасына қарай төмендегідей 7 түрі бар:

	Ереже	мысал
Жіктеу	Белгілі бір жақ түрінде қолданылатын есімдіктің түрі	Мен, сен, сіз, ол, біз, сендер, сіздер, олар.
Сілтеу	Нұсқау және көрсету мағыналарын білдіреді	Сол, мынау, аналар, міне т.б.
Сұрау	Жауап алу мақсатында қойылған сұрақтар. (Қазақ тіліндегі барлық сұраулы сөздер жатады.)	Кім? не? неше? қайда? неге? т.б.
Өздік	Өздік есімдігіне әр түрлі тұлғадағы өз деген бір ғана сөз жатады.	Өз, өзім, өзіміздің, өз-өзіне
Жалпылау	Жалпылау, жинақтау мағыналарын білдіретін есімдіктің түрі	Барлық, бәрі, күллі, барша, тегіс, т.б.
Белгісіздік	Затты, сындық белгіні, сан мөлшерді жора-малдап көрсететін есімдік түрі.	Кейбіреу, қайсыбір, әлдеқайда, әлдеқандай т.б.
Болымсыздық	Болымсыздық мағына-ны білдіретін есімдіктің түрі	Еш+(кім, қайда, қашан т.б.), ештеңе, дәнеме.

Есімдік құрамына қарай дара және күрделі болып бөлінеді:

Дара есімдік бір сөзден тұрады. Мысалы: мен, олар, біреу, барлық, қайда, мынау, т.б.

Күрделі есімдік екі түбірден жасалады.

Мысалы: кімді-кім, әлдеқашан, әркім, ешбір, т.б.

Есімдіктің септелуі

Атау	Мен	ол
Ілік	Менің	оның
Барыс	Маған	оған
Табыс	Мені	оны
Жатыс	Менде	онда
Шығыс	Менен	одан
Көмектес	Менімен	онымен

Есімдіктің тәуелденуі

		Ол	өз
Жекеше	Менің	Оным	өзім
	Сенің	Оның	өзің
	Сіздің	оныңыз	өзіңіз
	Оның	онысы	өзі
Көпше	Біздің	онымыз	өзіміз
	Сендердің	олардың	өздерің
	Сіздердің	оларыңыз	өздеріңіз
	Олардың	олары	өздері

223-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, есімдіктердің түрлерін ажыратыңыздар.

Елімізде өндірілетін электр энергиясының 8%-ы су электр стансыларына тиесілі. Мұндай стансылар, әсіресе республиканың таулы аудандарындағы өзендердің құлау күшін пайдалануға негізделген. Қазақстанның су энергетикалық ресурстары жылына 160млрд кВт * сағ электр энергиясын алуға мүмкіндік береді.

Қазақстан су электр энергиясын өндіруде Ресейден, Тәжікстаннан кейінгі үшінші орында. Су ресурстары әркелкі таралған, оның басымы Қазақстанның шығысы мен оңтүстік-шығысында. Су электр энергиясын өндіру отын ресурсына жақын орналасқан жағдайда тиімді болады. Бірақ су электр стансыларының құрылысы ұзақ мерзімді алады және технологиялық жабдықтарды көп қажет етеді. Мұндай стансалар дер кезінде тез іске қосылады, әрі сенімді. Негізгі жұмысын жаз мезгілінде істейтін су электр стансаларының өндірген энергиясының өзіндік құны төмен болады.

Су электр стансалары Ертіс өзені мен оның салаларында салынған. Мұнда Ертіс, Бұқтырма, Өскемен және ең қуатты 1,3 млн кВт Шұлбі су электр стансасы жұмыс істеуде. Кенді Алтайдың таулы өзендерінде Үлбі, Хайрюзовск, Тургусунск, Тишинск шағын су электр стансалары бар.

224-тапсырма. Берілген сөйлемдерді оқып, есімдіктердің қай түрі екенін анықтаңыздар.

Менің мамандығым – машина жасау технологиясы. Мен бұл мамандық бойынша өндірісте машина жасау зауытында инженер-технолог болып жұмыс істеймін. Сонымен бірге ғылыми-зерттеу институтында инженер-жобалаушы /конструктор/ болып жұмыс істеуге болады. Автопаркте инженер-механик болуға мүмкіндік бар. Бұл мамандық кең салада қолданылады. Зауыттың барлық цехтарына орналасуға болады. Біздің мамандық бойынша міндетіміз – бөлшектердің сызбасын даярлау, қажетті материалдарды іріктеу, таңдап алу, оның жасалу дәлдігін есептеу, сызбаларды есептеу, қабылдап алу, автопаркте машиналарды бөлшектермен қамтамасыз ету, техникалық байқаудан өткізу. Мамандығым өзіме ұнайды.

225-тапсырма. Мәтінді оқып, жалпылау есімдіктерін табыңыздар.

Машина жасау кешені дегеніміз – шаруашылықтың барлық салалары үшін құрал-жабдық, сондай-ақ халық тұтынатын бұйымдар өндіретін өнеркәсіп салаларының жиынтығы.

Барлық өнеркәсіп салаларының ішінде ғылыми-техникалық прогресті ілгерілетуде және еліміздің экономикалық дамуын арттыруда машина жасау кәсіпорындарының маңызы зор. Машина жасау кәсіпорындары аса маңызды еңбек құралдарын – білдектерді, көлік аппараттары мен аспаптарды, ауылшаруашылық машиналарын жасап шығарады. Машина жасау – өнеркәсіптің өзекті саласы. Машина жасау кәсіпорындары бүкіл шаруашылықтың техникалық қайта құрылуын, өндірісті кешенді механикаландыруды және автоматтандыруды қамтамасыз етеді. Машина жасау кешені республикамыздың материалдық-техникалық базасын құруда жетекші рөл атқарады.

226-тапсырма. Мәтінді оқып, аударыңыздар. Мәтін бойынша есімдіктердің астын сызыңыздар.

Мұхаммед пайғамбардың хадистерінен

Өмірде қателеспейтін адам болмайды. Ол үшін адамдарға шамаң жеткенше жақсылық істе. Жамандық жасау әркімнің қолынан келеді. Жақсылық жасау ілуде біреудің ғана қолынан келетінін ұмытпа. Қолыңнан келсе адамдарға жақсылық етіп іштей қуаныш ет. Жаман ісіңе қайғырып, Алладан қайырымдылық сұра. Бұл – имандылықтың белгісі.

227-тапсырма. Мәтінді оқып, есімдіктерге талдау жасаңыздар.

Итбалықтың ойығы

Қалыңдығы 3 метр мұздың астынан итбалық сыртқа қарай ойып шығады екен деген мәселе әркімді ойландырады. Бір топ зерттеушілер итбалықтың осы сырын іздестіріп тапты. Күзден, су ката бастаған кезден бастап, итбалық ойық жасайтын жерді таңдап алады екен де, оны өзінің тұмсығымен бұрғылай береді екен. Оның үстіне демімен және денесінің қызуымен ойықты қатырмайды екен. Ойық әбден дайын болған соң оған итбалық әлсін-әлсін келіп жөндеп тұрады екен. Әр итбалықтың осындай бірнеше ойығы болатын көрінеді.

228-тапсырма. Сөз тіркестерін қазақ тіліне аударыңыздар.

Свой народ, свой человек, свой дом, свой сад, свои силы, своя экономика, своя машина, свои деньги, свои вещи, своя семья, свой сын, как свои пять пальцев, мы вспоминаем о своих хороших обрядах и обычаях.

229-тапсырма. Сөйлемдерді толықтырыңыздар.

1. Мен онымен ешқашан.....
2. Өз мініңді ешқашан да.....
3. Сөзіңді ешкім тыңдамаса.....
4., ешқайсысы жауап бермеді.
5. ешқандай жаңалық болған жоқ.
6. Ешкім келмесе де,
7. Ол ешкіммен ешқашан

230-тапсырма. Есімдіктерді мағыналарына қарай топ-топқа ажыратып, бөліп жазыңыздар.

Мен, қанша, ешкім, өз, әлдеқашан, бәрі, әркім, кейбір, қашан, барша, ешбір, қайсы, күллі, сен, қалай, анау, біреу, ешқашан, бар, неше, барлық, ешқандай, дәнеме, мына, әлдеқалай, әлдекім, әрбір, осы, өзім, ол, қалай.

231-тапсырма. Аталы сөздерді оқып, есімдіктерді ажыратыңыздар.

1. Бүкіл азаматтың келешегі жас жеткіншектердің қандай идеал негізінде тәрбиеленіп, қалай өсуіне, кемелденуіне байланысты.

2. Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын сол халықтың мәңгілігінің мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана оны аяққа басады.

(Ғ. Мүсірепов)

Адамның қолынан келмейтін еш нәрсе жоқ.

(Абай Құнанбаев)

Біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды міндет етпе.

(Ыбырай Алтынсарин)

Жиырма жас тарихи ерліктер жасайтын жас. Осыған әрқашанда әзір болу керек.

Халықтың игі дәстүрі – біздің ең асыл мұрамыз.

Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту.

(Бауыржан Момышұлы)

Бақыт – әрбір адам ұмтылатын мақсат.

(Әл-Фараби)

Еңбекжанды адам үнемі өзіне-өзі сұрақ қоюмен болады, ал басқалар ондай сұрақтарға қашан да дайын жауап алады.

(Шыңғыс Айтматов)

... Біліміңді еңбек пен өмірдің өзінде шындап отыр! Сонда ғана білім деп аталатын асыл тас ешқашан тот баспастан жалтырай да жарқырай да береді.

(Қаныш Сәтбаев)

Етістік

Етістік заттың іс-әрекетін, қимылын білдіреді.

Сұрақтары: не істеді? не қылды? қайтті?

Тұлғасына қарай:

Негізгі етістік	Туынды етістік
Заттың қимылын білдіретін төл етістік. Сөздің түбірі етістік болады. Мысалы: кел, кет, көрген, айтпады, т.б.	Түбір етістікке және басқа сөз таптарына жұрнақ жалғану арқылы жасалған етістік. Мысалы: ой-ла, сан-а, күл-імсіре, көг-ер, т.б.

Құрамына қарай:

Дара етістік	Күрделі етістік
Бір ғана түбірден (негізгі / туынды) тұрады. Мысалы: баста, кес, тасы, тара, аяқта, байы	Кемінде екі етістіктің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: алып кел, жазып отыр, уәде берді, т.б.

Іс-әрекеттің жүзеге асу-аспауына қарай:

Болымды етістік	Болымсыз етістік
Іс-әрекеттің жүзеге асқанын білдіреді. Мысалы: алды, жаздыр, өшірді	Іс-әрекеттің болмауын, жүзеге аспауын білдіреді. 1. Етістікке <i>-ма, -ме, -па, -пе, -ба, -бе</i> жұрнақтары-ның жалғануы арқылы жасалады: <i>өшірмеген</i> . 2. Етістік пен жоқ, емес сөздерінің тіркесуі арқылы жасалады: <i>өшірген жоқ, өшірген емес</i>

Мағынасына қарай:

Салт етістік	Сабақты етістік
Өзінің алдынан табыс септігіндегі сөзді қажет етпейтін етістік. Мысалы: үйге кел, үйден шық, үйде отыр, үймен хабарлас	Алдындағы сөздің табыс септікте тұруын қажет ететін етістік. Мысалы: хатты оқы, ақшаны сана, есепті шеш, шашынды тара

Есімдерден туынды етістік жасайтын жұрнақтар:

№	Жұрнақ	Мысал
1	-ла, -ле, -да, -де, -та, -те	аяқта, ретте, өкпеле, ойла, қолда
2	-лан, -лен, -тан, -тен	ойлан, үйлен, әдеттен, рақаттан
3	-лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес	көмектес, пікірлес, сырлас, ақылдас
4	-лат, -лет, -дат, -дет	әндет, дауылдат, түнделет
5	-а, -е	ата, деме, сына
6	-ай, -ей, -й	күшей, мұнай
7	-қар, -кер, -ғар, -гер	басқар, ескер
8	-ар, -ер, -р	жаңар, ескір
9	-ал, -ел, -ыл, -іл, -л	жоғал, сұйыл-тарыл, теңел
10	-ық, -ік	бірік, дәнік, тынық
11	-сы, -сі, -ымсы, -імсі	үлкенсі, пысықсы
12	-сын, -сін	жатсын, көпсін
13	-сыра, -сіре	әлсіре, қансыра, жетімсіре
14	-ыра, -іре	бұрқыра, күркіре, жарқыра
15	-ырай, -ірей	кішірей, бақырай, бажырай

232-тапсырма. Мәтінді оқып, етістіктерді тұлғасына қарай ажыратыңыздар.

Машина жасау саласы шаруашылықтың барлық салаларын еңбек құралдарымен қамтамсыз етеді. Алуан түрлі өнімдер шығарғанымен, машина жасау зауыттарының бәрінің технологиялық процесі біртектес. Олар дайындама жасау, тетіктер өндіру және дайын тетіктерді құрастырудан тұрады. Соған сәйкес, машина жасау зауытында құю, ұста-пресс, механикалық және құрастыру цехтары болады.

Машина жасау зауыттарының әрқайсысы өзі маманданған өнім түрін шығарады.

Машина жасау зауыттарының мамандану түрлерінің бірі – технологиялық мамандану. Технологиялық мамандану дегеніміз – дайын тетіктерден, бөлшектерден машина, автомобильдер құрастыру. Мысалы, Алматыда құрылған «Іскер-ГАЗ» кәсіпорны «Камаз», автобустарды тек дайын тетіктерден құрастырады.

233-тапсырма. Етістіктерді тұлғасына, түрлеріне қарай ажыратыңыздар.

Тұздың бірнеше түрі бар. Солардың ішінде көбірек қолданылатыны – ас тұзы.

Әрбір адамның тамағына күнделікті 20 г шамасында ас тұзы жұмсалады.

Тұз түссіз, мөлдір жеке түйіршіктерден тұрады. Түйіршіктің беті жылтыр, тегіс текшеге ұқсайды. Бұл – тұз кристалдары. Текшені жеке алғанда мөлдір, түссіз. Бір жерге үйсе, ақ түсті болып көрінеді.

Тұз суда тез ериді, дәмі ащы.

Мұхиттар мен теңіздер суында тұз ерітінді түрінде кездеседі. Бірақ теңіз суынан тұзды айырып алу көп еңбек жұмсауды қажет етеді. Сондықтан оны, көбінесе тұзды көлдерден өндіреді.

Тұзды көлдер Қазақстанның барлық жерінде таралған. Көл суы жазда ыстыққа көп буланады да, еріген тұз түбіне шөге береді. Оны өндіру үшін сорғыш машина қолданылады. Мұндай машинаның орасан зор түтігі мен сорғышы болады. Түтік арқылы көл түбіндегі тұз сумен қоса сорылып алынады.

Тұз жер қыртысында да мол. Мұндай тұз бір кезде сол жерді басып жатқан теңіз шығанағында жинақталған. Оның қалыңдығы кейде бірнеше жүз метрге барады. Сондықтан оны тас тұз деп атайды. Тас тұз мөлдір, түссіз кесек мұзды елестетеді. Тас тұздың қаттылығы соншалық, оны қазып алатын шахтада ешқандай ағаш тіреу қоюдың қажеті жоқ. Тұздың өзі тамаша тіреу бола алады.

234-тапсырма. Мәтіндегі болымсыз етістіктер мен зат есімдерді салыстырып, олардың жасалу жолдарындағы, мағыналарындағы ерекшеліктерді айтып беріңіздер.

Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба. Білмеген соң, айтпа сөз.

(Абай)

Осы кіре беріс бөлмеден төрге қарай және оң жақ, сол жаққа қарай бірнеше бөлме бар еді.

Келген адам шайға отырмай, не шұбат ішпей кетпейді.

Буылған қағазды столдың тартпасына салды.

Әйгерім Абайды кінәламаса да, ақтамақшы емес.

235-тапсырма. Мәтінді көшіріп жазып, дара етістіктің астын бір, күрделі етістіктің астын екі сызықпен сызыңыздар. Күрделі етістіктің қалай жасалып тұрғанын айтыңыздар.

Күн – тоғыз ірі планетадан тұратын тұтас бір жүйенің, Күн жүйесінің орталығы. Күн – қатардағы жұлдыздардың бірі. Басқа жұлдыздар сияқты ол да лаулап жанып тұрған газды шар. Ғалымдардың болжауынша, оның беткі қабатындағы қызу $6\ 000^0$ шамасында, ал терең түкпірінде 15 миллион градусқа дейін жететін болуы керек. Басқа жұлдыздарға қарағанда жақын орналасқандықтан, күн бізге олардан гөрі үлкен болып көрінеді. Күн мен Жердің ара қашықтығы 150 миллион км. Тап осы қашықтық тіршілік үшін қолайлы екендігі байқалады. Мұнан гөрі тым жақын денені Күн қатты қыздырып жібереді, ал алыста үскірік суық орнайды.

Аспан әлемін зерттеуші ғалымдар Күннің көлденеңі 1 400 000 километрдей екенін анықтаған. Бұл Жердің көлденеңінен 109 есеге жуық артық деген сөз.

Күн жан-жағына жарық сәуле және орасан зор мөлшерде жылу таратады. Жерге Күн қуатының екі миллиардтан бір бөлігі ғана жетеді. Күннің басқасы әлем кеңістігіне шашырап тарап кетеді. Дегенмен осы қуат мөлшерінің өзі Жерді жылытуға әбден жетеді. Күннің сәулесі мен жылуы болмаса Жер бетін қара түнек басар еді. Ғаламат суықтың салдарынан өсімдік те, жан-жануар да тіршілік ете алмас еді. Жылудың жоқтығынан булану жүрмей, су бетінің қатып жататындығы өзінен өзі түсінікті. Аспанда бұлт үйірілмейтіндігінен жауын-шашын жаумас еді, жер бетін өзгертетін ағын су әрекеті жүрмес еді. Бір сөзбен айтқанда, Жерде өтіп жататын сан алуан табиғат құбылыстары тоқтап қалар еді.

236-тапсырма. Болымсыз етістіктерді қойып, мақал-мәтелдерді көшіріп жазыңыздар.

Жан кинал.. й
Жұмыс біт... с,
Талап ... й,
Мұратқа жет...с.

Еңбек қылсаң ерін...й,
Тояды қарның тілен...й.
Еңбексіз іс бітп...йді,
Еріншектің қолы жет...йді.

Күшіңе сен...
Ісіңе сен.

237-тапсырма. Оқу-білім туралы мақалдың жүйесін тауып, сөздердің жасалу жолдарын талдаңыздар.



238-тапсырма. Туынды етістіктерді тауып, морфологиялық талдау жасаңыздар.

Бетонның бір ғажап қасиеті бар: жыл өткен сайын қатайып, бұрынғыдан да беріктене түседі. Ол аязға төзімді, судан «қорықпайды», оған әртүрлі пішін беруге де, тұтас шомбал етіп құюға да, әр алуан түске бояуға да болады.

Қарағанды цемент зауыты негізгі өніммен қоса әктас шығарады. Әктасты кальций карбидін өндіру үшін Теміртау синтетикалық каучук зауытына тасымалдайды. Бұл өндірістегі карбид әгінің қалдығы силикат кірпіш өндіруге қолданылады. Силикат кірпіш зауыттары Ақмола, Қостанай, Павлодар қалаларында салынған. Қарағанды, Сазтөбе цемент зауыттары өндірістерді әкпен қамтамасыз етеді.

Есімше

Есімше – бірде есім сөздің, бірде етістіктің қызметін атқаратын етістіктің түрі.

Есімше есімдерше түрленіп (септеліп, тәуелденіп, көптеліп) есім қызметін атқарады.

Есімше жіктеліп етістік қызметін атқарады.

Есімшенің жұрнақтары:

	-ған,-ген,-қан,-кен	ал-ған, кел-ген
	-ар,-ер,-р болымсыз етістік + с жұрнағы	бар-ар, жүр-ер; оқыма-с
	-атын,-етін,-йтын,-йтін	жаз-тын, өр-етін
	-мақ,-мек,-пақ,-пек,-бақ,-бек	бар-мақ

Есімшенің сөйлемдегі қызметі

	Ереже
Анықтауыш	Есімше зат есіммен тіркесіп немесе ілік септігінде тұрып анықтауыш болады. (Болатын бала бесігінде бұлқынар.)
Бастауыш	Есімше сөйлемде атау септігінде тұрып бастауыш болады. (Көрмес –түйені де көрмес.)
Толықтауыш	Есімше атау мен ілік септіктерінен басқа септіктер тұлғасында заттанып қолданылса, толықтауыш болады. (Естігенді ұмытпасқа төрт түрлі)
Пысықтауыш	Есімше барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде келіп немесе көмекші есіммен, септеулік шылаулармен тіркесіп пысықтауыш болады. (Оны көрген сайын баласы есіне түседі.)
Баяндауыш	Есімше жіктеліп келіп сөйлемде баяндауыш болады. (Адал кісі арылмас. Сыпайы сырын сақтар.)

239-тапсырма. Төмендегі есімшелерге лайықты зат есім тауып, тіркестіру арқылы «Кім жедел?» ойынын ойнаңыздар.

- | | |
|-----------------|---------------|
| а) еңкейген ... | ә) сөйлер ... |
| еңбектеген ... | айтылар ... |
| жайнаған ... | келер ... |
| масайраған ... | бітер ... |
| марқайған ... | |
| қауқиған ... | б) алатын ... |
| ербиген ... | оқитын ... |
| селтендеген ... | істейтін ... |
| | көретін ... |

240-тапсырма. Төмендегі тәуелденген есімшелерді қатыстырып, сөйлем құрастырыңыздар.

Көргенім. Келетіні. Жазатының. Көмектескеніңіз. Бармайтыны. Тыңдағанымыз.

241-тапсырма. Мәтіннен есімшелерді тауып, тұлғасына қарай талдаңыздар.

Еліміз аумағындағы жұмыс істейтін электр стансыларын жоғары вольтты электр желісімен байланыстыратын біртұтас энергетикалық жүйе әлі жасалынбаған. Бұл ел экономикасының дамуына елеулі әсер етуде. Электр стансылар арасындағы технологиялық айырмашылық, оларды энергетикалық жүйеге біріктіреді. Энергетикалық жүйе – жоғары кернеулі электрді беретін желілерге (ЭБЖ) біріккен стансылар тобы. Республикада жергілікті Алтай, Алматы, Орталық Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақтөбе энергетикалық жүйелері бір-бірімен өзара байланыспаған. Солтүстік Қазақстан энергетикалық жүйесі Шығыс Қазақстан және Орталық Қазақстан жүйелерімен байланыстырылған. Алматы энергетикалық жүйесі Бішкек қаласы арқылы Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары одан әрі Өзбекстанмен жалғасқан. Ақтөбе энергетикалық жүйесі Оралмен, ал Орал жүйесі Еділ бойы арқылы ТМД-ның Еуропалық бөлігінің бірыңғай энергетикалық жүйелерімен қосылған.

242-тапсырма. Мақалдардағы қарамен жазылған есімшелерді құрамына қарай талдап, қай сөз табының орнына қолданылғанын айтыңыздар.

Шоқпарды ұстай **білмеген**
Өзіне **тигізер**.
Инені ұстай **білмеген**
Көзіне **кіргізер**.

Қарағайға қарап тал **өсер**,
Құрбысына қарап бала **өсер**.
Қатты жерге егін **шықпас**,
Қаңғыған басқа білім **жүкпас**.

Ата-ананың қадірін
Балалы болғанда **білерсің**.

Ер айтса –ел **айтқаны**,
Ер айтса –ел **айтқаны**,
Елдің қамын жеп **айтқаны**.

Жайсаң жігіт **болғаның** –
Жолдасыңның арқасы.
Қайсар жігіт **болғаның** –
Қолбасының арқасы.

243-тапсырма. Төмендегі етістіктерден әр түрлі есімшелер жасаңыздар да, түрлендіріп қолданыңыздар.

Жаз. Көмектес. Кел. Айт. Сөйле. Ізде. Көр. Түсін. Оқы.
Үлгі: жаз-жазған, жазатын, жазар, жазбас.

244-тапсырма. Есімшелерге тұлғалық талдау жасап, олар сөйлемнің қай мүшесі болып тұрғанын анықтаңыздар.

Жұмыскерлерге барақтар салынған. Бірнеше керекті бұрғылау машиналары орнатылған. Шатырлар тігілген. Отын тасып келе жатқан бір-екі жұмыскердің қосылып салған әні естіледі. Қасында тұрған Нияз еңкейіп, оның жазғанына қарап тұр. Күннің көктен құйылған алтын шұғыласы жасыл ала жібек жамылған сұлу жерді маужыратып нұрға шомған.

Үлгі: қайткен? – салынған – есімше, баяндауыш, сал – түбірі, -ын – ырықсыз етіс жұрнағы, -ған – есімшенің жұрнағы.

Көсемше

Көсемше – бірде пысықтауыштың , бірде баяндауыштың қызметін атқаратын етістіктің түрі.

Іс- әрекеттің жай-күйін білдіріп, пысықтауыштың қызметін атқарады.

Жіктеліп немесе көмекші етістікпен тіркесіп, қимылды білдіріп, баяндауыштың қызметін атқарады.

Көсемшенің жұрнақтары:

	-а,-е,-й	бар-а-ды, кел-е-ді
	-ып,-іп,-п	шығ-ып,ез-іп
	-ғалы,-гелі,-қалы,-келі	Ал-ғалы, бер-гелі, бас-қалы

Көсемшенің жіктелуі:

	Жекеше түрі	Көпше түрі
I	Бара-мын	Бара-мыз
I	Бара-сың	Бара-сыңдар
I	Бара-сыз	Бара-сыздар
I	Бара-ды	Бара-ды
II		

Көсемшенің сөйлемдегі қызметі

Пысықтауыш
Көсемше іс-әрекеттің түрлі күйін білдіріп, пысықтауыш болады.
Мен сөйлескелі (не үшін?) келдім. Ол жымыып (қалай?) күлді. Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың.
Баяндауыш
Көсемше күрделі етістіктің құрамында келіп, баяндауыш болады.
Алып та халықтан үйренеді. Ол үйіне барып келеді. Ол өз ойын айта салады. Түнде жаңбыр жауыпты.

245-тапсырма. Көсемшелерді байланысқан сөздермен бірге теріп жазып, оларға тұлғалық талдау жасаңыздар.

Көмірдің отын және химиялық шикізат ретіндегі маңызы зор. Сапасы жоғары көмір түрлері кокс алуда пайдаланылады. Кокстелген көмір металлургия өнеркәсібінде металл балқытуда қолданылады.

Кокс – таскөмірді жоғары температурада ауа жібермей қыздырудың нәтижесінде алынатын отын түрі.

Көмір жылу электр стансыларында электр энергиясын өндіру үшін энергетикалық отын ретінде пайдаланылады. Сонымен бірге зауыттарда, тұрмыста қолданылады.

246-тапсырма. Мақал-мәтелдерден көсемшелерді тауып, олардың қай жақта жіктеліп тұрғанын айтыңыздар және тұлғалық талдау жасап, сөйлемнің қай мүшесі екенін анықтаңыздар.

Дұшпан күлдіріп айтады,
Дос жылатып айтады.

Ақылды адам айтқызбай біледі,
Ақсұңқар қаққызбай іледі.

Досы көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды.
Асқар тау алыстан көрінеді.

Ат баспаймын деген жерін үш басар,
Ат баспаймын деген жерін үш басар,

Сын түзелмей, мін түзелмейді.
татар.

Ер татпаймын деген дәмін үш

Адамды түсіне қарап таныма,
Ісіне қарап таны.

247-тапсырма. Мәтіннің мазмұнынан шығарып, тақырыптың мәнін талдаңыздар. Көсемшелер сөйлемнің қай мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын айтыңыздар.

Мәңгілік дәстүрлер

Қазақтар ертеден көшіп-қонып, мал шаруашылығымен айналысқан. Қазақстанның оңтүстігіндегі халықтар диқаншы әрі өте атқұмар болған. Қазақтар «киіз үй» деп аталынатын жер беті іспетті дөңгелек келген, шаңырағы мен керегелері ағаштан жасалып, сыртынан киізбен қапталған үйлерде тұрған. Қазақ үйінің ішіндегі сандық, домбыра, әр түрлі шаруашылыққа қажетті заттар қазақ халқының қазынасы, өнері болып есептеледі. Әр заттың өзіндік ерекше орны, мәні бар. Күнделікті пайдаланылатын заттар ағаш, жүн, тері және сүйектен жасалған.

Бозбалалар мен атқұмарлар жүйрік, сұлу атқа құмар болған. Аттарды ерекше салтанатпен әсемдеп, баптап мінген. Аттың ер-тоқымын нағыз теріден ежелгі қазақтың дәстүрі бойынша әсемдеп жасаған. Әйелдер ер-тоқымы тіпті шебер зергерлікпен әшекейлеп жасалынған. Қазақ зергерлері мен шеберлерінің

талғамы өте жоғары болған. Зергерлер күмістен әр түрлі бағалы әсемдік заттар жасаған, олар ғасырлардан ғасырларға мұра болып жеткен.

Қазір қазақтар мықты салынған үйлерде тұрады. Бірақ олар бұрынғыдай тамаша шабанжоздар, дала төсі әрдайым аттарға толы. Қазақтың көркем өнері өшкен жоқ, ғасырлардан ғасырларға нығайып, өсіп, көркейіп келеді.

248-тапсырма. Көсемшелерді тауып, сұрақ қою арқылы олар сөйлемнің қай мүшесі екенін анықтаңыздар.

Бос жыныстарға көмір ұнтағы араласып жататындықтан террикондар түтіндеп маңайдағы ауаны ластайды. Кейінгі жылдары өркениетті елдерде бұл көрініске өзгеріс ене бастады. Бірқатар террикондар мүлде жойылды. Ондағы бос тау жыныстары көмірі таусылған ескі шахталарға қайта апарып төгіледі. Бірқатары тұрған жерінде тегістеліп, террасаларға айналдырылады. Ондай жердің бетіне құнарлы топырақ төгіліп, ағаш, бұта және шөп егіледі. Сөйтіп террикондардың біразы шахтёр посёлкесіне көрік беретін жасыл желекке айналады.

Ашық карьерлерден өндірілетін пайдалы қазбалар орнында орасан зор шұңқырлар қалады. Беткі қабатты аршығанда шыққан жыныстары олардың төңірегінде тау-тау болып үйіліп жатады. Мұндай шағын таулар Қостанай облысындағы Арқалық боксит, Соколов-Сарыбай темір кен орындарында, Қарағанды облысындағы Қоңырат мыс кені орнында, т.б. жерлерде кездеседі.

Пайдалы қазбалары қазып алынған карьерлердің орнына қолдан көл жасап, төңірегіне ағаш отырғызу тиімді. Ондай жерлерді демалыс орны ретінде пайдалануға болады.

Етістіктің шақтары

Іс-қимылдың уақытын білдіретін етістіктің тұлғасы. Етістіктің 3 шақ тұлғасы бар: *осы шақ, өткен шақ, келер шақ.*

Осы шақ

Осы шақ сөйлеп тұрған кездегі іс-әрекетті білдіреді. Оның 2 түрі бар: *Нақ осы шақ* және *ауыспалы осы шақ*. Олардың жасалу жолдары төмендегі кестелерде берілген:

Нақ осы шақ	
Дәл сөйлеп тұрған кездегі іс-әрекетті білдіреді. Оның 2 түрі бар:	
Жалаң нақ осы шақ: «жатыр, отыр, жүр, тұр» қалып етістіктерінің жіктелуі арқылы жасалады.	Күрделі нақ осы шақ: (-а,-е,-й,-ып,-іп,-п) (қалып етіс.) +ж.ж
Жатырмын, жүрміз, отырсың, тұрсыз.	Бар-а жатырмын, кел-іп отырсың.

Ауыспалы осы шақ
Күнделікті болып жатқан іс-қимылды білдіреді.
Етістік + (-а,-е,-й) +жіктік жалғауы
Күнде сабаққа бар-а-мын.

Өткен шақ

Өткен шақ сөйлеп тұрған уақыттан бұрын біткен іс-әрекетті білдіреді. Оның 3 түрі бар:

Жедел өткен шақ	Іс-қимылдың жуық арада болғанын білдіреді.	Етістік+(-ды,-ді,-ты,-ті)+жіктік жалғауы
Бұрынғы өткен шақ	Іс-қимылдың жалпы болғанын көрсетеді.	Етістік +(-ған,-ген,-қан,-кен,-ып,-іп,-п)+жіктік жалғауы
Ауыспалы өткен шақ	Сөйлеп тұрған уақытқа дейін дағдылы болып тұрған іс-қимылды білдіреді.	Етістік+(-атын,-етін,-йтын,-йтін)+жіктік жалғауы

Келер шақ

Келер шақ сөйлеп тұрған уақыттан кейін болатын іс-әрекетті білдіреді. Оның 3 түрі бар:

Болжалды келер шақ	Іс-қимылдың келешекте болатынын дәл көрсетпей, болжай ғана білдіреді.	Етістік+(-ар,-ер,-р)+жіктік жалғауы
Мақсатты келер шақ	Іс-қимылдың келешекте мақсат етіле орындалатынын білдіреді.	Етістік+(-мақ,-мек,-пақ,-пек,-бақ,-бек)+(-шы,-ші)+жіктік жалғауы
Ауыспалы келер шақ	Алдағы уақытта болатын іс-қимылды білдіреді.	Етістік+(-а,-е,-й) + жіктік жалғауы

249-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, етістіктерді қай шақты білдіріп тұрғанын көрсетіңіздер.

Жылу электр орталықтары қала үйлерін ыстық сумен, ал өндіріс орындарын бумен қамтамасыз етеді. Мұндай стансылар ірі қалаларда, өнеркәсіп орындары маңында салынады.

Бірақ жылу электр стансыларының жұмыс істеуі нәтижесінде пайда болатын отын қалдықтары, күлі мен түтіні ауаны ластап, қоршаған ортаға кері әсерін тигізіп, осы аудандардағы экологиялық жағдайға мұқият назар аударуды қажет етуде. Мұндай жағдайда электр стансыларының мұржаларын өте биіктен шығару (300 м-ден астам) және улы газдарды ұстап қалатындай арнайы қондырғылар орнату ісі қолға алынуы тиіс.

250-тапсырма. Мәтінді аударып, етістіктің шақтарын ажыратыңыздар.

Мұнай өнімдері қалай тасымалданады?

Мұнай және мұнай өнімдерін қашық жерлерге жеткізу үшін теміржол, су көлігі, құбыр жолы және автокөлік қолданылады. Кейбір жағдайларда олар ұшақпен және тікұшақпен тасылады.

Су көлігімен (теңізбен, өзенмен) ішкі мұнайды және мұнай өнімдерін (бензин, керосин, дизель отынын, мазутты, т.б.) өздігінен жүретін (танкерлер) және өздігінен жүрмейтін (лихтерлер, баржалар) типтегі кемелермен тасиды.

Автокөлікпен мұнай өнімдері мұнай базаларынан ұсақ мұнай базаларына, әрі қарай тұтынушыларға жеткізіледі. Бұл ретте өнімдер автоцистернамен, сол сияқты ұсақ ыдыстармен тасылады.

Мұнай және мұнай өнімдерін құбырмен өте көп мөлшерде және кез келген қашықтыққа тасымалдауға болады.

251-тапсырма. Мәтінге сұрақтар құрастырып, етістіктердің қалай жасалып тұрғанын анықтаңыздар.

Газ және оның қасиеттері

Жанар газдардың құрамы көмірсутектерінен тұрады. Олардың ішінде метан, этан, пропан, бутан, пентан, т.б. газдар кездеседі. Таза газдан тұратын көлбеулердің құрамында метанның көлемі басымырақ келіп, аумағы 98 %-ке дейін жетеді.

Газ құрамында жеңіл газдар (метан мен этан) көп болған сайын оның салмағы болуымен қатар, тез қызу бөледі. Ал ауыр газдардың құрамында метан мен этан аз мөлшерде болады.

Атмосфералық жағдайда (осы температурада) метан мен этан газ күйінде кездеседі. Ал пропан мен бутан газ күйінде кездеседі де, шамалы қысым арқылы сұйық көмірсутегіне тез айналады.

Газ құрамында аздаған көмірқышқыл газы, азот, күкірт, сутегі, гелий, т.б. кездеседі.

Газдың физикалық қасиеттерінің қатарына оның тығыздығы жатады.

252-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, автордың айтпақ ойларын таратып түсіндіріңіздер. Мәтіндегі ауыспалы осы шақты білдіретін етістіктерді тауып, құрамына қарай талдаңыздар.

...Абайдың ұғымында: «Еңбек танымды арттырады. Еңбек естіген нәрсені бекіте түседі. Адам алған білімін ретке келтіреді, керектіні керексізден сұрыптап, ақылды болады». Сондықтан да ол еңбекті барша игіліктің негізі, оған деген сүйіспеншілікті адамдық өмірдің басты мәні мен мақсаты деп санайды. Ал жалқаулықты барша қырсықтың, одан туындайтын жарамсақтықты барша қиянаттың, мақтаншақтықты түзелуден үмітін үзген бейшаралықтың түп атасы деп түсіндіреді. Халықты «түзелмейтін қайыршыға» айналдырмайтын амал: «егін, сауда, кәсіп, ғылым» деп біледі. Ол тек ыждаһат пен ынта бар жерде ғана жүзеге асады. Абайдың: «Құдай саған еңбек етуге жеткілікті күш берді. Бірақ сен оқымайсың. Құдай саған сана берді, сен оны жоғалттың. Сен ерінбей еңбек етсең, шыдамдылықпен іздеп, пайдалы жұмыс жасасаң – бай болар едің», – деп жазғыратыны да сондықтан.

(Н.Назарбаев)

253-тапсырма. Сөйлемдерді көшіріп жазып, ауыспалы осы шақты тауып, оны нақ осы шаққа айналдырып көріңіздер.

Таумен келеміз. Түрлі күй естіледі

Таудың сай-сайынан сумаңдап, сылдырап, ағаштардың ара-арасымен бұлақтар ағады. Ағаш араларынан құстардың әр түрлі дауыстары шығады. Кейбіреулері жасырынбақ ойнаған балалардай зырылдап, ұшып-қонып, ысқырып ойнайды. Бірін-бірі қуалайды. Кейбіреулері нәзік күйін түрлі құбылтып сайрайды. Ағаш арасындағы құстардың күйіне қырдағы бозторғайдың құйқылжыған жыры қосылады. Баянның тауы, тасы, сылдырап аққан бұлақтары, өрмелей шыққан ағаштары, қыры-ойы – бәрі де жырлайды. Бәрі де шаттық үнін қосады.

254-тапсырма. Өлеңді оқып, мақсатты келер шақта тұрған етістіктерді тауып, жағымды не жағымсыз мағынада айтылғанын айтыңыздар.

Жас – қартаймақ, жоқ –тумақ, туған – өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалма,
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек.
Ер сі ақылға ермек, бойды жеңбек,
Өнерсіздің қылығы өле көрмек.
Шыға ойламай, шығындап қылық қылмай,
Еріншек өздігінен көпке көнбек.
Адамзат тірлікте дәулет білмек,
Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек.
Екеуінің бірі жоқ ауыл кезіп,
Не қорлық құр қалжыңмен күн өткізбек.

(Абай)

255-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, Радловтың қазақ тілі үшін сіңірген еңбегін бағалап, жедел өткен шақты білдіріп тұрған етістіктерді теріп жазып, морфологиялық талдау жасаңыздар.

Қазақ фольклорын зерттеген ориенталист-ғалымдардың ішіндегі екі есім ерекше айтылады. Оның бірі – Шоқанның досы Г.Н.Потанин, екіншісі – түрколог ғалым В.В. Радлов.

Василий Васильевич Радлов 1837 жылы 5 қаңтарда Берлинде офицер отбасында дүниеге келген. Ол Берлин университетінің философия факультетіне түсіп, бірақ ынтасы филология ғылымына ауып, еврей, араб, парсы, түркі тілдерін қатар үйренеді. Студент кезінде ол «Якут тілінің грамматикасы» атты еңбегімен өзіне таныс О.Бетлинг жұмыс істейтін Петербор университетінің Шығыс факультетіне жетуді алдына мақсат етті. Орыс тілін үйренді. 1858 жылы Петерборға келді. Тіл үйренудің тамаша мектебі – ел арасына бару екендігін жақсы түсініп, ол Барнауылға неміс тілі мен латын тілінің мұғалімі болып кетті. Онда екі жыл болып, 1862-1868 жылдары Қазақстанға келіп, тіл жөнінде көп материал жинастырды. Ғалым 4 томдық (8 кітап) «Түркі тілдер» сөздігін құрастырып, тұңғыш түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасын жазды, көне түркі жазбаларын зерттеп, басып шығарды.

256-тапсырма. Мәтінді оқып, Әлихан Бөкейхан жөнінде әңгімелесіп, бұрынғы өткен шақта тұрған етістіктерді табыңыздар.

Ә. Н. Бөкейхан

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға – Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан. Көрнекті қоғам қайраткері қазақтың XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысының негізін салушы әрі көсемі, халқымыздың тұңғыш саяси Алаш партиясының және ұлттық Алашорда үкіметінің төрағасы, ғұлама ғалым-ормантанушы экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы әрі публицист – бұлар ардақты азаматымыздың халқы үшін, халқының жарқын болашағы үшін соңғы демі біткенше атқарып өткен сан қилы қызметінің бұл болар-болмас көрінісі ғана.

1920–22 жылдары оған «буржуазиялық ұлтшыл» деген айдар тағылып, айлап абақтыда отырған. Большевик көсемдері Әлихан Бөкейханды енді елінен кетуге мәжбүр етіп, 1922 жылдың күзінде ол Мәскеуге жер аударылды. Бөкейханды елінен тыс жерде – Мәскеуде өлім жазасына кесілсін деген үкім шығарып, үкім сол күні-ақ 1937 жылдың 27 қыркүйегінде жүзеге асырылған.

257-тапсырма. Төмендегі сөздерді осы жазылған тәртібімен оқымай, шахмат атының жүру тәртібі бойынша оқысаңыздар, ой-пікір туралы мақал шығады.

уайым	өтесің	теңіз
батасың	Қайық	кетесің
тәуекел	Түбі	де
мінесің	Да	түбі

Етістіктің райлары

Етістіктің райлары орындаушының іс-қимылға байланысты ой-пікірін, қатынасын білдіреді. Етістіктің 4 рай түрі бар:

Ереже		Жасалу жолы
Ашық рай	Іс-қимылдың қай шақта екенін білдіреді.	Үш шақтың жасалу жолдары арқылы.
Бұйрық рай	Іс-қимылдың бұйыру, талап ету, өтіну ретінде айтылу мағынасын білдіреді.	Етістіктің бұйрықты түрде жіктелуі арқылы. (Мен бар-айын Сен бар Сіз бар-ыңыз Ол бар-сын)
Шартты рай	Іс-қимылдың орындалу-орындалмау шартын білдіреді.	Етістік + (-са,-се) +жіктік жалғауы. (Күн ашық бол-са, тауға шығамыз.)
Қалау рай	Қалау, тілекті білдіреді	Етістік + (-ғы, -гі,-қы,-кі) +тәуелдік жалғауы / кел етістігі.(біздің сабақ оқы-ғы-мыз келеді.)

258-тапсырма. М.Қашқаридің сөздерін есте ұстаңыздар. Көшіріп жазып, бұйрық райлы етістіктердің астын сызыңыздар.

Егер саған қиын күндер туса, қатыгездік басқа түссе, оны өтпелі қиындық, өтіп кетеді деп сабыр сақта. Тағдырдың ісін, уақыттың сыңайын түсініп, солай болатындығын біліп тұр. Соған сөйтіп қарсы тұр, мойыма. Кез келген қиындық, бейнетке бола қайғырып, қасірет шегіп, өзіңді жасытпа, қиындыққа бой алдырма.

Білімді (ғалым) адамға жолықсаң, оған күнде барып, өнер білген, үйренгін, кербез тәкаппарлықты қойғын, пейіл беріп, бойсұнып, мүләйім көңілмен табынғын.

Айламен арыстан тұтылар, күшпен тышқан да тұтылмас. Түйе мініп, қой арасына жасырынбас. Су бермеске, сүт бер. Адам көкке түкірсе, өзінің жүзіне түсер. Құс тұзаққа жем үшін ілінер.

(М.Қашқари)

259-тапсырма. Батаны жаттап алыңыздар. Етістіктердің бұйрық райда тұрғанын дәлелдеңіздер.

Бага

Бір үйдің баласы болма,
Бүкіл елдің санасы бол!
Бір елдің баласы болма,
Бар елдің данасы бол!
Бір тонның жағасы болма,
Көп қолдың ағасы бол!
Ақты ақ деп бағала!

Қараны қара деп бағала!
Өзегің талса, елдің ішін арала,
Басыңа іс түссе, көпшілікті сағала!
Өзіңе-өзің кәміл бол,
Халқыңа әділ бол!
Жауыңа қатал бол,
Досыңа адал бол!

260-тапсырма. Оқып шығып, шартты райлы етістіктерді тауып, қай жақта тұрғанын анықтаңыздар.

Мақал-мәтелдер

Қара көзден нұр тайса,
Айналаң қара түн болар.
Екі аяқтан әл кетсе,
Қарға адым жер мұң болар.

Атадан жақсы ұл туса,
Жеткізеді мұратқа.
Атадан жаман ұл туса,
Қалдырады ұятқа.

Ұрысқақ болса – ұлың жау,
Керіскек болса – келін жау.

Еңбек етсең, еленерсің,
Еңбегіңе келенерсің.

Инең болса – иінің бүтін.

Мезгіл жетсе, мұз еріп.

Үлгі: тайса – III жақ.

261-тапсырма. Берілген етістіктерден шартты рай жасап, әрқайсысына сөйлем құрастырыңыздар.

Сана. Жаз. Жүргіз. Тазарт. Санама.

262-тапсырма. Етістіктерді тауып, оларды рай түрлеріне қарай талдаңыздар.

Мақал-мәтелдер

Ат жақсысын мақта,
Адам жақсысын мақта.
Армансыз адам алысқа бармас.

Болар адам он бесінде бас болар,
Болмас адам қырық бесінде жас болар.
Әркім қолда барын ұсынады.

Ақылды жігіт атқа да мінер, таққа да мінер.
Ұлық болсаң, кішік бол.

Балапан ұяда не көрсе,
Ұшқанда соны іледі.

Үлгі: мақта- бұйрық рай, II жақ, жекеше, анайы түрі.

Етіс

Етіс іс-қимылды орындауда орындаушының қатысы қандай екенін білдіреді. Оның 4 түрі бар:

	Ереже	Жұрнақ
Өздік етіс	Іс-қимылды адам өзі істейді	-ын,-ін,-н (жу-ын-ды, ки-ін-ді)
Өзгелік етіс	Адам іс-қимылды өзге біреуге орындатқызады.	-дыр,-дір,-тыр,-тір,-ыр,-ір: (жаз-дыр) -ғыз,-гіз,-қыз,-кіз (айт-қыз) -т; (оқы-т) -сет (көр-сет)
Ырықсыз етіс	Іс-қимыл өздігінен жасалғандай көрінеді.	-ыл,-іл,-л; (аудар-ыл-ды) -ын,-ін,-н (түбірде «л» әрпі болса): (ал-ын-ды)
Ортақ етіс	Іс-қимыл бірлесіп, ортақтасып істелінеді.	-ыс,-іс,-с (жаз-ыс-ты, бөл-іс-ті, оқы-с-ты)

263-тапсырма. Мына сөздерден өздік етіс жасаңыздар.

Қи, көр, қыс, жаз, кер, жу, тара, қара, қос, бер, соз, сыла, ойла, қозға.

Мына сөздерден ырықсыз етіс жасаңыздар.

Сал, қой, апар, ал, айт, қос, бекі, тарт, баста, ора, қала, жи, іл, әкел, аш, бөге, байқа.

Мына етістіктерден өзгелік етіс жасаңыздар.

Айт, қал, кел, жүр, отыр, ал, же, өрле, тыңда, сайла, шық, кет, таны, тоқта, есті, түс, көн, панала, дүрілде.

Мына сөздерден ортақ етіс жасаңыздар.

Сөйле, бөл, ал, айт, біл, сұра, байла, арала, ойла, сана, бақ, сұрт, сыбырла, біт, қой, қабатта, жібер, қалдыр.

264-тапсырма. Мәтіннен ырықсыз етістің жұрнақтарын табыңыздар.

Қаратау тауы етегінде ванадий кенін өндіру басталды. Соның алғашқы партиясы Ресейдің, Чусовской металлургиялық комбинатына жіберілуде.

Қазақстан алтын өндіруден ТМД елдерінде Ресей, Өзбекстаннан кейінгі үшінші орында, ал алтынның қорынан дүниежүзінде алдыңғы қатарлы он елдің бірі.

1991 жылы ТМД бойынша өндірілген алтынның 5%-ы, күмістің 50%-ы Қазақстанда шығарылды. Қазақстан қазір жылына 15 т алтын өндіреді. Алтын өндірудің ірі кен орындарына: Ақбақай, Майқайың, Бақыршық жатады. Күміс Кенді Алтайда өндіріледі.

265-тапсырма. Мәтінді оқып, етістің түрлерін ажыратыңыздар.

Ақтөбе облысындағы Кемпірсай массивінде никель, хром кеніштері ашылғаннан кейін Ақтөбе қаласында Қазақстандағы ең алғашқы ферроқорытпа зауыты салынды. Оның шығаратын негізгі өнімі – феррохром.

Хромиттің қорынан Қазақстан ТМД-да бірінші (бүкіл қордың 97%), ал дүниежүзінде Оңтүстік Африка Республикасынан кейінгі екінші орынды алады.

Республикамызда сапалы болат өндіруге деген қажеттіліктің артуынан осындай ферроқорытпа зауыты Ақсу қаласында да іске қосылды. Бұл зауыт шикізат ретінде Орталық Қазақстанның марганец кенін және Оралдың кварцитін, Қарағанды кокс көмірін және Ақсу МАЭС-терінің электр энергиясын пайдаланып жұмыс істейді.

Келешекте Ақсу ферроқорытпа зауыты мен Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты негізінде толық циклді қара металлургия комбинатын салу жоспарлануда.

Тараз қаласында еліміздегі үшінші Тараз металлургия зауыты жұмыс істейді. Онда ферромарганец, ферросиликомарганецпен қатар бірінші рет құрамындағы марганец – 30%, кремний 15–20 % болатын марганецті темір өнімдері шығарылуда.

Тұйық етістік

Тұйық етістік – шақпен, жақпен байланысы болмай, қимылдың атауын ғана білдіретін етістіктің түрі.

Тұйық етістік -у жұрнағы арқылы жасалады.

Негізгі етістік Туынды етістік Болымсыз етістік Етіс	-у	кара-у ойна-у алма-у оқыт-у
---	----	--------------------------------------

Етістіктің сөйлемдегі қызметі

Ереже	
Бастауыш	Есімше мен тұйық етістік атау септігінде тұрып, бастауыш болады. (Оқу- білім бұлағы.)
Баяндауыш	Етістіктер жіктеліп келіп, баяндауыш болады. (Мен биыл бітіремін.)
Толықтауыш	Есімше және тұйық етістік атау және ілік септіктерінен басқа септіктерде тұрып, толықтауыш болады. (Білгенге маржан, білмеске арзан.)
Пысықтауыш	Қимылдың әр түрлі қасиетін білдіріп, пысықтауыш болады. (Ол күлімсіреп қарады.)
Анықтауыш	Есімшелер және ілік септігіндегі тұйық етістік анықтауыш болады. (Оқудың шегі жоқ.)

266-тапсырма. Берілген сөздерді әрі тұйық етістік ретінде, әрі зат есім ретінде қолданып, әрқайсысына сөйлем құрастырыңыздар.

Жалғау. Көсеу. Құрсау. Оқу. Басу. Жабу.

267-тапсырма. Тұйық етістіктерді тауып, құрамын ажыратыңыздар, зат есім сияқты түрленуіне назар аударыңыздар.

Мақал-мәтелдер

Отанды сүю от басынан басталады. Орынсыз ашу – от шашу.

Аяққа кісен салуға болар, Жақсының қасиеті – жарастыру,
Тілге кісен салынбас. Жаманның қасиеті – таластыру.

Уәдені бұзу ұяны бұзумен тең.

268-тапсырма. Тұйық етістіктерді тауып, олардың қай септіктерде тұрғанын ажыратыңыздар.

Сөздің асыл болуы – адамға ұнауымен. Сөз мағына жағының күштілігімен, көркемділігімен ұнайды. Сөйлеудің екі түрі болады: бірі – жалаң, екіншісі – көрнекі. Сөйлеуді осы екі түріне қарай ажыратамыз. Көрнекі сөйлеуді жырлау-толғау дейміз. Жырлау-толғауда айтылатын көрнекі, әсерлі сөзді дарынды сөз деп айту қолайлы.

(А.Байтұрсынов)

Сөз – ұлы күдірет, ұлылығы – сөзбен адамдарды табыстыруға болады.

(Л.Толстой)

Тіл тазалығы, мағына дәлдігі үшін, тіл өткірлігі үшін күресу – мәдениет құралы үшін күресу.

(Ә.Хасенов)

Тіл мен ойлау – еңбектің жемісі. *(К.Маркс)*

Ана тілін құрметтемеу – ананды сыйламау деген сөз.

(Ғ.Мүсірепов)

Үстеу

Үстеу – қимылдың түрлі белгісін (мезгілін, мекенін, себебін, мақсатын) білдіретін сөз тобы.

Үстеу құрамына қарай үшке бөлінеді:

1. Негізгі үстеу бөлшектеуге келмейтін төл үстеулер (ең, ертең, бұрын).

2. Туынды үстеу түбірге жұрнақ жалғануы арқылы немесе кейбір септік жалғауларының көнеленуі арқылы жасалады (бірге, зорға, балаша.)

3. Күрделі үстеу кемінде екі түбірден тұрады (бүгін, қыс бойы).

Үстеудің мағынасына қарай 7 түрі бар. Олар төмендегідей:

Түр	Ереже	Сұрақ	Мысал
Мекен	Қимылдың болу орны мен бағытын білдіреді	Қайда? Қалай? Қарай? Қайдан?	Ілгері, осында, бері т.б.
Мезгіл	Қимылдың мезгілін білдіреді	Қашан? Қашаннан бері?	Бүгін, таңертең, түнде т.б.
Себеп-салдар	Қимылдың болу себебін, салдарын білдіреді	Неге? Не себепті? Неліктен?	Амалсыздан, босқа, лажсыздан, бекерге т.б
Қимыл-сын	Қимылдың жүзеге асу амалын білді-реді	Қалай? Қайтіп? Қалайша?	Емін-еркін, әрең т.б.
Мөлшер	Қимылдың мөлше-рін, көлемін білді-реді	Қанша? Қаншама? Қаншалық? Қаншалап?	Неғұрлым, әжептәуір, біршама, соншалық т.б.
Күшейткіш	Қимылдың белгісі мен сапасын тым күшейтіп не сол-ғындатып көрсетеді	Қалай? Қандай?	Ең, тым, аса, өте, нағыз, кілең, орасан т.б.
Мақсат	Қимылдың болу мақсатын білдіреді	Қалай? Не мақсатпен?	Әдейі, қасақана, жорта т.б

269-тапсырма. Үстеудің қандай тәсіл арқылы жасалғанын ажыратып түсіндіріңіздер.

Ең алдымен ойлан, онан кейін істе. Досыңды алдынан, жауыңды соңынан көр. Жұмсақ төсеп, қатты ұйықта. Ақылдың арзаны жоқ, ақылдының бүгінгі ісі кешке тынған. Ақыл ауыздан, мерей көзден. Атадан жаман ұл туса, төрдегі басын есікке сүйрер. Ұстазыңды ұлы әкендей сыйла. Естіге екі сөз де жетіп жатыр. Адамды еңбек асырар, жалқаулық құтын қашырар. Айырылмастай досыңа, қайырылмастай сөз айтпа. Ғылым кітаптың ішінде де бар, тысында да бар. Білім – бақтың жібермейтін қызығы, тілімсіз бақ – әлдекімнің азығы.

270-тапсырма. Мәтінді оқып, үстеуді табыңыздар.

Қазақстанда бүгінгі күнге дейін автомобиль құрастырушы ретінде 1996 жылы Алматыда құрылған «Іскер-ГАЗ» кәсіпорны белгілі. Мұнда жүк тасымалдайтын машиналарды, кішігірім автобустарды құрастырады. Бұрынғы №1 Алматы автожөндеу кәсіпорнында «Газель» микроавтобусы мен «КамАЗ»-

дың үш түрін құрастыру қолға алынды. «КамАЗ» машинасы Көкшетауда да шығарылуда Татарстанның Набережный Челный қаласындағы ауыр жүк тасымалдайтын «Камаз» автомобиль зауытынан екі ел арасындағы өзара келісім бойынша оңтүстік астанаға машина жасау бөлшектері әкелінеді. 2001 жылдан бері 100-ден аса жүк машиналары құрастырылып, олар шаруашылыққа тапсырылды. «Іскер-ГАЗ» кәсіпорны мұнайшылар мен геологтер үшін арнайы автомобиль техникаларын (автокрандар) отандық зауыттармен бірлесіп шығаруда. Бұдан басқа келешекте жол машиналарын шығаратын зауыттармен бірлесіп қызмет көрсету нұсқалары талқылануда. Бұл жүзеге асқан жағдайда «КамАЗ» автомобиль базасының негізінде Қазақстанда бензин және су тасымалдайтын машиналар құрастырылады деп күтілуде.

271-тапсырма. Төмендегі үстеулерді қатыстырып, сөйлем құрастырыңыздар. Үстеулердің емлесін есте сақтаңыздар.

Жаздыгүні, таңертең, ендігәрі, әлдекімше, әрең-әрең, ауызба-ауыз, алды-алдына, бірте-бірте, жол-жөнекей, біртін-біртін.

272-тапсырма. Үстеулерді тауып, оларды мағыналық топтарына жіктеп жазыңыздар.

Толассыз екі күн соққан бораннан соң, ептеп саябырлаған секілді болып еді, бір тәулік өтпей қайта басталды. Бірақ енді алай-түлей боран емес, баяу ғана үлбіреп түсіп жатқан ақша қар жерді көме берді, көме берді. Алдындағы боранда нығыздалып қалған қабыршақтың үстіне мына түскен қар үлбіреп, борпылдақ болып жатыр. Қардың үстіңгі қабаты қоян ізін көтере алмаса, астындағы қабаты қой тұяғын бірде көтеріп, бірде одан сықырлап ойылып кетеді.

Оны бұрын жылқы тұяғы жасайтын. Қырандарым таудан төңкерілген судай ағындап, менен озып, айналамнан алға қарай ағылып жатты. Қалай дегенмен де, алғы шеп кейін лықсығанда, мен едәуір сасқалақтап қалдым.

273-тапсырма. Оқып шығып, үстеулерді табыңыздар. Олардың қай сөздерге қатысты екенін айтыңыздар.

Бұлтсыз ашық түнде аспаннан жыпырлаған сансыз көп жұлдыздарды көресің. Олардың кейбірі солғын жарық нүктеге ұқсайды. Енді біреулері бірде күшейіп, бірде әлсіреген алыстағы отты елестеді. Жұлдыздар жерден өте алыс қашықтықта орналасқан. Сондықтан олар біздің көзімізге кішкене жылтыраған ноқат сияқты болып көрінеді. Шынында, олардың әрқайсысы күнге ұқсас жанып тұрған, орасан зор газ шарлар. Ең ірілері Күннен ондаған, тіпті жүздеген есе үлкен. Мөлшері Жермен қарайлас шағындары да бар.

Жай көзбен қарағанда аспан әлемінен 3 мыңға тарта жұлдыз көрінеді. Ал қазіргі замандағы ең жаңа құралдармен есепке алынғандарының саны бірнеше миллион. Ғалымдардың болжауынша, жұлдыздардың жалпы саны әлденеше миллиардтан асып кетеді.

Жерге ең жақын жұлдыз – Күн. Оның төңірегінде Жерді қоса есептегенде 9 ірі аспан денесі айналып жүреді. Олар планета деп аталады (планета – грекше адасушы жұлдыз деген сөз).

Планеталар – өзінен жарық шығармайтын салқын денелер. Дегенмен түнгі аспанда олар да жұлдыз сияқты жылтырап көрінеді. Планетаның олай көрінуі бетіне түскен күн сәулесінің шағылысуынан.

Өз кезегінде планеталардың төңірегінде олардың серіктері айналып жүреді. Жердің серігі – Ай.

Күн және оны айналып жүретін планеталар мен олардың серіктері Күн жүйесін құрайды.

Күн жүйесі – Әлем кеңістігінің немесе Ғарыштың бір кішкене шағын мүйісі ғана. Ол Галактика деп аталатын жұлдыздар жүйесіне кіреді. Әлемде ондай галактикалар тым көп – миллиондап саналады.

Еліктеу сөз

Еліктеу сөз – әр түрлі дыбысқа, құбылысқа еліктеуден және олардың бейнесін елестетуден туындаған сөз.

Құрамына қарай мынадай түрлері бар:

Дара еліктеу сөз	Күрделі еліктеу сөз
Бір ғана түбірден (негізгі / туынды) тұратын төл еліктеу сөз.	Екі сөздің қосарлануынан жасалған еліктеу сөз.
Тарс, күмп, жымың, т.б.	Тарс-тұрс, қисаң-қисаң т.б

274-тапсырма. Төмендегі мәтіннен еліктеуіш сөздерді тауып, еліктеуіш сөздердің қай сөз табымен тіркесіп тұрғанын көрсетіңіздер.

Кең ашылған көздерден мөлт-мөлт домалаған кесек-кесек тамшылары жалт-жұлт еткен сәулемен шағылысып қан құсап саулайды. Тасыр-тұсыр дауыстан селк етіп, орнынан атып тұрды. Байқағаны алысып жүрген екеу бірін-бірі ырс-ырс жұдырықтайды. Алакөлеңкеде бұлдыраған көздері жалт-жұлт жалтырады. Сұлтанның даусы саңқ-саңқ естілді. Жігіттер әй-түйге қарамай құтырына тап-тап берді. Тобылғы сапты қамшыны ырс-ырс сілтеп, сарт-сұрт соғады. Қонақтың жүзі болар-болмас жыбыр етті де, Сәдірбекке сығырая тесілді. Мөлшерлі секундтар өткеннен кейін мен қылышымды жарқ еткізіп, қынабынан суырып алып, маңдайыма көтере ұстап, әскери адыммен дік-дік басып, шпорларым зың-зың етіп, трибунаның алдына келіп маршалға салют бердім.

275-тапсырма. Сөйлемдерден еліктеуіш сөздерді тауып, оларды тіркескен сөздерімен теріп жазыңыздар.

Жел күшейе бастады. Бір кезде сатыр-күтір сынған бұтақтардың даусы естілді. Шарт ете түсіп бүкіл аспан құлағандай болды. Баяғы жартас – бір жартас, қаңқ етер, түкті байқамас. Аттар борт-борт желеді. Маған рұқсат етіңіз,

жолдас командир! – деген өзгеше бір өктем үн саңқ етті. Әлдебір қауіп төнгенде қиядағы қыран ғана осылай шаңқ ете түсетін болар деп ойладым да, тез басымды көтеріп алдым.

Одағай

Одағай – дербес мағынасы жоқ, адамның көңіл-күйін білдіретін немесе жануарларға қаратылып айтылтын сөз.

Одағайдың ерекшеліктері:

Одағайда дербес лексикалық мағына болмайды. (пәлі, әттең, ойпырмай т.б.)

Одағай сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейді. (Қап, соны күшік кезінде атып тастау керек еді.)

Одағай сөйлем мүшесі бола алмайды, яғни сөйлем мүшесіне талданбайды. (Әттең, қазір жанымда әкем болғанда ғой.)

Одағай мағынасына қарай 3-ке бөлінеді:

Көңіл-күй одағайы	Адамның түрлі көңіл-күйін білдіретін сөз	Алақай (қуану), әттең (өкіну), шіркін (таңдану) т.б.
Жекіру, бұйыру одағайы	Жекіру, тыйым салу мәнін білдіретін сөз	Тәйт, жә, тек, т.б
Шақыру одағайы	Мал, ит-құсты шақыру немесе қууға байланысты айтылатын сөз	Шөре-шөре, құрау-құрау, моһ-моһ т.б.

276-тапсырма. Одағайларды тауып, аударыңыздар.

Паһ-паһ, жарайсың, жігітім! Әттеген-ай, концертке үлгермедім. Алақай, көктем келді! Ойпырмай, жас бала екен, аттан құлап қалмаса екен. О, қандай әдемі қыз! Ой, ішім ауырып тұр! Түү, мазаладың ғой, тыныш отыр. Тәйірі, атақты ғарышкер болар.

277-тапсырма. Жекіру одағайларын тауып аударыңыздар.

Жә, жетер! Тыныш отыр! Тсс! Көлдегі үйректер ұшып кетпесін! Жә, сабыр етіңіз! Кәне, кешікпей келетінің! Тәйт әрі, жаман сөз айтпа!

278-тапсырма. Орыс тіліне аударыңыздар.

Қалдарың қалай? Жаман емес. Орта толсын, достар. Қош! Мен келесі аптада қайтып келемін. Бүгін жұмысқа енді қайтып келмеймін. Заңғар тау. Биік ағаштар. Жерде қар жатыр. Аяқ асты сықыр-сықыр етеді.

279-тапсырма. Сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыздар.

Оның күміс сырғасы ай сәулесіне шағылысып жалт-жұлт етті. Орман жақтан бүрсең-бүрсең етіп бір адам келеді. Қаз-қаз басқан баладан! Әсем

шошаң-шошаң етіп тыныш тұрмады. Сықыр-сықыр етіп есік ашылды. Жақыннан сылдыр-сылдыр етіп аққан судың дыбысы шығып жатты.

280-тапсырма. Берілген одағай, еліктеуіш сөздермен сөйлем құрастырыңыздар.

Паһ-паһ, қап, сыбдыр-сыбдыр, қаз-қаз, тық-тық, сақ-сақ, қарқ-қарқ, сылдыр-сылдыр, алақай, ой, өй, бәсе, қараң-қараң, ағараң-ағараң, шошаң-шошаң, жалт-жалт.

Шылау

Шылау сөз және сөйлемді байланыстырады және өзі тіркескен сөзге қосымша мағына береді. *Оның 3 түрі бар: септеулік шылау, жалғаулық шылау, демеулік шылау.*

Септеулік шылау

Септеулік шылау сөздерді сабақтастыра (бағындыра) байланыстырады. Олар *атау, барыс, шығыс және көмектес* септіктерінде тұрған сөзбен тіркесіп қолданылады. *Мысалы, сайын, үшін* септеуліктері алдындағы сөздің атау септігінде тұрғанын қажет етеді (апта сайын, Отан үшін). Алдындағы сөздің септігіне қарай оның 4 түрі бар:

септік	шылау	мысал
Атау септігіне қатысты	туралы, жайында, сияқты, тәрізді, секілді, үшін, сайын т.б.	Отан <i>үшін</i> отқа түс – күймейсің.
Барыс септігіне қатысты	дейін, қарай, тарта, таман, жуық т.б.	Түске <i>дейін</i> жүзге <i>жуық</i> хат жібердік.
Шығыс септігіне қатысты	кейін, соң, әрі, гөрі, бері	Бұдан <i>әрі</i> оның сөзін ести алмадым.
Көмектес септігіне қатысты	бірге, қабат, қатар	Мен әкеммен <i>бірге</i> жұмыс істедім.

Жалғаулық шылау

Жалғаулық шылау сөздер мен сөйлемдерді салаластыра (тең дәрежеде) байланыстырады. Оның 6 түрі бар:

түрі	шылауы
Ыңғайластық жалғаулық	мен, бен, пен, және, әрі, да, де, та, те
Қарсылықты жалғаулық	бірақ, дегенмен, алайда, сонда да, сөйтсе де, сөйткенмен т.б.
Себеп-салдар жалғаулық	өйткені, себебі, сондықтан, сол үшін, неге десеңіз т.б.
Талғаулықты жалғаулық	не, немесе, я, я (не) болмаса, яки, әлде т.б.
Кезектес жалғаулық	кейде, бірде, біресе.
Шартты жалғаулық	егер, егер де.

Демеулік шылау

Демеулік шылау сөздерді байланыстырмайды, тек өзі тіркескен сөзге қосымша мағына үстейді. *Мысалы, ма, ме* демеулігі өзі тіркескен сөзге сұраулық мағына береді (Бұл кітап па?). оның 6 түрі бар:

түрі	Шылауы	мысал
Сұраулық мағына беретін демеулік	ма, ме, ба, бе, па, пе, ше	Қазір жаңбыр жауып кетсе <i>ше</i> ? Есеннің <i>бе</i> ?
Күшейткіш мағына беретін демеулік	-ақ,-ау,-ай, да, де, та, те	Осы сен- <i>ақ</i> бізді шаршатып бітірдің.
Болжалдық мағына беретін демеулік	-ау,-мыс,-міс, кейде	Ертеректе бір әулие кісі болыпты <i>-мыс</i> .
Болымсыздық мағына беретін демеулік	түгіл, тұрсын, тұрмақ	Сен <i>түгіл</i> мен де бес алған емеспін.
Шектік мағына беретін демеулік	ғана, тек,-ақ	Ол кеше <i>ғана</i> келді.
Нақтылау мағына беретін демеулік	ғой, қой, -ды,-ді,-ты,-ті	Бұл оқиға бұрын болған- <i>ды</i> . Бұл менің ағам <i>ғой</i> .

281-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұнын айтып беріңіздер, тақырып қойыңыздар. Шылау сөздерді тауып, түсіндіріңіздер.

Бүгінгі комбайнға ешкім де таңданбайды. Оның артықшылығы астықты әрі орып, әрі бастырып, әрі тазартатындығында. Соңғы кездегі егіс далаларына «Колос», «Нива», «Сибиряк» сияқты қуатты комбайндар бар. Комбайнмен бізде астық қана емес, қант қызылшасы, зығыр, мақта тәрізді техникалық дақылдар да жиналады. Ол тұрмақ, комбайндармен алма да жиналады.

Комбайн тәріздес астық жинайтын алғашқы машина Россияда өткен ғасырда пайда болды. Орыстың өнер тапқыш шебері Андрей Романович Власенко әрі орып, әрі бастыратын машина жасап, жұртты таң-тамаша қалдырады. Оның көздегені орақ науқанында шаруалар еңбегін жеңілдету еді.

282-тапсырма. Мәтінді оқып, әңгіменің не туралы екеніне назар аударыңыздар. Шылау сөздерді тауып, оларды түр-түріне ажыратыңыздар.

Халқымның өзіне деген ыстық ықыласын көргенде, мені бір ой мазалайды. Сол көптің алдындағы борышымызды, азаматтық парызымызды ақтай алдым ба, әлде не істеуім керек деп ойланамын. Жалғыз мен үшін емес, жалпы көпшілік үшін мұның шешуін табатын да, таразыға салып салмақтайтын да бір-ақ нәрсе. Ол – еңбек. Сондықтан мен жастарға ғалым бол, қайраткер бол демеймін, еңбекшіл бол деймін. Еңбекті сүй, ардақта, алыстан іздеген асылың да, арманға апарар асфальт жол да сонда деймін. Еңбектің үлкен-кішісі, қадірлі-қадірсізі жоқ. Қоғам үшін пайдалы, халық үшін қайырымды еңбектің бәрі – атақ пен абыройдың, сый-құрметтің белгісі.

283-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, мазмұнын айтып беріңіздер. ақша ішіндегі сөздердің бірге немесе бөлек жазылатынын байқап, дұрыстап таңдап жазыңыздар.

Уақыт

Таң атады, күн батады. Арасында 24 сағат немесе 1440 минут немесе 86 400 секунд өтеді. Біз соны қалай өткізіп жүргеніміз төңірегінде бірсыпыра ой жүгіртіп, ойлап көрдік (пе)? Тұтас өміріміздің шартты түрде бөлінген үзігі емес (пе)?

Сол уақытты өткізу кез келген адамға үлкен шеберлікке түсетін болса керек. Уақытты пайдалана білуде (де) үлкен таланттылық керек. Біз білетін ғылым (да), өнер (де) кереметтей зор із қалдырған кісілер сөзсіз уақытының әрбір минутын дұрыс пайдалана алған. Мәселен, Отто Шмидт қаршадай кезінің өзінде (ақ) бүкіл өмірін минут-минуты (мен) жоспарлаған. Бір қызығы – ғалым соңғы демі біткенге шейін сол жоспарынан таймаған екен.

284-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұнын айтып беріңіздер. Шылауларды тауып, олардың қай түріне жататынын айтып, көп нүктенің орнына тиісті әріп қойып жазыңыздар.

Солтүстік полюс – біздің планетаның айналу ді...гегінің жердің бетімен қиылысатын нүктесі. Онда географиялық бойлық та болмайды, уақыт күн мен тү...ге де бөлі...бейді. Күн жарты жыл көкжиектен әрі аспаса, соншама уақыт бойы мүлде көрі...бей тұрып алады. Сондықтан да ол ертеден-ақ өзіне

адамдардың аңсарын аударумен келеді. Полярлық елдерді зерттеуде көп табыстарға қол жеткенмен, полюс алы...бас қамал болып қала береді. Кемелер де, ит жеккен шаналар да ол тұсқа бара алмады.

285-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұнын айтып беріңіздер. Мәтіндегі шылау сөздерді тауып, осы әңгімеге ұқсастырып өздерің білетін хайуан не құс туралы шығарма жазыңыздар.

Ақ аю тюленьдерді көбіне мұз үстінде жатқан кездерінде аулайды. Жемтігін алыстан көзі шалысымен суға сүнгиді де, мұздың дәл жанына келгенде бір-ақ секіріп, іліп алып кетеді.

Бұл аңның тағы бір басты қасиеті – екі метрге дейін биік мұздарға оңай секіріп шыға алатындығында. Олар тюленьге көктем айларында көп шабады, ал жаз айларында балықтан бастап жеміс-жидекке дейін қорек ете алады.

286-тапсырма. Мәтін бойынша шылауларды тауып, жасалу жолдарын түсіндіріңіздер.

Соңғы жылдары Маңғыстаудың Бозашы түбегіндегі Қаламқас және Қаражамбас жаңа мұнай кен орындары игерілді. Қызылорда облысының Байқоңыр маңында Құмкөл мұнай кені ашылды. Оның қоры – 45,2 млн т. Оны Канаданың Харрикейн компаниясы игеруде. Өңдеу үшін Құмкөлдің мұнайы теміржолмен және құбырмен Шымкент мұнай өңдеу зауытына жеткізілуде.

Батыс Қазақстанда республикада ең алғаш салынған Атырау мұнай өңдеу зауыты жұмыс істейді. Ол Атырау-Ембі және Маңғыстау алабы мұнайын өңдейді. Зауытты мұнаймен қамтамасыз ету мақсатында Жетісай–Ақтау – Атырау мұнай құбыры салынған.

Ембі мұнайының күкірті, парафині аз, технологиялық сапасы жоғары, одан алынған жанармай өте жоғары бағаланады. Ембі мұнайы Ұлы Отан соғысы жылдары әскери ұшақтарды жанармаймен қамтамасыз етуде жетекші орын алған.

Ал Маңғыстау мұнайының құрамында күкірт жоқ, қарамай аз, бірақ парафин көбірек болып келеді. Парафинді мұнай жылдам қатады, сондықтан оны құбырмен тасымалдау үшін қосымша жылу беріп отыруы керек.

Қазір Батыс Қазақстан – Құмкөл мұнай құбыры салынуда. Ол екі құбырдан тұрады: Батыс Қазақстан – Кенқияқ және Кенқияқ–Құмкөл. Одан әрі Құмкөл – Павлодар және Шымкент мұнай құбырларымен жалғастырылады.

287-тапсырма. Қарай, қарсы, кейін, әрі, қатар, соң септеуліктерін қатыстырып, сөйлем құрастырыңыздар. Септеуліктердің қай септіктегі сөздермен тіркесіп тұрғанын айтыңыздар.

288-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерден септеулік шылауларды тауып, астын сызыңыздар.

Мен Ақжан Машанов туралы оқытушы арқылы білдім. Ол өмір бойы осы сала бойынша қызмет істеп келеді. ҚазҰТУ-да түрлі мамандық бойынша 13 мыңнан астам студент білім алады. Біздің университетті 1939 жылдан 1942

жылға дейін Андрей Иванович Коктов басқарды. 1952 жылдан 1962 жылға дейін университетті Ө.Байқоңыров басқарды. Ол институтты 10 жылдан аса басқарды. Геологиялық- барлау факультетінің 60 жылдық тарихында 10 мыңға жуық инженер-геолог дайындады. Олардың ішінде 100-ден аса кен орындарын ашушылар бар.

СИНТАКСИС

Синтаксис (грек. «құрастыру, біріктіру, рет») – сөз тіркесі мен сөйлемнің құрылысын қарастыратын грамматиканың бір саласы.

Сөз тіркесі

Сөз тіркесі – кемінде екі сөздің мағыналық әрі тұлғалық жақтан байланысуы.

Сөз тіркесінің айрықша белгілері:

1. Ең кемі толық мағыналы екі сөзден тұрады.
2. Өзара грамматикалық тәсілдер арқылы бірі екіншісіне бағына (сабақтаса) байланысады.
3. Зат, құбылыс жайында кеңірек, нақтылы түсінік береді.

Сөз тіркесінің бірінші сыңары бағыныңқы сөз, ал екінші сыңары басыңқы сөз деп аталады:

1. Бағыныңқы сөз – тірек сөздің мағынасын нақтылап, даралап сипат беретін бірінші сөз. (әдемі киіну)
2. Басыңқы сөз – сөз тіркесін жасауға тірек болатын екінші сөз. (үш бала)

Сөз тіркестерінен сөйлем жасалады:

Сөз тіркесі	Сөйлем
Бала бөленген бесік, бесіктің үсті, жеті нәрсе, үстіне жабылады	Бала бөленген бесіктің үстіне жеті нәрсе жабылады.
Сол қол, қолына ұстаған, үлкен шортан, отырғандарға көрсетті, мақтана көрсетті, ұстаған шортанды	Дәмеш кемпір сол қолына ұстаған үлкен шортанды отырғандарға мақтана көрсетті.

289-тапсырма. Сөз тіркестерін тауып, қалай байланысып тұрғанын көрсетіп, байланысу түрлеріне қарай ажыратыңыздар.

Бала бөленген бесіктің үстіне жеті нәрсе жабады. Әрбір жабылатын нәрсенің өзіндік мәні бар. Мәселен, ең бірінші етіп бесікке көрпе, одан кейін шапан, кебенек, тон. Жабу жүген және қамшы сияқты бұйымдармен жабылады. Тон, шапан жабу – ер жеткенде баланың елшіл, халықшыл болуына білдірілген тілек, жүген – тез өсіп, ат үстінде ойнақ салсын, кебенек пен қамшы ел қорғайтын ер болсын деген тілекті аңғартады.

Бесікке салғандарға бірнеше білезік, сақина, жүзік және екі-үш әйелге көйлектік мата береді. Ең қымбат мата бесікке салушы бәйбішеге беріледі.

Қалғандары білезік, сақина, жүзіктерді бөліседі. Сый-құрмет біткеннен кейін, жиналған әйелдер үйді-үйіне тарасады.

Қазақстанның барлық жеріне бірдей тараған қазақ бесігінің бір-ақ түрі бар. Көшпелі не жартылай көшпелі өмір сүрген қазақ халқы үшін бесіктің қолайлылығы сөзсіз.

290-тапсырма. Орфографиялық я түсіндірме сөздікті пайдалана отырып, күрделі сөзге 5 мысал, тұрақты тіркестерге 5 мысал келтіріп, өзіндік ерекшеліктерін талдап көрсетіңіздер.

291-тапсырма. Оқып шығып, мәтіндегі жер, ел, қала атауларының тарихына зер салыңыздар. Қарамен жазылған сөздердің сөз тіркесі не күрделі сөз екенін анықтаңыздар.

Арабтар жаулап алар тұста **көне түркілер** мекендеген **Тұран жерінде** диқаншылықпен, мал өсірумен қатар алтын, күміс, жез, темір, қорғасын өндірген елдің өзіндік **өскелең мәдениеті** болған. **Түркі қалаларында** тоқымашылық, **сауда-саттық** пен **қол өнері** дамыған. Түркілердің Мари, Шаш, Шауғар (Түркістан), Сауран, Отырар, Сайрам, Тараз, Баласағұн сияқты қалалары **ежелгі Жібек жолының бойына** орналасқан. Бұл жол **Үнді Қытай, Византия** мемлекеттерімен **сауда-саттық жасап**, тікелей дипломатиялық қатынастар орнатуға **жол ашқан**. Ерте кездерде –ақ **Бағдат обсерваториясы** мен «Даналық үйінің» ғылыми жұмыстарының басты ұйытқысы Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан ғалымдар болғанын **мақтанышпен айтамыз**. Бұлардың ішінен теңдесі жоқ үздік ойшылдарының бірі – шоқтығы биік ұлы ғұлама **Әбу Насыр әл-Фарабидің есімі** ерекше жарқырап көрінеді.

292-тапсырма. Оқып шығып, сөз тіркесінің түрлеріне қарай талдаңыздар. Сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлерін көрсетіп, басыңқы сыңардан бағыныңқыға сұрақ қойыңыздар.

Әйел аман-есен босанған күні кешке ауыл жастары шілдеханаға жиналады. Шілдехана кейде үш күнге созылады. Бұған өнерлі жастар шақыртпай келіп, таң атқанша жаңа туған баланы, оның анасын ардақтап ән салып, күй тартады. Қыз-келіншектер мен бозбалалар айтысып, жеңгендері тоғызын алып, әр түрлі ойындар ұйымдастырады, түнді қуаныш-қызықпен өткізеді.

Шілдехананы Жетісу жерінде «шілде күзет» деп те атайды. Шілдеханаға ауыл үлкендері қатыспайды. Жаңа туған нәрестені әр түрлі жын-шайтан, перілердің салқынынан қорғап күзету – халық сенімі бойынша тек қана жастардың міндеті. Ерте заманда бесіктегі нәрестені күзету Ұмай анаға жүктелген. Оның сілемі қазақтарға соңғы уақытқа дейін келген. Шырақ жағып күзету – соның бір түрі. Жаңа туған баланы алғашқы күндері шырақ жағып күзетпесе, оны перілер әкетіп, орнына басқа бала тастап кетеді деген сенім болған.

293-тапсырма. Төмендегі сөздерді осы жазылған тәртібімен оқымай, шахмат атының жүру тәртібі бойынша оқысаңыздар, ой-пікір туралы айтылған халық мақалы шығады.

уайым	өтесің	теңіз
батасың	қайық	кетесің
тәуекел	түбі	де
мінесің	да	түбі

294-тапсырма. Оқып шығып, әр сөйлемдегі сөз тіркесін тауып, талдап көрсетіңіздер. Күрделі сөздер мен тұрақты тіркестерді бөлек-бөлек жазыңыздар.

Ғұлама ғалым ғибраты

Қ.И.Сәтбаев – қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі бай рухани мұраға зор ілтипатпен қарап, айрықша көңіл бөлген ғалым. Әсіресе қазақтың батырлық жырының жарияланып, зерттелуіне елеулі үлес қосқанын біз әр уақытта да естен шығармауға тиіспіз. Ғалым 1927 жылы Мәскеу қаласындағы КСРО халықтары баспасынан «Ер Едіге» атты кітап шығарды. Қаныш Имантайұлы даярлаған бұл кітаап Едіге жырының Шоқан Уәлиханов пен профессор П.М.Мелиоранский жариялаған нұсқасы болатын. Жырдың 1905 жылы шыққан қазақша мәтінін салыстыра отырып, Қ.И.Сәтбаев үлкен текстологиялық жұмыстар жүргізді. 1905 жылы профессор П.М.Мелиоранский жариялаған «Едіге батыр» жырының мәтінінде араб және татар сөздері аса көп еді. Ғалым жырдың мәтінін қазақ оқырманына түсініксіз араб, татар сөздерінен түгелдей тазартып, ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ тілінің жаңа орфографиясының негізінде қайтадан дайындады. Бұл ғалымның жыр мәтінін баспа бетінде жариялар алдындағы елеулі текстологиялық еңбегі болатын.

295-тапсырма. Жоғарыдағы берілген мәтінге ат қойыңыздар. Мәтіндегі «тоғыз» деген сөзге назар аударып, тоғызға не кіретінін анықтаңыздар.

296-тапсырма. Газет-журналдардан өздеріңізге ұнаған мәтінді көшіріп жазып, оны сөз тіркесінің түрлеріне қарай ажыратыңыздар.

297-тапсырма. Сөйлемдерді сөз тіркестеріне ажыратып, көшіріп жазыңыздар.

Үлгі: еңбексіз адам; адам өмір сүре алмайды; бақытты өмір сүре алмайды;.....

Еңбексіз адам бақытты өмір сүре алмайды. (А.Чехов) Өзге ештеңеден табылмас бақытты еңбектен табасың. (А.Менделеев) Адамдар еркіндік алғанда ғана еңбек сүйгіш бола алады. (Д.Дидро) Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады. (мақал) Еңбекпен ер өседі, егізден төл өседі. (мақал) Өзін-өзі билеген ел бақытты. (мақал)

298-тапсырма. Мына тірек сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып, «Ата-ана» тақырыбына шағын шығарма жазыңыздар.

Менің ата-анам, өмір сыйлаған, бақытты болу, шыншыл бол, ата-ананың рұқсатынсыз, ақыл-кеңес, қадірлеу, ана жүрегі, еңбек сүйгіш, адал, қайырымды, еңбектегі табысы, оқу озаты, әдепті болу.

299-тапсырма. Мына тізбек бойынша сөз тіркестерін жасаңыздар.

Зат есім +зат есім:	Септеулі зат есім +етістік:
Сын есім+зат есім:	Зат есім +етістік:
Сан есім+зат есім:	Үстеу +етістік:
Есімдік +зат есім:	Сын есім +етістік:
Есімше + зат есім:	Сан есім +етістік:

Сөйлем

Сөйлем – біршама тиянақты ойды білдіретін сөздер тобы.

Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай 4 түрі бар:

түрі	ереже	тыныс белгісі
Хабарлы сөйлем	Хабарлау, баяндау, суреттеу мақсатында айтылатын сөйлем	Сөйлем соңына нүкте қойылады.
Сұраулы сөйлем	Бір нәрсе жайында сұрап білу мақсатында айтылатын сөйлем.	Сөйлем соңына сұрау (?) белгісі қойылады.
Бұйрықты сөйлем	Бұйыру, тілек-өтініш ету мақсатында айтылатын сөйлем.	Сөйлем соңына нүкте немесе (көтеріңкі интонациямен айтылса) леп белгісі (!)қойылады.
Лепті сөйлем	Сөйлеушінің көңіл-күйін (қуану, ренжу, өкіну т.б.) білдіру мақсатында айтылатын сөйлем.	Сөйлем соңына нүкте немесе (көтеріңкі интонациямен айтылса) леп белгісі (!) қойылады.

Түрі	Жасалу жолдары
Хабарлы сөйлем	<p>Хабарлау мақсатында айтылған жай сөйлем арқылы жасалады.</p> <p>Мысалы, Ақырын соққан самал шалқар көлдің ақша бетін аймалап сүйгендей болады.</p>
Сұраулы сөйлем	<p>Сұрау есімдіктері: (кім? Не? Қанша? Қандай? т.б)</p> <p>Сұраулық шылаулар: (ма, ме, па, пе, ба, бе, ше)</p> <p>Оқшау, көмекші сөз: ә, сірә, қайтеді, шығар т.б.)</p> <p>Мысалы, Сен оны танысың ба? / Сен оны танимысың? Енді арманың жоқ шығар? Сен ауылға бардың ғой, иә? Қазір ол келіп қалса ше? Оған өлең ұнады білем, сірә?</p>
Бұйрықты сөйлем	<p>Баяндауышы бұйрық рай арқылы жасалады.</p> <p>Мысалы, Сөйлемді жазып шық. Бұны оған айтпа. Жүр, тез аяғыңды бас! Тыныш отыр!</p>
Лепті сөйлем	<p>Одағай сөздер: (қап, әттеген-ай, пай-пай т.б)</p> <p>Күшейткіш мәнді сөздер: (не деген, не еткен, қандай, шіркін, ғажап, т.б.)</p> <p>Демеулік шылаулар: (-ау, -ақ, -ай т.б.)</p> <p>Интонация арқылы: Қап, мынау жығылды-ау! Пай-пай, мынаның шабысын –ай! Ә, сені ме, бәлем! Бейшара-ай, мынаның тарта алмай келе жатқанын-ай!</p>

Сөйлемнің құрылысына қарай түрлері

түрі	ереже	мысал
Жақты сөйлем	Бастауышы бар сөйлем.	Мен ауылға бардым. Кітап – білім бұлағы.
Жақсыз сөйлем	Бастауышы мүлдем жоқ сөйлем.	Менің оқығым келеді. Ағашты былай жарар болар.
Жалаң сөйлем	Тек тұрлаулы мүшеден тұратын сөйлем	Ол келді. Балашағасы келіп кетті. Той-думан болып тұрады.
Жайылма сөйлем	Тұрлаусыз мүше қатысқан сөйлем	Ол ерте келді. Жаңбыр қатты жауып тұр.
Толымды сөйлем	Ойға қажетті мүшелердің бәрі қатысқан сөйлем.	Олар арттарына мәңгілік із қалдырды.
Толымсыз сөйлем	Айтылуға тиісті мүшелердің бірі түсіп қалған сөйлем.	- Балам қайдан келдің? - Астанадан. Толымды түрі: -Балам, (сен) қайдан келдің? - (Мен) астанадан (келдім).
Атаулы сөйлем	Іс-оқиғаның құбылыстың атауын ғана көрсететін сөйлем.	Жаз. Қайнаған күн. Егіс даласы. Қара бұйра жер, көк торғын аспан.

Сөйлем мүшелері атқаратын қызметіне қарай 2 топқа бөлінеді: тұрлаулы мүше және тұрлаусыз мүше.

Тұрлаулы мүше – сөйлем құрауға негіз болатын мүше. Оның 2 түрі бар: бастауыш пен баяндауыш.

Тұрлаусыз мүше – өздігінен сөйлем құрай алмайтын, тек сөйлемдегі ойды толықтырып тұратын мүше. Оның 3 түрі бар: анықтауыш, толықтауыш және пысықтауыш.

300-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұнын толық сақтап әңгімеленіңдер. Әр азат жолда қанша сөйлем бар екенін табыңыздар және екі-үш азат жолды сұраулы сөйлемге айналдырыңыздар.

Табиғаттағы заттар айналымы арасында белгілі бір үйлесімділік бар. Олар әр қабаттағы өзінің белгілі бір мөлшерін сақтайды. Сондықтан ауаның құрамы тұрақты болып шығады.

Өркениет пайда болған кезден бастап ауаға кездейсоқ заттар қосыла бастады. Оған дейін ауа табиғи жолмен ғана ластанатын. Жанартаулар атқылағанда ауаға бу күйіндегі заттар, улы газдар араласады. Жел арқылы шаң, тозаңдар ұшып шығады.

Орман өртенген кезде көп мөлшерде газдар ұшып шығады. Өсімдіктер мен жануарлардың қалдығы шірігенде түзілетін газ заттары да ауаға тарайды. Мұның бәрі табиғи ластануға жатады. Заттар айналымы кезінде ауа табиғи ластанудан өзін-өзі тазартып отырады.

Қазіргі кезде ауаның ластануы адамның іс-әрекеті салдарынан жиілеп отыр. Оны ластайтын жылу электр стансасынан, мұнай өңдеуден, металл өндіруден, көліктерден, т.б. шығатын қалдықтар.

Ірі қалалардағы ауаның ластануы қауіпті шегіне жетті. Қалаға сырттан қарағанда оның үстін түтінді тұман басып жатқанын көресің. Ол тұман газ бен тозаңның араласуынан түзіледі. Содан келіп қаланың ауасы нашарлайды. Ауа температурасын біршама көтереді. Қала ауасының құрамында су буы көп болады да, ылғалды ауамен тыныс алу қиындайды.

Ауаның ластануы тіршілік етушілерге өте зиянды. Өсімдіктердің жапырағына қонған шаң оның тыныс алуын, суды буландыруын баяулатады. Ормандағыдан гөрі қалада өсетін ағаштар тіршілігі ерте тоқтайды. Орманда 400 жыл жасайтын жөке ағашы қала ауасында 50–80 жыл ғана өмір сүреді.

Жануарлар да, адам да ауа құрамына сәйкес газ қоспасымен тыныс алуға үйренген. Қоспаның құрамы өзгергенде, басқа газдар араласқанда ағзаның тыныс алуы бұзылады. Сөйтіп ол ауруға шалдығады.

Ауаға тарайтын кездейсоқ заттардың көбеюіне ауа қабаты өзін-өзі тазарта алмайды. Оны қорғау қажет. Ол үшін арнайы шаралар жүзеге асырылады. Зауыттарда тазартқыш қондырғылар орнатылады. Автокөліктерден шығатын түтіннің жолына сүзгі қойылады. Сұйық отын газбен алмастырылады.

Ауаны тазартудың ең тиімді жолы – көгалдандыру.

301-тапсырма. Сөйлемдердің аяқталған тұсына тыныс белгісін қойып, келесі сөйлемді бас әріппен жазыңыздар. Мәтінді азат жолдарға бөліңіздер.

Ауа газдардың қоспасы оның иісі және түсі жоқ мұның себебі ауаның құрамына кіретін газдардың түсі және иісі болмайды ағзалар тыныс алғанда ауадан оттегін сіңіріп көмірқышқыл газын бөліп шығарады қатты сұйық газ күйіндегі отындар жанғанда да оттегі жұмсалады өнеркәсіп орындары көптеген көлік әр үй қаншама отын жағады ендеше ауадағы оттегі неге таусылып қалмайды жұмсалған оттегінің орнын жасыл өсімдіктер толтырып отырады олар қоректенгенде ауадан көмірқышқыл газын сіңіріп оттегін бөліп шығарады өсімдіктер ауаны оттегіне байытады бұл оның қоректік қасиетінен де пайдалы жағы онсыз тірі ағзалар тұншығып өлер еді ауадай қажет деген ұғым осындай өмір тәжірибесінен алынған тіршілік үшін аса қажетті оттегі ауаның үштен бір

бөлігін құрайды көмірқышқыл газының ауадағы үлесі оттегінен 700 есе аз ауа қоспасындағы ең көп газ азот ол ауаның үштен екі бөлігін алып тұрады яғни 78 %-ы азот 21 %-ы оттегінің үлесінде.

302-тапсырма. Мәтінді оқып тақырып қойыңыздар. Мәтіннен сұраулы сөйлемдерді тауып, қандай сұрақ екенін анықтаңыздар.

Бүгінгі жұртшылық жаңадан салынатын «экологиялық кесәпаттарға» жол бермесе, бермес. Ал әлдеқашан болып, бояуы сіңіп қалған «экологиялық апаттардан» қалай құтқара алады? Мәселен, біздің республикамызда мал бағылатын жерге егін салынып, егін салатын жерден кен қазылып, кен қазылатын жерге қала салу әлдеқашан үрдіске айналған. Жиырма миллиондай гектар тың игеріп, одан бірде бар, бірде жоқ астық аламыз. Оның үстіне, жылдан-жылға былай да шөлейттенген аймаққа қалай болса солай «индустриялық алыптар» орнатып, одан сайын тақырлана түстік. Көмірді де, бокситті де, темірді де, тіпті уранды да ашық карьер қазу жолымен өндіреміз. Ал білмей тұрып іс қылудан асқан қиянат болушы ма еді?!

303-тапсырма. Топ-топқа бөлініп жұмыс істеңіздер. Мәтін бойынша бірнеше сұрақ дайындап, ішінде негізгі сұрақ, жетекші сұрақ, анықтауыш сұрақтар болсын. Сұрақтарыңызға келесі топтың студенттері жауап берсін.

Бақыттың кіндігі – Отан

XX ғасыр аяқталды. Ал бұл ғасыр болса аласапыран ғасыр болды. Осы ғасырда біздің халықтың басынан өткерген қиямет – қасіреті мол. Бір шүкіршілік етер жай: қазақ халқы құрып кетуден аман қалды, шыққан тегін сақтады, тәуелсіздік алды, түркі халықтарының қатарына қосылды, әлемдік қауымға, терезесі тең халықтар қауымына мүше болды.

Шыңғыс хан заманасында айтады екен: «Құлаш бойым құласа да, тіккен туым құламасын»,—деп, міне, ендігі тілек – осы!

Қазақта «бақыт» деген ұғым бар. Шын мәнінде бақытты болудың негізгі факторы: ол – сенің тәуелсіз Отаның, Ұлы тұғырың. Ол – сенің тіккен ордаң, ол – сенің сүйікті жарың, ол – сенің ілгері басқан перзентің, ол – сенің сүйікті кәсібін, ол – сенің өсірген, ұшырған ортаң.

Бақыттың кіндігі – Отан.

«Отан» деп лүпіл қаққан жүрек болса, «Отан» деп ағындаған тілек болса, «Отан» деп сыбанған білек болса, «Отан» деп ел үшін егілген, халық үшін қайысқан лек болса, арман орындалды дей бер.

(«Заман Қазақстан».)

304-тапсырма. Өлеңді оқып, түсінгендеріңізді айтыңыздар. Өлеңнен бұйрықты сөйлемдерді тауып, нешінші жаққа қаратып айтылғанын баяндауыш формалары арқылы түсіндіріңіздер.

Міне, сонда тазалық!

Қандай болар тазалық,
Енді соны жазалық.
Киім таза болғанмен,
Жүректе болмай арамдық,
Қоғамға қол сұқпаса –
Міне, сонда тазалық!
Шын тазалық – жүректе,
Шын сұлулық – еңбекте.
Көптің малын ұрлама.
Ынтымақты болсаңдар,
Сырттан жау кеп алар ма!
Досыңа да адал бол,

Сезімін сатып пұлдама –
Міне, сонда тазалық!
Ескі әдетті тастандар,
Жаңа жолға бастандар -
Міне, сонда тазалық!
Қоғам мүлкін қорғандар,
Сенімді бол бар жанға.
Адал болса жүрегің -
Жұрт ілеспей қалар ма!
Жауыңа да әділ бол -
Міне, сонда тазалық.

(К.Әзірбаев)

305-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, мына сұрақтарға жауап беріңіздер. Леп белгісі қойылған сөйлемдер қандай сөйлемдер екенін ажыраттыңыздар. Қарғыс алмау үшін неден аулақ болу керек? Абылай хан қандай қарғыстан қорықты? Неге? қалай ойлайсыздар?

Қазақ қарғыстары

Қазақтың ауыз, жазба әдебиетінде және ауызша айтысында жиі кездесетін сөздердің бірі – қарғыс. Ежелден тіл өнері қонған халқымыз қарғыс айтуға да шебер болған. Қарғыс ата-анаға, үлкенге тілі, қолы тиген, тәртіп бұзған, ел атына, руына келтірген, көпке зәбірі тиген, кісі өлтірген, тағы басқа жат қылық, ерсі іс, теріс мінез көрсеткен адамдарға айтылады.

Біздің халқымыз қарғыстан қатты сескенген. Елдің ішінде біреуді жұрт «қарғысқа ұшыраған» деп жатады. Оның себебі, халқымыз қарғыс қате кетпейді деп түсінген. Қарғыстың ең ауыры, ананың ақ сүтін көкке саууы және атаның теріс батасы деп есептелген. Бұрын ата-ананың ар-намысын таптаған, аса жүгенсіздік көрсеткен балалар осылай қарғалған.

Мына бір әңгіме Абылай заманында бір қарғысшыл қалмақ болған екен дейді және ол келістіріп қарғайды екен. Абылай соны шақырып алып:

- Мені қарғашы, – депті.
- Шөбің жапырылмасын! – депті қалмақ.
- Кедей бол дегенің ғой, ол қарғыс емес, – депті Абылай.
- Күлің шашылмасын!
- Баласыз бол дегенің ғой, бұл да қарғыс емес, өзім жақсы болсам, елдің бәрі- менің балам, – депті Абылай.
- Ендеше, өзің білме, білгеннің тілін алма! – депті анау.
- Астапыралла, жаманы мынау екен, – деген екен сонда Абылай дана.

306-тапсырма. Мәтінді оқып шығыңыздар. Сөйлемдердің қайсысы хабарлы сөйлем, қайсысы бұйрықты сөйлем екенін ажыратыңыздар. Тыныс белгілеріне назар аударыңыздар.

Ұзақ өмір сүргіңіз келсе...

Құрамында антиоксиданы бар тағамдар – жасарудың бірден-бір кепілі. Антиоксидан жүрек ауруына, қатерлі ісікке, ерте қартаюға жол ашатын химиялық элементтердің әсерін жояды. Мамандардың айтуынша, ол дене формасын сақтауға да көмектеседі. Жеміс-жидектер, көкөністер, сарымсақ, көк шай, соя антиоксиданды тағамдардың бірнешеуі ғана.

Денсаулығыңыз үшін күніне екі-үш рет жеміс пен көкөніс жегеніңіз пайдалы.

Жеткілікті мөлшерде су ішу тыныс алуды жақсартады. Буындар мен бұлшық еттер жұмысын арттырып, күш береді. Күнде 8 стакан су ішкеніңіз пайдалы. Дене жаттығуларын жасағанда, ұшаққа мінгенде және диета сақтап жүргенде одан да көп су ішу керек. Су токсиндерді және ағзаға жиналған майды ерітеді. Артық салмақтан арылудың да тиімді жолы.


Қан құрамы да тазарады.

Әрдайым тік отыруды, дұрыс жүріп-тұруды әдетке айналдырыңыз. Қисайып, жантайып отыру тыныс алуға, қан айналымына кедергі жасайды, күштіңіздің босқа жұмсалыуына жол ашады.

Күн сайын жарты сағат дене қимылын жасауға машықтаныңыз. Ал дене шынықтырумен жүйелі түрде айналысу – жүрек ауру, қатерлі ісік, артық салмақтың алдын алады.

Жүйелі, дұрыс тамақтанып, көп мөлшерде су ішіп, дұрыс ұйықтап, темекі мен алкогольді ішімдіктерден бойыңызда аулақ салыңыз... ұзақ та баянды өмір сүретіңізге күмәніңіз болмасын.

307-тапсырма. Бұл қандай мақал? Суреттегі әріп бөліктерін жүйелеп оқысаң, сөз туралы мақал шығады.



Тұрлаулы мүшелер Бастауыш

Бастауыш – сөйлемде атау септігінде тұрып, іс-оқиғаның иесін білдіретін тұрлаулы мүше.

Сұрақтыры: Кім? Не? Кімдер? Нелер? Кімі? Несі?

Бастауыш төмендегі сөз таптарынан жасалады:

Сөз табы	Мысалы
Зат есім	<u>Күн</u> жылынды. <u>Досым</u> келді.
Есімдік	<u>Бұл</u> – үлкен үй. <u>Өзің</u> кел. <u>Ешкім</u> жоқ.
Сын есім	<u>Ақылды</u> ісіне сенеді. <u>Сыпайы</u> сырын сақтар.
Сан есім	<u>Үшеуі</u> сыртқа шықты. <u>Төрт</u> екіге бөленді.
Етістік	<u>Іздеген</u> жетер мұратына. <u>Оқу</u> инемен құдық қазғандай.

Бастауыш құрылысына қарай 3-ке бөлінеді:

Дара бастауыш – бір сөзден тұратын бастауыш. *Мысалы:* Біз алғашқыда өз көзімізге өзіміз сенбедік. Жігіттер аттарын жетектеп, бұлақ басына жақындай береді.

Күрделі бастауыш – кемінде екі сөзден тұратын бастауыш. *Мысалы:* Кеншілер сарайы адамға лық толы. Ырыс алды – ынтымақ.

Үйірлі бастауыш – үйірлі сөздерден тұратын бастауыш. *Мысалы:* Уайымы көптер тез қартаяды.

308-тапсырма. Мына сөздерді бастауыш етіп сөйлемдерді аяқтаңыздар.

Ауылдың маңы ...

Балалар шуы ...

Асық ойнаған ...

Жығылған ...

Алтау ..., төртеу ...

Оның айтып отырғаны ...

Ол өзі ...

309-тапсырма. Мәтінді көшіріп жазыңыздар. Бастауыштарды тауып, қандай сөз таптарынан болып тұрғанын ажыратыңыздар. Бастауыштарды бөліп алып, мәтінді қалпына келтіріп көріңіздер.

У қарағай

У қарағай – өте сирек өсетін ағаш. Ол жер жүзінде бірнеше ғана жерде – Кавказда, Қиыр Шығыста, Британ аралдарында қалды. У қарағай ұзақ өмір сүреді: мың жылдан да астам жасайды. Биіктігі сегіз метрге дейін жетеді. Қызғылт түсті, өте әдемі, мықты ағаш. Адамдар оны тақтай жасау үшін пайдаланады.

У қарағайдың қалқаны қара көк, тіпті қап-қара, жылтырап тұрады. ол – улы. Егер жылқы жейтін болса, бірден құлап түсіп өледі. Ал бұғылар, еліктер орманда онымен қатар өмір сүріп, оған үйреніп кеткен. Олар үшін у қарағайдың қылқаны қауіпті емес.

310-тапсырма. Сын есімді, сан есімді, есімшені, тұйық етістікті, одағайды бастауыш етіп сөйлем құраңыздар.

311-тапсырма. Мақал-мәтелдерді көшіріп жазып, бастауыштың астын сызыңыздар да, есімше мен сын есімнің қандай жағдайда бастауыш болатынын түсіндіріңіздер. кім? не? деген сұрауларға жауап беруіне қарай қандай заттық мағынаға ие болып тұрғанын анықтаңыздар.

Үлгі: *Іздеген – жетер мұратқа. (мақал)*

Бастауыш есімшеден болып тұр.заттық мағынаға (адам, кісі) ие болып, кім? деген сұраққа жауап береді. Іздеген адам жетер мұратқа. – Іздеген – жетер мұратқа.

Ұйымдасқан – ұтады. Сыпайы – сырын сақтар, әдепті – арын сақтар. Шешінген – судан тайынбас. Естімеген – елде көп. Қорқақ – көлеңкесінен де қорқады. Қорыққан – бұрын жұдырықтар. Көп – қорқытады, терең – батырады. Аянбаған – жауды алар, абайлаған – дауды алар. Жүйрік – бестіден шығар. Ел аралаған – сыншы болар, орман аралаған – үйші болар.

Баяндауыш

Баяндауыш – бастауыштың жай-күйін, оқиғаның қай шақта болғанын білдіріп, сөйлемді тиянақтап тұратын тұрлаулы мүше.

Қай сөз табынан болса, сол сөз табының сұрақтарына жауап береді

Баяндауыш төмендегідей сөз таптарынан жасалады.

Сөз табы	Мысалы
Етістік	Күн жылынды. Досым келді.
Зат есім	Бұл үлкен <u>үй</u> . Оның алғаны <u>кітап</u> .
Сын есім	Дала <u>тап-таза</u> . Күн <u>ыстық</u> .
Сан есім	Екі жерде екі <u>төрт</u> . Оның жасырғаны <u>бес</u> .
Есімдік	Менің айтарым <u>осы</u> . Біздің ауыл <u>әне</u> .

Баяндауыш құрылысына қарай үшке бөлінеді:

Дара баяндауыш – бір сөзден тұратын баяндауыш. Мысалы, Олар алыс жерден келді.

Күрделі баяндауыш – кемінде екі сөзден тұратын баяндауыш. Мысалы, Ауыл мәдениеті өсіп келеді.

Үйірлі баяндауыш – үйірлі сөздерден тұратын баяндауыш. Оның ең үлкен кемшілігі – сабақ оқымау.

312-тапсырма. Мына сөздерді баяндауыш етіп, сөйлем құрастырыңыздар.

... – ынтымақ. ... – байлық. – оқу. ... – сәлем берді. ... – төрт. ... – бөлінбейді. ... – жетім. ... – білерсің. ... – жаман. ... – арсыз.

313-тапсырма. Мәтінге ат қойыңыздар. Баяндауыштарды тауып, жасалу жолдарын түсіндіріңіздер.

Өркениет пайда болған кезден бастап ауаға кездейсоқ заттар қосыла бастады. Оған дейін ауа табиғи жолмен ғана ластанатын. Жанартаулар атқылағанда ауаға бу күйіндегі заттар, улы газдар араласады. Жел арқылы шаң, тозаңдар ұшып шығады.

Орман өртенген кезде көп мөлшерде газдар ұшып шығады. Өсімдіктер мен жануарлардың қалдығы шірігенде түзілетін газ заттары да ауаға тарайды. Мұның бәрі табиғи ластануға жатады. Заттар айналымы кезінде ауа табиғи ластанудан өзін-өзі тазартып отырады.

Қазіргі кезде ауаның ластануы адамның іс-әрекеті салдарынан жиілеп отыр. Оны ластайтын жылу электр стансасынан, мұнай өңдеуден, металл өндіруден, көліктерден, т.б. шығатын қалдықтар.

Ірі қалалардағы ауаның ластануы қауіпті шегіне жетті. Қалаға сырттан қарағанда оның үстін түтінді тұман басып жатқанын көреміз. Ол тұман газ бен тозаңның араласуынан түзіледі. Содан келіп қаланың ауасы нашарлайды. Ауа температурасын біршама көтереді. Қала ауасының құрамында су буы көп болады да, ылғалды ауамен тыныс алу қиындайды.

314-тапсырма. Тұрлаулы мүшелерін тауып, астын сызып, бастауыштан кейін сызықшаның қойылу жағдайын түсіндіріңіздер.

Қайың – күй таңдамайтын ағаш. Ол түрлі жағдайларда ... өсе береді. Лупа – үлкейтіп көрсететін шыны. Қиярдың шыққан жері –Индия. Оттегі – түссіз газ. Спорт – денсаулық күзетшісі. Адам үшін нағыз асыл қазына – еңбек ете білу. Азамат болу –парыз.

315-тапсырма. Мәтіннен баяндауышты тауып, қай сөз табынан екенін анықтаңыздар.

Мұнай қуатты және арзан отындардың қатарына жатады. Тас көмірмен салыстырғанда оның қызуы әлдеқайда артық.

Сондай-ақ, мұнай тектес газдың да қуаты күшті. Газ күлінен резина, машиналардың дөңгелектері, пластмасса, т.б. көптеген өмірге керек заттар шығарылады.

Мұнай тектес газдардан алынатын шайырлардан пластикалық масса, жасанды дәрі-дәрмектер, фотография пленкалары және қысымға шыдамды сынбайтын әйнектер, т.б. жасалады.

Медицинада аурулардың кейбір түрін емдейтін құнды әрі қымбат дәрі-дәрмектер осы мұнайдан бөлініп шығарылған «ақ майдан» жасалады.

Мұнай мен газдан алынатын сан түрлі химиялық, т.б. заттардың шегіне адам баласы әлі де болса жете қойды деп айтуға болмайды, оның шегі жоқ екені шындық. Ғылым мен техниканың бұдан былай да дами түсуіне байланысты мұнай мен газдан алынатын пайдалы заттардың саны да арта беретіні сөзсіз.

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері Анықтауыш

Анықтауыш – зат есімнен болған мүшенің сын-сипатын анықтап тұрады.

Сұрақтары: қандай? қай? кімнің? ненің? неше? нешінші? қайдағы? қашанғы?

Анықтауыш төмендегідей сөз таптарынан жасалады:

Сөз табы	Мысалы
Сын есім	Олар шалғай ауылдарды аралады.
Есімдік	Кейбір аңдар ертерек азықтануға шығады.
Зат есім	Өзен бойында қора-қора қой жайылып жүр.
Сан есім	Оныншы сыныпта бұл тақырыптарды өткен едік.
Есімше	Айтқан сөзің дәл келсе, саған сыйлығым бар.

Анықтауыш құрылысына қарай үшке бөлінеді:

Дара анықтауыш – бір сөзден тұратын анықтауыш. Мысалы: Сары жапырақтар жерге түсіп жатыр.

Күрделі анықтауыш – кемінде екі сөзден тұратын анықтауыш. Мысалы: Қара торы ат бірінші келді.

Үйірлі анықтауыш – үйірлі сөздерден тұратын анықтауыш. Мысалы: Ақылы бар жігіт өмірден опық жемейді.

316-тапсырма. Мақал-мәтелдерді оқып шығып, ондағы айтылған ақыл-кеңестерді естеріңізге сақтаңыздар. Анықтауыштарды тауып, дара я күрделі екендігін анықтаңыздар.

Ынтымақты ел – сарқылмас көл. Елдің ерлігі ерінен танылар, елдің байлығы жерінен танылар. Жасырғанның жарасы асқынады. Көбікті қарда түлкі ойнар, көңілді кезде күлкі ойнар. Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл. Кісінің кісілігі – киімінде емес, білімінде. Жаста оқыған оқуың тасқа жазғанмен бірдей, үлкейгенде оқыған оқуың мұзға жазғанмен бірдей. Ақынның тілі қылыштан өткір, қылдан нәзік.

317-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, қарамен жазылған анықтауыштардың сұрақтарын қойыңыздар.

Темекі тарту Американы ашқаннан кейін ғана етек ала бастады. Еуропаға темекіні XVI ғасырдың **әйгілі** теңізшісі Х.Колумб әкелді деген болжам бар. Алғашқы уақытта темекі адам денсаулығына пайдалы деп есептелінді. Дәрігерлер сырқаттарға темекі тартып немесе иіскеп емделуге кең түрде кеңес беріп отырған. Еуропадағы **алғашқы** темекіні өсіруші дәрігер Жан Нико болған. Сол Никонның аты-жөнімен **темекінің негізгі әсер етуші улы** заты - никотин аталып кеткен.

Бірақ темекі салдарлары көп ұзамай байқала түсті. **Жан қинаған көк жөтел, ерін, тіл, тамақ, өкпе** аурулары тарай бастады.

Темекіні жаңалап тартқан сайын түтінмен ішке баратын уытты заттар молайып, өмірлік маңызды мүшелерді үсті-үстіне уландыра береді. Темекінің соңғы үштен бір бөлігі аса қауіпті. Онда көміртек қышқылы – 5 есе, бензопирен – 4 есе, никотин – 3 есе, қара смола – 3 есе, аммиак – 46 есе көп. Сондай –ақ **басқа** да уытты заттардың қосындылары қан арқылы бүкіл өне бойды улап өтеді. Тыныс алу жолдары ерекше зардап шегеді. **Созылмалы бронхит, трахеит, демікпе, өкпе, ерін, тіл, жұтқыншақ рагы** сияқты ауруларды туғызады. Темекі тартатындардың өкпе рагына шалдығуы тартпайтын адамдарға қарағанда он есе жиі кездеседі. Ракпен ауырған 100 еркек адамның 90-ы – темекі тартатындар. **Сілекей арқылы кеңірдек пен асқазанға түскен** никотин жүректі айнытып, құстырады, соның салдарынан асқазан мен тоқ ішектің қабырғаларында **ойық** жаралар пайда болады. **Әрбір жарты сағат сайын тартылған** темекі салдарынан қан тамырлары үнемі әлсіз жұмыс істейді де, **оттектің** адам организіміне таралуы баяулап, жүрек шаншулары пайда болып, инфарктіге ұрындырады. Зерттеулерге қарағанда, темекі тартатындар миокард инфарктісіне бес есе, **миға қан құйылып кету** ауруына 3-4 есе көп ұшырайды екен. Темекі аяқ тамырларының таралуына, бұлшық еттерінің ауыр сырқаттарына әкеліп соғады. Тіпті **ауру аяқты кесуге тура келетін** кездер де болады.

Шетел ғалымдары никотин мен темекі түтінінің ысы аллергиялық аурулардың көбеюіне себепші болатынын дәлелдеді. Сөйтіп, темекінің адам ағзасына келтіретін зияны өлшеусіз әрі өте-мөте залалды.

318-тапсырма. Нақыл, ақыл сөздерді оқып шығып, анықтауыш болып тұрған сөздерді құрамына қарай топтап жазыңыздар.

Үлгі: *дара анықтауыштар: бірінші, ...; күрделі анықтауыштар: жетім-жесірдің, ...; үйірлі анықтауыштар: екіжүзділер деп аталатын,*

Бірінші байлық – денсаулық, денсаулық кепілі – тазалық. Жаман мінез-құлық – рухани кесел. Өтірікшінің шын сөзі зая. Жетім-жесірдің ақысын жеме, обал болады. Есерлердің ішінде екіжүзділер деп аталатын бір топ бар, олар өздерін және өзгелерді, көбінесе өздеріне қарағанда өзгелерді алдауға үздіксіз жаттығады, ал шын мәнісінде басқаларға қарағанда өздерін өздері алдайды. Ешбір ата-ана өз перзентіне мінез-құлқынан артық мирас қалдырмайды. Жұрттың көзінше істеуге ұят деп білген нәрсеңді оңаша отырғанда да істеме. Аманатқа қиянат еткен адамда иман жоқ. Екі адамның оңаша әңгімесі бір-біріне аманат саналады және әңгімелескен сырын ашу – арамдық. Өзінің қол астындағы адамдарға қиянат жасап, оларды алдаған қауым бастығы қиямет күні тозаққа хукім етіледі.

319-тапсырма. «Адамның жақсы, жаман болмағы – өзінен» деген тақырыпта ойтолғау жазыңыздар.

320-тапсырма. Мәтіннен анықтауыштарды табыңыздар.

Түсті металдардың бір түрі – **алюминий**. Ол – күміс сияқты жарқыраған, ақ түсті, өте жеңіл металл. Оңай иіледі, тоттанбайды, электр тогын жақсы

өткізеді. Алюминийден жасалған қасық, шанышқы, түрлі ыдыс-аяқтар, электр сымдары күнделікті тұрмыста жиі ұшырасады. Әсіресе алюминийдің басқа металдармен қоспасы өте құнды. Мұндай қоспалар әрі берік, әрі жеңіл болғандықтан, ұшақтарды, ғарыш кемелерін жасауға кеңінен қолданылады.

Алюминий негізінен бокситтен алынады. Боксит (алюминий қосылыстары) сырттай қарағанда қатқан сазға ұқсайды, одан айырмасы – оның суға иленбеуі. Темір тотығының араласуына байланысты қызғылт немесе қызыл қоңыр түсті келеді.

Боксит Қостанай облысындағы Арқалық кен орнында ашық әдіспен өндіріледі.

Толықтауыш

Толықтауыш – іс-оқиғаны заттық мағына жағынан сипаттайтын тұрлаусыз мүше.

Сұрақтары: кімге? неге? кімді? нені? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен? *Толықтауыш төмендегідей сөз таптарынан жасалады:*

Сөз табы	Мысалы
Зат есім	Қорқақ көлеңкесінен қорқады.
Есімдік	Бұл сөз оған қатты әсер етті.
Сын есім	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.
Сан есім	Бестен үшті алса, екі қалады.
Етістік	Оны айтар - айтпасын білмеді.

Толықтауыш құрылысына қарай үшке бөлінеді:

Дара толықтауыш – бір сөзден тұратын толықтауыш. Мысалы: Оны ешкімге көрсетпе.

Күрделі толықтауыш – кемінде екі сөзден тұратын толықтауыш. Мысалы: Олар аттардың қара торысын таңдап алды.

Үйірлі толықтауыш – үйірлі сөздерден тұратын толықтауыш. Мысалы: Досы көппен сыйлас, досы жоқпен сырлас.

Толықтауыш мағынасына қарай екіге бөлінеді:

Тура толықтауыш – табыс септік тұлғасындағы толықтауыш. Мысалы: Суды шым тоқтатар, сөзді шын тоқтатар.

Жанама толықтауыш – барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктері тұлғасындағы және, туралы, жөнінде, жайында шылаулармен тіркесіп келген сөздер тұлғасындағы толықтауыш. Мысалы: Екі қарт кісімен амандастым.

321-тапсырма. Мәтіндегі тура және жанама толықтауыштарды тауып, қандай септіктерде тұрғанын ажыратыңыздар. Дара толықтауыштарды бір бөлек, күрделі толықтауыштарды бір бөлек өздері байланысқан сөздермен бірге теріп жазыңыздар.

Судың сәл-пәл қышқыл дәмі мен иісі бар. Бұл – хлордың, насос станцияларында суды микробтардан залалсыздандыратын заттың иісі.

Хлор – улы зат. Ол суға мөлшерден артық қосылса, адам денсаулығына қауіп төндіреді. Ендеше, қандай жолмен су құбырындағы хлордың мөлшерін бір секундты да қалт жібермей, үздіксіз қадағалап отыруға болады?

Ғалымдар мұндай қажымас, қағілез бақылаушыны тапты да. Ол фотоэлемент еді. Бақылау қондырғысы мейлінше қарапайым болып шықты. Екі мөлдір ыдыс. Олардың ортасына шам. Ол, бейне бір екі қол секілді, екі жаққа қос сәуле түсіріп тұрады. Жарық екі ыдыстан да өтіп келіп, қос фотоэлементке жетеді. Ал ыдыстар арқылы үнемі су ағып тұрады. Біреуінен таза су, ал екіншісінен ортотолуидин деп аталатын химиялық қоспа араласқан су өтеді. Ортотолуидиннің ерекше қасиеті бар: су ішінде хлордың өте аз мөлшері араласқан жағдайда да ол судың түсін бұзады.

Ал енді фотоэлемент жарық күшінің өте елеусіз өзгерісін сезген болса ше?

Бұл жағдайда ешқандай жаңылыспай, өз міндетін атқара береді. Құбырда хлор сәл көбейе бастаса болды, судың мөлдірлігі нашарлап, түсі бірден бұзылады, фотоэлементке түсетін жарық азаяды. Осы сәтте арнаулы реле іске қосылып, судың түсі қалыпты күйге түскенге дейін оған хлор жіберу уақытша тоқтатылады.

322-тапсырма. *Әке, ақылды, төрт, ол оқыған, оқу* сөздерін атау және ілік септіктерден басқа септіктерге қойып, толықтауыш етіп сөйлемдер құраңыздар.

323-тапсырма. Мәтіндегі толықтауыштарды тауып, қандай септікте тұрғанын анықтаңыздар.

Пайдалы қазбалардың ішінде ең көп таралғаны – тұз. Ас тұзын тұзды көлдерден өндіреді. Көл суы жаздың аптап ыстығында көп буланады да, еріген тұз түбіне шөге береді. Оны өндіру үшін тұз сорғыш машина қолданылады. Мұндай машинаның орасан зор түтігі мен сорғыш сорабы болады. Түтік арқылы көл түбіндегі тұз суымен қоса тартып алынады. Машина тұзды айырып, бірден кішкене вагондарға тиейді. Машина да, вагондар да көл табанына салынған рельсті бойлап жылжып отырады.

Әрбір адамның тамағына күніне 20 грамм шамасында ас тұзы жұмсалады. Тұздан сода, хлор және басқа заттар алынады.

Тұздың бұдан басқа да көптеген түрі бар. Олардың біразын дәрі ретінде пайдаланамыз. Кейбіреулері, мысалға калий тұзы топырақты тыңайтуға жұмсалады.

324-тапсырма. Көшіріп жазып, қарамен жазылған сөздердің сөйлемнің қай мүшесі екенін анықтаңыздар. Тиісті сұрауларын қойып, құрамына қарай олардың дара я күрделі екенін ажыратыңыздар.

Мақта көп **суаруды** талап етеді. Ол **құрғақшылыққа** төзбейді. Сол үшін де **каналдар қазып**, үлкен **су қоймаларын** салу керек болады. **Суландыру жөнінде** біздің еңбектеріміз босқа кетіп жатқан жоқ. **Жер-Ана бізге** мақтаның мол **өнімін** беруде. Бірақ бұл байлық біздің **талабымыздан** әлдеқайда төмен.

Біз мақта жинауды еселеп арттыруды қалаймыз. Шөлейт жерлерді жеткілікті дәрежеде суландыру керек. Жаңа табыстарға жетуімізге ғылым көмектеседі.

325-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауларын қойып, мақал-мәтелдерді көшіріп жазыңыздар. Олардың мазмұнына көңіл аударып, септік жалғаулы сөздерге сұрау қойып, толықтауыштың астын сызыңыздар.

Тілің ... жүгірме, білім ... жүгір. Аузы ... әзілі жоқтың қолы ... қолы шоқпары бар. Ақымақ ... айтқан сөз ағып жатқан су ... тең; ақылды ... айтқан сөз қол ... ұстаған ту ... тең. Татулық ... табыс мол. Қорқақ көлеңкесі ... де қорқады. Су ... шым тоқтатар; сөз ... шын тоқтатар.

Пысықтауыш

Пысықтауыш – сөйлемде іс-қимылдың түрлі белгісін (мекенін, мезгілін) анықтайтын мүше.

Сұрақтары: қайда? қайдан? қалай қарай? қашан? қашаннан бері? қалай? қалайша? қайтіп? неліктен? не үшін? неге? не мақсатпен?

Пысықтауыш төмендегідей сөз таптарынан жасалады

Үстеу	Ол ілгері басты.
Барыс, жатыс, шығыс септіктеріндегі сөздер	Балапандардың даусы таяудан естіледі.
Есім сөздер	Ол екі сөйлемейтін.
Еліктеу сөз	Бұл сөзіме Шаймерден кеңк-кеңк күлді.
Көсемше	Анасы баласының жүзіне мейірлене қарады.

Пысықтауыш құрылысына қарай үшке бөлінеді:

Дара пысықтауыш – бір сөзден тұратын пысықтауыш. Мысалы: Ол сұраққа ойланбастан жауап берді.

Күрделі пысықтауыш – кемінде екі сөзден тұратын пысықтауыш. Мысалы: Мерей жымың-жымың етіп сахнаға шықты.

Үйірлі пысықтауыш – үйірлі сөздерден тұратын пысықтауыш. Мысалы: Уақытым барда сабаққа дайындалсам деймін.

Пысықтауыш мағынасына қарай үшке бөлінеді:

Түрі	Ережесі	Сұрағы
Мекен	Іс-әрекеттің болу орнын мекенін білдіреді	қайда? қайдан? қалай қарай?
Мезгіл	Іс-әрекеттің мезгілін білдіреді.	қашан? қашаннан бері?
Себеп-салдар	Іс-әрекеттің себебін білдіреді.	неліктен? не үшін? неге?
Сын -қимыл	Іс-әрекеттің жүзеге асу амалын, мөлшерін білдіреді.	қалай? қалайша? қайтіп?
Мақсат	Іс-әрекеттің мақсатын білдіреді	неге? не мақсатпен?
Мөлшер	Іс-әрекеттің мөлшерін білдіреді.	қалай? қанша?

326-тапсырма. Мына үстеулерді қатыстырып, сөйлем құраңыздар. Пысықтауыштың қай түрін жасағандарыңызды табыңыздар.

Күзде, қуаныш үстінде, тұс-тұстан, артта, арнайы, үйрену үшін, едәуір, жатпай-тұрмай, күмілжіп, шұрқ-шұрқ, қорыққандықтан, сонша, бірен-саран.

327-тапсырма. Берілген үлгіге қарап, өздеріңіз ойдан сөйлемдер құрастырып, сөйлем мүшелеріне талдаңыздар.

Сөйлем	_____	=====	~~~~~	- - - - -	- . - . -
Алыстағы таулар, адырлар қараңғы кеште көрінбейді. (С.Сейфуллин)	+		+		+

328-тапсырма. Төменде берілген сөйлемдерден пысықтауыштарды табыңыздар.

Ол бүгін келеді. 22 наурызда күн мен түн теңеледі. Таңертеңгі шайдан соң Абай әке қасынан шығып, Майбасарға келе жатты. Әжесі үйде қалды. Біз қала маңынан келдік. Сәуле зат алғалы келді. Ол әдейі кірді. Мен осыны айту үшін сөйлестім. Жиналыста шапшаң сөйледі. Бала жүгіре-жүгіре шаршады. Бұл сөзді естігенде, ол сылқ-сылқ күлді.

329-тапсырма. Мәтінді оқып, пысықтауыштарды табыңыздар.

Мұнай және газ кендерінің сулары – жер қыртысының әр түрлі қабаттарында мұнаймен және газбен бірге кездесетін сулар. Сусыз мұнай мен газ кені жоқ. Кен орындарының қалыптасуына немесе бұзылып шайылуына жер асты сулары әсер етеді. мұнай және газ кендерінің сулары әдетте тұзды, тұздық болып келеді. Бұл сулар жер астында өзара алмасып жату жағдайына қарай төртке бөлінеді: шеткі шектес, астыңғы, үстіңгі шектес, аралас сулар.

Құрмалас сөйлем

Құрмалас сөйлем екі немесе бірнеше жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіреді.

Құрмалас сөйлемнің құрылысына қарай үш түрі бар: салалас, сабақтас, аралас құрмалас сөйлемдер. Олардың ерекшеліктері төмендегідей:

Түрі	Ереже	Мысал
Салалас құрмалас	Құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде салаласа байланысады.	Күз келді. Күн суытты.
Сабақтас құрмалас сөйлем	Жай сөйлемдердің алғашқысының баяндауышы тиянақсыз болып, екінші сөйлемге бағына байланысады.	Күз келіп, күн суытты.
Аралас құрмалас сөйлем	Кемінде үш сөйлемнен құралып, бір-бірімен салаласа да, сабақтаса да байланысады.	Күз келіп, күн суытқандықтан, ол жылы киінді.

330-тапсырма. Оқып шығып, мәтінді құрайтын сөйлемдердің қайсысы жай сөйлем, қайсысы құрмалас сөйлем екенін ажыратыңыздар. Тұрлаулы мүшелерін тауып, құрамына қарай талдаңыздар. Даналық сөздердің мағынасынан не түйгендеріңізді топ ішінде анықтаңыздар.

Мінезі жақсы төрге озар. Ыстық асқа үрме. Кісі айыбын ашқаннан жапқан жақсы. Үлкен келсе, аяғыңды аяма. Жасында әдет үйренбеген кісіден өскенде қайран доқ. Досыңды барда да сына, жоқта да сына. Дос адам артық сұрамайды. Құлағанның сұрағанын өтесең, өтеуін Құдай береді. Өш алғаннан гөрі, кешірген жақсы. Халық тарықса, үкімет жұтайды. Зорлық қылғанды кешіру – сорлы адамды зорлаумен бірдей. Тарығып тапшылықтан өлсең де аштан, Ақысын жетімдердің жеме ешқашан. Кімде-кім адамдардан ұялмаса, ол Алла тағаладан да ұялмайды. Достық пен махаббат – осы екі ұлы сезім адамды мүлде өзгертіп жібереді. Қорқақ – махаббатқа қабілетсіз, махаббат – ержүректің еншісі.

331-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, тірек сөздерді табыңыздар. Жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдырып жазыңыздар.

Достық деген не?

Анадан туған әр адамның жүрегінің түбінде достық пен махаббаттың ұрығы жатады... Жерге түскен әрбір ұрықтың өнуі үшін күннің нұры, топырақтың қызуы қажет. Сол сияқты әр сәбидің жүрек түкпірінде жатқан достық пен махаббат ұрығының өніп, өсіп, гүлдеуі үшін едәуір уақыт керек.

Баланың есі кіріп, сана-сезімі оянып, кемелдене бастаған шағында оның жүрегіндегі достық пен махаббат бұршік жаруға талпынады. Өйткені жолдастық – достық пен махаббаттың бірінші баспалдағы.

Салалас құрмалас сөйлем

Құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде салаласа байланысады.

Құрамындағы жай сөйлемдері екі жолмен байланысады:

Құрамындағы жай сөйлемдері көбіне жалғаулық шылаулар арқылы байланысады.

Мағыналарының жақындығына қарай іргелес тұрып, интонация арқылы байланысады.

Салалас құрмалас сөйлемнің алты түрі бар:

Түрі	Ереже	Құрамындағы жай сөйлемдерді байланыстыратын жалғаулықтар	Мысал
Ыңғайлас	Бір-біріне жақын болған оқиғаларды білдіреді.	Және, әрі, да, де, та, те	Далада жел соғып тұр, әрі сіркіреп жаңбыр жауып тұр.
Қарсылықты	Жай сөйлемдерінің мағыналары бір-біріне қарама-қарсы болып келеді.	Бірақ, дегенмен, сонда да, сөйтсе де, әйтсе де, алайда	Есікті жауып қойған, сонда да ол ішке кіруден үмітін үзген жоқ.
Себеп-салдар	Жай сөйлемдерінің бірі екіншісінің себебін білдіреді.	Өйткені, себебі, сондықтан, сол үшін	Биыл шөп қалың шықты, өйткені жаңбыр көп жауды.
Кезектес	Іс-қимылдың кезектесіп келетінін білдіреді.	Бірде, біресе, кейде	Олар біресе тоқтап демалады, біресе күн ұзақ жүріп алады.
Талғаулы	Жай сөйлемдерінде айтылған іс-әрекеттің біреуі ғана орындалады.	Не, немесе, әлде, я, яки, әйтпесе, не болмаса	Ертерек үйге дәрігер шақыру керек немесе ауруханаға бару керек.
Түсіндірмелі	Соңғы сөйлемі алдыңғы сөйлемнің мағынасын түсіндіріп тұрады.	Жалғаулығы жоқ	Қорыққаны сонша – орнынан тұра алмай қалды.

332-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдердің екінші сыңарын өздеріңіз ойлап тауып, салалас құрмаласқа айналдырып жазыңыздар.

Үлгі: *Еңбектің наны тәтті, ... (Жалқаудың жаны тәтті.)*

Салалас құрмалас: еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті.

Бірыңғай мүшелі жай сөйлем: Еңбектің наны, жалқаудың жаны тәтті.

1. Еңбек ерлікке жеткізер, 2. Көз қорқақ, 3. Еңбек түбі – береке, ...
4. Қоянды қамыс өлтіреді, ... 5. Көп қорқытады, 6. Жалғыздың үні шықпас, ...
7. Атаның баласы болма, ... 8. Ат аяғынан семірер, 9. Ұста пышаққа жарымас, ...
10. Ата көрген – оқ жонар, ... 11. Білекті бірді жығар, ... 12. Қына тасқа бітеді, ...
13. Көп жасаған білмейді, ... 14. Оқу – білім азығы, ... 15. Шебердің қолы ортақ,

333-тапсырма. Берілген жай сөйлемдерге ойларыңнан қарама-қарсы мәнді жай сөйлем ойлап жазып, қарсылықты салалас құраңыздар.

Жел саябырлаған сияқты, Теңіз тынышталды, Тау астындағы көлдің үңгірі жолдан алыс емес екен, Бұрын бай еді, Көп балалы үйдің шаңшұңы көп болушы еді, Жаз ортасы болып қалды,

334-тапсырма. Қайсысы ыңғайлас салалас, қайсысы себеп-салдар салалас, қайсысы қарсылықты салалас екенін табыңыздар. Әрбір салалас құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің байланысу жолын түсіндіріңіздер.

Мұғалімнің жұмысында қиындықтар өте көп және мұғалімнің жауаптылығы да өте зор. Адамдарға мұғалімнің еткен әсері мәңгі қалып қояды, сондықтан да мұғалім өзін-өзі бақылай жүруге тиіс... Түсінен шошынып, дүниенің төрт бұрышын тегіс кезіп шығады, бірақ қайда барса да көретіні – қазып жатқан көр болады. Құдайдың қаһарынан жалбарынып құтылуға болады, халықтың қарғысынан ешқашан да құтылуға болмайды.

335-тапсырма. Түсіндірмелі салаластың жасалу жолдарын түсіндіріңіздер. Тыныс белгісінің қойылу себепін айтыңыздар.

Опасыз адам жел сияқты: алдыңда құдық барда артыңнан итереді. Келіннің үш күйеуі болады: алғашқы күйеуі – алтын елі, екінші күйеуі – арнамысы, соңғы күйеуі – алған жары. Оның қорыққандығы сондай – не айтып, не қойғанын білген жоқ. Өтірік сөз жарақат сияқты: жазылса да орны қалады. Өзі сақ кісінің, ісі де сақ: жарамас іске жуымас. Үш нәрсе тұрақтамайды: бірі – саудаға түспеген мал, екіншісі – таласқа түспеген ғылым, үшіншісі – саясаты жоқ патша.

336-тапсырма. Мына сөздерді бастауыш етіп, салалас құрмалас сөйлемдер құрап жазыңыздар.

Үлгі: *Күн, жаңбыр – Күн бұлттанды, бірақ жаңбыр жауған жоқ. Күн бұлттанды – жаңбыр жауған жоқ.*

Дала егін; университет, кітапхана; өзен, балық; көл, қайық; студент, кітап; орман, отын.

Сабақтас құрмалас сөйлем

Бірінші сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз болып, екінші сөйлемге бағына байланысады.

Сабақтас құрмалас сөйлемдегі баяндауышы тиянақсыз болып келген бірінші сөйлемді бағыныңқы сөйлем дейді. Ал баяндауышы тиянақты болып келген екінші сөйлемді *басыңқы* сөйлем дейді.

Түрі	Ереже	Сұрағы	Жасалу жолдары мен мысалдар
Шартты - бағыныңқылы	Бағыныңқы сөйлемі басыңқы сөйлемнің шарты болып келеді	Қайтсе? Не етсе? Қайткенде? Не еткенде? Қайтпейінше?	-са, -се,-май,- мей,-пай,-пей, -бай,-бей, -ғанда,-генде, қанда,-кенде. Сабақ оқығанда, бес алар едің.
Қарсылықты бағыныңқылы	Бағыныңқысы басыңқы сөйлеміне қарама-қарсы болып келеді.	Қайтсе де? Қайткенмен? Не етпестен? Қайткенше? Не еткені болмаса?	-ғаны,-гені,-қаны,-кені,-а,-е,-й,-ғанша,-генше,-қанша,-кенше,- са да,-се де. Қыс келсе де, қар жаумады.
Себеп бағыныңқылы	Бағыныңқысы басыңқы сөйлемінің себебін білдіреді.	Неліктен? Не үшін? Не себепті? Не деп?	-ғандықтан,-гендіктен,-қандықтан,-кендіктен,-ғаны,-гені,қаны,-кені, ып-іп,-п, ма,-ме,-ба,-бе,-па,-пе,-ған,-ген,-қан,-кен. Күн жылы болған соң, біз серуенге шықтық.
Мезгіл бағыныңқылы	Бағыныңқысы басыңқы сөйлемнің мезгілін білдіреді.	Қашан? Қай кезде? Қашаннан бері?	-ғанда,-генде,-қанда,-кенде,-ған,-ген,-қан,-кен,-ғалы,-гелі,-қалы,-келі,-са,-се. Ол келсе, сабақ аяқталыпты.
Қимыл - сын бағыныңқылы	Бағыныңқысы басыңқы сөйлемде айтылған іс-қимылдың қалай орындалғанын білдіреді.	Қайтіп? Не етіп? Қалай?	-а,-е,-й,-ып,-іп,-п, -ған,-ген,-қан,-кен,-дай,-дей. Екі қолы дірілдегендей болып, Оспан ішке кірді.
Мақсат бағыныңқылы	Бағыныңқысы басыңқы сөйлемдегі ойдың мақсатын білдіреді.	Не мақсатпен? Не үшін? Не етпек болып?	-мақ,-мек,-пақ,-пек,-бақ,-бек,-у+үшін,-қы,-кі+тәу.ж. Оның оқығысы келіп, қалаға келді.

337-тапсырма. Мәтінді оқып, сабақтас құрмалас сөйлемдерді табыңыздар.

Ей, перзентім, тамақтан аш қалсаң да, ақыл-парасатқа тоқ бол. Адамдарға дөрекілік жасама. Ойпыл-тойпыл сөйлеуден сақтанып, тіліңді тыйып ұста. Сонда ғана сен әр қилы қырсықтардан аулақ боласың. Адамдар бойында жоқ және болып та көрмеген қасиеттерді сенде бар деп мақтаса, ондай мақтауға сеніп, мардымсыма.

Ей, перзентім, шынайы ілімге ынтық бол. Өз айтқаныңнан қайтпайтын бір мойын болмай, өзгелердің де айтқанына мән беріп, құлақ сал.

Ей, перзентім, сырын біліп алмай тұрып, бір көрген кісіге көңіліңді жайып салма. Өз қадір-қасиетін білмейтін кісілерден жақсылық күтпе. Күн шыққанша ұйықтап жатып алма. Орынсыз күле берме. Жасы үлкен және егде кісілердің алдына түсіп жүрме. Сөйлесіп отырғандардың сөзіне орта жолдан килігіп, сөзін бөлме. Қонақтың алдында бәзбіреуге кіжініп, ренішінді айтпа. Басыңды салбыратып отырма.

338-тапсырма. Мәтінді құрайтын құрмалас сөйлемдердің ішінен шартты бағыныңқы сабақтастарды ажыратып, жасалу жолдарына көңіл бөліңіздер.

Ақындығы қандай күшті болғанмен, айтылған екі дәуірдің ақындарының сөздерінде әдемілігінің жанында ат сүрінгендей міні тұрады. Себебі қазақтың ол кездегі ақындары асыл сөз немен асыл болатынын ақындық сезіммен сезсе де, анық біліп жетпеген. Еуропа әдебиетімен танысқаннан кейін, қазақ ақындары сөздің асыл болатын сырын біле бастайды. Ақын адам сөздің асыл болатын сипаттарын білсе, сөзін таза, мінсіз шығарады.

Адамға өз бойындағы үйреншікті міні мін болып көрінбей, өз үйіндегі кемшіліктер кемшілік болып көрінбейді. Бойдағы мін- бойында міні жоқ біреуді көргенде байқалады: үйдегі кемшілік – кемшілігі жоқ үйді көргеннен кейін көзге түседі; жұрттағы жаман әдет басқа жұрттың жақсы әдетін көргеннен кейін білінеді.

339-тапсырма. Басыңқыдан бағыныңқының баяндауышына сұрақ қойып, аударып, көшіріп жазыңыздар.

Қаныш – еліміздің мыс қоймасы – Жезқазғанды және Ұлытау өңірінде бірқатар маңызды кен ошақтарын ашып, геологиялық барлау жұмыстарының білгір ұйымдастырушысы және қажымас геолог- ізденуші ретінде өзін көрсете білді. Қаныш біреулердің ізденгіштігін, ғылыми жұмысқа деген талабын және ұйымдастыру қабілетін байқаса, оларға үнемі қол ұшын беріп отырған. Бұл – Қаныштың ғылымдағы ұйымдастырушылық дарынының бір көрінісі, яғни кадрларды өсіру жолындағы көрегендігі. Ғылым саласында жаңа қанаттанып келе жатқан, талаптанып жүрген азамат болса, оқып жүрген зейінді ұл-қыз болса, олардың әрбіреуінің академик Қ.Сәтбаевтан ақыл алмаған, қолдау көрмегені, көмегіне сүйенбегені жоқ деуге болады.

340-тапсырма. Көп нүкте тұрған жерге Ахмет Байтұрсынов айтпақшы болған ойды өздеріңіз сөйлем етіп құрап қосып (жақшаға алып), шартты бағыныңқы сабақтас жасаңыздар.

Қазақ – өр халық, білімді халық! Ұлт намысына мінсең, сен алмайтын қамал жоқ. ... күртша қыбырлаған қытайдан еңбекқорлыққа үйрен. ... он тиынды күн ұзақ бір теңгеге айналдырар өзбек ағаңнан үйрен. ... Жердің қыртысын түрлендіріп, нәрлендіріп, мол табысқа бататын дүнген қоңсыңнан үйрен. ... бір капустадан жүздеген түрлі дәм беріп, біреудің еңбегімен егіп, өнерімен орып, қулығымен сорып, жақыннан торып, алыстан келіп болашағыңа төніп тұрған корейлерден, үйрен, үйрен де жирен!

(А.Байтұрсынов)

341-тапсырма. Төмендегі берілген сөйлемдердің басыңқы сыңарларын өздеріңіз ойлап тауып, мезгіл бағыныңқы сабақтас жасаңыздар.

Тыстағы жұмыс біткен кезде, ... Үшеуі үйге кірген соң, ... Әкесі атқа мініп кеткеннен кейін, ... Жолмен біраз жүрген соң, ... Ол үйге қайтып келісімен, ... Ботагөз саусағымен нұсқаған дәптердің бетіне Асқар көзін салса, ... Атамекеннің жерін азапқа салып жатқан да, ...

342-тапсырма. Себеп-салдар салаласты, себеп бағыныңқы сабақтасқа айналдырып жазыңыздар.

Ой-ұғымы, сезім-түйсігі ұқсас, жаны жалғас адамдар ғана бір-бірімен тату дос бола алады, өйткені ондай адамдар бір-бірінің жай-күйін жақсы ұғысады. Өтірік айтудан сақтаныңдар, себебі өтірікшілер – имансыздар. Тіпті пайдасын көріп тұрсаңыздар да, өтіріктен сақтаныңыздар, себебі түбінде өтірікшінің күні қараң. Әділеттілік – Алланың жердегі терезесі, әділетті адамды сол терезе бейішке бастап апарады. Білім алу жолындағы табандылықтан артық іс жоқ, себебі ілім кісіні ізет пен абыройға жеткізетін құрал болып табылады. Жомарт кісінің қателіктерін кешіріндер, себебі Алла тағала, ол сүрінген сайын, қолынан ұстап, құлатпайды.

343-тапсырма. Берілген сабақтас құрмалас сөйлемдердің түрлерін ажыратыңыздар.

Таулы кедергінің жоқтығынан ауа ағымдары солтүстіктен оңтүстікке және бастыстан шығысқа өтеді. Жазықты Маңғыстау қоңыржай белдеудің оңтүстік бөлігінде жатқандықтан, қоңыржай ендік ауасының әсері басымырақ. Ел экономикасын көтеру үшін мұнай өте маңызды рөл атқарады. Мұнай кен орындарын белгілі бір кондицияға жеткенде ғана ашуға болады. Теңіз кен орнын игергелі, жиырма жылдан аса уақыт өтті.

344-тапсырма. Мәтіннен сабақтас құрмалас сөйлемдерді табыңыздар.

Ғалымды мен тұңғыш рет Қазақ кен-металлургия институтында оқып жүрген кезімде көргем-ді; Қ.И.Сәтбаев еліміздің мыс қоймасы – Жезқазғанды және Ұлытау Өңірінде бірқатар маңызды кен ошақтарын ашып, геологиялық барлау жұмыстарының білгір ұйымдастырушысы және қажымас геолог-

ізденуші ретінде өзін көрсете білді. Қаныш біреулердің ізденгіштігін, ғылыми жұмысқа деген талабын және ұйымдастыру қабілетін байқаса, оларға үнемі қол ұшын беріп отырған. Бұл – Қ.И.Сәтбаевтың ғылымдағы ұйымдастырушылық талантының бір көрінісі, яғни кадрларды өсіру жолындағы көрегендігі.

Ғылым саласында жаңа қанаттанып келе жатқан, талаптанып жүрген азамат болса, оқып жүрген зейінді ұл-қыз болса, олардың әрбіреуінің академик Қ.Сәтбаевтан ақыл алмағаны, қолдау көрмегені, көмегіне сүйенбегені жоқ деуге болады.

(М.Сәрсекеев)

345-тапсырма. Шартты бағыныңқы сабақтас сөйлемдердің жасалуын айтып беріңіздер.

Шиелі каналы қазылмайынша, бұл техниканың бірде-бірі жоқ болатын. Комиссия мүшелеріне кең түсіндіру үшін, комбайн макетін Мырқалдың кабинетіне апарындар. Кенді табу бар да, алу бар. Табу болмаса, алу да болмайды. Ал егер минералды тыңайтқыштар енгізілсе, егіннің өнімін едәуір арттыруға болады деп ойлаймын. Сұйық марганецті болатқа аздап церий қосқанда, болаттың беріктігі бір жарым есе артатын еді. Қалдық қаншалықты аз болса, өндірістің негізгі өнімі соншалықты мол болады.

346-тапсырма. Сағат тілі бойынша екі әріптен қалдыра отырып оқысаңыз, ел туралы мақал шығады. Қай әріптен бастап оқу керек? Ол қандай мақал?

Ы	Ө	Л	С	Н	Д	Ө
Е						Е
С						І
Т						Н
І	Е	О	Л	Б	Ң	Р

347-тапсырма. Берілген сөйлемдерді мезгіл бағыныңқы сабақтасқа айналдырыңыздар.

Инженер-машина жасаушы кәсібін табысты игеру үшін физика, химия, математика, ақпарат, металдар технологиясы пәндерінен терең білім алу және дербес компьютермен жұмыс істеуге дағдылануы керек.

Факультеттің Алматы қаласының кәсіпорындары «АЗТМ» АҚ, «Машзавод» АҚ станкозавод АҚ, Балкамит АҚ, Массажет АҚ және т.б. творчестволық байланыстары бар.

348-тапсырма. Берілген сөйлемдерді мезгіл бағыныңқы сабақтасқа айналдырыңыздар.

Тау-кен инженерлерін оқытудың дәстүрлі бағдарламасы менеджмент және маркетинг, экология және ресурс сақтау, кәсіби қызметтің әлеуметтік-құқықтық аспектілері, компьютерлік дайындық пәндерін оқыту есебінен көбейді. Институт ғылыми-зерттеулер жағынан әрқашан алдыңғы қатарда: пайдалы қазбаларды қазып алудың жерасты және ашық әдістері, маркшейдер ісі, бұрғылау-қопару жұмыстары, автоматтандырылған жобалау жүйелері мен тау-кен жұмыстарын басқару, тау-кен өндірісіне арналған машиналар мен жабдықтар салаларында қол жеткізген табыстары мол.

II ТАРАУ

Электр энергетикасы саласындағы мамандықтарға негізделген мәтіндер мен тапсырмалар

349-тапсырма. Мәтіндегі термин сөздерді теріп жазып, анықтама беріңіздер. Энергетикалық терминдердегі қатаң дауыссыз дыбыстарды табыңыздар.

Энергетикалық ресурстарды өндіру

XX ғасырдың 90-жылдарына дейінгі 70 жыл ішінде энергетикалық ресурстар қазбаларына сұраныс 7,8 есе, соның ішінде мұнайға – 10 есе, газға – 161 есе артты. Қазба отын адамзат қажетіне жаратып жатқан энергияның

80%-ын береді. Мұнай тұтыну 3 млрд тоннаға жетті. XXI ғасырдың ортасына таман ғалымдардың жорамалдауынша, экономикалық тұрғыдан ақталатын әдістермен өндіруге болатын мұнай мен газ қоры таусылады. Көмір қоры шамамен 150–200 жылға жетеді.

Энергетикалық ресурстарды өндіру және қолдану көлемі тез артып отыр. Мәселен, АҚШ-та энергия қажеттігі әр 7–10 жыл сайын екі есе өседі. «Ортақ нарық» елдерінің көмір импорты 20 жылда 66 млн тоннадан 280 млн тоннаға дейін өсті. Бұдан қазба ресурстары ұқыпты және үнемді қолдану мәселесі туындап отыр. Өнеркәсіптің дамуының жоғары қарқыны мен табиғатты қорғау арасындағы үйлесімге минералды ресурстарды кешенді, рационалды және циклді пайдаланумен ғана қол жеткізуге болады. Табиғаттың қазба байлықтарын пайдалану уақытын созу үшін материалдық ресурстарды қайта пайдалану шаралары көзделуде.

Энергетикалық ресурстардың азаюынан туындап отырған жағдайға орай, адамзат ғылымының күшіне сүйене отырып, энергетиканың жаңа көздерін іздестіруде. Олар әлеуметтік-экологиялық талаптарды қанағаттандыратындай, таусылмайтын, кемінде орны толып отыратын, экологиялық таза, тым болмаса салыстырмалы таза болуы керек. Ондай энергия көздерінің бірі биомассаның өзі болып табылады. Биологиялық айналыс әлеміндегі барлық электр стансалардың қуатынан 100 есе артық энергия бере алар еді. Биомассаның өнімділігі жылына 150–160 млрд тоннаны құрайды және ол қазба

энергетикалық шикізаттың беретін жылдық қуатынан 20 есе артық қуат бере алар еді. Қазір биомасса әлемдегі энергия тұтынудың 15%-ын қамтамасыз етеді.

Күн энергиясын пайдалану адамзатқа таңсық емес болса да, электр стансалар салу қымбатқа түсетіндіктен бұл бағыт әлі жеткілікті дамыған жоқ. Адамдар қуат алудың дәстүрлі түрлерін – желді, өзен суын, мұхит толқуын пайдалануды бұрыннан біледі. Бұлардың басты артықшылығы – экологиялық тазалығында.

Энергия өндірудің ерекше түріне геотермальды әдіспен қуат алу жатады. Энергияның бұл түрінің де ресурсы аз емес. Энергия өндірудің барлық көздерінің артықшылықтарымен қоса адамға, қоршаған ортаға тигізетін қолайсыздықтары бар.

Ж. Ж. Ниеталина. – Электр байланысының бағыттаушы жүйелері. – Алматы: ҚазҰТУ, 2009 – 302 б.

350-тапсырма. Берілген етістіктермен сөйлем құрастырыңыздар.

Қуат алу, ауысу, қоршалу, кескінделу, шұғылдану, қамтамасыз ету, ластану, таралу, таяздану, тұтыну, қолдану, алу, пайдалану, өткізу, беру, қосу.

351-тапсырма. Берілген термин сөздердің мағынасын түсіндіріңіздер.

1. Энергетика-----
2. Қысым-----
3. Атмосфера-----
4. Станса-----
5. Қуат-----
6. Ток күші-----
7. Шама-----
8. Тұйықталу-----
9. Қозғалыс-----
10. Электрон-----

352-тапсырма. Мәтінді мағынасына қарай бөлімдерге бөліп, тақырыпша қойып, жоспар құрыңыздар.

353-тапсырма. «Электр энергетикасы мамандығының ерекшелігі», «Мен таңдаған мамандық» деген тақырыптарда пікірталас өткізіңіздер.

354-тапсырма. Берілген терминдердің қай салаға қатысты екеніне мән беріп, аударыңыздар.

Айлабұйым, білдек, бұранда, реттегіш, ескерткіш, имарат, кесене, сәулет, кірпіш, қыш, жабын, жайылма, қуыс, құлама, мұнай, ұңғы, тірек, ұңғыма сағасы, шөгінді, шұңқыр, түйін, қима, белдеу, баған, бедер, бекіткіш, желбағар, кертпеш, көбіктас, қуыс, табиғи газ, талшықтас, кен, кертпеш, кент, қуыс, тұйықталу, қуат, атмосфера, қосу, жіктеу, ажырату, қозғалыс, ток көзі, электр өрісі.

355-тапсырма. Берілген сөздерге антонимдер тауып жазыңыздар.

Жоғарғы; қосу; ашу; күшті; ретсіз; ірі; қолдау; атақты; сыртқы; ажырату; беру; қазіргі заманда.

356-тапсырма. Тірек сөздер арқылы мәтін идеясын ашыңыздар.

357-тапсырма. «Энергетика» деген сөзбен сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырыңыздар.



358-тапсырма. Мәтінді оқып, меңгеріп, сұрақ-жауап құрастырыңыздар. «Энергетика» сөзіне дыбыстық талдау жасаңыздар.

Энергетика және шикізат мәселесі

Адамзат қоғамының даму тарихы – бұл, ең алдымен, түрлі ресурстарды пайдалану тарихы. Табиғат қоғам дамуының барлық кезеңдерінде адамның мекен ортасы болумен қатар, оны тіршілігі мен шаруашылық әрекетіне қажетті ресурстармен қамтамасыз ететін шикізат көзі болып келеді. Адамзаттың шикізатты пайдалану ауқымы мен деңгейі қоғамның әлеуметтік-экономикалық



қажеттіліктерімен анықталады, яғни шикізат түрлеріне сұраныс Жер шарында халық санының өсуімен, өндірістің қарқынды дамуымен байланысты жылдан жылға арта түсуде. Мысалы, соңғы XX ғасыр ішінде жер қойнауынан адамзаттың бүкіл тарихында өндірілгеннен әлдеқайда көп пайдалы қазбалар алынған. Тек соңғы жүз жылдың өзінде ғана қазба отын түрлерін тұтыну мөлшері 30 есеге жуық артқан. Қазіргі кезде адамзаттың жыл өткен сайын артып келе жатқан сұранысын өтеу үшін бұрынғыға қарағанда әлдеқайда көп шикізат қажет болуда. Мұның өзі шикізат пен энергетика проблемасын ауқымы жағынан ғаламдық проблемалар қатарына жатқызуға себепші болып отыр.

Қазіргі кезде аса маңызды энергетикалық және минералды шикізат түрлерінің қоры шектеулі екендігі белгілі болып отыр.

Жер шарындағы энергетикалық және минералдық шикізат қоры

№	Шикізат түрі	Қоры	Пайдалану болашағы
1	Мұнай	270-300 млрд т	Жылына 3 млрд т жұмсалады Қоры 30-50 жылға жетеді
2	Табиғи газ	145 трлн м ³	Жылына 2300 млрд м ³ жұмсалады Қоры 30-60 жылға жетеді
3	Көмір	1,5 трлн т	Жылына 5 млрд т жұмсалады. Қоры 200 жылдан астам мерзімге жетеді.
4	Шымтезек	150 млрд т	Күлі көп және өндіру процесінің зиянды болуына байданысты мардымсыз пайдаланылады
5	Атом ыдырауы мен ядро синтезі кезінде бөлінетін энергия	Қоры іс жүзінде сарқылмайды	Өндіру мен қалдықтарды залалсыздандырудың сенімді жолы табылғанша қауіпті
6	Су энергиясы	Қоры шектеулі	Қарқынды пайдалануда. Пайдалану мүмкіндігі дамушы елдерде жоғары
7	Күн радиациясы	Қоры іс жүзінде сарқылмайды	Болашақта пайдаланылу мүмкіндігі жоғары
8	Мыс, қорғасын, күміс, алтын	Қоры таусылуға жақын	15-20 жылға жетеді. Өндіруді реттеу қажет

359-тапсырма. Сіздер қалай ойлайсыздар, адам ғаламдық ауқым алған экологиялық дағдарысты тоқтата алады ма, әлде өз қолымен жасаған экологиялық дағдарыстың құрбаны болып, мынау ғажап планетаны тіршілікке қолайсыз деңгейге дейін жеткізеді ме?

360-тапсырма. Баспасөз материалдарынан бүгінгі таңдағы электр энергетикасы мәселесіне байланысты мақала оқып, мазмұнын айтып беріңіздер.

361-тапсырма. Мақал-мәтелдегі көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып, мән-мағынасын айтып, ішіндегі қатыстық, сапалық сын есімді тауып, қалай жасалып тұрғанын түсіндіріңіздер.

- | | |
|--|--|
| а) Ұлтарак... жер болса да,
Ата қоныс жер қымбат.
Ат төбелін... болса да,
Туып өскен ел қымбат. | б) Құртақан... торғай да,
Өз ұясын қорғайды. |
| ә) Туған жердің торғайы,
Тұрымтай... көрінер.
Құлыны тай... көрінер,
Қыздар ай... көрінер. | в) Туған жердің күні де ыстық,
Түні де ыстық. |

362-тапсырма. Берілген терминдерді қазақ тіліне аударыңыздар.

<i>Передача энергии</i>	<i>Электрическая цепь</i>	<i>Искра</i>
<i>Затухание энергии</i>	<i>Ядерные силы</i>	<i>Вязкость</i>
<i>Поток энергии</i>	<i>Серцебиение энергии</i>	<i>Нагрузка</i>
<i>Электрическое напряжение</i>	<i>Влагооборот</i>	<i>Скорость</i>
<i>Запас энергии</i>	<i>Капля</i>	<i>Яркомер</i>
<i>Энергоемкость</i>	<i>Ускорение</i>	<i>Луч</i>

363-тапсырма. «Мамандығым – мерейім» деген тақырыпқа шағын шығарма жазыңыздар. Ішінде сын есімдер болсын.

364-тапсырма. Мәтінге қарап сөйлемдердің дұрыс-бұрысын табыңыздар. Дұрыс сөйлемге «а», қате сөйлемге «к» әрпін жазыңыздар.

....\ 1. Шикізат түрлеріне сұраныс Жер шарында халық санының өсуімен, өндірістің қарқынды дамуымен байланысты жылдан-жылға арта түсуде.

... \ 2. Соңғы XX ғасыр ішінде жер қойнауынан адамзаттың бүкіл тарихында өндірілгеннен әлдеқайда көп пайдалы қазбалар алынбаған.

... \ 3. Мұның өзі шикізат пен энергетика проблемасын ауқымы жағынан ғаламдық проблемалар қатарына жатқызуға себепші болып отыр.

... \ 4. Қазіргі кезде адамзаттың жыл өткен сайын артып келе жатқан сұранысын өтеу үшін бұрынғыға қарағанда әлдеқайда көп шикізат қажет болуда.

... \ 5. Қазіргі кезде аса маңызды энергетикалық және минералды шикізат түрлерінің қоры шектеулі екендігі белгілі болып отыр жоқ.

365-тапсырма. Мәтіндегі тәуелдік жалғауы бар сөздерге талдау жасаңыздар.

366-тапсырма. «Энергетика және шикізат мәселесі» мәтініне қарап, зат есімдерді табыңыздар. Оларға сұрақ қойыңыздар.

367-тапсырма. Жоғарыдағы мәтінге қарап, «Электр энергетикасы» туралы әңгіме жазыңыздар.

368-тапсырма. Мәтінді оқып, аударыңыздар. Терминдерден жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды табыңыздар.

Энергияның жаңа көздерінің ашылуы

Қазіргі заманғы өркениеттің ірі жетістігінің бірі адамзаттың атом ядросының бөлінуінен туындайтын ірі қопарылыс энергиясын тізгіндеп, қажетіне қарай пайдалануды үйренуі болды. Атом синтезі алғаш рет XX ғасырдың 40-жылдарының ортасында әскери мақсатта қолданылды. Кейінірек онымен қоса халық шаруашылығында қолдану етек ала бастады, атом реакторлары электр стансаларға қойылды. Атом двигателі бар кемелер пайда болды.



Атом реакторлары шикізат ретінде уран кенін пайдаланды. Шикізат қорының шектеулілігі ғалымдарды іс жүзінде таусылмайтын шикізаттан алынатын сутек ядросының синтезі арқылы энергия көзін алу жолына түсірді. 60-жылдардың ішінде басқарылатын термоядролық синтез арқылы жаңа әдіспен электр энергиясын өндіру бағытында зерттеулер жүргізіле бастады. Зерттеулер күтілгендей нәтиже беретін болса, іс жүзінде толассыз энергия көзі жасалып, адамзаттың алдында тұрған ғаламдық мәселелердің бірі шешілуге тиіс еді. 1978 жылы бұрынғы Кеңес Одағы Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттікке термоядролық зерттеулер жүргізіп жүрген елдердің күшін демонстрациялық термоядролық реактор жасауға біріктіру ұсынысын жасады. КСРО, АҚШ, Жапония және Еуроатом ұйымына кіретін елдердің мамандарының басын қосқан біріккен ұйым құрылды. ИНТОР деп аталатын

реактордың нобайлық жобасы 1982 жылы жасалды. 1987 жылы Венада аталған елдердің өкілдері бас қосып, жобаны іс жүзінде іске асыру мәмілелерін талқылады. МАГАТЭ-нің көмегімен болашақ реактордың тұжырымдамалық жобалану жұмыстары жүргізіле бастады.

Ж. Н. Ниеталин., Ж. Ж. Ниеталина., А. Ж. Сағындықова Бағыттаушы электрбайланыс жолдары. – Алматы: ҚазҰТУ, 2004. – 185 б.

369-тапсырма. Мәтін бойынша бақылау сұрақтары.

- А) атом синтезі алғаш рет қай ғасырда, қандай мақсатта қолданылды?
- Ә) атом синтезін қай шаруашылықта қолдану етек ала бастады?
- Б) 60-жылдардың ішінде қандай зерттеулер жүргізіле бастады?
- В) 1978 жылы бұрынғы Кеңес Одағы Атом энергиясы жөніндегі халықаралық ұйымға қандай ұсынысын жасады?

370-тапсырма. Мәтіннен зат есімдерді теріп жазып, сөйлемдер құрастырыңыздар.

371-тапсырма. Екі топқа бөлініп, Қазақстандағы қазіргі энергетика мәселелерінің бүгінгі мен ертеңі жайлы пікірталас ұйымдастырыңыздар.

372-тапсырма. Мәтінге жоспар құрыңыздар.

373-тапсырма. Мәтіндегі сөздерден синоним, омоним, антонимге мысал жазыңыздар.

Қазақ тілі еш уақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге жібермегендігі мыңдаған жыл тарихында айқындалған. Кейбір ұл-қыздарымыздың ана тілін білмеуі, не шала білуі мені қатты қынжылтады. Бұған ең алдымен ата-ана кінәлі.

(Б.Момышұлы)

374-тапсырма. Төмендегі мақал-мәтелдерге өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.

- а) Алтын көрсе періште жолдан таяды.
- ә) Атың шықпаса, жер өрте.
- б) Байдан үмітсіз – құдайдан үмітсіз.
- в) Өзінде жоқ болса, әкең де жат.

375-тапсырма. Төмендегі сөздердің мағыналарын түсіндіріңіздер.

Арту, қамтамасыз ету, жаңа әдіс, ірі қопарылыс, қауіптілерінің бірі, біріктіру ұсынысы, тәуелді болу, тиімді пайдалану, мәмілені талқылау, тұжырымдамалық жоба.

376-тапсырма. Электр энергетика саласына қатысты терминдер жазып, мағынасын түсіндіріңіздер.

377-тапсырма. Берілген сөздердің сыңарын табыңыздар.

1. ірі	А. асыру
2. атом	Ә. көзі
3. болашақ	Б. жаңалық
4. зерттеу	В. болу
5. жаңа	Г. іс
6. пайдалы	Д. жоба
7. тәуелді	Ж. жұмысы
8. нобайлық	З. ғалым
9. энергия	И. синтезі
10. жүзеге	К. жетістік

378-тапсырма. Мәтіннің тақырыбы мен идеясы бұдан бұрынғы қандай тақырыптар мен идеяларды толықтыратынын аңғарыңыздар. Үндестік заңына бағынбай тұрған сөздерді табыңыздар.

Энергетиканың өзекті мәселесі



Энергетикалық ресурстар өндірісінің тұтыну салаларының қарқынды дамуы энергетикалық шикізат тапшылығына және олардың күрт артуына себепші болуда. Шикізат түрлерін өндіру және тасымалдау барысында экологиялық талаптарды орындау қажеттілігі энергетикалық мәселені ушықтыра түсті. Бастапқы энергетикалық ресурстар қатарына жататын мұнай, табиғи газ, көмір, жанғыш тақтатастар, шымтезек, ағаш, су ресурстары қорының шектеулі болуы қалпына келетін немесе сарқылмайтын балама ресурс түрлерін пайдалануды жеделдетті.

Қазіргі кезде дүние жүзінің 40 елінде АЭС бар. Олардың үлесіне дүние жүзінде өндірілетін электр энергиясының 17%-ы тиесілі. Кейбір елдерде АЭС-



тердің электр энергиясы өндірісіндегі үлесі басқа энергия көздерімен салыстырғанда басым бола бастады. Мысалы, Францияда бұл көрсеткіш 77%-ға, Литвада 83%-ға тең. Осыған қарамастан көптеген елдерде АЭС салуға қарсы қоғамдық қозғалыстар жұмыс істейді. Олар атом станцияларындағы ақаулардың жойқын экологиялық апатқа соқтыру жағын және радиоактивті қалдықтарды қоршаған ортаға зиян келмейтіндей жағдайда жүздеген жылдар бойы сақтауға мүмкіндік беретін қоймалардың жоқтығын алға тартуда.

Балама энергетикалық ресурстарды (күн сәулесін, жердің ішкі энергиясын, толқындардың, желдің күшін) пайдаланып жұмыс істейтін стансалардың болашағы зор деп есептеледі. Өйткені олар қоршаған ортаға зияны аз келтіреді және сарқылмайды. Алайда мұндай құрылыстарды салу қымбатқа түсетіндіктен, кең таратылмаған.

Ж. Ж. Ниеталина. – Электр байланысының бағыттаушы жүйелері. – Алматы: ҚазҰТУ, 2009. – 302 б.

379-тапсырма. Берілген етістіктерді кестеге орналастырыңыздар.

жіберсем	тоқтама
алдамаймын	бергің келеді ме?
түгелдесін	түсіндір
жегім келеді	қосқысы келеді
жүрейік	алыңыз
келсек	жүрсеңіз

<i>шартты рай</i>	<i>бұйрық рай</i>	<i>қалау рай</i>

380-тапсырма. «Энергетика саласына еңбегі сіңген қайраткерлер» деген тақырыпта шығарма жазыңыздар.

381-тапсырма. Мәтінге қарап , сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Шикізат түрлерін өндіру және тасымалдау барысында экологиялық талаптарды орындау қажеттілігі қандай проблеманы ушықтыра түсті?

2. Қазіргі кезде дүние жүзінің неше елінде АЭС бар немесе салынып жатыр?

3. Олардың үлесіне дүние жүзінде өндірілетін электр энергиясының неше пайызы тиесілі?

4. АЭС салуға қарсы не жұмыс істейді?
 5. Қандай ресурстарды пайдаланып жұмыс істейтін станциялардың болашағы зор деп есептелінеді?

382-тапсырма. Синонимдерді жұптастырыңыздар.

танымал	а. ғажайып	1-....
керемет	ә. музыка	2-....
туралы	б. белгілі	3-....
әуен	в. атақты	4-....
бірлесіп	г. жайлы	5-....
әйгілі	ғ. бірігіп	6-....

383-тапсырма. Берілген сөздерден сөйлем құрастырыңыздар.

Құрылу-----

Жеделдету -----

Алға тарту -----

Есептеу -----

Тарату -----

384-тапсырма. Мамандыққа қатысты түсіндірме сөздік негізінде 10-20 терминдердің мағынасын түсіндіріңіздер.

385-тапсырма. Өлеңдегі антоним сөздерді тауып, осы сөздерді тақырып етіп, ойтолғау жазыңыздар.

Аласаны атқа санама,

Жақсыны жатқа санама.

Бір сынаған жаманды

Екіншілей сынама.

(Ақтайлақ шешен)

386-тапсырма. Берілген мамандыққа байланысты атауларды қазақ тіліне аударыңыздар.

Эффект, серцебиение ядра, энергоемкость, измеритель влажности, быстрая частица, трение, полюс, внутреннее давление, плотность, ускоритель, поле, погашение, плазменное состояние, обмотка, перемещение, мера, виток, погрешность, мощность, смесь, дистанция, строение, твердость, объем, загибание, атомная оболочка, обкладка, прослойка, прибор, действие, воздействие, разнородность, ослабление.

387-тапсырма. Көркем әдебиеттен құрамында туынды етістік бар он сөйлем тауып жазыңыздар.

388-тапсырма. Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ-жауап ұйымдастырыңыздар. Асты сызылған сөздердің синонимдерін табыңыздар.

Шикізат пен энергияны үнемдеу

Өнеркәсібі жоғары деңгейде дамыған елдердің шикізат түрлеріне сұранысы, негізінен, дамушы елдер есебінен қамтамасыз етіледі. Маңызды шикізат түрлерінің барлығын дерлік сырттан әкелетін Жапонияны былай қойғанда, салыстырмалы түрде энергетикалық және минералдық шикізат түрлеріне бай АҚШ-тың өзі темір кенінің $\frac{1}{3}$ бөлігін, бокситтің 90%-ға жуығын сырттан сатып алады.

Шикізат қорының азаюы геологиялық барлау жұмыстарының кең ауқымда жүргізіле бастауына себепші болды. Соның нәтижесінде Дүниежүзілік мұхит түбінен темір, марганец пен мыс, кобальттың ірі кен орындары табылған. Ал көптеген елдер мұнай мен газды теңіз кайрандарының 5–6 км-ға дейінгі тереңдікте өндіруді игерді. Соған қарамастан дамушы елдердің жер қойнауында әлі қоры анықталмаған шикізат түрлері болуы мүмкін.



Шикізат тапшылығы проблемасын шешу үшін қазіргі кезде жаңа кен орындарын игерумен қатар, шикізат түрлерін жасанды жаңа материалдармен алмастыру, металл сынықтарын қайта қортып, пайдалану, қағаз қиымдарын екінші рет өңдеу тәрізді шаралар пайдаланылуда. Мысалы, қазіргі кезде өндірісте пайдаланылатын металдардың 30%-дан астамы қайта қорытылған металл сынықтары болып табылады.



Сонымен шикізат қорының шектеулігіне, неғұрлым арзан пайдалы қазбалардың болашақта сарқылмайтындығына байланысты шикізат пен энергияны үнемдеу, ресурс сақтаушы технологияларды кеңінен пайдалану қажеттілігі туындайды. Бұл маңызды мәселені шешуде елдер халықаралық деңгейде ынтымақтасуы қажет.

*С.Б. Балабатыров Электротехниканың теориялық негіздері. 2 бөлім.
– Алматы: «Бастау» 2009. – 340 б.*

389-тапсырма. «Шикізат пен энергияны үнемдеу» мәтіні бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Шикізат мәселесінің пайда болуына қандай факторлар әсер етеді?
2. Неліктен кейбір елдердің энергетикалық және шикізат мәселесі болмағанымен, бұл проблема ғаламдық сипат алып отыр?
3. Қазақстанда шикізат тапшылығы бар ма?

4. Біздің елімізде балама энергетика қорларын игеру жүзеге асырылды ма?
5. Қазақстанда энергетикалық және шикізат мәселесін шешудің қандай жолдары бар?
6. Энергетик ресурстары көздерін атаңыздар.

390-тапсырма. Төмендегі сөздерден жаңа сөздерді теріп жазыңыздар.

Университет, карта, телевизор, аялдама, кеден, өнеркәсіп, қағаз, оқулық, баспасөз, ғарыш, әмбебап, желтоқсан айы, сынып, қорғаушы, сұраныс, тапсырыс, асаба, студент, ұстаз.

391-тапсырма. Тәуелсіздікке байланысты кірген жаңа сөздерді қатыстырып, «Тәуелсіз Қазақстандағы электр желісінің даму қарқыны» деген тақырыпқа мәтін құрастырыңыздар.

392-тапсырма. Мәтіндегі тура және жанама толықтауыштарды тауып, қандай септіктерде тұрғанын ажыратыңыздар.

393-тапсырма. Мәтін бойынша бос орынға керекті сөзді қойып жазыңыздар.

1. Шикізат қорының азаюы геологиялық ----- кең ауқымда жүргізіле бастауына себепші болды.

2. Көптеген елдер мұнай мен газды теңіз қайрандарының 5–6 км-ға дейінгі -----игерді.

3. Бұл маңызды ----- шешуде елдер халықаралық деңгейде ----- қажет.

4. Қазіргі кезде өндірісте пайдаланылатын металдардың ----- астамы қайта қорытылған -----болып табылады.

5. Өнеркәсібі жоғары деңгейде дамыған елдердің -----сұранысы, негізінен, дамушы елдер есебінен қамтамасыз етіледі.

6. Соның нәтижесінде Дүниежүзілік мұхит -----, марганец пен мыс, кобальттың ірі кен -----табылған.

7. Сонымен ----- қорының шектеулігіне, неғұрлым арзан пайдалы ----- болашақта сарқылмайтындығына байланысты шикізат пен энергияны үнемдеу қажеттілігі туындайды

8. Ресурс ----- технологияларды кеңінен пайдалану ----- туындайды.

9. Маңызды -----түрлерінің барлығын дерлік сырттан әкелетін Жапонияны былай қойғанда, салыстырмалы түрде энергетикалық және минералдық шикізат түрлеріне бай -----өзі темір кенінің 1\3 бөлігін, бокситтің ----- жуығын сырттан сатып алады.

394-тапсырма. Мәтіндегі терминдерді тауып, терминдердің жасалу жолдарын түсіндіріңіздер.

Жезқазған аймағының экологиялық ахуалы мәз емес. Екі бүйірден Байқоңыр ғарыш аймағы мен Семей полигоны қыспаққа алып тұр. Ғарыш

кемелерінің техникалық бөліктері мен атом қалдықтары-тепил көктен түсіп, жерді уландырып, лаптап жатыр. Семей полигоны радиактивтік заттарды төңірекке сіңірді.

(Ф.Темерева)

395-тапсырма. «Қаладағы электр жүйесі» атты тақырыпқа ойтолғау жазыңыздар.

396-тапсырма. Берілген сөздерді аударып, жаттаңыздар.

Әдетте Ежелгі Түбі бір Шұғылданған Көз алдында Сопақтау Анағұрлым же- тілдірілген	Тиімсіз Жердің серігі Сәйкес Мінсіз Бөлік Күн жүйесі Қажетсіздік	Тәулік Ажырату Тұйықталу Бейнелеу Сәуле түсіру Пайда болу Қажеттілік	Сапасыз Электр пісіруші Тіршілік Шикізат Сыйымдылық Есептеу Арттыру
--	--	--	---

397- тапсырма. Ғалымдардың электр желісін зерттеулері туралы пікір алысыңыздар.

III ТАРАУ

Экономика, бизнес, қаржы, маркетинг, менеджмент мамандықтары бойынша мәтіндер мен тапсырмалар

398-тапсырма. Мәтін мазмұнына өз көзқарастарыңызды білдіріңіздер. Асты сызылған сөздерге дыбыстық талдау жасаңыздар.

Экономикалық ой-пікірлердің қалыптасуы

Әлемде сан алуан халықтар еңбек етіп, қоғамдық өндіріс, өзара байланыс, айырбас жүргізіп, түрліше табиғи жағдайда өмір сүріп келеді.

Экономикалық ой-пікірлердің ғылыми тұжырымдалып қалыптасуы сауда, өнеркәсіп капиталының дами бастауына байланысты болды. Бұл кезең негізіне Еуропада XVI–XVII ғасырларды қамтиды. Ал Ресейде тауар-ақша қатынастары 1861 жылғы реформадан соң дамыды. Қазақстанда XIX ғасырдың



соңы, ХХ ғасырдың басында сауда капиталы, тауар-ақша айналымы, халықаралық нарық бірте-бірте жанданған. Еліміздің Солтүстік, Батыс аймақтары Ресеймен тауар айналысына басым қатынаста болса, Оңтүстік Шығыс, Орталық аудандарға Орта Азия, Қытай, т.б. елдердің саудагерлері жиі келе бастады. Тарихтағы белгілі «Жібек жолы» осының айғағы.

Қазіргі экономикалық ғылым ерекше дағдарысқа ұшырап отыр. Бұл дағдарыстың себептері көп, оның негізін экономика, саясат, идеология тағы басқа қоғамдық өмір саласында байқаймыз. Экономикалық ғылым адамдардың қажетін өтеу жолдарының заңдылықтарын зерттейді. Ал қоғамдық қатынастардың негізі – өндірістік қатынастар. Оның құрамына жалпы алғанда тікелей өндіріс, айырбас, бөлу, тұтыну қатынастары кіреді, оларды қайталап үздіксіз өндіру немесе ұдайы өндіріс қатынастарын дамытып, жетілдіру аса маңызды.

Табиғат құбылыстары сияқты, адамзат қоғамының дамуы, белгілі бір объективті заңдарға негізделеді. Құбылыстар мен үрдістердің мәніне үңіле отырып, олардың даму заңдарын ашамыз.

Экономикалық заңдардың табиғат заңдарынан ерекшелігі ұзақ мерзімді емес. Олардың көпшілігі белгілі бір тарихи кезеңде әрекет етеді де, кейін жаңа экономикалық заңдарға орын береді. Экономикалық заңдар мәңгі емес, олар тарихи сипатта белгілі бір кезеңде туындап және өзгеріп немесе жойылып кетіп отырады.

Экономикалық заңдар өздігінен, адамдардың шаруашылық қызметінен тыс және оған байланыссыз жүзеге аспайды. Керісінше, олар тек адамдардың іс-әрекеттері арқасында ғана қалыптасып, көрініс алады. Демек, экономикалық заңдар адамдардың санасына тәуелсіз болғанмен, олардың іс-қарекетінен тәуелсіз емес. Сондай-ақ, бұл заңдар объективтік сипатта болады, яғни адамдардың еркі мен санасына тәуелсіз туып, әрекет етеді. Экономикалық заңдар белгілі бір экономикалық жағдайлармен бірге өзгеріп, дамып отырады.

Я.Әубәкіров., К.Нәрібаев., М.Есқалиев., Е.Жатқанбаев, Е. Байжұмаев., С., Досқалиев Ж., Жәйшібеков Экономикалық теория негіздері. – Алматы: 2004 – 480 б.

399-тапсырма. «Бүгінгі таңдағы Қазақстан экономикасы», «Бизнестің даму қарқыны» тақырыптары бойынша шағын әңгіме жазыңыздар.

400-тапсырма. Синоним сөздердің мағынасын түсініп, сөйлем құрастырыңыздар.

байланыс – қатынас;

дүниежүзі – бүкіл әлем;

кіру – мүше болу;

тұтынушы – қолданушы.

401-тапсырма. «Сөзтізбек» ойынын мәтін мазмұнына сүйене отырып, жалғастырыңыздар.

Қазақстан-нарық-құбылыс-сауда...

402-тапсырма. Құрамындағы барлық сөзі бірдей дыбыстан басталатын мақал-мәтелді тауып жазыңыздар.


Үлгі: Еңбек етсең, емерсің...

403-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтін мазмұны бойынша тезис жасаңыздар.

404-тапсырма. Мәтіндегі экономика саласына байланысты терминдердің түсініктемесін беріңіздер. Асты сызылған сөздерге дыбыстық талдау жасаңыздар.

Экономика пәні


Экономиканы табиғатпен салыстыруға болады. Экономика да, табиғат та объективті. Экономика заңдары, табиғат заңдары сияқты объективтік сипат алады. Егер табиғатты түсінбесек, табиғат байлағын игере алмаймыз. Экономика да солай. Егер экономиканы жақсы білсек, ол бізге байлық, пайда әкеледі.



Экономика – бұл үй шаруашылығын басқару өнері дегенді білдіретін көне грек сөзі, өте қарапайым түрде, экономика дегеніміз – өзіміздің тұрмысымыз.

Базарға шыққанда сіз кімнің тауарын аласыз, кімге сатасыз, қанша аласыз, бәрін есептеу – экономика. Мамандық таңдар кезде сіз ойланасыз, қай мамандық қоғамға көбірек керек, қай мамандық халыққа көбірек қажет – сіз оны да есептейсіз, күнделікті өмірде қандай мамандарға сұраныс көп, дәрігер ме, экономист па, заңгер ме білмесек, тұрмысымыз төмендей береді.

Экономика сіз өмірге келген күннен бастап-ақ сіздің өміріңізге араласа бастайды. Жігіт үйленеді, қыз тұрмысқа шығады, кішкентай мемлекет пайда болады. Ал кішкентай мемлекетіңіздің шаруашылығын басқару – үлкен өнер. Сонымен, сіздің күнделікті тұрмысыңыздың бәрі экономикадан тұрады. Шет елдерде жастар үйленген кезде некелік келісімшарт жасайды. Ол келісімшартта көп мәселе қаралады. Болашағымыз бала десек, сол некелік келісімшартта баланың болашағында дейін ойластырылған. Біздің елде бұл жоқ. Яғни,



ұрпаққа нені қалдырамын, ұрпағым нені жалғастырады деп ойлау да – экономика.

Ал ұрпақ үшін күрес, ұрпақ үшін еңбек ету, өмір сүру – ол да экономика. Себебі сіз баланы жеткізу үшін, аяғынан тұрғызу үшін, көп нәрсені есептейсіз, сіз ауырмауды ойлайсыз, шаршамауды ойлайсыз, бала үшін өзіңіздің күшті болуыңызды ойлайсыз, сонымен өзіңізді ойлау денсаулығыңызды

ойлау – бәрі де экономика.

Экономикалық жүйенің типтері мен модульдері де бар. Күнделікті экономикалық өмірде адамдар арасындағы қатынастар әрқашан да белгілі

экономикалық жүйе ретінде қызмет жасайды. Экономикалық жүйе – бұл экономикалық процестердің жиынтығы. Ол қалыптасқан мүлдіктік қатынастар мен ұйымдық түрлер негізінде қоғамда жүзеге асады. Әлемдік экономикалық әдебиеттерде экономикалық жүйені топтаудың кең таралған екі факторы негізінде жүргізіледі: Меншік типтері бойынша; Экономиканы ұйымдастыру типтері бойынша; Осындай әдістер негізінде экономикалық жүйені төмендегідей типтерге бөледі: а) дәстүрлі экономика; ә) әкімшілдік – әміршілдік экономика; б) еркін бәсекелестік (таза капитализм) нарықтық экономика; в) қазіргі нарықтық экономика (қазіргі капитализм) немесе аралас экономика.

Я.Әубәкіров., К.Нәрібаев., М.Есқалиев., Е.Жатқанбаев, Е. Байжұмаев., С., Досқалиев Ж., Жәйшібеков. Экономикалық теория негіздері. – Алматы: «Санат» 1998. – 479 б.

405-тапсырма. «Экономика – біздің тұрмысымыз», «Экономикада да біртұтас идеология керек» тақырыптарында эссе жазыңыздар.

406-тапсырма. Терминдердің қазақша баламаларын тауып, сөйлем құрастырыңыздар.

Цена мирового рынка, цена оптовая, цена потребительская, цена производства, цена розничная, цена скользящая, цена справочная.

407-тапсырма. Қай анықтама дұрыс? Дұрыс анықтамасын табыңыздар.

Пайда дегеніміз:

- баға мен құнның арасындағы айырмашылық
- баға мен өзіндік құнның арасындағы айырмашылық
- шығын мен табыс сомасы
- өзіндік құн мен табыс сомасы
- баға мен табыс арасындағы айырмашылық

408-тапсырма. Төмендегі берілген дауысты дыбыстардың бөлінулерінің тұс-тұсына тиісті дауысты дыбыстарды топтап жазып, олардың бұлайша бөліну себептерін айтыңыздар.

Жуан дауыстылар:

Қысаң дауыстылар:

Жіңішке дауыстылар:

Еріндік дауыстылар:

Ашық дауыстылар:

Езулік дауыстылар:

409-тапсырма. Өзіңіз құратын болашақтағы отбасыңызды көз алдыңызға елестетіп, «Менің шағын мемлекетім» тақырыбына монолог жазыңыздар.

410-тапсырма. Е дыбысынан басталатын бірнеше жер-су аттарын тауып жазыңыздар.

411-тапсырма. Дауысты дыбыстардан басталатын ұлттық спорт ойындарын жазыңыздар.

412-тапсырма. Мәтіннен тірек сөздерді тауып, дауыссыз дыбыстарға талдау жасаңыздар.

Сыртқы экономикалық байланыстар



Тәуелсіздікке қол жеткізу – Қазақстанның көптеген дамыған және дамушы мемлекеттерімен экономикалық байланыстарын жолға қоюға, бұрынғы әріптестерімен қарым-қатынастарды қайта құруға, дүниежүзілік нарыққа кіру жолымен ілгері басуға мүмкіндік берді.

Қазақстан өнімін негізгі тұтынушылар – Ресей, Нидерланды, Қытай, Германия, Өзбекстан, Италия, Украина және Ұлыбритания. Импортталған тауарлардың басым бөлігі Ресейден, Өзбекстан, Түркіменстан, Германия, Түркия, Ұлыбритания, Украина, АҚШ-тан, Қытайдан жеткізіледі.

Қазіргі кезде сыртқы нарыққа Қазақстаннан тауарлардың 200-ден астам түрі шығарылады. Қазақстанның түсті металдары, ферросплавтар, қара металл прокаты, минералдық тыңайтқыштар, көмірсутекті шикізат, дүниежүзілік нарықта көп сұраным тауып отыр. Алыс шетелдерге бүкіл экспорттың тең жартысынан көбі қара және түсті металлургия өнімі, минералдық шикізат пен оның өнімдері болып отыр. Машинажасау саласы энергетикалық машинажасау, электртехника өнеркәсібі, ауылшаруашылық машиналарын жасау өнеркәсібінің азын-аулақ өнімдерін, металл жонатын білдектер, ұста-пресс жабдығын, жұқа қабырғалы құбырларды салқындай прокаттайтын білдектер т.б. басқа тауарларды экспорттауда.

Қазақстанның ең ірі және пәрменді шетелдік әріптестері арасында Шеврон, Бритиш Газ, Аджип, Мобил, Самсунг т.б. бар.

БҰҰ Даму Бағдарламасы (БҰҰДБ) Қазақ бөлімінің деректері бойынша, 1993–1997 жылдары ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша міндеттемелер ретінде 50 млрд АҚШ долларына жуық шетел капиталы таратылып, Қазақстан экономикасына жұмсалды. Шетелдік инвесторлары көп қызықтырып отырғаны – мұнай-газ өнеркәсібі, түсті және қара металлургия. Қазақстан экономикасының мұнай-газ саласына аса ірі инвесторлар АҚШ, Қытай, Франция, Ұлыбритания, Италия, Түркия, Норвегия; металлургия өнеркәсібіне – Корея Республикасы (Оңтүстік Корея), Ұлыбритания, Жапония, Канада болды немесе болып келе жатыр.

А. К. Ерали., М. Ф. Қабылбеков Кәсіпорын экономикасы. – Алматы: ҚазҰТУ, 2004. – 264 б.

413-тапсырма. Мақал-мәтелдерді қолданып, жағдаят құрастырыңыздар.

Өз елің – алтын бесік.

Ұлтарактай болса да,

Әркімнің өз жұрты – ұжмақ.

Ата қонысы – жер қымбат.

Отан – елдің анасы,

Ат төбеліндей болса да,

Ел – ердің анасы.

Туып-өскен ел қымбат.

414-тапсырма. Мәтінде берілген негізі ойды орыс тіліне аударыңыздар.

415-тапсырма. Сөз тіркесінің екінші дұрыс сыңарын табыңыздар.

1. ұлттық	1.қауым
2. зиялы	2.ақша
3. дайындық	3.кино
4. қыруар	4.жұмыстары
5. даулы	5.жарылу
6. ағынан	6.мәселе
7. қарсы	7.жүргізу
8. қызу	8.пікір

416-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерінен сөйлем құрастырыңыздар.

Сыртқы нарық, дерек көзі, қарым-қатынас, байланыс, қол жеткізу, тұтынушы, сұраным, шикізат, шетелдік әріптес, міндеттеме, машинажасау, мүшесі болу, бүкіл әлем, қолданушы, сала, импорт, жеке тұлға, биік парасат, мадақ, байлық, нарық, бизнес, тұрмыс, ұлттық сана, қаржы, несие.

417-тапсырма. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестеріндегі көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, сөздердің дұрыс айтылу, дұрыс жазылу заңдылықтарын аңғарыңыздар.

Тәуе...іздік...е қол же...ізу Қазақста...ың кө...еген дамы...ан және да...ушы мемле...еттерімен эко...оми...алық бай...аныста...ын жо...ға қо...ға мұ...індік бе...ді.

418-тапсырма. Қатаңнан басталып қатаңға аяқталған үш дыбыстан тұратын бірнеше сөз тауып, жазыңыздар.

419-тапсырма. Ұяң дауыссызға аяқталатын бірнеше сөз тауып жазыңыздар.

420-тапсырма. Тек т дыбысынан басталып, осы дыбысқа аяқталған 10 сөз жазыңыздар.

421-тапсырма. Қатаң дыбыстардан басталатын қазақтың ұлттық киімдерін теріп жазыңыздар

422-тапсырма. Сөйлемнен дауыссыз дыбыстарды тауып, астын сызыңыздар.

Адам ата-анадан туғанда, есті болмайды.

423-тапсырма. Мәтінді мағынасына қарай бірнеше бөлімге бөліп, тақырыпша қойыңыздар. Ашық, бітеу, тұйық буынды сөздерді топтап жазыңыздар.

Экономика және бизнес институтының даму тарихы



Экономика және бизнес институты еліміздің жоғары білім ордасы – Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің (ҚазҰТУ) құрамына кіреді. Институт өзінің 40 жылдан астам тарихында еліміздің ірі мемлекеттік және қоғамдық ісінің өркен жаюы мақсатында көрнекі ғалымдарды, өнеркәсіптік өндірістердегі талантты ұйымдастырушыларды дайындап шығарушы алтын ұя болып саналады. Институттың түлектері Қазақстан экономикасының дамуына елеулі үлес қосып келеді. Олар өз істерін мемлекеттік және жергілікті басқару ұйымдарында және бизнесте кәсіби түрде қызмет атқарып жүр.

Өткен ғасырдың 60 жылдары дамыған Қазақстан экономикасына тау-кен және металлургия өндірісінің негізін меңгерген жоғары біліктілікті экономист мамандар қажет болды. Осындай мамандарды дайындау үшін тау-кен және металлургия факультетіне 1964 жылы мына мамандықтар бойынша студент-түлектер қабылданды: «Тау-кен өнеркәсібінің инженер-экономисі» (ТКӨЭ) және «Металлургия өнеркәсібінің инженер-экономисі» (МӨЭ). Барлығы 50-ге жуық адам қабылданды. Студенттерді дайындау бойынша осы бағыттың әрі қарай дамуы, жеке факультеттің құрылуын талап етті. Осыған байланысты, 1966 жылы ҚазПТИ (ҚазҰТУ) ректоры Г. Есіркегенованың бастамасымен Одақ пен Республиканың халық шаруашылығы үшін инженер-экономистерді дайындауға арналған Инженер экономикалық факультеті (ИЭФ) құрылды. Ол 1972 жылы ИЭФ өнеркәсіптік өндіріс пен құрылыс ұйымдастырушыларын дайындау факультетіне (ӨӨпҚҰФ) алмастырылатын болды. 1976 жылы ӨӨпҚҰФ қызмет етуі үшін «Өндірісті басқарудың ғылыми негіздері» (ӨБҒН) кафедрасы ашылды.

Қазақстан тәуелсіздігін алуы және нарықтық қатынастар дамуымен байланысты факультетте қайта алмастырылулар жүргізілді. 1991 жылы ірі кәсіпорындар мен ұйымдардың тапсырысы бойынша «Өндірісті ұйымдастыру - менеджер» мамандығы бойынша мамандар дайындайтын Менеджмент және бизнес факультеті құрылды. 1993 жылы факультет, Экономика және басқару

оқу факультетіне ауыстырылды. Факультет мына мамандықтар бойынша студенттерді қабылдау жүргізді: «Өндірісті ұйымдастыру», «Өнеркәсіп экономикасы», «Отын-энергетикалық кешендегі экономика және басқару», «Баспа ісі мен типографиядағы экономика және басқару». Факультет құрамына бес кафедра кірді: «Басқаруды ұйымдастыру», «Өнеркәсіп экономикасы», «Минералдық ресурстар экономикасы және басқару», «Экономикалық теория» және «Жоғары математика». 2000 жылы университеттің қайта құрылымдануы барысында, факультет Инженерлік-экономикалық институт болып қайта құрылды. ҚР-на арналған Тұрақты даму қағидалары концепциясын енгізудің өзектілігін ескере отырып, Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ 2002 жылы 8 желтоқсанда Инженерлік-экономикалық институт Экологиялық-экономикалық институтына қайта ауыстырылды. Экологиялық-экономикалық институт 2006 жылдың жазында Экономика және бизнес институты болып қайта құрылды. Бүгінгі күні Экономика және бизнес институты – еліміздің өнеркәсіп және банк салаларына экономистерді дайындау бойынша Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың жетекші оқу және ғылыми бөлімшесі.

Бұл саланы экономистермен қамтамасыз ету үшін институтта «Экономика» мамандығының «Мұнай бизнес» мамандануы бойынша бакалаврларды дайындау ісі жүргізіледі. «Экономика және минералды ресурстарды басқару» кафедрасының 65 жылдық тарихы бар. Кафедраның басты мақсаты – оқу және ғылыми бағдарламаларды іске асыру, инженерлердің экономикалық дайындығын қамтамасыз ету, сондай-ақ экономика саласына жоғары дәрежелі мамандар дайындау болып табылады.

424-тапсырма. Мәтін бойынша сөз тіркестерін аяқтаңыздар.

Еліміздің-----	даму-----
бизнесіте-----	қайта құру -----
мамандығы -----	нарықтық-----
жетекші-----	білікті -----
басты -----	

425-тапсырма. Экономика, бизнес саласына еңбегі сіңген қайраткерлер жайында әңгімелеңіздер.

426-тапсырма. «Мамандық – жетістік мерейі» тақырыбында өзіңіз оқитын мамандық төңірегінде сұрақ-жауап құрастырыңыздар.

427-тапсырма. Мәтін бойынша септік жалғаулары жалғанған зат есімдерді теріп жазыңыздар.

436-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып, буынға бөліп жазыңыздар.

Екеуінің де иықтары... асынған мылтықтары... бар.

428-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, буынға бөліп жазып, қандай буын екендігін көрсетіңіздер.

А...қ, қо...н, сал...т, параш...т, раз...езд, фестивал..., рол...

429-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны жалғап, оның қандай буынның түрі екенін көрсетіңіздер.

Сонда жұрт... қызықтыратыны: білім... көптігі, тарихты, әдебиет..., көркем өнерді жақсы көретін..., әзіл-оспақ... жүйріктігі, сөз... алғырлығы, әйел...дің тіл... таба білуі, әңгімелер... қызықтығы.

430-тапсырма. Мәтіндегі терминдермен сөз тіркесін, сөйлем құрастырыңыздар.

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы жайында



Мемлекеттік бағдарламада экономиканы әртараптандыруды және бәсекеге қабілеттілігінің артуын қамтамасыз ететін оның шикізат емес секторларын жедел дамыту көзделіп отыр.

Бұл ретте экономиканың экспортқа бағдарланған дәстүрлі секторларындағы ұлттық холдингтер, отын-энергетика кешені мен металлургия өнеркәсібінің жүйе құраушы компаниялары бастамашылары – ірі инвестициялық жобаларды іске асырумен қатар, шағын және орта кәсіпорындардың экспортқа бағдарлануын дамыту – Мемлекеттік бағдарламаның басымдығы болып табылады.

Шағын және орта кәсіпкерлік халық шаруашылығын дамытуға, әлеуметтік мәселелерді шешуге, жұмыспен қамту мен қызметкерлер санын ұлғайтуға айтарлықтай әсер етеді. Жұмыс істейтіндердің саны бойынша, өндірілетін және сатылатын тауарлардың, атқарылатын жұмыс көлемі бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері, жекелеген облыстарда жетекші рөл атқарады. Сондықтан кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мәселесі қазіргі кезде өзекті мәселе болып отыр. Осыған байланысты несиелеуге кепілдік беру, несие бойынша пайыздық мөлшерлерін субсидиялау сияқты құралдар айтарлықтай танымал және экономиканың қандай да бір секторын дамыту мен қолдау мақсатында жүргізіледі. Бұл құралдар коммерциялық банктердің несиелік және ілеспе тәуекелдер себебінен, экономиканың қандай да бір секторына қаражат салуға асықпай отырған тұлғалардың қаржысын тартуға мүмкіндік береді.

Шағын, орта және ірі кәсіпкерліктің теңгерімсіздігіне жол бермеу мақсатында шағын және орта кәсіпкерлікті, оның ішінде аймақтық кәсіпкерлікті дамыту есебінен мемлекеттік қолдауды күшейту қажет.

Бағдарламаны іске асыру аясында міндеттерді шешу мына үш бағыт бойынша жүзеге асырылады:

- 1) жаңа бизнес – бастамаларды қолдау;
- 2) кәсіпкерлік секторды сауықтыру;
- 3) экспортқа бағдарланған өндірістерді қолдау.

431-тапсырма. Мәтіннен экономика, бизнес саласында қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерін теріп жазып, орыс тіліне аударыңыздар. Қарамен жазылған сөздерге дыбыстық талдау жасаңыздар.



2009 жылдың қыркүйек-желтоқсан айларында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту Қоры жүзеге асырған «Бизнес-Кеңесші» бағдарламасы аясында “BISAM Central Asia” Бизнес-ақпарат, әлеуметтік және маркетингтік зерттеулер орталығы Қазақстандағы шағын және орта бизнес ахуалы мен проблемаларын бағалау мақсатымен кешенді зерттеу жүргізді. Қазақстанның барлық әкімшілік аудандарын қамтыған зерттеуге «Кәсіпкерліктің жедел курсы» атты оқыту тренингтерінің 10 мыңнан астам тыңдаушысы қатыстырылды және шағын бизнестің **әртүрлі** деңгейдегі өкілдерімен жүргізілген фокус-топтар мен терең сұхбаттар кірді. Жалпы, кездесетін барлық қиындықтар мен проблемалар бола тұрса да қазақстандық шағын және орта бизнесте оң көзқарас басым. Зерттеу нәтижесі ғылыми, саяси және қоғамдық ортада кең таралған қалың кәсіпкерлік ортада оң көзқарас қалыптастырды. Пікір сұралғандардың 47% астамы өз бизнесінің айқын болашағы туралы хабардар етті. Сауалнамаға жауап берушілердің жартысынан көбі өз кәсіпкерлік қызметінің көлемін ұлғайтуға ниет білдіріп отыр. 59%-дан астамы бизнесті **әртараптандыруға** талпынып, оның жолдарын қарастыруда.

432-тапсырма. «Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның экономикасы мен бизнесі» тақырыбында жоба жасаңыздар.

433-тапсырма. Мәтіндерден дара, күрделі сөздерге мысал тауып жазыңыздар.

434-тапсырма. Қысқарған сөздер ережесін негізге ала отырып, Қазақстандағы жоғары оқу орындарының аттарын жазып шығыңыздар.


435-тапсырма. Біріккен сөздерге мысал келтіріңіздер.

436-тапсырма. Саяси-көпшілік, мәдени-ағарту, қазақша-орысша, қуғын-сүргін қос сөздерімен сөйлем құрастырыңыздар.

437-тапсырма. Мәтіннің мазмұны бойынша жоспар құрып, жалғауларды табыңыздар. Асты сызылған сөздерді буынға бөліп, екпін түсетін буындарды анықтап, тасымалдаңыздар.

Шағын және орта бизнесті дамыту жолдары

Шағын және орта кәсіпкерлік немесе бизнес – бүгінгі өркениетті дүниежүзілік экономикалық даму жүйесіндегі болашағы күмән келтірмейтін



салалардың бірі болып саналады. Нақты сектор мен сауда кәсіпорындары компаниялары Қазақстан экономикасының дамуына, өркендеуіне, ұлттық табыс, ішкі өнім, жалпы ұлттық өнім, жұмыспен қамтылу дәрежесі, т.б. басқа көрсеткіштердің артуына тікелей әсер етеді. Кейінгі жылдары елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға

көбірек көңіл бөліне бастады. Шағын бизнестің дамуының бірден-бір көзі банктік несие болып есептеледі. Экономиканың нақты секторы және сауда фирмаларын коммерциялық банктердің несиелеуі – ұлттық экономиканың өсуіне олардың қосқан үлесі негізінен банктердің атқаратын қызметтері қаржылық сектордың, яғни экономиканың ажырамас бөлігі. Олардың дамуы мемлекеттің, экономика агенттерінің шаруашылығы үшін пайдасы зор.

Бүгінгі таңда капиталды жұмсауда бәсекенің артуы экономикада көрініс табады. Отандық банктер қарыз алушылар үшін несиелер алуды жеңілдеті бастады. Несие беру процесі ықшамдалып, пайыздық мөлшерлемелердің төмендеу тенденциясы байқалуда. Сонымен қатар коммерциялық банктер ұзақ мерзімді несиелер бөліп отыр. Өйткені әдеттегі қысқа мерзімді, айналым капиталының толықтыру мақсатына бөлінген несиелер несиелік портфель көлемінің ауытқуына әсерін тигізеді. Банктер өздерінің ішкі несиелік саясаттарына сай несиелік талдаудың әдістемесін жасап, оны маркетингтік жоспарға сәйкес несиелендіретін салалардағы кәсіпорындардың несиелік қабілеттіліктерін анықтауда қолдануы қажет.

Нақты жоба бойынша банктердің шағын бизнесті несиелеуге дайындығы, несиелеу механизмінің өзекті проблемаларына әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылатын әдістемелік нұсқауларын құрастырды. Банктердің шағын бизнеске несие ұсыну тиімділігін арттыру, ынталылығын көтермелеу, оны Қазақстан экономикасы жағдайына сәйкестендіру механизмін жетілдіру – бүгінгі күннің талабы.

Банк саласы Қазақстан Республикасы экономикасының дамушы саласының бірі болып саналады. Бүгінгі күні шағын және орта бизнесті дамыту үшін мемлекет тарапынан әртүрлі жаңа қадамдар жасалуда. Шағын және орта бизнестің жоғары деңгейде қызмет етуін ұйымдастыру үшін конструктивтік бизнес-идея, тиімді басқару (менеджмент) мен қаржының жеткілікті болуы шартты жағдай.

Осыған байланысты кейбір кәсіпкерлердің өз бизнесін ұйымдастыруына қажетті қаражаттың жетіспеушілік мәселесі туындап отыр. Әлемдік тәжірибеде мұндай мәселелер әртүрлі жолдармен шешіледі. Сондықтан, ақшалай қаражаттарға иелік ететін инвестициялық қорлар, банктер, мемлекет тәуекелге бел буып, жаңадан іс ұйымдастырушы кәсіпкерлермен біріге отырып, олардың тауарлар өндіру мен қызмет көрсету салаларын қаржыландыру керек. Бұл тұрғыда жеке инвесторлар үшін жоғары табыс алу мүмкіндігі тұрса, ал мемлекет үшін жұмыссыздық мәселесі шешіледі немесе жобаның әлеуметтік мәнін арттыру мүмкіндігі туады.

Сондықтан, халық шаруашылығы саласындағы банк жүйесінің мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етудегі алатын орны ерекше.

Я.Әубәкіров., К.Нәрібаев., М.Есқалиев., Е.Жатқанбаев, Е. Байжұмаев., С., Досқалиев Ж., Жәйшібеков Экономикалық теория негіздері. – Алматы: 2004 – 480 б.

438-тапсырма. Төмендегі тақырыптардың біріне пікірталас жоспарын құрастырыңыздар.

1. Қазіргі экономикалық жағдай.
2. Жаңа қазақ деген кімдер?
3. Ғылым мен техника жаңалықтары.
4. Әлемдік дағдарыс.
5. Қазақстандағы банк жүйесі.

439-тапсырма. Мәтіннен зат есімдерді, сан есімдерді, етістіктерді теріп жазыңыздар.

440-тапсырма. Баспасөз материалдарынан сын есімнің әр түріне 5–7 сөйлемнен мысал көшіріп жазыңыздар.

441-тапсырма. Төмендегі даналық сөздерді пайдалана отырып, «Толғауы тоқсан қызыл тіл» тақырыбында әңгіме жазыңыздар.

Білімді адам тілін билей алады. *(Құтып)*

Әдептің басы – байқап сөйлеу. *(А.Йүгінеки)*

Жаза айтылған бір сөзбен жүректі жаралауға болады. *(С.Сарайи)*

Ойлы адамға нақыл сөз ұнайды. *(Құтып)*

Ақылды кісі аз сөйлер. *(Ж.Баласағұни)*

Ақылды орнымен сөйлер де, жауабын күтер. *(С.Сарайи)*

Білімдіден не пайда, білгенін көпке айтпаса,

Үйреткеннен не пайда, қайырымы қайтпаса *(А.Б.)*

Бойда қайрат, ойда көз,

Болмаған соң, айтпа сөз. *(Абай)*

442-тапсырма. Мәтіннен жұрнақ жалғанған сөздерді теріп жазыңыздар.

443-тапсырма. Көптік жалғауы жалғанбаса да, көптік ұғым білдіретін сөздерге мысал келтіріңіздер.

444-тапсырма. Мәтінді оқып, бөлінген бөлімдер бойынша «Менің бизнес жайындағы пікірім» деген тақырыпта ойталқы ұйымдастырыңыздар. Тәуелдік жалғауымен берілген сөздердің жағын анықтаңыздар.

Қазақстандағы шағын бизнесті дамыту бағыттары

Шағын және орта бизнес – жеке және заңды тұлғаның өз күш-қабілетін танытуының, белгілі бір мақсаттарды жүзеге асырушының іс әрекетінің тиімді тәсілі. Ол – адамдардың өзіне сенімін арттырып, іскерлігін қалыптастырады.

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде, әрбір азаматтың кәсіпкерлікпен айналысуға құқығы бар. Алайда, оны жүзеге асыру қоғам мүшелерінің кез келгенінің қолынан келе бермейді. Сондықтан, кәсіпкерліктің шын, нақты субъектісі – оның алғышарттары, ең бастысы, капиталды иемдену құқығы бар субъектілер болып саналады.

Кәсіпкерліктің соңғы нәтижесі өндірілген өнім мен көрсетілген қызмет бастысы – әр кәсіпкер оның тек өзіне тиімдісін, пайдалысын ғана жасайды. Міне, сол себепті кәсіпкерлердің басты мақсаты – өз кәсіпорнының пайдасын арттырып, шығынын барынша азайту. Ал кәсіпкердің табысы, көбіне оның бизнесті ұйымдастыруына тікелей байланысты. Қызметінің бастапқы кезеңінде кәсіпкер қатаң бәсеке жағдайында нарықтан шығып қалмас үшін, өндіріс факторларын жүйелеудің жаңа жолдарын іздейді, бұл кәсіпкерліктің ең басты қағидасы.

Экономикасы жаңа дамып келе жатқан елдер үшін орта және шағын бизнесті жандандыру, шешуші рөл атқарады. Кәсіпкерлік қызмет – бұл елдер үшін дағдарыстан алып шығатын бірден-бір сара жол. Кәсіпкерлік аясында жалпы ішкі өнімнің үлес салмағы артып, экономикалық тұрғыдан жұмысқа жарамды тұрғындар жұмыспен қамтамасыз етіледі. Бұл индустриалды экономикасы дамыған және өтпелі кезеңді басынан кешіріп отырған елдердің экономикасы үшін тым жағымды көрініс. Ол бәсекелестікке төтеп бере алатын динамикалық диверсификациялық бағытта халықтың жұмыспен қамтылуына, оның әлеуметтік тұрмыс жағдайын көтеретін шын мәніндегі қуатты экономикаға жол ашады.

2006 жылы шағын кәсіпкерлік субъектілері, тауарлар сату мен қызмет көрсетуден 625,5 млрд теңгеге жуық сомада табыс көрді. Елдің жалпы ішкі өнім құрылымындағы шағын кәсіпкерліктің үлесі, осы жылдың алдын ала жасалған қорытындылары бойынша 2005 жылмен салыстырғанда 2,9%-ға өсіп, 19,5%-ды құрауға тиіс. Шағын кәсіпкерлікті реттеудің нормативтік-құқықтық негізі құрылды. 2004–2006 жылдар ішінде Қазақстан Республикасының Салық кодексіне шағын бизнес субъектілері үшін салық ауыртпалығын одан әрі төмендетуге байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Банк секторының тұрақты дамуы, қаржылай қызметтер көрсету нарығын дамытуға және шағын кәсіпкерлік кәсіпорындары активтерінің ұлғаюын ынталандыратын қаржы кредиттік қамтамасыз етудің көп деңгейлі жүйесін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Қазақстандық коммерциялық банктер жалпы 2007 жылы 57 млрд теңге көлемінде несие берді. Шағын және орта бизнес субъектілеріне тиетін үлес 20–30%-дан аспайды. Мысалы, 2006 жылғы есеп бойынша барлық деңгейдегі борыштар сомасы 1,5 трлн теңгеге жеткен. Сондықтан банкер нақты секторды несиелеудің орнына, құнды қағаздар нарығында қызмет еткенді дұрыс көреді.

Шағын және орта кәсіпкерлікті жетілдіру, оның рөлін көтеру дамыған елдерге ғана емес, сонымен бірге Азия, Африка және Латын Америкасының көптеген дамушы мемлекеттеріне тән екендігін атап өту қажет. Қазіргі кезде дамушы мемлекеттердің едәуір бөлігінің экономикалық саясатының негізгі бағыты – экономикасы дамыған елдер тәжірибесінде ұсақ өндірісті дамыту, оның орта және ірі кәсіпкерлікпен байланысын нығайту болып табылады.


Шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыруды жандандыру – отандық экономиканы дамытудың ең өзекті мәселелерінің бірі. Себебі, олар арқылы әлеуметтік-экономикалық дамудың көптеген мәселелерін шешеді: өндіріс өнеркәсібін модернизациялауды кеңейтеді, бәсекеге қабілетті өнімдер шығарады, жұмыс орнының санын өсіреді, халықтың әл-ауқатының жалпы деңгейін көтереді.

С. Әкімбеков., А.С.Баймұхаметова., У.А.Жанайдаров Экономикалық теория. –Астана: 2002 – 464 б.

445-тапсырма. Берілген сөздердің синонимін тауып, мысалдар жазыңыздар.

1. Әдейі –
2. Ілгері –
3. Қыруар –

446-тапсырма. «Бизнес тізбесін жасайық!» атты ойталқы өткізу үшін төмендегі бос жебелерді толтырыңыздар.



447-тапсырма. Есептік сан есімдерден топтау сан есімдерін жасап, «Топтасу түбі – ынтымақ» тақырыбында шығарма жазыңыздар.

448-тапсырма. «Тұғыры биік тұлғалар» тақырыбына мәтін құрап, тәуелдік жалғаулы сөздердің астын сызыңыздар.

449-тапсырма. Төмендегі сөздердің мағыналарын анықтап, олардың құрамын, үндесу заңдылығы мен жазылу емлесін түсіндіріңіздер.

Бозғылт. Иманды. Еріншек. Атамекен. Алым. Шабыс.

450-тапсырма. Төмендегі сөз тіркестерінің жазылу, айтылуын анықтап, олардың араларындағы дыбыс үндестігін түсіндіріңіздер.

Қорқақ болма. Көріп бер. Қара қошқыл. Таң қалдым. Көмекке кел.

451-тапсырма. «Наурыз» тақырыбына ойтолғау жазып, үндестік заңына мысал келтіріңіздер.

452-тапсырма. Көп нүктенің орнына *-хана, -нікі, -дікі, -тікі, -кер, -кеш, -паз, -гой, -қой* жұрнақтарын қойып, олардың үндестік заңына бағынбайтын себебін айтыңыздар.

Омар..., жұмыс..., Асхат..., Аян..., сән..., ақыл..., айла..., білім..., шай..., мейман..., зиян...

453-тапсырма. Буын үндестігіне бағынбай жалғанған қосымшалары бар сөздердің астын сызыңыздар.

Шын бүгін Ақшоқыға өздерінің соңғы өнер, табыстарын асығып әкелген өнерпаздар аз емес.

454-тапсырма. Буын үндестігінің заңына бағынбай жалғанған қосымшалары бар сөздердің астын сызыңыздар.

Ол жаңағыдай жайларда өте намыскер, басынан сөз асыра алмайды.

455-тапсырма. Араб, парсы тілдерінен қазақ тілінің үндестік заңына бағынып енген сөздерді тауып жазыңыздар.

456-тапсырма. Сөздердегі дыбыс үндестігінің қай ықпал екенін түсіндіріңіздер.

Көктөбе. Жақыпбек. Орағыта келіп. Үйге кел. Өнеркәсіп. Әлдекімдерден.

457-тапсырма. Мәтіннің идеясы не туралы? Ол қандай сөздермен беріліп тұр? Ой желісін сақтап әңгімелеңіздер. Мәтіннен септік жалғауы жалғанған сөздерді теріп жазыңыздар.

Қазақстандағы шағын және орта бизнесті несиелеу

Қазақстан Республикасының жаңа экономикалық саясатқа бағдар алуына байланысты, күнделікті өмірімізде орын алған шағын және орта бизнес секторының ел экономикасын көтерудегі басты қағидаларының бірі. Шағын бизнес – экономикалық өсудің басты факторы екендігі анық, олай болса оны неге әлемдік деңгейге көтеру мәселесі туындайды. Сондай-ақ, шағын және орта бизнес өзінен-өзі дамитын механизм емес, оған әрине мемлекет, қоғам, әрбір тұлға жағдай жасауға талпынулары қажет. Өйткені жеріміздің өте үлкен аймақтарды алып жатуына байланысты, шағын бизнесті дамыту мүмкіндігі мен қажеттігі ешкімнің қарсылығын туғызбауы керек.

Қазақстанда кеңінен орын алып келе жатқан шағын бизнесті шетелдік банктердің көмегімен банктер мен түрлі шағын және орта бизнесті дамыту қорлары арқылы, мысалы Еуропалық Даму және Қайта Құру банкінің

бастамасымен, Қазақстан Республикасында шетел инвесторларының шағын бизнесті көтеру бағдарламасында жетекші орын алады.

Қарыз алушының – шағын бизнестің тұрақты жұмыс жасауымен қатар, өз бизнесін жандандыру мақсатында несиені алуы, оны уақытында қайтару процестері ғылыми-тәжірибелік дәрежеде зерттелуі қажет. Осы секторды көтермелеу арқылы өндірісті жандандыру, оның ішінде Қазақстан экономикасының сыртқы тәуекелділігін қысқарту мен отандық тауар өндірушілерді қолдау мәселелері басым бағыты болып табылады.

Алдағы жоспарланған Қазақстан экономикасының модернизациясы, кәсіпкерлік саласында өзара байланысты мәселелерді шешуді көздейді. Сонымен, мемлекет салық режимін «тек өнеркәсіптік саясаттың көп аспаптарының бірі ретінде қолдануы» қажет. Бәсекелестікті дамыту мәселесі, кәсіпкерлікті дамытуда басты мақсат болуы қажет. Шағын және орта бизнестің ірі кәсіпорындармен ынтымақтастығына ықпал ететін әкімшілік және нормативтік алғышарттарды құру қажет. Ол келешекте ірі кәсіпорындардың кіші бизнестің «тапсырушысы және локомотиві» қызметін атқаруға мүмкіндік тудырады. Мемлекеттің қатысуымен жеке корпорациялар, соның негізінде ірі аймақтық холдингтерді құру, аймақты даму мақсатында инвестицияларды тарту мүмкіндігін тудырады. Олардың негізгі бағыттары «аймақтағы тауарға шағын және орта кәсіпорындардың қызметтеріне қатысты сұранысты, кірісті ұзақ мерзімді негізде құру» болып саналады. Ұтымсыз кәсіпорындарды қайта құру және оны қалпына келтіру, әлеуметтік-кәсіпорындық корпорацияларды құруға бағытталуы қажет. Бұл корпорациялар өз кезегінде «нарыққа қажетті өнеркәсіп пен жаңа технологияларды» дамытуға ықпалын тигізуі қажет.

Қазіргі әлемдік қаржы дағдарыстарына байланысты несиелік ресурсқа деген сұраныс артып отыр. Бұл шағын және орта бизнес субъектілері тарапынан болып отырған қаржылық сұранысты, банктердің қанағаттандыруы мүмкін емес. Өйткені, Қазақстан банктерін несиені қаражаттарымен қамтамасыз етіп отырған АҚШ, Ағылшын, Германия сияқты басқа да мемлекет банктері бүгінгі күні қаржылық тоқырауға ұшырап отыр. Сондықтан, үкімет тарапынан коммерциялық банктерге қаржылық көмек көрсетілмесе, көптеген шағын және орта бизнес субъектілері өз қызметтерін тоқтатуы мүмкін.

Қ.Берденов Қазақстан мемлекет ретінде қалыптасуы мен экономиканың дамуы. – Алматы: «Рауан». 1998. – 105б.

458-тапсырма. Мәтінді аударып, тақырып қойыңыздар.

Шағын және орта бизнес субъектілерін несиелеудің ғылыми негізіне тереңнен қалам тартқан батыс елдерінің маман-ғалымдардың еңбектері кеңінен қолданылды. Атап айтқанда, Д. Кейнс, Р. Кэмпбелл, К. Кондратьев, А.В. Чайнов, Й. Шумпетер, П.С. Роуз, М.А. Гольцберг, Дж. Р. Брик, Э.Дж. Долан. Сонымен қатар Ресей мен Қазақстанның іргелі зерттеушілерінің еңбектері, оның ішінде Е.Ф., Жуков, Л.Н. Красавина, О.И. Лаврушин, О.Б. Баймұратов, Г.Т. Қалиева, Қ.Қ. Ілиясов, Н.Қ. Мамыров, Ғ.С. Сейітқасымов, М.С. Саниев, Н.Н. Хамитов сияқты ғалымдардың және көптеген басқа да отандық экономистердің еңбектері кеңінен пайдаланылды.

459-тапсырма. Сөздікке қарап, терминдердің мағынасын анықтаңыздар. Терминдерді саласына қарай ретке келтіріп көшіріңіздер.

Бизнес, аспап, бұрғылау, тасымалдау, экономика, шағын, қаржы, қатпар, ақша, айналыс, мұнай, бедер, білдек, шығын, бұранда, құрылым, қор, қазба, нарық, құрылғы, жылжыма, өндіріс, орта, қорық, ластану, дөңес.

460-тапсырма. Мәтінде көтерілген қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді анықтаңыздар. Осы мәселелер төңірегінде ойталқы жасаңыздар. Қарамен берілген етістіктердің жалғауын анықтаңыздар.

Бизнесті дамыту жүйесі

Осы ретте шағын және орта бизнес үшін қаржы көзі екінші деңгейдегі коммерциялық банктер мен қорлар болса, ол шағын және орта бизнесті жандандыруға берілетін несиелерді жетілдіріп қана қоймай, сол шағын бизнес субъектілеріне қарыз қаражаттарды алу мен табу көздерін іздестіруді де ойлау қажет. Бүгінгі күні Қазақстан шағын және орта бизнесті несиелеу бағытындағы өзінің азғана жиған тәжірибесі бойынша шағын бизнес субъектілерімен банктерден алынған қаржы-қаражаттарын тиімді пайдалана алмай отырғаны белгілі. Ал, халықтан әр түрлі қаражат тарту (жергілікті деңгейде), өзінің корпоративті бағалы қағаздарын шығару, басқа да ірі компаниялар субъектілерімен біріккен консорциумдар құру, мүмкін шағын бизнесті басқарудың жетілуіне, акционерлік ұжымдық шешім түрінде орта бизнес кәсіпорындарына айналуына жол ашылатын еді. Бірақ, бұл жағдайда кәсіпорынның өзіндік тәжірибесі мен меншікті бағалы қағаздары болмағандықтан, тағы да қиындыққа кездеседі.



Республикамыздағы тағы бір өзекті мәселе – шағын кәсіпкерлікке қаржылық көмек көрсетуде географиялық дисбаланс **байқалады**. Өйткені, қаржының басым бөлігі Алматы (62%), Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе областарында жергілікті органдардың шағын бизнеске көңіл аудармауы мен төмен қолдауына байланысты жалпы берілген несиелердің (1,5%) құрайды. Ал, Алматы облысының үлесіне барлық банктік несиелердің 13%, Шығыс-Қазақстан – 6%, Жамбыл облысының үлесіне небәрі 1%. Ал, екінші қалалар мен ауылдың шағын және орта кәсіпорындары несиелік ресурстарға өте **зәру болып отыр**. Себебі, несиелер ресурстары аймақтық жобалардан **тыс қалып отыр**.

Шетелдік нарықтық экономика тәжірибелері, шағын кәсіпкерлікті дамытуда қолдауда лизингтік қарым-қатынастардың қолайлылығын да **дәлелдеді**. Біздіңше, шағын кәсіпорынның ірі орталық және шетелдік компаниялардың құрал-жабдықтарын, қаржы-қаражаттарын, технологияларын пайдалану арқылы дамуы да тығырықтан шығудың бір жолы деуге болады..

Шағын кәсіпкерлікті дамытуда лизингтік несиелендіру арқылы өндірісті қалыпқа келтіруге болатыны шетел тәжірибелерінен белгілі. Лизинг көмегімен, кепілге беретін мүлкі жоқ ұсақ кәсіпорындарды несиелеуге болады. Лизингтік


мәміле жасалған мерзім бойынша лизинг объектісі лизингке берушінің меншігінде қалады да, лизинг алушы банкротқа ұшыраған жағдайда несиелік тәуекел деген болмайды. Лизинг 100% несиелеуді ұсынады, кәсіпорынға қысқа мерзім ішінде өзінің меншікті капиталын жұмсамай-ақ, жаңа құрал-жабдықты пайдалана отырып, өнеркәсіптік өнім шығаруға және пайда табуға мүмкіндік береді. Құрал-жабдықтың лизинг берушінің меншігінде болатындығына байланысты өнімнің құнына лизингтік төлемдер ғана қосылып, мүлікке салынатын салықты жалға берушінің өзі **төлейді**. Сөйтіп, лизинг алушы салықтық жеңілдіктер **алады**. Мұның барлығы шағын кәсіпкерлікті дамытуға өз **үлесін қосады**.

Шағын кәсіпкерліктің табысты дамуы елдегі қолайлы әлеуметтік, экономикалық, құқықтық және саяси еркі қалыптасқанда ғана мүмкін болады. Өз кезегінде ерікті қолдау мен нығайту, шағын кәсіпкерліктің кең ауқымды дамуына жол ашады.

А. К. Ерали., М. Ғ. Қабылбеков Кәсіпорын экономикасы.– Алматы: ҚазҰТУ, 2004. – 264 б.

461-тапсырма. Мәтіндегі экономика саласына қатысты терминдермен сөйлем құрастырыңыздар.

462-тапсырма. И әрпінен басталған он сөз ойлап жазып, оларды берілген кестеге орналастырыңыздар. Орфографиялық сөздікке қарауға болады.



463-тапсырма. Мәтін мазмұнына байланысты сөйлем құрастырыңыздар.

Шағын -----
 Қаржы-----
 Шетелдік-----
 Бүгінгі күні Қазақстан-----
 Алматы-----
 Республикамыздағы-----
 Тұтынушылар-----
 Экспорт-----
 Бизнесті дамыту-----

464-тапсырма. Мәтінді орыс тіліне аударып, «Бүгінгі таңдағы бизнестің даму қарқыны» жайында әңгімеленіңдер. Мәтіннен зат есімдерді табыңыздар.

Бизнестің аралас түрлері

Өндірістің жаңа ұжымдық түріне ену үдерісі – аралас экономика. Аралас экономиканың өтпелі экономикадан айырмашылығы өтпелі экономика формациялық даму деңгейін және қайта өзгерісті ұйымдастыруды көрсетеді. Аралас экономиканың алғашқы көрінісі – экономиканы реттеуге мемлекеттің араласуы. Бұл ең алдымен мемлекеттің экономикалық қызметінің күшеюінен көрінеді. Бұған сұранысты ынталандыру, салықты реттеу арқылы инвестициялық ынталандыру, өтілімді жылдамдату, т.б. шаралар кіреді.



Аралас экономикаға тән белгінің бірі мемлекет бизнестің өзара байланысы.

Аралас экономиканың басты белгісі – мемлекеттік меншік. Айталық, жеке саланың қолынан бәрі келе бермейді, бұл әсіресе теміржол, атом энергиясында, ғарыштық техниканы игеруде ерекше білінеді. Қазіргі өндірістің бұл салалары тек үлкен көлемде ақша қаржыларын талап етіп қоймай, сонымен бірге қоғамның барлық күш-жігерін қажет етеді. Олар өз кезегінде шаруашылықтың басқа салаларына айтарлықтай ықпал жасайды. Мемлекеттік меншіктің пайда болуы тауар қатынастарын жаңа лептің, ұжымдық өндірістің үстемдігін сипаттайды. Аралас экономикаға меншіктің көп түрлігі тән. Мұнда жеке-дара және ұжымдық меншіктің түрі олардың негізі болып, басқа түрлерінің пайда болуына әсер етеді. Аралас экономиканың маңызды белгісі – құндық және жоспарлық тұтқалар арқылы реттеу.

Аралас экономиканың тағы бір сипаты – микро-макро деңгейіндегі экономикалық үдерістерді ұйымдастырудың, басқару рөлінің артуы. Ұйымдастыру қатынастары рөлінің артуы, тек қана техникалық себептерден емес, алдымен экономикалық үдерістердің салдарынан болады. Қарастырылып отырған аралас экономиканың белгілерінің тағы бір жағы жекелеген кәсіпорындардың трест, концернге әртараптандырылған (диверсификация) формаларға ауысады. Олар микро деңгейдегі ұйымдастыру мен басқару қызметін түбірінен өзгертпейді. Ірі кәсіпорындардың көлемі, олардың өндірістік тұтынуы, транспорттық және ақпарат мүмкіндіктеріне қарап өнім шығаруы – бәрі баға белгілеуге, сұранысты бақылауға жағдай жасайды, еркін бәсеке дәуіріне тән қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

Аралас экономиканы қазіргі қоғамның индустриалдық даму дәуіріндегі экономикалық жүйе сипаттайды, оған белгілі бір заңдылықтар тән. Ол заңдылықтар тауарлы және ұжымдық өндіріс заңдарына тәуелді. Аралас экономика шаруашылықты жүргізу жүйесі ретінде пайда болып, тек қана ұжымдық өндірісті дамытып қоймай, ең алдымен тауарлы қатынастар жүйесін тереңдете түседі.

465-тапсырма. Мәтінге өзіңізше ат қойыңыздар.

Мәтінді мағыналық бөлімдерге бөле отырып, жоспар құрыңыздар.

Мәтіндегі қажетті терминдерді жазыңыздар.

Мәтінге өз ойларыңызды қосыңыздар.

466-тапсырма. Баспасөз бетінде бизнес саласына қатысты берілген мәтінге өз көзқарастарыңызды қосыңыздар.

1) Бизнесің дамуы үшін мынадай шарттың орындалуы қажет;

2) Бизнес жүйесінің ашық болуы;

3) Бизнесің жүйе ашық бола отырып, өз тауарын, өз өндірісін, өз ұсынсын қорғай білу, оған айрықша жағдай жасау;

4) Кәсіпкерлікпен айналысудың пайдасы.

Қазіргі кездегі әлемдік қаржы дағдарыстарына байланысты несиелік ресурсқа деген сұраныс артып отыр. Бұл шағын және орта бизнес субъектілері тарапынан болып отырған қаржылық сұранысты банктердің қанағаттандыруы мүмкін емес. Өйткені, Қазақстан банктерін несие қаражаттарымен қамтамасыз етіп отырған ірі шет ел АҚШ, Ағылшын, Германия және тағы басқа мелекеттер банктері бүгінгі күні қаржылық тоқырауға ұшырап отыр. Сондықтан, үкімет тарапынан коммерциялық банктерге қаржылық көмектер көрсетілмесе көптеген шағын және орта бизнес субъектілері өз қызметтерін тоқтатуы мүмкін.

«Егемен Қазақстан». 2010 жылғы 9 қараша.

467-тапсырма. Экономика, бизнес саласына байланысты терминдерді қазақ тіліне аударыңыздар.

Оценивать, единый, возможность, спрос, выбирать, законы экономики, богатство, фронт, стоимость, мировые цены, оборот, ценник, доход, качество, предприниматель, налог, гарантия, банковская система, вклад, открыть счет, рассчитаться, собственность, конкуренция, взятка, обработка, спонсор, скитка, успех, риск, главный интрес, доля, приватизация, кпедит, уценка, обмен, оборот.

468-тапсырма. А-дан басталатын 7 сөз ойлап жазыңыздар.

1. Жердің серігі

2. Мейірімді жан

3. Жеміс-жидек атауы

4. Малды байлауға арналған зат

5. Қазақстандағы қала

6. Түйе жейтін шөпті атаңыздар

7. Ұлттық ойын

469-тапсырма. Мәтін мазмұнындағы «өнеркәсібі», «жабдығы» сөздеріндегі ықпалды анықтаңыздар

470-тапсырма. Мәтінде берілген негізгі ойды орыс тіліне аударыңыздар.

Қазақстандағы бағалы қағаз нарығының даму деңгейі



Бағалы қағаз жеке-дара, сондай-ақ мемлекеттер үшін қаражат көзі болып саналады. Ал, инвесторлар пайда табамын деп ақша шығарғанымен, оны қайтарып алуына, өсім түсуіне ешкім кепілдік бере алмайды. Түптеп келгенде, бағалы қағаз саудасынан эмитентке сауда-саттыққа араласқан басқаларға да түсер пайда көп. Тұтас алғанда бұл экономиканы көтерудің бір жолы. Өйткені, бағалы қағаздан түскен қаржының көзін тауып, өндіріске жұмсай білсе, бұдан бүкіл

Қазақстан ұтады. Ал жұмыссыздық саны азайып, халықтың тұрмыс жағдайы да жақсара түспек. Бағалы қағаз саудасы биржа қоры арқылы жүргізіледі, оның құнды қағаз жөніндегі Ұлттық комиссия бекіткен өз талаптары бар. Ол тараптар биржа аралық қатынастың сенімділігіне, қаржы мәселесіне тіреледі. Биржа арқылы құнды қағазын өткізген әрбір кәсіпорынан көпшілік хабардар болып отыруы үшін, өзінің қаржы жағдайын экономикалық ахуалы, басқарма органдары, алдағы жоспары хақында ақпарат беріп тұруға міндетті.

Облигация – сатып алған жеке адамдардың инвестордың эмитентке берген қарызы іспетті. Инвестор облигацияны сатып алу арқылы қарызға ақша құяды, ал эмитент алдағы уақытта оның қарызын өсімімен қайтарады деген сөз.

Сонымен, бағалы қағаз жеке-дара, сондай-ақ мемлекеттер үшін қаражат көзі болып табылады. Ал, инвесторлар пайда табамын деп ақша шығарғанымен, оны қайтарып алуына, өсім түсуіне ешкім кепілдік бере алмайды. Көбіне пайда табудың орнына, тақыр жерге отырып қалуы да мүмкін. Сондықтан мұның табысынан тәуекелі басым. Әрине, тәуекелге кез келген бара бермейді, барған өкінбейді.

Түптеп келгенде, бағалы қағаз саудасынан эмитентке сауда-саттыққа араласқан басқаларға да түсер пайда көп. Тұтас алғанда бұл экономиканы көтерудің бір жолы өйткені, бағалы қағаздан түскен қаржының көзін тауып, өндіріске жұмсай білсе бұдан бүкіл Қазақстан ұтады. Жұмыссыздық саны азайып, халықтың тұрмыс жағдайы да жақсара түспек. Бағалы қағаз саудасы биржа қоры арқылы жүргізіледі оның, құнды қағаз жөніндегі Ұлттық комиссия бекіткен өз талаптары бар.

Ол тараптар биржа аралық қатынастың сенімділігіне, қаржы мәселесіне тіреледі. Биржа арқылы құнды қағазын өткізген әрбір кәсіпорын көпшілік хабардар болып отыруы үшін, өзінің қаржы жағдайын, экономикалық ахуалы, басқарма органдары, алдағы жоспары жайлы ақпарат беріп тұруға міндетті. Бұл ақпарат кейде инвесторға түсетін 3 айлық немесе жылдық есеп негізінде жүргізіледі. Бағалы қағаз саудасын қолма-



қол жеткізуге биржа көбіне брокерлер жалдайды да, одан түскен пайдадан жалақы төлеп тұрады.

Жалпы бұл сала еліміз тәуелсіздік алған уақыттан бері ғана құрылып, өзінің даму жолына түсіп отыр. «Қазақстандық қор биржасы» Қазақстан Республикасындағы қызмет істеп тұрған жалғыз биржа. Алайда, Қазақстан ТМД-ның басқа елдерімен салыстырғанда, дамудың прогрессивті сатысында тұр. Шетел нарығына шығу, жеке кәсіпкерліктің дамуы, инвестиция тарту, осы құнды қағаздар нарығының, яғни қор биржасының қызметтілігінің тигізетін маңыздылығы зор.

Экономикасы дамыған елдерде қаржылық ресурстың 50%-ға жуығын акциялар мен облигациялар құрайды. Құнды қағаздар нарығын дамытудағы негізгі мақсат – Қазақстан экономикасының тиімді дамуына ықпал етіп, қаржылық тұрақтылықты тездету. Ол нарықтық экономиканың барлық субъектілерінің, бірінші кезекте халықтың жұмысын белсенді ету мақсатында – экономиканың өркендеуіне ықпал ету.

Ж.О.Ихданов., Ә.О. Орманбеков. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері. – Алматы: 2002. – 202 б.

471-тапсырма. Сөйлемдерді орыс тіліне аударып, «Тәуелсіз Қазақстанның экономикасы» тақырыбында эссе жазыңыздар

Құнды қағаздарды пайдалану қазіргі кездегі икемді қаржылық құралдардың бірі болып табылады. Құнды қағаздар, әр тауарлық айналымның маңызды атрибуты болып қалыптасты. Өзі тауар бола тұра, кредит, төлем құралы ретінде, қолма-қол ақшалардың қызметін оңай атқара алады. Бұрын, жоспарлы экономика жағдайында, құнды қағаздар мүлктік қатынаста ғана қолданылатын. Қазіргі кезеңде, экономиканы нарықты ұйымдастыруға және құнды қағаздар нарығын тұрақтандыруға көшкенде, құнды қағаздарды қайтадан жаңарту және олардың түрлігін қолдануды қажет етті. Бағалы қағаз жеке-дара, сондай-ақ мемлекеттер үшін қаражат көзі болып табылады. Ал, инвесторлар пайда табамын деп ақша шығарғанымен, оны қайтарып алуына, өсім түсуіне ешкім кепілдік бере алмайды. Көбіне пайда табудың орнына, тақыр жерге отырып қалуы да мүмкін. Сондықтан мұның табысынан тәуекелі басым. Әрине, тәуекелге кез келген бара бермейді, барған өкінбейді.

Бағалы қағаз саудасы биржа қоры арқылы жүргізіледі, оның құнды қағаз жөніндегі Ұлттық комиссия бекіткен өз талаптары бар. Ол тараптар биржа аралық қатынастың сенімділігіне, қаржы мәселесіне тіреледі. Биржа арқылы құнды қағазын өткізген әрбір кәсіпорынан көпшілік хабардар болып отыруы үшін, өзінің қаржы жағдайын экономикалық ахуалы, басқарма органдары, алдағы жоспары хақында ақпар беріп тұруға міндетті.

472-тапсырма. Экономика, бизнес, қаржы салалары бойынша 10-15 терминдердің түсініктемесін (түсіндірме сөздік негізінде) беріңіздер.

473-тапсырма. Берілген үстеулерді қатыстырып, «Қаржы көзі» деген тақырыпта әңгіме жазыңыздар.

Анағұрлым, қыруар, бірен-саран, едәуір, азғантай.

474-тапсырма. Берілген көмекші есімдерді мағынасына қарай зат есімдермен тіркестіріңдер.

сырт, іш, маң, алд(ы), үст(і), қас, жан үй, үстел, ғимрат, орман

475-тапсырма. «Санға қатысты халық ұғымдары» тақырыбына ой толғаңыздар.

477-тапсырма. Үлгі бойынша кестені толтырыңыздар.

№	Түрлері мысалдар	Жалпы есім	Жалқы есім	Деректі зат	Дерексіз зат	Негізгі зат	Туынды зат	Дара зат	Күрделі зат
1	студент	+		+		+			
2	Абай								
3	«Рас» газеті								
4	қуаныш								
5	жолдас								
6	Қаныш Сәтбаев								
7	аспап								
8	физик								
9	ток								
10	шебер								
11	өмір								
12	Қазақстан								
13	Сарыарқа								
14	қаржы								
15	Астана қаласы								
16	Студенттер сарайы								
17	Ақжан Машани								
18	мәдениет үйі								
19	туған-туыс								

477-тапсырма. Берілген тура мағынадағы сөз тіркестерінің ауыспалы мағынасын тауып жазыңыздар.

Есіктің кілті-

Есіктің тұтқасы-

478-тапсырма. «Түс», «Ара» сөздерінің омонимдік қатарын құраңыздар.

IV тарау

Техникалық физика саласындағы мамандықтарға негізделген мәтіндер мен тапсырмалар

479-тапсырма. Мәтінді оқып, физика саласына қатысты термин сөздерді теріп жазып, оған анықтама беріңіздер. Сын есімдерді мағынасына қарай ажыратыңыздар.

Үлгі: Сапалық: қатты, ...

Қатыстық: жансыз, ...

Физика немен шұғылданады?

Физика – материя түрлерін, олардың қасиеттерінің өзгеру заңдылықтарын, яғни, материя қозғалысының жалпы және қарапайым түрлерін зерттейтін жансыз табиғат туралы ең іргелі ғылымдардың бірі. Физика – материяны екіге бөледі. Олар: зат, өріс. Өріс – электромагниттік, графитациялық, т.б. өрістер. Зат – атом, молекуладан құралатын газ, сұйық және қатты күйдегі барлық денелер.

Физика салалары: элементар бөлшектердің физикасы, атомдық және ядролық физика, оптика, қатты денелер, сұйық, газ, плазмалық, электромагниттік өріс, тербеліс және толқындар физикасы, термодинамика, статика, голография, биофизика, шала өткізгіштер физикасы, радио-физика.

Физика жетістіктері – өндіріс роботтарын, күрделі автоматикалық жүйелерді, компьютер техникасын, лазер мен голография салаларын тудырады.

Физика табиғат туралы ғылым ретінде – алғаш рет гректің ұлы ойшылы, тарихта «бірінші ұстаз» атанған Аристотель шығармаларында баяндалады. «Физика» грекше «фюзис» – табиғат дегенді білдіреді. Бұл сөздің ғылыми мағынасын байытуда тарихта «екінші ұстаз» аталған біздің ұлы бабамыз – Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбегі зор. Ал орыс тіліне «физика» деген сөзді енгізген ұлы ғалым М.В. Ломоносов болатын.

Физиканың мақсаты – табиғатта болып жатқан түрлі физикалық құбылыстарды өзара байланыстыратын заңдарды ашу. Мысалы, дененің жерге құлап түсуі, жердің оны өзіне тартуынан туындайды. Жылдың төрт мезгілінің (қыс, көктем, жаз, күз) ауысуы Жердің Күнді айнала эллипс бойымен қозғалуы арқылы түсіндіріледі. Табиғат құбылыстары арасындағы байланыстарды табу арқылы – физика заңдары ашылды. Физикалық құбылыстар мен оларды сипаттайтын заңдарды бір жүйеге түсіру арқылы, физикалық теориялар жасалады.

Физиканың ғылыми тілін, заңдары мен теорияларын оқып үйрену үшін қолданылатын арнайы сөздерді *терминдер* деп атайды. Физикалық құбылыстар мен заңдылықтардың мәнділік мазмұнын ашып беретін терминдер – *физикалық ұғымдар* деп аталады. Сөйтіп, материя, дене, зат сияқты физикалық ұғымдар қалыптасады. Бұл ұғымдардың терең мағынасы – физика мен астрономияны оқып үйрену барысында ашылды.

Әлем кеңістігінде не бар болса, соның бәрі материя деп аталады. Материяға өсімдіктер, жануарлар, планеталар, Ай, Күн, жұлдыздар да, сондай-ақ, әр түрлі денелерде, оларды құрайтын әр алуан заттар жатады. Сонымен бірге, кеңістікті толтырып, жан-жақты тарап жатқан жарық сәулелері, яғни электромагниттік толқындар да материяны құрайды.

Кеңістікте белгілі пішіні және нақтылы көлемі бар жеке тұрған нәрсені *дене* деп атайды. Мысалы, қасық, өшіргіш, үрленген шар, үстел, судың тамшысы денелер болып табылады. Дененің сапалық тектілігін сипаттайтын материя түрін *зат* деп атайды. Мысалы, затқа күміс, су, ауа, т.б. жатады. Үстел – дене болса, оны құрайтын ағаш – зат. Шеге – дене, шегені құрайтын темір – зат. Ағаш та, темір де дененің сапалық қасиеттерін, яғни тектілігін сипаттайды.

Ә.Қ. Шоқанов. – *Жалпы физика курсы. Механика және молекулалық физика.* – Алматы: Эверо баспасы, 2005. – 189 б.

480-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

«Физика» атауы нені білдіреді және оны ғылыми негіздеген ғалымдарды атаңыздар?

Физиканың мақсаты неде?

Физика заңдары қалай ашылады?


Физикалық теориялар қалай жасалады?

Физикалық терминдер мен ұғымдар дегеніміз не?

Қандай ұғымдарға түсінік бере аласыздар?


481-тапсырма. Физика саласына еңбек сіңірген ғалымдар жайлы баспасөз конференциясын ұйымдастырыңыздар.

482-тапсырма. Берілген сөздердің сыңарын табыңыздар.



ҚАТТЫ ФИЗИКА СҰЙЫҚ ФИЗИКАЛЫҚ ЖАНСЫЗ	ЖЕТІСТІКТЕРІ ГАЗ ШАМА ДЕНЕ ТАБИҒАТ
---	--

483-тапсырма. «Физика» деген ұғым қай сөзбен есімді тіркес жасай алады?



484-тапсырма. «Аспан әлемінде тіршілік бар ма?» тақырыбына пікірталас ұйымдастырыңыздар. Пікірталасқа қажетті сөздер: *Аспан әлемі, ауасыз бос кеңістік, жансыз дене, тіршілік иелері, сан алуан құбылыс, зерттелмеген әлем, тылсым дүние, ауырлық күші, салмақсыздық т.б.*

485-тапсырма. Мәтінді оқып, терең әрі толық түсініп алуға тырысыңыздар. Сан есімдерді мағыналық түрлеріне қарай ажыратыңыздар.

Жарық көздерін бақылау құралдары



Жарық құбылыстарын зерттеу тамаша құралдар ойлап табуға көмектесті. Арнайы оптикалық құралдар – телескоп, микроскоп, фотоаппарат, лупа. Телескоптың көмегімен астрономдар Жерден миллиардтаған км қашықтағы аспан денелерінің құрылысын, құрамын, атмосферасын зерттеп, олардың айналу жылдамдықтарын анықтай алады. Микроскоптың көмегімен өсімдік клеткаларын, бактерияларды, қан түйіршіктерін көру және зерттеу мүмкіндігі туды. Перископ арқылы суасты қайығының теңіз бетін бақылауға болады.



Үлкейткіш оптикалық телескоппен ең алғаш аспанға қараған адам – әйгілі итальян оқымыстысы Галилео Галилей. Галилейдің өзі ғылым тарихындағы тұңғыш екі телескопты құрастырды. Ол

телескоптар, әрине әлі де жетілдірілмеген еді: кескінді кішісі бар болғаны 3 есе, ал үлкені 32 есе ғана үлкейтетін. Соған қарамастан, Галилей осындай қарапайым құралдармен-ақ ұлы жаңалық ашты.

Телескоптар алыстағы нәрселердің кескінін үлкейту үшін қолданылады. Оның көмегімен ғарыштық кеңістіктегі шырақтар туралы аса көп мәліметтер алынады. Бірінші рефлектор – кішкентай айналы телескопты 1668 жылы Ньютон ойлап тауып және жасап шығарды. Бұл кішкентай телескоп осы күнге дейін Лондонда сақтаулы тұр.

Соңғы бірнеше жүз жыл ішінде телескоптың екі түрі жасалды: линза негізіндегі телескоп-рефракторлар және айна негізіндегі телескоп-рефлекторлар. Телескоп түтігінің ашық саңылауына алыстағы шырақтан параллель сәуле шоғы түрінде жарық түседі. Жарық шоғы ойыс айнадан (ОБ) шағылып, жинақты шоқ түзеді. Көлбеу жазық айна (А) өзіне түскен жинақты шоқты окуляр (ОК) жаққа қарай шағылыстырады. Сондықтан, аспан объектісінің кескіні, окуляр фокусының жанында үлкейіп көрінеді. Шыныдан үлкен айналы объектив жасау өлшемдері дәл осындай, рефрактор объективінің шыны линзасын жасаудан жеңіл және арзанға түседі. Сондықтан, ірі астрономиялық телескоптар рефлекторлық болып келеді.



(Ә.Қ.Шоқанов. «Жалпы физика курсы» «Механика және молекулалық физика»)

486-тапсырма. Киелі 7 санына байланысты ұғымдарды жазып шығыңыздар.

487-тапсырма. Берілген үлгі бойынша сан есімнің мағыналық түрлеріне жаттығыңыздар.


Үлгі: екі, екінші, екеу, екі-екіден, екілерде, екіден бір.

Үш..., төрт..., бес..., алты..., жеті....

488-тапсырма. Мәтінді оқып мазмұндаңыздар. Терминдерге назар аударыңыздар. Мәтіннен есімдіктерді тауып, астын сызыңыздар.

Инерция құбылысы. Ньютон заңдары

Беті мұқият өңделген кішкене допты домалатсақ, ол біраз қашықтыққа барып, тоқтайды. Ал нашар өңделген столдың кедір-бұдыр бетімен домаланған доп ұзаққа бара алмайды. Егер бір дененің қозғалысына екінші дененің әсері аз болса, онда оның жылдамдығы даздап өзгереді, ал әсері күшті болса, тез арада үлкен өзгеріске ұшырайды.




Денеге басқа денелердің тарапынан әсер болмаса, ол жылдамдығын өздігінен өзгерте алмайды. Дененің өз тыныштығын немесе жылдамдығын тұрақты сақтау құбылысын *инерция* деп атайды. Жер бетінен басқа дененің әсерінде болмайтын денені табу мүмкін емес. Денеге басқа денелердің әсері жоқ дегеннің өзінде де, Жердің әсері болады.



Денелердің өзара әсерлері – олардың қозғалыстарының басты себебі. Бір дененің механикалық күйі, басқа дененің әсері болмайынша, еш уақытта өзгермейді. Бұл тұжырым – динамиканың негізгі қағидаларының бірі. Оны ағылшын физигі Исаак Ньютон былайша тұжырымдаған болатын: «Тыныштықтағы немесе түзу сызықты бірқалыпты қозғалыстағы дене басқа денелердің тарапынан қандай да бір әсер болғанға дейін, бастапқы күйін тұрақты сақтайды». Бұл тұжырымды Ньютонның бірінші заңы деп атайды. Ендеше денеге ешқандай күш әсер етпесе, ол тыныштық күйін немесе бір- қалыпты түзу сызықты қозғалысын сақтайды.

Біздің дәуірімізге дейінгі IV ғасырдан бастап, 20 ғасыр бойы гректің ұлы ойшылы Аристотель мен оның жолын қуушылардың идеясы үстемдік етті. Олардың көзқарасы бойынша дененің тұрақты жылдамдықпен қозғалуы үшін, оған үнемі басқа дене әрекет етуі керек деп есептелінді; дененің табиғи күйі тыныштық деп саналады.



Алғаш рет итальян ғалымы Галилео Галилей (1564–1642 жж) ғасырлар бойы қалыптасқан бұл қағидадан бас тартты. Ол өзінің жүргізген керемет тәжірибелері негізінде Аристотель мен оның жолын қуушылар ілімінің жалған екендігін дәлелдей білді. Ол денелердің горизонталь жазықтықтар бойымен қозғалысын зерттей отырып, егер денеге басқа денелер әрекет етпесе немесе олардың әрекеті теңгерілген болса, онда дене тыныштықтағы күйін сақтайды, не түзуге сызықты және бірқалыпты қозғалысын жалғастырады деген қорытындыға келген болатын. Бұл – өздеріңе таныс инерция заңы. И. Ньютон инерция заңын механика негізінде енгізді, сондықтан, бұл заңды Ньютонның бірінші заңы деп атайды. Бұл заңның дұрыстығын біз қалай тексере аламыз? Нақтылы жағдайларда, қарастырылатын денеге түсірілетін сыртқы әрекеттен арылу мүмкін емес. Алайда, тәжірибелер денелер өзара әрекеттесуге (мысалы, аздап еңкейтілген үстел бетіндегі дене жермен, атмосферамен, еңкіш бетпен өзара әрекеттеседі) қатынаса отырып, тыныштық қалпын сақтауы немесе бірқалыпты түзу сызықты қозғалуы мүмкін екендігін көрсетеді. Бұл жағдайда өзара әрекеттесудің теңгерілуі туралы айта аламыз. Үйкеліс аз болған жағдайда, мысалы, сырғанатылған тас мұз бетімен ұзақ уақыт бойы қозғала алады. Үйкеліс неғұрлым аз болса, тас солғұрлым едәуір жерге дейін сырғанамайды. Бірақ бұл денелер аздаған тең әрекетті күш әрекетінен, өздерінің жылдамдықтарын өзгертулері мүмкін.

(Ә.Қ.Шоқанов. «Жалпы физика курсы» I бөлім)

489-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша әңгімелесіңіздер.

Инерция құбылысы қалай байқалады?

Динамиканың негізгі қағидаларын атаңыз?

И.Ньютон заңдарының негізгі ерекшеліктері қандай?

Дене қандай жағдайда бірқалыпты тыныштық күйін сақтайды?

Бір дененің екінші денеге әсерін қалай түсіндіресіз?

490-тапсырма. Мәтінде кездесетін кейбір сөздер мен сөз тіркестерінің қазақша баламасына назар аударып, оларды жаттап алуға тырысыңыздар.

<p>Мұқият өңделген Кедір-бұдыр Тұжырым, қағида Өзара әсер Бастапқы күй Түзу сызықты Бірқалыпты Заттардың күйі Ретсіз қозғалыс Молекулалық бөлшек Атом ядросы Ток өлшемі</p>	<p>Жылу қозғалысы Материялық нүкте Сұйықтардың қатаюы Тартқыш күш Серпімділік күш Салмақсыздық Ішкі үйкеліс Дене қозғалысы Векторлық тербеліс Идеал газ Ішкі энергия Агрегаттық күй</p>
---	---

491-тапсырма. Төмендегі «Ньютонның бірінші заңы» тақырыбына байланысты сөздер мен сөз тіркестерін орыс тіліне аударыңыздар.



492-тапсырма. Физика саласы бойынша берілген жұмбақтың шешуін табыңыздар.

Ток бар жерде, біреу бар,

Өлшемі вольт, киловольт.

Ұмытып кетпе, тағы бар,

Гектовольт және меговольт.

493-тапсырма. «Жиырма бірінші ғасырдың жеткіншегі қандай болу керек?» деген тақырыпта пікірталас ұйымдастырып, мақала жазыңыздар.

Тірек сөздер: 1. Білімді. 2. Дарынды. 3. Парасатты. 4. Озық ойлы. 5. Ғылымға бейім. 6. Жаңалықтың жанашыры.


494-тапсырма. Ол, бұл, сол есімдіктерін септеңіздер, қандай өзгерістер байқадыңыздар.

495-тапсырма. Баспасөз материалдарынан сілтеу, жалпылау, белгісіздік, болымсыздық есімдіктері қатысқан сөйлемдер тауып жазыңыздар.

496-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, аударыңыздар. Қимылды білдіретін сөздерді теріп жазыңыздар.

Жылу құбылыстарының мәні

Негізгі физикалық шама – температура жылу құбылыстарымен тығыз байланысты. «Температура» сөзі бәрімізге бала кезден таныс. Температура



туралы түсінік ғылымда бірнеше жүздеген жылдар бұрын пайда болған. Ертедегі ғалымдар жылудың күйі (дененің температурасы) туралы жылуды нақты сезіну арқылы тұжырымдар жасағанмен, олар субъективті, дәл, анық емес. Біз салқын, жылы немесе ыстық денелерді анықтай аламыз, өйткені дене әр түрлі дәрежеде қызу қасиетіне ие бола алады. Бұл қасиетті температура деп атайды. Температура дене жүйесінің жылулық тепе-теңдік күйін сипаттайды:

жүйедегі бір-бірімен жылулық тепе-теңдікте тұрған денелердің температурасы бәрінде бірдей болады. Екі дененің температурасы бірдей болған кезде, олардың арасында жылу алмасу болмайды. Егер денелердің температурасы әртүрлі болса, онда олардың жылулық жалғасу болған кезде энергия алмасуы жүреді. Сонда температурасы жоғары дене энергияны, температурасы төмен денеге береді. Денелердің температура айырмасы олардың арасындағы жылу алмасудың бағытын көрсетеді. Дене температурасын термометрмен өлшейді. Температураны өлшеу үшін сынап, спирт сияқты термометрлік заттар қолданылады. Сынап және спирт термометрлерінің көрсетуі тек екі тірек нүктеде ғана сәйкес келеді.

Сынап бағанасының ұзындығы бойынша адам денесінің температурасын анықтауға болады. Термометр дененің температурасын еш уақытта денеге тиісімен бірден көрсетпейді. Дене мен термометр температуралары теңеліп, температура өзгермейтін жағдайға жетіп, олардың арасында жылулық тепе-теңдік тағайындалғанша біраз уақыт қажет. Температурасы әр түрлі кез келген денелер арасына уақыт өтуіне қарай, жылулық тепе-теңдік орнайды. Суы бар стаканға кесек мұз тастап, оны қақпақпен тығыздап



жабыңдар. Мұз еріп, ал су салқындай түседі. Мұз еріп біткеннен кейін су жылиды. Судың температурасы айналадағы ауаның температурасындай болғаннан кейін, суы бар стаканның ішінде ешқандай өзгеріс болмайды.

Осындай және осыған ұқсас басқа да қарапайым бақылаулардан, жылу құбылыстарының өте маңызды жалпы қасиеттерінің бар екендігі жайлы қорытынды жасауға болады. Кез келген макроскопиялық дене немесе макроскопиялық денелер тобы сыртқы жағдайлар өзгермегенде, жүйеде өздігінен жылулық тепе-теңдік күйге келеді. Жылулық тепе-теңдік деп – барлық макроскопиялық параметрлер мейлінше ұзақ уақыт бойы өзгермей қалатын күйді айтады.

(Ә.Қ.Шоқанов. «Жалпы физика курсы»)

Бақылау сұрақтары:

1. Негізгі физикалық шаманы атаңыздар.
2. Қай кезде жылу алмасу болмайды?
3. Жылу құбылыстары туралы не білесіздер?
4. Жылулық тепе-теңдікті атаңыздар?

497-тапсырма. Төменде берілген сөздердің антонимдік сынарын табыңыздар.

ЖАРЫҚ ШЫҚ КӨП КӨР ЖЫЛДАМ ЖАЗЫҚ ЖАЛҒАН КІШКЕНТАЙ ҚЫЗЫҚ	ШЫН АЗ ЖОТА ҮЛКЕН КӨҢІЛСІЗ КӨРМЕ КІР БАЯУ ҚАРАҢҒЫ
---	---

498-тапсырма. Жұмбақты шешіңіздер.

Әдемі түнде,
Мен жүрсем, жүреді бірге.

Күндіз бәрі қашады,
Түнде аспанды басады.

499-тапсырма. Тордағы жасырын тұрған сөздерді табыңыздар.

М	И	К	Р	О	С	К	О	П	Т
Е	З	О	Е	Р	Ә	Ү	П	Р	Е
Х	О	Д	А	Т	У	Ш	Т	О	Л
А	Т	О	К	А	Л	А	И	Ж	Е
Н	О	С	Т	Ш	Е	А	К	Е	С
И	П	К	И	А	С	П	А	К	К
К	Т	О	В	А	Т	Т	А	Т	О
А	Ы	П	Т	Е	Р	М	Е	О	П
А	Л	У	П	А	А	П	А	Р	А
С	Ы	Й	Ы	М	Д	Ы	Л	Ы	Қ

1		9	
2		10	
3		11	
4		12	
5		13	
6		14	
7		15	
8		16	

500-тапсыра. Мәтін мазмұны бойынша бақылау тест құрастырыңыздар.

501-тапсырма. Мәтіндегі физикалық терминдердің мағынасын түсіндіріңіздер. Асты сызылған есімшелердің қызметін анықтаңыздар.

Оптикалық аспаптар

Фотоаппарат – бұл проекциялық аппарат. Ол жарық өткізбейтін жабық камерадан құрылған. Фотоаппараттың негізгі бөлігі – линзалар жүйесінен тұратын объектив. Объективтің көмегімен жарықталынған нәрселер фотопенка немесе жарық сезгіш қабаты бар фотопластинка арқылы экранға түседі. Пластикада немесе пленкада анық кескін алу үшін объективті фотокамераның артқы қабырғасына қатысты жылжытады. Кескінді түр іздеу терезесінен бақылайды. Фотоаппараттың негізгі бөлшегі – диафрагма. Ол нәрсенің жарықтандырылуы мен айқындығын реттеп отырады.



Лупа – бұл шыныдан жасалған қос дөңес, қысқа фокусты линза. Ол арқылы кішкентай нәрселердің бөлшектерін көре аламыз. Бұл үшін нәрсені, оның линзасы фокусының арасына қояды. Линза майда бөлшектері жақсы көрінетін нәрсенің үлкейтілген кескінін береді.



Микроскоп затты 500 – 600 есе үлкейтуге көмектеседі. Бұл – күрделі оптикалық аспап. Микроскоптың оптикалық жүйесі екі жинағыш линзадан тұрады. Оның біреуі кішкене фокустың қашықтықпен АВ нәрсеге бағытталған, ол объектив (Об) деп аталады. Екінші линза бақылаушының көзіне бағытталған, ол окуляр (Ок) деп аталады. Екі линзаның да оптикалық өстері сәйкес келіп, көздің көру өсімен беттесіп, жалпы MN ортақ ось құрайды. Микроскоптың көмегімен біз микробтардың сан алуан түрлерін, қан түйіршіктерін анық көре аламыз. Бұл үшін 200 есе үлкейтетін микроскоп жеткілікті.

(Ә.Қ.Шоқанов. «Жалпы физика курсы»)

502-тапсырма. Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Фотоаппараттың объективі қандай рөл атқарады?
2. Микроскоп қалай құрылған? Ол не үшін керек?
3. Телескоптар қандай мақсатта қолданылады?
4. Телескоптың қандай түрлері сендерге таныс?

503-тапсырма. Берілген жұмбақтарды шешіңіздер.

Әуеден күбі түсті,	Ертең болар қара тон.
Күбінің түбі түсті.	Қара тоным аздан соң,
Бүгін киген ақ тоным,	Болып кетер ала тон.

504-тапсырма. Төмендегі сөз тіркестерін тірек ретінде алып, шағын мәтін құрастырыңыздар.

Электромагниттік өріс Материалдық негіз Магниттік құбылыс Электр кернеуі Өзара байланыс Жылдамдықты есептеу Абсолют күш Материяның біртұтас түрі	Материяға сипаттама Қажетті есептеу Жеке-жеке қарастыру Қарапайым құрал Ұлы жаңалық Оптикалық жүйе Жинағыш линза Жабық камера
---	--

505-тапсырма. Мәтіннен алынған физикалық атауларды қазақ тіліне аударып, сөйлем құрастырыңыздар.

1. Явление 2. Яркость 3. Эхо 4. Частота 5. Цель 6. Установка 7. Уровнение 8. Счетчик	9. Структура 10. Обмен 11. Переход 12. Настройка 13. Столб 14. Ориентация 15. Сопряжение 16. Соответствие
---	--

506-тапсырма. Физикалық құбылыстарға сай қолданылатын мақал-мәтелдердің мағынасын, жаттап алыңыздар.

Тақырыптар	Мақал-мәтелдер
Физикалық шамалар	А) «Қарыстан сүйел жуық»
Заттың құрылысы	Ә) «Сынған көсеуді жамауға болмайды»
Жылдамдық	Б) «Ит жүгіртіп тазы болмас», «Аттағы жаяу жолдас болмас»
Жылу өткізгіштік	В) «Тонның жылуы терісінен емес жүнінен»
Отын энергиясы	Г) «Отты үрлеген жағады, шындықты іздеген табады»
Инерция	Ғ) «Аяқ сүрінсе, басқа салмақ түсер»
Механикалық қозғалыс	Д) «Шапқан озар, жатқан қалар», «Қимылдаған қыр асар»
Дене температурасы	Е) «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді»
Физикалық шамалар	Ж) «Жеті рет өлшеп, бір рет кес», «Гауһарды мысқылдап өлшейді»
Меншікті жылу сыйымдылығы	З) «Нан піскенше, күлше күйеді»

507-тапсырма. Мәтіндегі негізгі термин сөздерге қарап, сөзжұмбақ жасаңыздар.

508-тапсырма. Мәтіндегі физика мамандығына қатысты термин сөздермен сөз тіркесін құрастырыңыздар.

<p>ҮЛГІ:</p> <p>СӘУЛЕ →</p> <p>СЕЗГІШ →</p>	<p>ЭЛЕМЕНТ</p> <p>ШЫҒАРУ</p>
---	------------------------------


509-тапсырма. Көп нүктенің орнына мәтіннен керекті сөздерді алып, сөйлемді толықтырыңыздар.

1. Қызу туғызатын электромагниттік толқындар ... деп аталады.
2. Сондықтан, инфрақызыл толқындарды ... толқындар деп атайды.
3. Қараңғыда көруге мүмкіндік беретін ... мен оптикалық дайындалады.
4. Ультракүлгін химиялық активтілігі жоғары болып келеді.
5. Сондықтан, биік тауда қара шыны және ұзақ уақыт киімсіз болмайды.

510-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақ әзірлеңіздер, жауаптарын өз сөздеріңізбен баяндаңыздар.


511-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып, оның мазмұнына қажетті сөздерді (А,В,С,Д) белгілеңіздер. Көсемшені табыңыздар.

Инфрақызыл және ультракүлгін сәулелер



Көрінетін сәуле шығарумен (жарық) (1) шығару атаулының барлық түрі бітіп қалмайды. Көрінетін сәуле шығарумен (2) инфрақызыл және ультракүлгін сәулелер бар.

Аспаптың (3) элементінің кара пластинасын спектрдің қызыл ұшына қарай жылжыта қозғағанда, температураның артқаны байқалады. Егер пластинаны, көздің жарықты байқай қоймайтынын, спектрдің қызыл ұшына қарай ығыстырсақ, онда пластинаның бұрынғыдан да (4) қызатынын байқаймыз. Осы қызу туғызатын электромагниттік толқындар инфрақызыл (5) деп аталады. Оларды кез келген (6) дене, тіпті жарықталынбаса да шығарады. Мысалы, пәтерді жылжытатын батарея инфрақызыл толқындар шығарып, айналасындағы денелерді едәуір қыздырады. Сондықтан, инфрақызыл толқындарды көбінесе (7) толқындар деп атайды. Көз қабылдай алмайтын инфрақызыл толқындардың ұзындықтары қызыл жарықтың толқындарының ұзындығынан (8) болады. Электр доғасы мен қыздыру шамының сәуле шығару энергиясының максимумы инфрақызыл сәулелерге (9) келеді. Инфрақызыл сәулені лак қосып боялған нәрселерді, көкөністі, жемістерді, т.б. (10) үшін пайдалананды. Көзге көріне қоймайтын объектінің инфрақызыл (11) көрінетін кескінге айналдыратын аспаптар жасалған. Қараңғыда көруге (12) беретін дүрбілер мен оптикалық көздегіштер дайындалады.



Ультракүлгін сәуле шығару. Аспап (13) күлгін ұшынан әрі қарай температураның аз да болса жоғарыланғанын анықтайды. Ендеше толқын ұзындығы (14) жарықтың толқын ұзындығынан қысқа электромагниттік толқындар да бар. Оларды ультракүлгін толқындар деп атайды. Ультракүлгін сәуле шығаруды люминесценттеуші (15) жабылған экранның көмегімен байқауға болады. Экранның спектрдің күлгін аймағынан тыс жатқан сәулелер түсетін бөлігі жарық шығара бастайды. Ультракүлгін сәулелердің химиялық активтілігі (16) болып келеді. Ультракүлгін сәулеге фотоэмульсия өте сезгіш келеді. Бұған қараңғыланған үйде фотоқағазға спектрді проекциялау арқылы көз (17) болады. Ультракүлгін сәулелер көру (18) туғызбайды, олар көрінбейді. Бірақ, ол көз торы мен теріге орасан зор әсер етіп, бүлдіреді. Күннің ультракүлгін сәулелері атмосфераның жоғарғы қабаттарында нашар жұтылады.

Ультракүлгін сәулелердің аз мөлшерінің ендік әсері бар. Сондықтан, жас кезде күн көзінде шамалап болу пайдалы: ультракүлгін сәулелер организмнің өсуіне және нығаюына есебін тигізеді. Тері тканіне тікелей әсерінен басқа ультракүлгін сәулелер организмдегі (19) қажетті функциялардың жұмысын жақсартып, орталық нерв жүйесіне әсерін тигізеді. Ультракүлгін сондай-ақ, бактерицидті әсер көрсетеді. Олар ауру туғызатын бактерияларды (20), сондықтан осы (21) үшін медицинада пайдаланылады.

1 А) сәуле В) сәулені С) сәулемен Д) сәуледен	2 А) көрші В) көршілес С) көршімен Д) көршіде	3 А) сезгіштік В) сезімтал С) сезгіш Д) сезді
4 А) күшті В) күш С) күшпен Д) күштірек	5 А) толқындар В) толқын С) толқынды Д) толқынсыз	6 А) қыздырылған В) қыздырылды С) қыздырылмаған Д) қызбаған
7 А) жылу В) жылулық С) жылулықсыз Д) жылумен	8 А) артық В) артығырақ С) артықтау Д) кем	9 А) сәйкес В) сәйкессіздік С) сәйкестендіру Д) сәйкестік
10 А) кептіру В) кептіргіш С) кептірме Д) кептір	11 А) кескін В) кескіндеме С) кескінін Д) кесілген	12 А) мүмкін емес В) мүмкінсіздік С) мүмкін Д) мүмкіндік
13 А) спектрдің В) спектрсіз С) спектрмен Д) спектр	14 А) күлгін В) қызғылт С) қызғылт-сары Д) күлгіндеу	15 А) зат В) затпен С) затсыз Д) затқа
16 А) жоғары В) орташа С) төмен Д) жоғары	17 А) жеткізуге В) жеткізуде С) жеткізуші Д) жеткіз	18 А) бейне В) бейнесін С) бейнесіз Д) бейнесімен
19 А) тіршілікке В) тіршілікте С) тіршілікті Д) тіршілікпен	20 А) жояды В) жойады С) жоймақ Д) жойды	21 А) мақсатсыз В) мақсат С) мақсатқа Д) мақсатта

512-тапсырма. Сәулет және құрылыс, энергетика, физика мамандықтарына қатысты термин сөздерді аударып, топтастырып жазыңыздар және мағынасын түсіндіріңіздер.

1. Охладитель	1. Сәулет және құрылыс
2. Покрытие	
3. Обратимость	
4. Ноложение	
5. Толщина	
6. Обмотка	
7. Спецление	2. Энергетика
8. Влажность	
9. Здвиг	
10. Вероятность	3. Физика
11. Кожух	
12. Усилие	
13. Устройство	
14. Упор	
15. Напряжение	
16. Облучение	
17. Обмен	

513-тапсырма. Мәтіннен дара, күрделі көсемшелерді топтап жазыңыздар.

514-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып, аударыңыздар. Етістіктің шақтарын анықтаңыздар.


Ғарышты зерттеу

Дүниежүзінде алғаш рет ғарышты зерттейтін Жердің жасанды серігі 1957 жылы 7 қазанда аспан кеңістігіне шығарылды. Осы уақыттан бастап, адамзат ғарыш кеңістігін зерттей бастады. Ал қазіргі уақытта жерді айнала жүздеген Жердің жасанды серіктері ұшып жүр. Олар арқылы радио мен теледидар хабарлары тез арада дүниежүзіне таралады.

Жердің жасанды серіктері арқылы ауа райын дұрыс және дәл болжауға мүмкіндік туды. Теңізде жүзген кемелер мен ұшақтар бағытын бұрын жұлдыздарға немесе Күн мен Айға қарап болжайтын болса, қазір бұл Жердің серіктерінің көмегімен жүзеге асады.

Космос кораблі. Ғалымдар ойлап тапқан жасанды Жер серіктері адамның өмір сүруін жеңілдетуге септігін тигізуде.

Жердің жасанды серігі, ғарыш кемелері және автоматты ғарыш станцияларының көмегімен алынған ғылыми мәліметтер біздің ғарыш кеңістігі туралы білімімізді молайтып қана қоймай, ғаламшарымыздың да құпия сырларын тереңірек білуге, тануға мүмкіндік жасайды. Ғарыш кеңістігінде жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі қазірдің өзінде геологиялық барлау жұмыстарында, ауа райын алдын ала болжауда, кен орындарын анықтауда, ауылшаруашылығы салаларында пайдалануда.



Тұңғыш рет Ресей азаматы ғарышкер Юрий Гагарин 1961 жылы 12 сәуірде ғарыш кеңістігіне жол салды. Ол ұшқан «Восток» кемесі 28 000 км шамасындағы жылдамдықпен ұшты. Одан кейін Жер төңірегіндегі орбитада көптеген ғарышкерлер болып қайтты. Ғарышкерлер үшін ғарыш кемесі – әрі үй, әрі ғылыми зертхана. Онда ғарышкерлер тұрып, зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Өз елімізден шыққан ғарышкерлер – Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев та ғарышқа ұшып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Талғат Мұсабаев «Союз ТМ -27» ғарыш кемесінің командирі болып, ғарышта 200 күнге жуық болды. Ғарышкерлер халықаралық және мемлекеттік маңызы бар тапсырмалармен қатар, ғылыми зерттеулер жүргізуге басшылық жасады. Олар: Қазақстан жерінің табиғи ресурстарын зерттеу, астықты аймақтың мүмкіндігін болжау; жер асты пайдалы қазбаларын іздестіру; ғарыш жағдайында материалдану; атмосферамен қатар, ионосфера және мезосфера қабатын зерттеу; биотехнологиялық және биомедициналық зерттеулер жасады.

Ғаламшарды айнала ұшып жүрген Жер серіктерінің ел үшін пайдасы орасан зор. Оның түрлері де сан алуан. Мысалы, метеорологиялық жер серігі ауа райын бақылап, өз байқауларын радио арқылы дәлме-дәл хабарлайды. Тәулігіне ғарышты бірнеше рет айналып үлгеретін ол дауыл, боран, нөсер туралы хабарды жерге жеткізіп отырады.

Бақылау сұрақтары:

1. Теңіз жәндіктерінен реактивті қозғалысты қалай байқауға болады?
2. Дүниежүзінде алғаш рет ғарышты зерттейтін Жердің жасанды серігі қай жылы аспан кеңістігіне шығарылды?
3. Жер серігінің атқаратын қызметі қандай?

515-тапсырма. Жақшаны ашып жазыңыздар.

Үлгі: жазыл(бұрынғы өткен шақ) жазылған

Шық(ауыспалы келер шақ)-----

Тара(мақсатты келер шақ)-----

Жүзеге ас(болжалды келер шақ)-----

Тұр(жедел өткен шақ)-----

516-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып, оған сұрақ әзірлеңіздер. Мәтіндегі септік жалғаулы сөздерді тауып, талдау жасаңыздар.

Тербелмелі қозғалыс

Күнделікті өмірде біз тербелмелі қозғалыстар немесе жай ғана тербелістер деп аталатын қозғалыстармен жиі ұшырасамыз. Мәселен, жел соққан кезде талдың бұтақтары тербеледі, бір шеті қысқышқа бекітілген металл пластинаны майыстырып тұрып жібере салса, ол да тербеліске түседі. Сол сияқты вертикаль күйінен ауытқыған әткеншек, бесік қабырға сағатының маятнігі, серіппеге ілінген жүк, домбыра шегі, таразы сілтемесі және т.б. тербеледі. Бұл қозғалыстардың ұқсастығы сол, олардың барлығы қайталанып



отыратындығымен сипатталады: қандай да бір уақыт өткен соң тербеліп тұрған дене бастапқы орнына үнемі қайта оралады, демек, тербелмелі қозғалысқа периодтылық тән. Қозғалыстың периодтылығы белгілі бір уақыт өткен соң дене орнының, яғни оның координатасының дәл немесе шамамен дәл қайталанып отыратынын білдіреді. Сонымен, механикада тербелістер деп дененің бірдей уақыт аралығындағы дәлме-дәл немесе жуықтап қайталанып отыратын қозғалысын айтады.

Мәселен, ғаламшарлардың, Жердің жасанды серіктерінің орбита бойымен қозғалысы, сол сияқты сағат тілі ұшының, бала бесігінің, әткеншектің, ұнтаспа дискілерінің қозғалысы тербелмелі қозғалыс тәрізді периодты болып табылады.

Дене қозғалысының сипаты бастапқы шарттар мен әрекет етуші күшке тәуелді болады. Тербелмелі қозғалыс жасауы үшін денеге әрекет етуші күштер қандай шарттарды қанағаттандыруы керек екенін қарастырайық. Кез келген тербелмелі процестің маңызды сипаттамасы амплитуда болады. Гармоникалық тербелістердің амплитудасы деп тербелістегі шаманың ең үлкен мәнінің модулі аталады. Бұл электр зарядының немесе кез келген басқа периодты түрде өзгеретін шаманың модулі бола алады.

Тербелмелі қозғалыс пайда болуы үшін мына шарттар орындалуы қажет:

Біріншіден, дене тепе-теңдік қалпынан шығарған кезде, оны бастапқы күйіне қайтаратын күш болуы керек. Мысалы, жүкті жоғары не төменгі шеткі нүктелерде тепе-теңдік қалыпқа қарай бағыттайтын серпімділік күшін алуға болады.

Екіншіден, үйкеліс мейлінше аз болуы керек. Өйткені үйкеліс әр уақытта қозғалысқа қарама-қарсы бағытталатындықтан ол тербелістің өшуіне себепші болады. Әдетте, тербелістің еркін, еріксіз, электромагниттік тербеліс түрлері кеңінен қолданылады. Сондай-ақ, тербелістерді, период, жиілік, амплитуда және циклдік жиілік арқылы сипаттайды.

Бірдей уақыт аралығы өткен сайын дәлме-дәл немесе жуықтап, дәл қайталанып, отыратын қозғалыстар механикалық тербелістер деп аталса, жүйе тепе-теңдік күйінен шығарылып, өзіне ерік берілген соң пайда болатын тербелістер еркін тербелістер деп, ал сыртқы периодты күштің әрекетінен болатын тербелістер еріксіз тербелістер деп аталады.

Электромагниттік тербелістер деп – конденсатордың разрядталу кезінде – заряд, ток, кернеу, сондай-ақ электр және магнит өрістерінің периодты түрде өзгеріп отыруын айтады.

(*Н. Ильясов «Жалпы физика курсы»*)

517-тапсырма. Мәтінді пайдалана отырып, сөйлемдердің дұрыс не бұрыстығын анықтаңыздар.

<i>Сөйлемдер</i>	<i>дұрыс</i>	<i>бұрыс</i>
<p>1. Біз тербелмелі қозғалыстар деп аталатын қозғалыстар мен күнделікті өмірде жиі ұшырасамыз.</p> <p>2. Жел соққан кезде талдың бұтақтары тербелмейді.</p> <p>3. Өткеншек бесік, қабырға сағатының маятникі серіппеге ілінген жоқ, домбыра шегі, таразы сілтемесі тербеледі.</p> <p>4. Біраз уақыт өткен соң тербеліп тұрған дене бастапқы орнынан үнемі қайта оралмайды. Тербелмелі қозғалысқа периодтылық тән емес.</p> <p>5. Механикалық тербелістер деп дененің бірдей уақыт аралығындағы дәлме-дәл немесе жуықтап қайталанып отыратын қозғалысын айтады.</p> <p>6. Тербелмелі қозғалысты сипаттайтын негізгі шама амплитуда емес.</p> <p>7. Тербелмелі процестер жүзеге асатын құрылғыларды тербелмелі жүйелер деп аталмайды.</p> <p>8. Шамалардың периодты түрде өзгеріп отыруын электромагниттік тербелістер деп атайды.</p> <p>9. Әдетте, тербелістер еркін және еріксіз болып жіктелмейді.</p> <p>10. Үйкеліс күші тербеліс амплитудасын азайтады.</p>		

518-тапсырма. Мәтіндегі негізгі мәселеге байланысты дөңгелек үстел ұйымдастырыңыздар.

519-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті анықтауыш қойып, көшіріп жазыңыздар. Анықтауыштың астын сызыңыздар.

... жерге қақ тұрар, ... ерге бақ тұрар. Жігіттің ... күшін сұрама, ... ісін сұра. ... сөз – жан азығы, еңбек – ырыс қазығы. ... наны тәтті, ... жаны тәтті. ... көркі – құрақ, ... көркі- бұлақ.

Керекті сөздер: *көлдің, таудың, еңбектің, жалқаудың, жақсы, қатты, қайратты, жұмсаған, бітірген.*

520-тапсырма. Физика мамандығына байланысты терминдерді байланыстыра отырып, «Физика ғылымының басқа ғылымдармен байланысы жайында» эссе жазыңыздар.

521-тапсырма. Мына сөздердің сыңарын табыңыздар:

1. ТЕРБЕЛМЕЛІ	А. КҮЙ
2. ТЕПЕ-ТЕҢДІК	В. ДЕНЕ
3. БАСТАПҚЫ	С. ҚОЗҒАЛЫС
4. НЕГІЗГІ	Д. ТЕРБЕЛІС
5. ЕРКІН	Е. ШАМА

522-тапсырма. Ойтүрткі. Мәтінді мұқият оқып, дұрыс жауабын айтыңыздар.

Ғимараттың астынан соғатын жел

АҚШ-та көп қабатты ерекше бір тұрғын үйдің жобасы көпшілік назарына ұсынылды. Бұл үйдің барлық қабаттары көпір сияқты жасалып, екі жағынан мықты тіреуіш қабырғаларға бекітілген. Ал үйдің астындағы кеңістік ашық қалады. Сыртынан қарағанда мұндай ғимараттар өте әсем көрінгенімен, жел аудандар үшін өте тиімсіз. Осындай бір ғимарат Массачусетегі технологиялық институт аймағында салынған. Көктемде күшті жел соққанда, ашық қабырға арқылы соққан желдің жылдамдығы сағатына 160км-ге жеткен. Осы күшті жел жылдамдығының артуы неге байланысты деп ойлайсыздар?



Жауабы:

- А) күшті жел қуыс арқылы өтетіндіктен, оның жылдамдығы артады.
- В) желдің бағытына байланысты.
- С) жердің рельефіне байланысты.
- Д) таулы аймаққа байланысты.
- Е) жыл мезгіліндегі ауа райына байланысты.

523-тапсырма. Сөздің қазақ тіліндегі баламасын жазыңыздар.

Широкий спектр	Световой поток
Звуковая волна	Идентификация
Акустическая жесткость	Спектр поглощения
Сверхзвуковая скорость	Равномерность
Строение атома	Теплопроводность
Отражение звука	Космические помехи
Рождение частицы	Ток утечки
Резкость звука	Излучение галактики
Испарение	Квантовый эффект

524-тапсырма. Мәтінге жоспар құрып, әңгімелеп беріңіздер. Сан есімнің мағыналық түрлерін ажыратыңыздар.

Уақытты өлшеу



Мындаған жылдар бұрын адамдар табиғаттағы көптеген нәрселердің қайталанатынын байқаған: Күн шығыстан көтеріліп, батыста бататынын, жазды күз алмастыратынын және керісінше болатынын. Сол кезде алғашқы уақыттың өлшем бірліктері пайда болған – күн, ай және жыл. Қарапайым астрономиялық құралдар көмегімен 1 жылда жуықтап 360 күн бар екені, 30 күнге жуық аралықта Айдың бір циклдан екінші циклға өтетіні анықталды. Сондықтан, халдейлік даналар уақытты санаудан алты ондық жүйесін қолданған: тәулікті 12 күндік және 12 түндік сағатқа бөлген, шеңберді 360 градусқа бөлген. Әрбір сағат пен градус 60 минутқа, әр бір минут 60 секундқа бөлінген.

Бірақ кейінгі дәл жүргізілген өлшеулер Жер Күнді 365 тәулік 5 сағат 48 минут және 46 секундта толық айналып шығатынын көрсетті. Ай Жерді әртүрлі уақытта айналады: 29,25-29, 85 тәулікте.

Бір меридианда орналасқан қалаларда уақыт бірдей болып, параллель бойымен орын ауыстырғанда уақыт өзгереді. Жергілікті уақыт күнделікті өмір үшін өте маңызды – ол жергілікті жердегі күн мен түннің алмасуымен байланысты. Бірақ көптеген қызмет көрсететін мекемелер бір уақытпен жұмыс жасаулары қажет: мысалы, көлік қызметі бір уақытта жұмыс жүргізуі қажет. Қазақстандағы барлық поездар Астана уақытымен жүрсе, Ресейде Мәскеу уақытымен жүреді. Уақыт белгілеуде шатасу болмас үшін гринвич немесе бүкіл әлемдік уақыт (UT) ұғымы негізделген: бұл Англияда, Лондонның жанында орналасқан Гринвия обсерваториясы орналасқан нөлдік меридиандағы жергілікті уақыт. Бірақ – қазақстандықтарға немесе ресейліктерге лондондықтармен бір уақытта өмір сүру қолайсыз, сондықтан белдеулік уақыт идеясы пайда болды. 24 меридиан таңдап алынды.

Жердегі жаңа күннің басталуын белгілеу үшін мерзімдер ауысуының халықаралық линиясы жөнінде келісімге қол қойылды. Ол 180 – меридиан бойынша Беринг бұғазы арқылы өтеді (Қиыр Шығыста).

Біздің календарь (күнтізбе) мен уақыт алғашында Күн және Жердің қозғалысына негізделген.

Күнтізбенің басты мақсаты – оқиғаларды күндер алмасуымен сәйкестендіру. «Календарь» сөзі ерте Римнен енген. Ол латынның *calendae* «жариялау» және *calendarium* «қарыз кітабы» деген сөздерінен тұрады. Римде әрбір айдың басы айрықша аталып өтіп отырған, өйткені әрбір айдың басында қарыздарының өсімдерін төлеп отырған.

Барлық күнтізбелерді келесі типтерге бөлуге болады: күндік, айлық және айлы-күндік. Барлық күнтізбелер табиғи периодты процестерді пайдаланады. Тәулікті, яғни күн мен түннің алмасуы, ай бойына жүретін ай фазаларының

ауысуын, немесе екі көктемгі теңелу күндері арасындағы уақыт алмасуын, яғни тропиктік жыл периоды.

Ертедегі көшпелі халықтар ай календарын пайдаланған, оның негізіне айдың ұзақтығы алынған. Жер өңдеумен айналысқан халықтар өзінің календарын тропиктік жылдың ұзақтығымен байланыстырған.

(*Ғаламтор желісінен*)

525-тапсырма. Уақыт сөзімен түбірлес және мағыналас сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыздар.


- | | |
|----|-----------------------|
| 1. | ДӘЛ УАҚЫТ |
| 2. | ШАМАЛАС УАҚЫТ |
| 3. | САҒАТ ЖҮРІП ТҰР |
| 4. | ҚАЛЫП ҚОЙҒАН |
| 5. | ОЗЫП КЕТКЕН |
| 6. | САҒАТ ТӘРІЗДІ..... |
| 7. | УАҚЫТ ЖОҒАЛТУ..... |

526-тапсырма. Мына мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңіздер.

Уақыт – алтыннан қымбат, уақыт – ұлы емші.

Бір жылын ойлаған адам күріш егеді, он жылын ойлаған адам ағаш егеді, жүз жылын ойлаған адам ұрпақ өсіреді.

527-тапсырма. «Уақыт» сөзімен сөз тіркесін құрастырыңыздар.



528-тапсырма. Берілген мәтіннің мазмұнын ашатын мақал-мәтел ойлап жазыңыздар.

Сіз “Уақыт” сөзінің мәні мен маңызын ойланып көрдіңіз бе? Бәріміз бұл сөздің мән-мағынасын білеміз, бірақ оның маңызы туралы аз ойланатын сияқтымыз. Өйткені күн сайын таңертеңнен кешке дейін уақытты қалай өткізетіні әркімнің өзіне белгілі шығар. Дегенмен уақытты дұрыс қолдана білу керек. Өркениетті елдердің дамымаған елдерден айырмашылығының бірі уақытты берекелі өткізуінде. Уақыттың қадірін білген адам үшін ұйқы мен демалуға бөлінген аз ғана уақыттан басқа уақытын босқа өткізу қалтадағы ақшаны бостан-босқа шашқанмен бірдей болып есептеледі. Халықта мынадай

сөз бар: “Өмірдегі ең қиын үш нәрсе: сыр сақтау, уәдеде тұру және уақытты босқа өткізбеу” міне, осы үш нәрсені жүзеге асырған адам ғана нағыз адам болып табылады. Сондықтан не уақытыңды пайдалы істермен өткіз, не ойлану арқылы уақытыңды босқа өткізбеуге тырыс. Бұл екеуінен басқасы бекершілік. Себебі екі күні бірдей болған адамның өмірінде береке де, рахат та, тыныштық та болмайды. Бүгінгі істі ертеңге қалдыру – ақымақ адамның ісі. Мұндай адамдардың өмірдегі зияны туралы айтып тауысу мүмкін емес. Сондықтан қазақ халқы: “Еріншектің ертеңі бітпес”, – дейді. Бұл өміріміз үш күннен тұрады: кеше, бүгін, және ертең. Кешегі күн өтті де кетті. Оның орнын толтыра алмаймыз. Ертеңгі күн болса, өте жақын. Сол үшін бүгіннен бастап жұмысқа кірісу керек.

Қорыта айтқанда, ауырмастан бұрын денсаулықтың, кедейліктен бұрын байлықтың, жұмыс істемес бұрын бос уақыттың, қартаймастан бұрын жастық шақтың, өлместен бұрын өмірдің қадірін біліңіз.

529-тапсырма. Берілген нақылдардан уақытқа қатысты сөздердің тізбегін өсу ретімен жасаңыздар.

Егер бір жылдың қадірін білгің келсе, сыныпта қалған оқушыдан сұра;

Егер бір айдың қадірін білгің келсе, бір ай ерте босанған анадан сұра;

Егер бір аптаның қадірін білгің келсе, апталық газеттің редакторынан сұра;

Егер бір сағаттың қадірін білгің келсе, кездесуге асыққан ғашықтардан сұра;

Егер бір минуттың қадірін білгің келсе, пойыздан қалып қойған біреуден сұра;

Егер бір секундтың қадірін білгің келсе, жол апатынан әрең дегенде құтылған біреуден сұра;


Егер бір милисекундтың қадірін білгің келсе, олимпиадада жүгіруден күміс медаль алған спортшыдан сұра;

Олай болса, уақыттың қадірін біл және әрбір секундты берекелі өткіз. Уақытыңды ең қажетті нәрселер үшін қолдан. Уақыттың ешкімді күтіп тұрмайтынын есіңнен шығарма.

530-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып, аударыңыздар. Мәтіннен үстеулерді табыңыздар.

Қазақтың тұңғыш – «KazSat» Жер серігі ұшырылды

2006 жылы 18 маусым күні, таң алдында Жер серігі - «KazSat» әуе кемесі Байқоңыр ғарыш айлағынан ашық аспанның аясына жол тартты. Еліміздің алғашқы әуе кемесінің ұшу тұсаукесеріне Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев пен Ресей Федерациясының Президенті В.Путин қатысты. Осы оқиға Қазақстанды жер бетіндегі ғарышпен байланысы бар жиырма бес елдің сапасына қосуға бірінші қадамды жасап берді. «KazSat» Жер серігінің техникалық ресурсы 12 жылға шақталған. Ол ары



кеткенде 15 жылда өз сапарын аяқтауы керек. Спутниктің ретранциялық кешенін Италияның «Алениа Спацио» деген фирмасы алдыңғы қатарлы жер серігі технологияларын қолдана отырып, жасап шығарған. Аппарат Ресей орбиталық ұстанымының 103 – градуостағы шығыс қашықтығынан уақытша ұсынылған геостационарлы орбитаға орналасып, жұмысын жалғастырмақ.

Белгілі болған тағы бір жайт, «KazSat» жер серігін жасап шығару үшін Қазақстан жағы 65 млн. АҚШ доллары көлемінде қаражат жұмсаған. Оның 12 ретранциялық ұңғысы бар. Бұлардың 8-і таза спутникті фиксациялық байланысқа қызмет етсе, қалған 4-і телевизиялық байланысқа жағдай жасайды. Өзі толық іске қосылғаннан кейін «KazSat» ғарыштық жүйесі еліміздің барлық аймағына телекоммуникациялық қызметтің қазіргі заманғы түрлерін көрсетуге қабілетті болады. Сонымен қатар, жасанды жер серігі Ресей Федерациясының орталық бөлігін соның ішінде Мәскеу төңірегін, кавказ маңайындағы елдер мен Орта Азия аумағын қамти алады. Осы арқылы болашақта тарифтердің бәсекелестігі қалыптасып, қосымша қаржы түсірудің көзі болып табылады.

«KazSat» Жер серігінің навигациясы Астана қаласынан 100 шақырым қашықтағы Ақкөл қаласына орналасқан ғарыш аппараттарын жерден басқару кешені арқылы да басқарыла бастайды. Оның құрылысы 2005 жылғы наурыз айында қолға алынған екен. Осындай аса маңызды кешен құрылысының жұмысы өте жоғары қарқынмен жүргізіліп, сол жылдың желтоқсан айында пайдалануға беріліпті. Жалпы ауқымы 6916 шаршы шақырымды алып жатқан бұл кешенде бүгінгі таңдағы әлемдік стандарттарға жауап беретін, ең озық технологиялы ғарыштық жабдықтар орнатылған. Оның бүгінде теңдесіз дүние болып табылатынын ресейлік мамандар мойындап отыр. Мониторинг орталығы, басқару орталығы және пайдалы жүктеме бөлімі сияқты үш негізгі бөлімшеден құралатын бұл кешенде таза қазақстандық азаматтар жұмыс істейді.



Жобаны жүзеге асыру жұмыстары аясында 35 талапкер «РосКосмостың» Сколово, Дубна және Шаболовка қалаларындағы орталықтарында арнайы дайындықтан өткен. Сол үшін мемлекеттің қазынасынан 85 миллион теңге көлемінде ақша жаратылған.


Ғарышты ел атануға батыл қадам жасап отырған Қазақстан «KazSat-2» деп аталатын екінші жобаны шамамен 2008 жылы аспанның төріне аттандырғалы отыр. Ал 2012 жылға қарай еліміз өздігінше 4 жер серігін ұшырса, тағы соншама дистанциялық спутникті Ресеймен бірігіп шығармақ. Республика маусымның 18-нен бастап, ТМД елдеріндегі Ресейден кейінгі жасанды жер серігі бар екінші мемлекетке айналса, 2008 жылы әлемдегі 2 және одан да көп ғарыштық аппараты бар 25 елдің қатарына қосылмақ. Сонымен егеменді еліміздің шежіресінде ерекше есте қалатын тағы бір күн. Ол тарих беттеріне «2006 жыл, 18 маусым, 04 сағат, 44 минөт» болып жазылып қалды.

Бақылау сұрақтары:

1. KazSat «Жер» серігі туралы қандай мәлімет білесіздер?
2. Сіз өз уақытыңызды үнемдей аласыз ба?
3. Қазақстандық ғарышкерлерден кімдерді білесіздер?

531-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып шығыңыздар. Мағынасы түсініксіз сөздерді түсіндірме сөздіктен қараңыздар. Мәтіндегі сөйлемнің тұрлаусыз мүшелеріне талдау жасаңыздар.

Жұлдызды аспан



Айсыз ашық түні аспаннан сан жетпес жұлдыздар жымыңдап, адамның көңілін өздеріне еріксіз аударады. Шынында да, жер бетінің кез келген орнынан бір мезетте аспан күмбезінен құралсыз көзбен үш мыңға тарта жұлдызды көруге болады. Оларды танып-білмек үшін адамдар өте ерте заманда жұлдыздардың өзара орналасуын жан-жануарларға немесе басқа нәрселерге ұқсатып топтастырып, оларға шоқжұлдыз атауларын берген. Мысалы, Геркулес пішіні бір тізесін бүккен адамға, Торпак (көне түркі тілінде Үнді) бұқаның мүйізіне, Аққу мен Бүркіт – қанатын жая самғап ұшқан құстарға ұқсайды. Сондай-ақ Қарақұрт, Жылан, Сужылан т.б. шоқжұлдыздарының атаулары олардың бейнелерінің өздері аттас жәндіктерге айна-қатесіз ұқсауының мағыналық мәні де бар. Мысалы, Таразы (Өкілі) шоқжұлдызының атауы күзгі күн мен түннің теңелуі кезінде – Күннің осы шоқжұлдызда атаулары қатарында аңыздарға туған. Сондай-ақ, шоқжұлдыз атаулары қатарында аңыздарда кездесетін кейіпкерлер мен жануарлар да баршылық. Мысалы, Персей, Қауыс-Мерген (Жақ), Айдаһар, Кентавр т.б.

Қайсыбір шоқжұлдыздардың атауы ата-бабаларымыздың тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, ғарыштану және діни түсініктерімен байланыстырылған. Астрономия тарихын зерттеуді орыс ғалымы Д.О. Святский өз еңбектерінде дала қазақтарының Темірқазық пен оның маңындағы бірнеше жұлдыздарды аспан қазығына арқандалған жылқы ретінде бейнелейтінін жазған. Түркі халықтарының көпшілігінде шөміш тәріздес пішін құрайтын жеті жұлдыз Жетіқарақшы немесе Жетіген, монғолдарда Жеті құдай (Дархан Бұрхан), Жеті қарт, башқұрттарда Жеті қыз, эстондар мен орыстарда Арба, Сібірліктер де Бұғы, ал ежелгі гректерде Үлкен Аю ретінде танылып, сол мағынаға сәйкес әр елдің өзіне тән аңыздары сақталған. Осы жеті жұлдыздың бұлай аталуын қазақтар жеті ұрының қуғыншылардан қашып, көкті паналауымен түсіндірсе, ежелгі грек аңызында Зевс құдай аюды аңшыдан арашалап аспанға шығарғаны айтылады.

Шоқжұлдыздардың астрономияда осы күндері қолданып жүрген атауларының 48-і өте ертеден, ежелгі Египет (Мысыр), Вавилон және Грекия замандарынан белгілі. Ежелгі грек астрономдары Гиппарх (б.д.д. 180не 190 – 125жж), Птолемей (90-160жж) шоқжұлдыз атауларын бір жүйеге келтіріп,

олардағы жұлдыздардың алғашқы тізімдерін, суреттемесін жасаған. Бірақ, ол тізімдеме Жер шарының солтүстік жарты шарында орналасқан елді мекендердің аспанында көрінетін шоқжұлдыздар қамтылған. Ал аспанның қалған бөліктерінің жұлдыздарын саяхатшылар XVI-XVIII ғасырларда оңтүстікке шеккен сапарларында шоқжұлдыздарға топтастырып, картаға түсірген.



Шоқжұлдыз дегеніміз – аспанның нақты шекарасы анықталған белгілі бір бөлігі. Аспанда барлығы 88 шоқжұлдыз белгіленген. Шоқжұлдыз шекаралары Халықаралық астрономия одағының (ХАО) арнаулы қаулысы бойынша бекітілген, бірақ олардың ешқандай физикалық мағынасы жоқ. Шоқжұлдыздардың 31-і аспанның солтүстік жарты шарында, 48-і оңтүстік жарты шарында, ал қалған 9-ы аспан экваторының бойында екі жарты шарға да ортақ орналасқан. Халықаралық деңгейде шоқжұлдыз атаулары латын тілінде қолданылады. Ұлт тілдерінде олар латын тілінен тікелей аударылып қолданылады. 1603 жылы Иоган Байер әр шоқжұлдыздағы жарық жұлдыздарды грек алфавитінің әріптерімен таңбалауды ұсынды.

Г.Б.Әлімбаева Физика пәнін халықтық педогогика тағылымдарымен байланыстыра отырып оқыту. – Алматы: «Арыс» 2001. – 100б.

532-тапсырма. Мәтінге тірек болатын сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып, қысқаша негізгі ақпаратты әңгімелеңіздер.

533-тапсырма. Мәтін мазмұнына орай бес сұрақ қойып, соған жауап жазыңыздар.

СОӨЖ тапсырмаларының түрлері және оларды орындау кестесі

№	Жұмыстың тақырыбы	Жұмыстың түрі	Бағалау пайызы
1	Энергетикалық мәселелерді шешу жолдары	дөңгелек үстел	100%
2	«Энергияны үнемдеу – біздің парызымыз»	ойбөліс	100%
3	«Электр энергетикасы мамандығының ерекшелігі»	диспут	100%
4	Қолданысқа енген жаңа экономика-физикалық, энергетикалық атаулар	«Сөзқоржын» сайысын өткізу	100%
5	«Мамандығым – мерейім»	дөңгелек үстел	100%
6	Экономикалық сауаттылық – заман талабы	сұхбат	100%
7	Экономикалық дағдарыс және оның себептері	дебат	100%
8	Экономиканы көтерудің басты бағыттары	дөңгелек үстел	100%
9	«Физиока ғылымының бүгінгі, болашағы және ертеңі»	пікірталас	100%
10	Аспан әлемі жайында	жоба	100%
11	«Ғарышты бейбіт өмір сүру үшін қолдану»	жоба	100%
12	Байқоңыр космодромының биосфераға тигізетін әсері қандай?	топтық жұмыс	100%
13	«Ньютон ашқан жаңалық-тардың бүгінгі таңдағы маңызы»	пікірталас	100%
14	«Қазақстандағы физик ғалымдар ашқан зерттеулер»	жоба	100%
15	«Даналық тамыры – тереңде»	ойбөліс	100%

СӨЖ тапсырмаларының түрлері және оларды орындау кестесі

	Жұмыстың тақырыбы	Жұмыстың түрі	Бағалау пайызы
1	Қазақстан энергетикасының бүгінгі мен ертеңі	реферат	100%
2	Шикізат пен энергияны үнемдеу	мақала	100%
3	Энергетика саласына еңбегі сіңген қайраткерлер	баяндама	100%
4	Электр энергиясының көздері	әңгіме	100%
5	Қазіргі энергетикалық мәселелердің даму қарқыны	реферат	100%
6	Экономикалық ой-пікірлердің қалыптасуы	баяндама	100%
7	Нарықтық экономикадағы бизнестің рөлі	мақала	100%
8	Экономика – біздің тұрмысымыз	эссе	100%
9	Бүгінгі таңдағы банк жүйесі	баяндама	100%
10	Сыртқы экономикалық байланыстар	реферат	100%
11	Қызықты жаңалықтар (экономика, физика, энергетика)	хабарлама	100%
12	«Исаак Ньютонның физика саласына сіңірген еңбегі»	реферат	100%
13	«Сананы тұрмыс би-лейді»	эссе	100%
14	Техникалық физиканың бүгінгі жаңалықтары	баяндама	100%
15	«Т.Әубәкіров пен Т.Мұсабаев – біздің мақтанышымыз»	реферат	100%

Өздік бақылау үшін тест тапсырмалары

Көп нүктені орнына тиісті сөзді жазыңыздар.

1. Қазір биомасса әлемдегі ... тұтынудың 15%-ын қамтамасыз етеді.

- А. құрал
- Ә. сайман
- Б. энергия
- В. ақша
- Г. Табиғат

2. Өзге тілдерден енген сөздердің атауы қандай?

- А. архаизмдер
- Ә. кәсіби сөздер
- Б. сөздік қор
- В. Терминдер
- Г. кірме сөздер

3. Жер шарындағы ... және шикізат қоры.

- А. қор
- Ә. капитал
- Б. өндіріс
- В. тұтқырлық
- Г. энергетикалық

4. Физика табиғат туралы ғылым ретінде – алғаш рет қандай ойшылдың шығармасында баяндалды.

- А. Ньютон
- Ә. Әл-Фараби
- Б. Аристотель
- В. Ақжан Машани
- Г. әл-Берун

5. Неологизм сөзді табыңыздар.

- А. либретто
- Ә. жемшөп
- Б. баспасөз
- В. ғарышкер
- Г. ауыстыру

6. Кәсіпорынды иемденетін адам қалай аталады?

- А. қаржыгер
- Ә. салық қызметкері
- Б. кәсіпорын маманы
- В. акционер
- Г. кәсіпкер

7. Сөз тіркесін табыңыздар.

- А. кең бөлме
- Ә. Сарыала
- Б. қазы, қарта
- В. жүрек жұтқан

Г. жүз жиырма

8. «Предприятие» сөзін аударыңыздар.

А. табыс

Ә. Нәтиже

Б. мекеме

В. кәсіп

Г. кәсіпорын

9. Қай қатардағы сөз мағынасы жағынан экономика сөзімен тіркеспейді

А. түзу

Ә. дамыту, дамыған

Б. реформалау

В. бөлім

Г. сауаттылық

10. Фонетиканың зерттеу объектісі не?

А. сөз мағынасы

Ә. сөйлем мүшелері

Б. дыбыс белгілері

В. тіл дыбыстары

Г. сөз құрамы

11. Дұрыс аударылған сөйлемді көрсетіңіз.

Товарное хозяйство возникло в период разложения первобытного строя.

А. Тауарлық шаруашылық алғашқы қауым құрылысы кезеңінде пайда болған.

Ә. Тауарлық қожалық алғашқы қауым құрылысы кезеңінде пайда болған.

Б. Тауарлық айырбас алғашқы қауым құрылысы кезеңінде пайда болған.

В. Тауарлық шығын алғашқы қауым құрылысы кезеңінде пайда болған.

Г. Тауарлық табыс алғашқы қауым құрылысы кезеңінде пайда болған.

12. Ұсыныс пен сұраныс. Дұрысы:

А. спрос и предложение

Ә. предложение и прибыль

Б. спрос и сбыт

В. издержки и предложение

Г. предложение и спрос

13. Көтерме сауда бағасы

А. регламентированная цена

Ә. розничная цена

Б. мелко-оптовая цена

В. оптовая цена

Г. рыночная цена

14. Бәсеке - ... механизмінің бесінші элементі.

А. нарықта

Ә. Нарықтықта

Б. нарық

В. нарығы

Г. нарқы

15. Білдек, айлабұйым, ақпарат, қаржы сөздері қалай аталады?

А. неологизмдер

Ә. диалект сөзер

Б. кірме сөздер

В. терминдер

Г. жалпы қолданыстағы сөзер

16. Пайда – таза ... түрі.

А. шығын

Ә. пайда

Б. табыс

В. кіріс

Г. шығыс

17. «Штраф» атауының дұрыс аудармасын табыңыздар.

А. ағын

Ә. айлық

Б. ақтау

В. айыппұл

Г. айырбастау

18. Қазіргі кезде аса маңызды ... және минералды шикізат түрлерінің шектеулі екендігі белгілі болып отыр.

А. энергия қоры

Ә. Энергетикалық

Б. дағдарыс

В. жылдамдық

Г. нарықтық экономика

19. Мағынасы қарама-қарсы сөз қайсы?

А. ұстамды-момын

Ә. зиялы-надан

Б. әдемі-әсерлі

В. білімді-білікті

Г. алыс-қашық

20. Экономикалық ой-пікірлердің қалыптасуы қандай капиталға байланысты дамыды?

А. сақтандыруға

Ә. Қаржыға

Б. қорға

В. бизнеске

Г. сауда, өнеркәсіп

21. Пайданың өзі кәсіпкердің іс-әрекетінің ... деп танылады.

А. нәтижесі

Ә. Үлесі

Б. шаруашылығы

В. өнімі

Г. қатынасы

22. Жалақы ставкасы уақыттың балама пайдалану мүмкіндігін жіберіп алғандықтан болған ... тиісті.

- А. шығындарды есептеуге
- Ә. шығындарды өтеуге
- Б. шығындардың орнын толтыруға
- В. шығындарды санауға
- Г. шығындарды өлшеуге

23. Жұмысшы күшіне жұмыспен қамтылғандар мен ... жатады.

- А. қызметкерлер
- Ә. Жұмысшылар
- Б. мамандар
- В. жұмысқа жарамдылар ғана
- Г. жұмыссыздар

24. Қалада өнеркәсіп кәсіпорындарының деңгейі мен көлемі

- А. анықталып
- Ә. Анықтала
- Б. анықталғандықтан
- В. анықталды
- Г. анықтау

25. Қаладағы өнеркәсіп өнімдері сатылымға шығарыды.

- А. сатылымға
- Ә. Сатылым
- Б. сатылымы
- В. сатылымын
- Г. сатылымына

26. Жоғары дәрежедегі жалақы осы ... көп жұмыскерлер тартады.

- А. жұмыс орны
- Ә. жұмыс орнына
- Б. жұмыс орнынан
- В. жұмыс орнымен
- Г. жұмыс орнының

27. Негізгі ... шама – температура жылу құбылыстарымен байланысты.

- А. инерция
- Ә. сала
- Б. мән
- В. өткізгіш
- Г. физикалық

28. Қалада 70-тен астам ірі заңды тұлғалар, 69,8 мың ... тіркелген.

- А. шағын және орта бизнес субъектілеріндегі
- Ә. шағын және орта бизнес субъектілерімен
- Б. шағын және орта бизнес субъектілерін
- В. шағын және орта бизнес субъектілер
- Г. шағын және орта бизнес субъектілері

29. Оптикалық аспаптар жарық өткізбейтін жабық ... құрылған.

- А. лупа
- Ә. микроскоп
- Б. камера
- В. телескоп
- Г. түйіршік

30. Тербелістер ... және еріксіз болып жіктеледі.

- А. тербелмелі
- Ә. шама
- Б. қозғалыс
- В. физикалық
- Г. еркін

Өздік бақылау жұмыстарының жауаптары:

1 – Б; 2 – Г; 3 – Г; 4 – Б; 5 – В; 6 – Г; 7 – А; 8 – А;
9 – А; 10 – В; 11 – А; 12 – Г; 13 – В; 14 – Б; 15 – В; 16 – Б;
17 – В; 18 – Ә; 19 – В; 20 – Г; 21 – А; 22 – Ә; 23 – Г; 24 – В;
25 – А; 26 – Ә; 27 – Г; 28 – Г; 29 – Б; 30 – Г.

V тарау ҚОСЫМША

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ОРЫС ТІЛІНЕ ӨЗ БЕТІМЕН АУДАРУҒА АРНАЛҒАН МАМАНДЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ МӘТІНДЕР

Маркетингтің мәні және эволюциясы

Маркетингтің эволюциялық даму кезеңі ғасырдан астам уақыт созылып келеді. Ірі ауқымды өндіріс қалыптасып, бәсекелестіктің күрт шиеленіскен жағдайларында өндірісті басқару және өнімді өткізу әдісі ретінде ол, ең алғаш АҚШ-та, содан кейін Европа елдерінде де пайдаланыла бастады. XX ғасырдың 60 жылдары маркетинг ғылымы нарық жағдайында өнімді сатудың тиімді әдісі ретінде кең қолданылды, ал 80 жылдары қызмет көрсету саласына және коммерциялық емес іс-әрекетке де енгізіле бастады.

«Маркетинг» ұғымы ағылшынның «market» (нарық) сөзінен шыққан, ал «инг» жалғауы нарық жасаушы немесе нарық аумағындағы қызмет дегенді сипаттайды. Маркетинг ірі ауқымды өндірістің қалыптасуы және бәсекелестіктің күрт шиеленіскен жағдайында өнімді өндіру мен өткізуді басқарудың әдісі ретінде бөлініп шықты.

Маркетинг дамуының бірінші кезеңі XX ғасырдың басынан бастап 40-жылдардың соңына дейін созылды. Бұл кезеңдегі маркетингтің мақсаты – тауарларды ұтымды өткізу, тездетіп сату және коммерциялық іс-әрекеттің тиімділігін арттыру болды.

Маркетинг дамуының екінші кезеңі 1960–1970 жылдарды қамтиды, осы кезеңде маркетинг тұтынушылардың сұранысына бейімделген басқару теориясы мен тұжырымдамасының құрамдас бөлігі ретінде қарастырыла бастады. Бұл компаниялардың қызметін басқаруды маркетинг қағидалары негізінде жүзеге асыру ғылымының негізін қалады, ол « басқарудың нарықтық теориясы» деп атала бастады.

70 жылдардың екінші жартысында маркетинг эволюциялық дамуының үшінші кезеңіне аяқ басып, бизнестің философиясына айналады.

Маркетинг теориясы экономикалық ғылым жүйесінің қалыптасуымен тығыз байланысты.

Айырбас

Айырбас – өндірушілер мен тұтынушылардың баламалы негізде жүзеге асырылатын қоғамдық байланыс түрі. Айырбас жүргізу үшін екі немесе одан да көп жақтардың қатысуы керек, олардың әрқайсысында құндылығы бар тауар және сонымен қатар айырбастауға деген ниет болуы тиіс. Екі немесе одан да көп жақтың құндылықты айырбасқа салуы мәміле деп аталады.

Сұраныс – сатып алу қабілеті бар қажеттілік. Сұраныс адамның қажеттілігін ғана емес, ең басты оның қажетті тауар сатып алуға қаржылық мүмкіндіктерін де білдіреді. Сұраныстың екі деңгейі бар: жалпы нарықтағы сұраныс және фирма өніміне сұраныс.

Маркетинг түрлері және олардың Қазақстанда даму тенденциялары

Экономикада пайдалану деңгейіне байланысты маркетингті макро және микромаркетинг деп бөлуге болады.

Микромаркетинг теориясының эволюциясын талдаған Дж.Шит, Д. Гаррет сияқты американдық ғалымдар оның пәні ретінде фирманың маркетингтік қызметі мен қоғамның өзара қарым-қатынасын есептейді, ал 60–80 жылдары аралығында оған көп назар аударылуы себебін сол кездегі қоғамның әлеуметтік және экономикалық өмірінде кәсіпкерлік пен бизнес рөлінің артқандығымен түсіндіреді.

Қазақстан экономикасындағы қызметтердің келешегі шағын және орта бизнестің, қоғамдық тамақтану мен қонақ үй шаруашылығы саласындағы бірлескен кәсіпкерліктің, делдал – коммерциялық қызмет, көтерме және бөлшек сауданың жаңа нышандарының, халықаралық туризмнің дамуына байланысты. Осыған байланысты қызмет секторы кәсіпорындарының саясаты мен стратегиясын әзірлеп, іс жүзіне асыру құралы ретінде қызмет көрсету маркетингінің рөлі арта түсуде.

Әр мемлекеттің экономикасының даму тиімділігінің шарты – бұл маркетингті ішкі және сыртқы нарықтарда қолдану. Ішкі маркетинг екі аспектіде қарастырылады: ұлттық нарыққа мемлекет ауқымында және фирма ішіндегі жүзеге асырылатын маркетинг. Соңғысы фирманың клиенттерін және өз қызметкерлерін нарық субъектісі ретінде қарастырып бейімдеуін көздейді

Микромаркетинг қажеттіліктері

Микромаркетинг қажеттіліктерді қоғам деңгейінде талдауға және олардың тауарлық нарықтағы дамуына ықпалын анықтауға мүмкіндік береді. Сол себепті макромаркетинг мәселелері микромаркетингке қарағанда, қоғам мүдделеріне негізделіп және жалпы экономикалық жүйе деңгейінде қарастырылады.

Нарықтық экономика жүйелеріндегі маркетингтің ең дамыған түріне тұтыну маркетингі жатады. Ол тұлғалар мен отбасыларынан тұратын түпкі тұтынушылар және фирмалар арасындағы қызмет өрісін қамтиды.

Қызмет көрсету саласының қарқынды дамуы және осы нарықтағы бәсекелестіктің өршуі қызмет көрсету маркетингінің пайда болуына әкелді. Оның тәсілдері мен әдістері, қағидалары тауарлар маркетингімен ұқсас болғанымен кейбір айырмашылықтары да бар.

Маркетинг жүйесінде идея тауар ретінде қарастырылады және «әлеуметтік маркетинг» түсінігімен тығыз байланысты болады.

Менеджмент ғылымы

Менеджмент – ұйымдастыру және басқарудың оңтайлы жүйесі туралы ғылым.

Менеджменттің мағынасы әртүрлі. Менеджмент сөзі тар мағынасында белгілі бір адамдар тобын ұйымдастыру мен басқаруға қатысты болса, оны кең мағынасында банктің қызметі мен оның қызметкерлерін ұйымдастыру, басқарумен байланыстырады. Менеджменттің негізін өз ісін басқару субъектісін білу, өз еңбегі мен ұжым жұмысын ұйымдастыру қабілеті, сондай-ақ өздігінен даму және шығармашылық қызметке ынта таныту сияқты адамдық фактор құрайды.

Менеджменттің негізгі фигурасы өзі айналысып отырған істің даму болашағын көре білуге қабілетті, алға қойылған мақсатқа жету үшін оңтайлы шешім таба білетін кәсіби басқарушы болып табылады. Осыған байланысты менеджер жоғары білікті, ой-өрісі кең, тәуекелге бара білетін қайсар, белгіленген жоспарды іске асыру, ұжымда жетекші болу сияқты нақты кәсіби және жеке қасиеттерге ие болуы қажет.

Дамыған елдерде менеджмент өндіріс нәтижелілігін көтеруде маңызды факторлардың бірі болып саналады. Салыстырмалы түрде қосымша қаржысыз аз шығынмен жоғары нәтижеге жетуге болатындықтан менеджментке соңғы жылдары ерекше мән беріп жүр.

Менеджменттің негізгі мақсаты – басқарудың оңтайлы жүйесі есебінен пайда табу.

Қаражатты реттеу мәселесі

Жалақының жалпы дәрежесі іс-әрекет түрлеріне байланысты жіктеліп дараланады. Бұған жалақының кең деңгейлі әр түрлі нақты ставкалары жатады. Осымен қатар еңбек нарығындағы бәсекенің әр түрлі факторлары, кәсіподақтарының ықпалы, мемлекеттің жұмыспен қамту саясаты, кәсіпкердің жұмыскер жалдауға жұмсайтын шығындары, қолданылып жүрген еңбекақы жүйесінің ерекшеліктері әсер етеді.

Жалақының нақты мөлшері, нарық экономикасы мен еңбек нарығындағы сұраныс арақатынасымен белгіленеді. Таза бәсеке нарығы мына жағдайларды талап етеді: жұмыскерлерді жалдайтын бәсекелес фирмалардың көп болуын, жұмыс орнын таңдауда балама мүмкіндігі болатын біліктілігі жоғары қызметкерлердің жұмысқа тартылуын талап етеді. Осындай жағдайларда балама жұмыс орындарынан еңбектің осы түріне жаңа жұмыскерлерді тарту үшін фирмалар жалақы мөлшерлерін көтеруге мәжбүр болады.

Дамыған елдерде салыстырмалы жоғары жалақы қамтамасыз етіліп, олардың осы замандағы рөлі артып отыр.

Жұмыскерлерді жоғары өнімділікке және еңбектің тиімділігіне ынталандыратын сыйақымен қамтамасыз ету негізін таңдауда, еңбекақы жүйесінің реформасы кәсіпорындарына дербестік береді, отандық жалақы жүйесін құруда шетел кәсіпкерлерінің тәжірибесін пайдалану артық болмайды.

Еңбек өнімділігінің пайдасы

Фирма өндіретін өнім белгілі бір түрде – зат немесе құн түрінде өндіріс нәтижесін, яғни оның тиімділігін құрайды. Өндірістің нәтижелерін оларды жасауға жұмсалған шығындармен салыстыра отырып өндіріс тиімділігі айқындалады.

Өнімділік – осы жүйенің берілген уақыт мерзімінде өндірген өнімдерінің сол мерзімде жасалған, немесе өндірілген өнімдер үшін тұтынылған ресурстардың санына арақатынасы. Егер ресурстардың аталған бір түрінің өнімділігін есептеу қажет болса, онда бұл есеп өнімділіктің жеке көрсеткіші болып табылады.

Кәсіпорындарының мәселелері өнімділік өскен сайын бір көрсеткіш арқылы оның іс-әрекеттерінің тиімділігіне баға беру қиындай түседі. Сондықтан көрсеткіштер жүйесін қолдануға көшкен ыңғайлы болады.

